

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ — ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДУЛЫ ҚОРЫ  
РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚСТАН  
ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ  
МҰРАСЫН ЗЕРТТЕЙТІН „АРЫС“ ҚОРЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ — АКАДЕМИЯ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ФОНД ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДУЛЫ  
ФОНД ИЗУЧЕНИЯ НАСЛЕДИЯ  
РЕПРЕССИРОВАННОЙ  
ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КАЗАХСТАНА „АРЫС“**

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі — Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңестерінде ұсынылды.

Рекомендованы Учеными советами Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова и Института языкознания им. А. Байтұрсынова Министерства науки—Академии наук РК.

# Халел Досмухамедұлы

## *избранное*



Научные статьи по истории,  
казахскому языку и литерату-  
ре, медицине, биологии, при-  
родоведению, а также отрыв-  
ки из учебников

АЛМАТЫ  
„АНА ТІЛІ“  
1998

# Халел Досмұхамедұлы

## *таңдамалы*



Қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер

Редакциялық алқа — Р. Ғ. Сыздықова (бас редактор).  
Редакциялық алқа мүшелері: Ш. Ш. Сарыбаев, К. Нұрпейісов,  
М. Қ. Қозыбаев, Б. Кабиғожин, Д. Е. Әбдірахимова,  
Ғ. К. Әнес, А. Мектепов, Р. Әлмұханова.  
Құрастырған: Ғарифолла ӘНЕС.

Редакционная коллегия — Р. Г. Сыздикова (гл. редактор).  
Члены редколлегии: Ш. Ш. Сарыбаев, К. Нурпейсов,  
М. К. Козыбаев, Б. Кабигожин, Д. Е. Абдрахимова,  
Г. К. Анес, А. Мектепов, Р. Альмуханова.  
Составитель: Гарифолла АНЕС.

Д—64 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное).— Алматы: Ана тілі,  
1998.— 384 бет.

ISBN 5-630-00287-2

Кітапқа ХХ ғасырдың басындағы қазақ демократияшыл зиялылары шоғырының жарық жұлдыздарының бірі — профессор Халел Досмұхамедұлының (1883—1939) ғылыми еңбектері топтастырылып отыр. Ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан мен Түркістандағы ғылым, оқу-ағарту және денсаулық сақтау салаларының іскер ұйымдастырушысы еді. Өкінішке орай, ол да 1930-шы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Х. Досмұхамедұлының қаламынан туған құнды еңбектері түпнұсқа негізінде (қазақ және орыс тілдерінде) араға жетпіс жылдан астам уақыт салып, Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы оқушылармен қайта табысып отыр.

В книге опубликованы научные труды профессора Халела Досмухамедулы (1883—1939) — одного из ярких представителей казахской демократической интеллигенции начала XX века. Он был видным государственным и общественным деятелем, ученым энциклопедического склада, талантливым организатором науки, образования и практического здравоохранения в Казахстане и Туркестане. Х. Досмухамедулы стал жертвой политических репрессий 30-х годов.

В Год народного единства и национальной истории читатели, интересующиеся культурой и историей казахского народа, имеют возможность ознакомиться с исследованиями ученого в различных областях знания. Труды печатаются в оригинале на казахском и русском языках.

А  $\frac{5000000000 - 17}{415(05) - 98}$  Құлақтандырусыз — 98

ББК 63.3 (5 каз)

ISBN 5-630-00287-2

© Х. Досмухамедулы  
„Ана тілі“, 1998.

## Есімі мен еселі еңбегі халқымызға қайтып оралған қайран Халел

Үстіміздегі ХХ ғасырдың 30-шы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, заңдылықты бұзудың кінәсіз құрбаны болып жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ интеллигенциясының қыруар қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі — аса көрнекті мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, үлкен ғалым профессор Халел Досмұхамедұлы. Ол тағдырдың талқысына түсіп, қасірет шегіп, арманда кеткен Азамат. Жеті жылдан астам қуғынға ұшырап, қамауға түсіп, „халық жауы” деп айыпталып, елу жасында Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) әскери трибуналының үкімімен жазықсыз атылып, содан 20 жыл өткен соң ғана „ақталған” Халекеңнің есімі мен мұрасы енді міне халқымыздың рухани қазынасына оралып отыр — осыған да шүкіршілік.

Халел Досмұхамедұлы — қысқа өмірінде қыруар іс тындырып, көп еңбек жасап үлгерген адам. Қазіргі заманымыздағы қалың оқырман қауым Х. Досмұхамедұлының 1991-ші жылдан бері жарық көрген бірнеше саран шығармалары мен „Санат” кітап баспасы шығарған „Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы” деген басылыммен ғана таныс. Сондықтан Халекеңнің бізге аманат ретінде қалдырған негізгі ғылыми және әдеби мұрасымен молырақ, толығырақ танысуымыздың кезеңі әлі алда. Оның да алғашқы сәті түскендей. Мына жинақ болса соның айқын дәлелі.

Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге қоса латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сөйлеп, жаза білген Х. Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған. Жан-жақты, көл-көсір әмбебап білімінің арқасында ол биология, зоология, медицина салаларына да көп еңбек қосқан ғалым. Халекең өзі жазған „Табиғат тану”, „Адамның тән тірлігі”, „Жануарлар”, „Оқушылардың саулығын сақтау” деген еңбектерімен қатар Ю. Вагнердің „Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелерін”, „Өсімдіктердің жаратылысы мен тіршілігі туралы әңгімелерін” қазақ тіліне аударып жарыққа шығарғанының өзі неге тұрады?! Ал енді бір сәт Халекеңнің әдеби саламызға қосқан қомақты үлесіне қайтып тоқталатын болсақ, онда да сан алуан тыңдырымның куәгері боламыз: „Аламан” — қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер жинағы; „Исатай-Махамбет” — Махамбет батыр жырларының алғашқы басылымы; „Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы” атты жинағы; „Шернияз шешен”, „Алаш” не сөз?“, „Бұхарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана”, „Самарқан қаласындағы Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі”, „Диуани лұғат ат-түрк”, „Кенесарының соңғы күндері” атты зерттеулері және басқа да көптеген туындыларын атамауға болмайды, әрине. Халекеңнің „Құтадғу білік”, „Жамиғ ат-тауарих”, „Кодекс Куманикус”, „Китаб ал-инсаб”, „Саясатнаме”, „Ки-

таб ал-идрақы", „Гулстан“ сияқты тарихи ескерткіштер туралы кеңінен сөз етуі тағы бар.

Қазақ-қырғыз комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедұлының шақыруымен Мағжан Жұмабайұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Әбубәкір Диваев, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтер педагогика, тарих, психология, арифметика, әдебиет пәндерінің оқулықтарын жазғандары да тарихта бар ақиқат. Мәдениет қайраткері ретінде Х. Досмұхамедұлы Ташкенде жүрген кезінде мемлекеттік ғылыми кеңестің жанынан „Талап“ қауымын құрып, ұлттық мәдениетімізді өркендетуге қомақты үлес қосқаны да ұмытылмас оқиға. Халекеңнің басқа ұлтты дарабоздармен достас, қызметтес, сырлас байланыста болғаны да әдебиетіміз бен мәдениетімізге көп әсер еткені мәлім. Мысалы, 35 ұлт пен ұлыстың тілін білген ғұлама ғалым Евгений Дмитриевич Поливановтың „Грамматика казахского языка“, „Казах-найманский говор“, „Казахский язык среди языков мира“ деген еңбектерінің дүниеге келуіне Х. Досмұхамедұлының тікелей әсер еткені сөзсіз.

Бергенінен берері мол, халқымыздың аяулы перзенті, мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, біртуар тұлға Халел Досмұхамедұлының зорлықпен өткен өмірі енді артында қалдырған алтын мұрасымен жалғаса бермек. Оның еңбектерін байымдап оқыған қауым Халекеңнің тірі жүрген біз үшін кім екенін терең ұғынады, марқұмның орны мен ролін айқын түсіне алады. Асыл ағамыз Халелдің еселі еңбектері жаңа қоғамымыздың, қазіргі және болашақ ұрпақтарымыздың рухани өсіп-өнуіне, дамуына ықпал етері айдан анық қағида. Көп еңбектерінің бірінде Халекең: „Бұл дүниеде түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу — елдіктің білгісі“, — деген екен. Ендеше, егеменді Ел, тәуелсіз Мемлекет болған дәуірімізде Елімізге, Халқымызға еңбегі сіңген, қаны мен жанын аямаған Халел Досмұхамедұлы сияқты Ерлерімізді еске алайық, есте сақтайық, қастерлейік, біле білейік. Іләйім, ендігі өмірімізде әрқашан тек солай болғай!

**Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,**

*Қазақстан Халық жазушысы,  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани татуластық сыйлығының лауреаты*

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНАН

Үстіміздегі ғасырдың 10—20-жылдарында халқына қалтқысыз қызмет еткен „алыптар тобының“ көрнекті өкілі, қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан „Алаш“ қозғалысының көшбастарларының бірі, жан-жақты ғұлама ғалым, ірі ұстаз, белгілі ағартушы, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы артына мол мұра қалдырған.

Х. Досмұхамедұлы мамандығы дәрігер бола тұрып тек медицина, гигиена салалары бойынша ғана емес, жалпы табиғаттану, анатомия, физиология, зоология, ботаника, тіл, әдебиет, тарих білім-ғылымдары бойынша да көлемді-көлемді кітаптар мен ірілі-ұсақты мақалалар жариялаған. Бұлардың бірқатары табиғаттану, анатомия, физиология, зоология пәндерінен мектеп оқушылары мен институттардың шәкірттеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш төл оқулықтар болып келеді. Бір ғана „Жануарлар“ деген кітабы үш бөлімге бөлініп, әрқайсысы 200—300 беттік үш кітап болып, 1922—1928 жылдарда ең кемі екі реттен басылып шыққан. Атақты жаратылыстанушы ғалым Ю. Вагнердің анатомия мен ботаника тақырыптарына арналған „Рассказы о том, как устроено и работает наше тело“ (1924) және „Рассказы о том, как живут и устроены растения“ (1924) деген танымдық еңбектерін қазақшаға аударған. Бұлардың барлығын түгел қайта жариялайтын болсақ, бұл ұсынылып отырған кітапқа сыймас еді, сондықтан көрсетілген басылымдардың әрқайсысынан 20—30 беттік үзінділер ғана берілді. Үзінділер бүтінгі оқырманға үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің лексика-грамматикалық нормасынан, қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың жазылу үлгілерінен, яғни ғалымның баяндау стилінен, сол кезеңдегі ғылыми терминдердің түрлері мен қолданысынан хабар беру үшін ұсынылып отыр.

Кітап Досмұхамедұлының таңдамалы шығармаларының бір томдығы болғандықтан, ғалымның қаламынан шыққан еңбектер қай тілде жазылған болса, сол тілдегі нұсқасы ғана берілді. „Казахская народная литература“ атты очеркі орыс тілінде жазылған болатын, оның қазақша аудармасы „Ана тілі“ баспасынан „Аламан“ деген атпен 1991 жылы жарық көрген жинақта берілгенімен, біз бұл кітапта тек орыс тіліндегі түпнұсқасын ұсындық. Сол сияқты „Как бороться с чумой среди киргизского населения“ деген атпен Ташкентте орыс тілінде 1924 жылы жеке кітап болып шыққан едәуір көлемді еңбегі де толығымен сол қалпында қайта жарияланып отыр.

Осы екі көлемді материал мен „Легенда о постройке медресе Когельташ в Бухаре“, „Родословня Жалантус Батыра...“ деген атпен орыс тілінде жазылған бір-екі мақаласынан басқа мақалалары мен оқулықтары және аудармалары 1913—1928 жылдар арасында қазақ тілінде араб жазуымен жарық көргендер. Олар да ешбір өзгеріссіз, тек қазіргі графикаға

көшіріліп басылып отыр. Араб жазуынан қазіргі жазуға көшірілген кезде оқырмандарға ескертетін мынадай сәттері бар.

1. 1929 жылға дейінгі араб жазуымен басылған қазақ мәтіндерінде (текстерінде) „п“ әрпінің орнына жазылып келген „б“ әрпі (мысалы, *барыб, келіб, кетбеді, айтбады, құлақ бен, тас бен* деген сияқты жерлерде) „п“ ға ауыстырылды, сол сияқты қазақ тілінің қатаң не ұяң болып біркелкі келетін дыбыс заңдарын сақтап, арабша жазудағы *қулаққа, сандыққа* деп жазылған тұстар қазіргі емлемізге түсіріліп, *қулақта, сандықта* деген тәрізді бірыңғай қатаң дыбыстар үйлесімімен жазылды.

2. Араб жазуының емлесі бойынша жарты дауысты „у“, „й“ дыбыстарының жуан, жіңішке түрлері „ұу/үу“, „ый/ій“ болып екі таңбамен берілген тұстары да қазіргі емлемізге сәйкестендіріліп, жалаң „у“ және жалаң „и“ әріптерімен жазылды.

3. Араб таңбалы мәтіндерінде „йа“, „йу“ әріптерімен келетін тұстар „я“, „ю“ таңбаларына көшірілді (мысалы: *тайалып қалды — таялып қалды, жойуға — жоюға*).

4. Бұл күнде біріккен сөз болып қосылып жазылып жүрген адам, жер-су атаулары араб жазуымен әр қалай: бірде екі түбір бөлек-бөлек, бірде сызықшамен, енді бірде қосылып жазылған болса, біз бұл басылымда көбінесе қазіргі ереже бойынша біріктіріп жаздық. Ал араб жазуымен едәуір өзгертіліп жазылған шет жұрттық адамдардың аты-жөндері мен жер-су аттары кей тұстарда (әсіресе танымал есімдер) қазіргі жазылып жүрген түрінде берілді (мысалы, *Раглов, Бартольд, Вагнер, Нью-Йорк* т.т.).

5. „Х“, „ф“ әріптері араб таңбалы қазақ жазуы жүйесінен бірде шығып қалып, бірде қайта еніп отырған. Бұл ретте түпнұсқада сөздер қалай жазылса, солай көшірілді, сондықтан тіпті автордың аты-жөні бір жерлерде *Халел Досмұхамедұлы*, екінші бір жерлерде *Қалел Досмұқаметұлы* деп жазылғанын көреміз. Сол сияқты бір материалдарда *хәріф, хата, хаз*, енді біреуінде *қарып, әріп, қата, қаз* тұлғасында жазылған болса, сол тұлғаларда қалдырылды.

6. Орыс, араб, парсы тілдерінен енген сөздер, олардың ішінде интернационалдық терминдер де араб жазулы мәтінде қалай таңбаланған болса, солай көшірілді, тек бірен-саран тұстарда ғана сөз не мүлде түсініксіз, не басқа мағынаға ие болып кететін болса, сәл „түзетілді“ (мысалы, *азот* деген сөз бірер мақалада *азат* болып жазылған, оны азот деп бердік). Ал жалпы кірме терминдердің адам танығысыз болып өзгеріп жазылғандарына қарамастан, сол кезеңдегі қазақ тілінің шет тіл сөздерін жазу, дыбыстау (қабылдау) нормасын көрсету мақсатымен, оларды қазіргі жазылу түрлеріне түсірмей бердік. Мысалы: *әртір, пілеуір, бұранық, әлбиел, неріб* деп жазылғандар — *артерия, плевра, бронх, альвеол, нерв* деген кірме сөздердің сол кездегі тұлғаланулары. Ал енді бірқатар терминдердің қазіргіге жуық жазылғаны да байқалады (мысалы, *минерал, малахит, руда, бронза, химия* сияқты сөздер араб әріптерімен осы түрлеріне мейлінше жуық етіп жазылған). Сол кезеңнің мұндай нормасын да сақтадық.

7. Осы күнгі емле ережелеріміз бойынша түбірге қосылып жазылатын көмектес септік жалғауы бұрынырақта бөлек жазылған, бұлар қазіргі емлеге бағындырылды. Кейбір біріккен сөздер бөлек не дефис арқылы жазылған күйінде қалдырылды (мысалы, *бір қатар, еш қашан, бір аз, әр кім, күн батыс, күн шығыс, тамыр дәрі, сары шұнақ, қос аяқ, тамыр-аяқ* т. б.). Бұл жерде де біз ана тіліміздің лексикалық нормалану кезеңдерін көрсету мақсатын көздедік. Осы мақсатқа бірде *әуе, мәшине*, енді бірде *ауа, машина* деп жазылған түрін сақтау да бағындырылды.



8. 10—20-жылдардағы қазақ емле ережелері бойынша есімшенің **-тын/-тін** жұрнағы **-түн/-түн** түрінде жазылатын болған (*баратұн, келетұн*), сол сияқты жіктік жалғауының 2-жағының тұлғасы **-сын** (сен барасын) түрінде жазылған болса, біз бұл қосымшаның да осы күнгі жазылу емлесін ұстандық (*сен барасың, баратың, келетің*).

9. Жазылғанды бүтінгі оқырманның түсініп оқуына мүмкіндік туғызу мақсатымен тыныс белгілерін көбінесе өзіміз қойып отырдық, әсіресе бастауыш пен баяндауыштың арасында келетін сызықшалар, бірыңғай мүшелердің арасындағы үтірлер тиісті жерлерінде қойылып отырылды.

10. Үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарында, қазақтың білім-ғылым тілінің, публицистикасының стильдері күрт қалыптасып, қауырт дами бастаған тұсында, тіліміздің лексика-грамматикалық нормалары бірден дәл бүтінгі қалыпта болмағаны аян. Мысалы, бұл күнде *дәреже, және, сурет, үкімет, қазір, әріп, кітап, мағына, мақсат жиналыс, ғасыр, уылдырық* сияқты тұлғаларда қалыптасып қолданылып жүрген сөздер Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы және сол тұстағы басқалардың тілдерінде *даража, жана, сүгірет, хукімет, кәгір не қағыр, хазыр не қазыр, хәріф, қарып, әріп, кітәп, кітеп, мағана, мақсұт, жылыыс, әсір, үілдірік* болып қолданылған. Сол кезеңнің бұл нормасын да сақтау қажеттігі даусыз.

11. Халел Домұхамедұлының қолданысында кездесетін бірқатар сөздер бүтінгі қазақ әдеби тілі нормасынан қарағанда, шектеулі өңірде ғана жұмсалатын жергілікті ерекшеліктер болып келеді. Мысалы, *бәс, өнемейің, жаңғыз, өңге, шылағи, нәсте, даттану, жар тәрізді* сөздер — *баға, үнемі, әрқашан, жалғыз, өзге, тугел, нәрсе, тоттану, қабырға* деп түсініп оқу керектігін ескертеміз.

12. Тіл білімі терминдерінің де бірқатары қазіргі қолданып жүргендерден өзгеше болып келген. Мысалы, *билік рай, етістіктің тұқылы, үнемді көсемше, ниетті көсемше, ұйғарынды есімше, сөздің басуы (екпіні дегеннің орнына), наху, сарф* т. т. Бұлар да сол күйінде қалдырылды.

13. Х. Досмұхамедұлының еңбектеріңдегі ғылыми жаңа (жасаңды) терминдердің бірен-сараны енді қалыптасу процесінде болғандықтан, екі түрлі жазылғаны байқалады. Мысалы, осы күнгі *оттегі* деген термин бірде *қышқылтуым*, енді бір жерлерде *қышқылтум* деп жазылған. Мұндай варианттарды да қате деп түсінбеу керек.

Бұл көрсетілген ескертпелерді әдейі жасап отырған себебіміз — өткендегі, тіпті күні кешегі жазба мұраларымыздың тіліне, авторлардың баяндау стиліне, сөз қолдану үрдісіне „қол сұқпау“, яғни қажетсіз редакцияламау, өзімізше түзетпеу принципін ұстану болды. Ұсынылып отырған кітап — мұра. Мұраға қиянат жасалмауы қажет.

Бұл басылымдағы оқулықтар мен аудармаларда түпнұсқадағы суреттер берілген жоқ, өйткені ұсынылып отырған кітапта Халел Досмұхамедұлы қалдырған мұраның мәтінімен (тексімен) және ғалымның стилімен таныстыру көзделгендіктен, суреттерді қайтадан жасап әрі орын алдырып жатуды жөн көрмедік.

Бұл „Таңдамалы“ жинаққа енген Х. Досмұхамедұлының қаламынан туған дүние білім-ғылымның 4—5 саласына қатысты болғандықтан, олар топтастырылып, „Тарих“, „Әдебиет“, „Тіл“, „Медицина, гигиена және биология“, „Табиғаттану“ деген тарауларға бөлініп ұсынылды.

Материалдарды кітапханалардан, архивтерден, жеке адамдардан жинап, араб әрпімен жарияланғандарын қазіргі жазуға көшіргендер **Ғ. Әнес, Р. Әлмұханова, А. Мектепов**. Чума туралы орыс тіліндегі кітапты осы ба-

сылымға дайындаған — **Б. Қабиғожин**, орыс тіліндегі басқа материалдарды дайындаған — **Д. Әбдірахимова**. Х. Досмұхамедұлының қызметі мен өміріне қатысты кейбір құжаттар мен өзге де материалдарды іздеп-тауып, түсініктерін жазған — **К. Нұрпейісов**. Ғалымның өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін көрсеткен — **Д. Әбдірахимова**. Халел Досмұхамедұлының қаламынан шыққан, әзірге белгілі еңбектерінің хронологиялық көрсеткішін (библиографиясын) түзгендер — **Ш. Сарыбаев** пен **Ғ. Әнес**.



## ХАЛЕЛ ШЫҢДАРЫ

### Профессор Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығы хақында шағын шолу

Біздің қоғамдық ой-санамызда күні кешеге дейін бір топ дара тұлғаларды, мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлерін „алыптар тобы“ деп айрықша атау, оларды көптеген рухани игіліктеріміздің „негізін салушы“, „іргетасын қалаушы“ ретінде насихаттау, марапаттау орын алып келген-ді. Шын мәнінде олардың шәкірт буын екендігін, бұрынырақ алдарында сәуле шашып, жол нұсқаған ұстаздар тобы — „алыптардың да алыбы“ болғандығын біліп-танып, қауышып-табысып жатқанымыз соңғы жылдардың беделі ғана. Ешбір „алыптық“ баға-дәреже талайы маңдайына тар келмейтін данагөй Мұхтар Әуезовтың өзі: „Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады. ... Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік“<sup>1</sup>, — десе, міне, осы ұлы көштің басында тұрған Әлихан Бөкейханов пен Бақытжан Қаратаев сынды аға буын қайраткерлер мен олардың ізін баса шыққан Ахмет пен Міржақып, Халел мен Жаһанша, Мұстафа мен Мұхаметжан, Шәкәрім мен Ғұмар, Мағжан мен Жүсіпбек хәм басқа да біртуар арыстарымыздың әрқайсысы бір-бір шың, ұлт тарихы мен мәдениетінің алтын қазықтары.

Екі ғасыр тоғысында бодандықтың бұғауындағы бейқам халқын өркеніеттің өріне сүйреген бұл көсемдер мен серкелердің көзге ерек шалынар басты қасиеті — олардың қай-қайсысы болмасын жан-жақты, „сегіз қырлы, бір сырлы“ тұлғалар-тұғын. Саяси күрескер, жалынды жаршы-публицист, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі және белгілі бір мамандықтың, соны саланың бастау-көзінде тұрып, ізашар (riонер) болу — халқымыздың, маңдайына біткен осы үркердей шоқжұлдыздардың несібесі. Осындай алып, нар тұлғалардың бірі әрі бірегейі — **Халел Досмұхамедұлы**.

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы сәуірдің соңғы күндері қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге келіп, 1938 жылдың 26-ншы шілдесі күні Ресейдің Воронеж қаласында үй-ішімен айдауда жүрген жерінде НКВД-ның тұтқынына алынады. Одан Мәскеуге, кейінірек Алматыға жеткізіліп, егер сол жылдары өз елін өзі қанқасап қырғынға ұшыратқан Ішкі істер органдарының мәліметтеріне сенсек, 1939 жылы 24-інші сәуірде „әскери трибуналдың үкімімен атуға бұйырылады“, ал 19-ыншы тамызда „түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болады“.

Иә, сол жылдарда тоқтаусыз бас кесіп тұрған сталиндік гильотина ешкімнің ұлтын талғап, жасын таразылаған жоқ. Оның тойымсыз көмейі баршаны — алпыс-жетпістегі ақсақалды да (мәселен, Әлихан, Ахмет сынды арыстар), қырық-елудегі кемеліне келген кемеңгерді де, жиырма-

<sup>1</sup> Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. — „Ақ жол“ газеті, 1923, 4 февраль.

отыздағы қыршын боздақтарды да күн-түн демей жұтып жатты. Отбасын ойрандап, жұбайларын АЛЖИР-де телміртті, бала шағасына „қара таңба“ басты... Сол бір азалы жылдардың азабын сараптағанда, әрине, ең алдымен, жазықсыз жалаға душар болған шейіттердің қасіретті қазасы тілге оралады, әйтсе де, ең бір өкініштісі, жаңадан тәй-тәй тұрып келе жатқан қазақ қауымы үшін, ұлттық асыл мүдде үшін, сорпа бетіне шығар жақсылар мен жайсаңдардың ел, жұрт қамы үшін істер тіршіліктерінің, асыл еңбектерінің шорт кесіліп, зая кеткендігі еді... Қаншама айтылмаған сөз, жазылмаған кітап, ашылмаған жаңалық ... сол бейкүнә кеуделерде мәңгіге өшті десеңізші?! Ондай өкініш табы біз өзіміз сөз еткелі отырған Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығын көктей шолғанда да көз алдыңа еріксіз көлбеңдейді.

Бар-жоғы 55—56 жыл ғұмыр кешкен Халекеңнің қысқа да мәнді тәржіме халін (өмірбаянын), біздіңше, төрт кезеңге бөліп қарастырған орынды:

1)тұлғалану жылдары (1916-ншы дүрбелең жылдарға дейін);

2)ат үстінде өткен, күрес жылдары (1916—1920);

3)ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары (1921—1928);

4)қуғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929—1939).

Біздің бұлайша аз ғана ғұмырды жіліктеп-жіктеп көрсетіп отырған себепіміз, жоғарыда атап өткеніміздей, біріншіден, бүгінгі оқырман қолына тиіп отырған оның мұралары негізінен екі қолдың он саусағын бүксең жетер-жетпес азғана жылды қамтитын үшінші кезеңде шыр етіп дүниеге келгендігін баса көрсету болса, екіншіден, қолынан қаламы еріксіз алынып, орнына кісен-бұғау салынбағанда әлі қаншама тың еңбектер жазылып, кітаптар жарыққа шығар еді-ау деген өшпес өкінішімізді тағы бір қайталау ғана. (Әрине, халқым, ұлтым деген „ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек“ қарап жатпасы анық...).

Енді қысқаша Халекеңнің өмір жолындағы осы белесті-белесті кезеңдерге тоқтала кетелік.

Халел он балалы Досмұхамед отбасының жетінші болып көрген қызығы, ұлдан (Хасен, Халел, Құлбайыс, Құлымжан) екіншісі еді. Кішкентайынан ауылдағы молдадан хат танып, одан соң жергілікті орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Тайсойған құмының Сорқуыс атты мекенінде айналасына мәлім „Машақ ауылы“ деген қоныс болған. Машақ би — Досмұхамедтің әкесі, Халелдің атасы, сол себепті де кейбір құжат-документтерде Халекең „Машақов“ болып та жүреді. Машақ әулеті Кіші жүздегі Он екі ата байұлының Беріш тармағынан, оның ішінде — Жайық-Беріштен тарайды. Жайық-Беріштің шартарапқа кең танылып, аты шыққаны — атақты Алдар би және оның немересі, Исатай-Махамбеттердің тілеулес серігі — Байнақ би. Сол Алдар бидің шөбересі, Байнақ бидің ұлы Машақтың бел баласы, Досмұхамедтен үлкені — Дәулетүмбет (1848—1907) алғашқы оқыған азаматтың бірі, Үйшіктен орысша-қазақша училище ашқан. Мұрат ақынның атақты „Оқудан қайтқан жігітке хат“ деген өлеңі осы Дәулетүмбетке арналған. Ондағы:

„Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің,  
Бұлақтай ата-бабаңда билік болған.  
Зәкөнін екі жұрттың тегіс білсең,  
Дәмем бар адаспас деп қысаң жолдан.  
Ерназар — беріш құтпаны, атаң — Алдар,  
Белгісі хас жақсының халқын қамдар.

Асылдың азбай жүрген тұқымысың,  
Шырағым адаспас деген үмітім бар.

.....

Бір таңға үш шошыған ата-бабаң,  
Астана қарындастың қамын ойлап.

.....

Халқымның адасқанын бастамасаң,  
Біліктен не пайда бар кеудең толған?"—

деген жолдар тек Дәулетүмбет, Досмұхамедтер емес, барша әулеттің елге қызмет етуге жаралғандығынан хабардар етеді. Осы оқыған ағаның нұсқауымен 1894 жылы, он бір жасында Халел Орал қаласындағы әскери реальді училищенің дайындық класына қабылданып, онда орыс тілін тез меңгеруімен, зеректігімен танылады. 1902 жылы оны үздік бітіріп, тағы бір жыл дайындық класында оқып, 1903 жылы алыс астана — Петербордағы Императорлық Әскери-медициналық академияға латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түседі... Міне, осылайша құмда өскен алаш ұлының шыңға өрлеу баспалдағы басталады. Бұрын да, кейін де санаулы ғана қазақтың басына қонған бақыт — астана Петерборда оқу, ақ түнді қарсылай жүріп білім нәрін жинау Халел Досмұхамедұлы өміріндегі ең бір жарқын, сәуелі жылдар болатын.

Студент Халел академияда оқыған кез (1903—1909)— берісі Ресей, әрісі Еуропа тарихындағы аумалы-төкпелі, аласапыранды уақыт екені белгілі. 1905—1907 жылдардағы тұтас империяны дүр сілкіндірген толқын-толқын толқулар, ел ішіндегі қоғамдық-саяси тұрақсыздық, саяси белсенділік өрекіп өршіген жылдар оның қалыптасуына әсерін тигізбей қоймады. Сол жылдар туралы ол кейін ОППУ-дің тергеушісіне өз қолымен толтырған мәлімдемесінде: „Демократиялық күштер, оның ішінде студенттер қауымы да жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар, саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Әр түрлі саяси партиялардың бағдарламасымен, талап-тілектерімен таныстым. Мені және басқа да қазақ студенттерін ешбір саяси партияның бағдарламасы қанағаттандырмады“, — деп жазды. Оны әсіресе оңшылдардың ұлыорысшыл шовинизмі, бұратана халықтардың тағдырына немқұрайлы көзқарастары ашындырды.

Осы жылдары ол ел ішінде — Орал облысында үгіт жүргізеді, жергілікті „Фикр“ („Пікір“), „Уральский листок“ газеттері бетінде патшалықта болып жатқан саяси толқулар мәнін халыққа түсіндіреді. 1905 жылдың соңында Орал қаласында бес облыстың делегаттары бас қосып, съезге жиналып құрған Ресей кадеттер партиясының жергілікті бөлімшесі есепті — „Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының“ 9 адамнан тұратын Орталық комитетіне Б. Қаратаев, М. Бақыткереевтермен бірге сайланады. Осы кездерде, яғни „1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де, саяси жұмыс жүргізуіме тыйым салынды, — дейді ол. — Көп кешікпей бас-талған столыпіндік реакция жағдайында халық арасында саяси жұмыс

\* Х. Досмұхамедұлының өмірі мен қызметіне қатысты негізгі-негізгі құжаттардың толық тексімен осы кітап соңындағы „Қосымшалар“ бөлімінен таныса аласыздар.

жүргізу мүмкіндігі болмай қалғандықтан, бар ынтамызбен оқуға бас қойдық". 1909 жылы академияны "үздік дәрежелі емші" ("лекарь с отличием") атағымен бітіріп шыққан Х. Досмұхамедұлы офицер ретінде кесімді мерзімге әскери міндетін өтеуге жіберіледі. Алдымен Пермь губерниясында, онан кейін 2-ші Түркістан, 2-Орал казак атқыштар батальонында әскери кіші дәрігер міндетін атқарады. Осы жылдары Орал қалалық ауруханасында бір жылдық мамандандыру курсынан өтеді. 1912, 1913 және 1915 жылдары оба (чума) эпидемиясының ошақтарында болып, өз өміріне төнген қауіп-қатерге қарамастан, обамен күрес істеріне түрлі деңгейде тікелей араласады. Сол кездегі тәртіп-заңға сай, оба індетінің таралуына қарсы шара қолданудағы әрбір күні 12 күнге есептелегін. Осы еңбектерін және әскер қатарында „Романовтар үйі Патшалық құруының 300 жылдық естелігіне" орай Императорлық қола медальмен марапатталғанын алға тарта жүріп, ол 1913 жылы Орал облысы вице-губернаторы берген №6618 куәлікпен әскери борышын өтеуден толықтай босады да, Орал облысының Темір үйезіне бөлімшелік дәрігер болып орналасады.

Халекеңнің ата қонысы — Тайсойғанның Сорқуысында, Жәйім шағылында бүгіндері жерлестері орнатқан үлкен тас, ескерткіш-белгіге „Халелдің ставкасы" деген жазу ойылып жазылған. Міне, осы жерге Халел сол студент кезінің өзінде-ақ арнайы төрт бөлмелі үй салғызып, өзі каникулға, кейіннен демалысқа келген кездерінде осы үйде ауру-сырқауларды қабылдап, елдің үлкен-кішісінің бәрін медициналық тексеруден өткізіп отырған<sup>1</sup>.

Ғасыр басындағы көшпелі қазақ ауылындағы медициналық көмек көрсету жағдайы, санитарлық-эпидемиологиялық жұмыс жүргізу ісі өте мүшкіл халде болатын. Оны түрлі архивтік құжаттармен, статистикалық комитеттердің мәліметтерімен нақтылап жатудың өзі артық. Ал бұл мардымсыз істің өзі бірінші жиһандық соғыс, дүрбелеңді революция, аласапыран Азамат соғысы жылдарында мүлдем құлдырады. Ол кездер түгілі күні кешегі тоқшылық заманда, тіпті күні бүгінде де Қазақстанның батыс өңірі, Атырау, Орал аймағы — туберкулез қаупінен құлан-таза айыға алмай отырғаны ешкімге жасырын емес. Мәселен, Халекең өз әкесі және бірге туған ағасынан 1908 жылы осы туралай келген екпе туберкулезінен айырылса, ал 1923 жылы Орынборда болған Бүкілқазақтық денсаулық сақтаудың 3-ші слетінде „Орал және Бөкей губернияларындағы обаның таралуы" деген баяндамасында Орал облысы санитарлық-эпидемиологиялық бөлімінің меңгерушісі К. Станкевич мынадай нақты деректер келтіреді:

„1904 жыл — Гурьев уезінің Сарайшық ауданының Глиниская деген станциясында 416 адам обадан өлді.

1905 жыл — Бөкей губерниясында обадан 621 адам өлді, өлім көрсеткіші 94 процент болды. 1621 адам обаны өздеріне жұқтырды.

1909 жыл — Орал губерниясында оба екі рет таралды, 605 адам өлді.

1911 жыл — Орал губерниясының бір қыстағында обадан 14 адам өлді.

1913—1920 жылдар — ел ішінде оба болып жатты. Бірақ қанша адамның өмірі қиылғандығы жөнінде деректер жоққа тән.

15.11.1922—23.02.1923 жылдар — Орал губерниясында 122 адам обамен ауырып, 119-ы өлген"<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Қараңыз: "Егемен Қазақстан" газеті, 1991, 2 қараша.

<sup>2</sup> Халел Досмұхамедұлы... Алматы, „Санат", 1996, 38—39-беттер.

Тән саулығының шипагері, доктор Халел туған халқының дәрігерлік көмекке мұқтаждығын, түрлі аурулар алдындағы дәрменсіздігін күнделікті көзбен көріп, „қолмен ұстады“; өзі де қарлығашша шырылдап, қанатымен су септі, бар білім-білігі мен азды-көпті тәжірибесін аямады. Өз қолымен оңды, жүзді емдегенімен, мыңдарға, миллиондарға білгенін үйретіп, ақыл кеңес берудің жолы — баспасөз, қалам күші екенін ұқты. Өзінің кәсіби алғашқы мақалалары — „Тамыр дәрі хақында“, „Сары кезік — сүзек“, „Жұқпалы ауру хақында“ сынды ізашар еңбектерін Ахмет Байтұрсынұлы шығарып тұрған бірегей басылым — „Қазақ“ газеті (1913—1918) бетінде жариялай бастады. Осылайша, оның ел ішіндегі өзі секілді аздаған оқыған дәрігер, докторлардан өзгеше қыры — дәрігер-қаламгерлігі басталды, үлкен шығармашылық жолының бастау-көзі ашылды. Дәрігер, жанкешті азамат, әрі қаламгер-көсемсөзші — „доктор Халел“ көптің көзіне шалынды, аты ауызға ілінді.

1917 жыл! Адамзат дамуының дәстүрлі ағынын теріс ағызған, тек жалпақ Ресей империясы емес, күлкі әлемдік тарихқа шытырман, шырғалаң із қалдырған дүбірлі жыл. Алып мұхитта рульсіз, капитансыз шайқалған жойқын кемедең желкенсіз жалғыз қайық жеке шығып, саясат толқынында дара жүзбекші болды. Бұл „Алашорда“ атты қалт-құлт еткен арман-қайықтың ескегі мен еспесі — қазақтың алғашқы оқығандары еді. Кермек болған желкені, көтермек болған туы — бостандық, ұлт азаттығы-тұғын. Ұлы арман, мақсат-мүдде жетегіне ерген Алаш азаматтары санаулы уақыттың ішінде ғасырға бергісіз күрес жолынан өтіп, бір жеңнен бас, бір жағадан қол шығара білді. Іуде бір болатын ұлы мүмкіндікті бос жібермей, ұлы мақсат жолында ұлы іске жұмыла кірісті. Біздіңше, „әбден сағы сынды, отаршылдық қамыты мойнын жауыр қылды“ делінген алты миллион алаштың азаттық аңсап атқа қонуы, автономия (әрине, оның „ұлттық“, „мәдени“, „территориялық“ т. б. формалары туралы дау өзінше бөлек әңгіме) боламыз деп бас көтеруінің өзі — ерен, ерекше, феномен құбылыс.

Бүгінгі біз әлі жете түйсініп, түсініп, қыртыс-қалтарысын ашпаған, аша алмай жатқан құбылыс! „Алаш“ һәм „Алашорда“ тарихын сөз еткен соны еңбектер<sup>1</sup>, оның ішінде Күрескер Халел Досмұхамедұлы хақында арнайы бірнеше зерттеу<sup>2</sup> жазған белгілі тарихшы Кеңес Нұрпейісов дәлелдеріне құлақ түрсек, расында да, Алаш көсемдері екі оттың ортасында қалып еді. Ақ жеңсе де, қызыл жеңсе де, яки патша тағына қайта орнықса да, Уақытша үкімет билік басына келсе де (мәселен, Колчак) немесе пролетариат диктатурасы орнаса да — бәрібір Алаш азаматтарының алдында көр қазулы тұрған болатын. Азаттық аңсағаны үшін, жеке отау тігеміз дегені үшін, ұлыорысшылдық идеясына қарсы шыққаны үшін — қандай жағдайда да, қайсысы жеңсе де — оларға кешірім болмас еді. Алаштың бас көсемі Әлихан Бөкейханұлы 1917 жылдың соңында патшаны құлатып, заңды өкімет (қосөкіметтік жағдайында) құруға ие болған ұзақ жылғы серіктес, партиялас әріптестерінен ат құйрығын кесіссе, бұл саяси ойын емес, не бар, не жоқ — өлім мен өмір күресі-тұғын. „Мен кадет пар-

<sup>1</sup> Соңғы жылдары жарық көрген мына еңбектерді қараңыз: *Нурпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: „Ататек“, 1995; *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: „Санат“, 1995; *Аманжолова Д. А.* Казахский автономизм и Россия. М.: „Россия молодая“, 1994; *Аманжолова Д. А.* Партия Алаш: история и историография. Семипалатинск, 1993.

<sup>2</sup> *Нурпейісов К.* Қайраткер. — *Мына кітапта:* Халел тағылымы. Алматы: „Ғылым“, 1994, 19—32 беттер; *Нурпейісов К.* Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі. — *Мына кітапта:* Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы, „Санат“, 1996, 59—113 беттер.

тиясынан неге шықтым" деген ашық хатында ол: „Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мүжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық“,<sup>1</sup> десе, бұл барша қазақ оқығандарының идея-пікірі, әрі алда күтулі жаза — террор (ақ не қызыл) көмейіне жұтылар жанкештілердің тұяқсерпер жан айқайы болатын...

Міне, осы бір тарихи кезеңде қым-қиғаш күрес сахнасына жұттарын жазбай Халел Досмұхамедұлы және Жанша (Жаһаншаһ) Досмұхамедұлы шығады. Әрине, кейбір авторлардың жазып жүргеніндей, ол екеуі ағалы-інілі, аталас жандар емес. Бірақ, тумаса да туғандай болып, көздері тірісінде-ақ „Екі Дос“ атанып, азапты да, қазаны да бірге көрген, өмір бойы серіктес, қанаттас, достас болып өткені ақиқат шындық. Бұл жылдар туралы кейін Халекең тергеушіге берген жауабында үшінші жақтан, сараң ғана: „Патша үкіметі құлатылған соң, 1917 жылы сәуірде қазақтардың облыстық съезінде Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1917 жылы желтоқсанда жалпықазақ съезінде Алашорда Халықтық-революциялық кеңесінің мүшелігіне сайланды, мұнда кеңес үкіметі орнағанға дейін земстволық мәдени-ағарту істерін атқарды“, — деп қашыртып өтеді. Өйткені, ол кез „Алаш“, „Алашорда“ деген сөздерден кісі шошитын, бас жұтатын уақыт-тұғын...

Ақ патшаның басын жұтқан Ақпан төңкерісінің шарпуы қазақ даласына, алдымен оның батыс өлкесіне наурыздың басында-ақ жетіп қойды. Жер-жерде Уақытша үкіметтің облыстық, уездік хәм жергілікті басқару орындары құрыла бастады. Түрлі ұлт, тап, сословие мүддесін көздеген көптеген комитеттер арасында „қазақ комитеттері“ мен „мұсылман комитеттері“ де бас көтерді. Әркімнің аузынан түспейтін „бостандық“ пен ойына келгенді істейтін „анархия“ арасының жігі кей-кейде білінбей кетіп жатты. Оның үстіне Мемлекеттік Думаның шешімімен құрылған заңды билік иесі — Уақытша үкіметке балама, теке тірес саясат жолын ұстанған жұмысшы, шаруа және солдаттардың Петроград кеңесінің барша аймақтан тез қолдау тауып, билікке ұмтылуы да жағдайды шиеленістіріп, шын мәнінде елде әрі-сәрі қосөкіметтік көңіл күй туғызды.

1917 жылдың сәуір және мамыр айларында енді-енді құрыла бастаған қазақ комитеттері Орынборда, Оралда, Омбыда, Семейде және т. б. жерлерде өздерінің облыстық және уездік съездерін өткізді. „Осы съездердің ішінде 1917 жылғы сәуірдің 19—22-інде өткен және оның барысында Халел Досмұхамедұлы ерекше белсенділік көрсеткен Орал облыстық қазақ съезі айтарлықтай орын алды. Орал қаласында болған бұл съезге 800-ден астам делегат қатысты. Делегаттар саны жағынан сол жылғы көктемде өткен қазақ съездерінің одан асқаны жоқ. ... Біздің пікірімізше, Орал облыстық съезінің күн тәртібі де басқалардікінен айтарлықтай ерекшеленіп тұр. Онда көлемі де, деңгейі де, маңызы да әр түрлі бір-бірімен байланысты үш мәселелер тобы — жалпымемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпыресейлік, қазақтық немесе қазақстандық және оралдық) мәселелер тобы жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатынасушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймаған, мәселелер са-

<sup>1</sup> „Қазақ“ газеті, 1917, №256, 23 желтоқсан.



ны 23-ке жеткен, бұл сан басқа съездердің күн тәртібіндегіден әлдеқайда көп”<sup>1</sup>.

Расында, бұл съезд саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да ерекше бас қосу болатын. Өйткені оны өткізер алдында құрылған Уақытша облыстық қазақ комитеті (төрағасы Ғабдолла Әлібеков) тыңғылықты дайындық жұмысын жүргізіп, барлық үйез, болыстардан жауапты адамдардың түтел қамтылуын қамтамасыз етті.

Съездің үшінші күні Халел Досмұхамедұлы мен Жаһанша Досмұхамедұлы „Орал облысының далалық бөлігін басқарудың Уақытша ережелері“ атты жергілікті және облыстық деңгейдегі басқару жүйесін толық қамтыған өз жобаларын ұсынды, делегаттар оның әр бабын қызу талқылап, бір ауыздан дауыс берді. Бұл жоба-баяндама шын мәнінде талай ғасырлардан соң (бұрын егемен Қазақ Елі — хандығы болды десек) жаңа замандағы қазақтардың өз елін өзі билеу, басқару, өкіметтігінің өмір сүру формасын айқындау жолындағы тұңғыш нақты қадамы, талпынысы болатын. Сәл кейінірек Екі Дос бұл теориялық ойларын іске асырды да. 1918—1919 жылдарда жеке отау тіккен „Ойыл уәлаяты үкіметі“, міне, сол кездегі құрау-құрау Ресейдегі Қоқан мен Башқұрт автономиясы, Самарадағы Комуч пен Колчактың Уақытша Сібір үкіметтері сияқты ғұмыры аз болса да сабағы көп, кейін кеңес үкіметі күшпен таратқан Қазақ даласындағы бірден-бір мемлекеттік-саяси құрылым болды. Делегаттар Жаһанша бастаған 20 адамнан тұратын, ішінде Халекең де бар, облыстық қазақ комитетін сайлап, маусымның 1-і мен 5-і аралығында Ойыл жәрмеңкесінде қайтадан бас қосып, кезекті 2-ші облыстық съезді өткізетін болып пәтуаласты.

Қосөкіметтік тұсында қазақ комитеті бүліншілікке ұшыраған ел тіршілігін қалпына келтіруге, ең бастысы, Батыс Қазақстан аймағында ерекше дүрілдеп тұрған Орал казачествосының зорлық-зомбылығынан бейбіт жұртты арашалауға, қорғауға күш жұмсады.

Халел Орал облысынан сайланған 10 делегаттың бірі ретінде мамыр айының 1—11-і күндері Мәскеу қаласында болып өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысады. Бұл басқосуда Ресейді мекендейтін 30 миллионнан астам (көбісі туысқан түркі жұрты) мұсылман қауымының өкілдері болашақтарын айқындар, ауыз бірлігін күшейтер шаралар туралы кеңесті.

Ал 21—28-ші шілде аралығында Орынбор қаласында болып өткен Бірінші жалпықазақ съезінде Халел Досмұхамедұлы басынан аяғына дейін төрағалық етті. Күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1. мемлекеттік басқару түрі; 2. қазақ облыстарындағы автономия; 3. жер мәселесі; 4. халық милициясы; 5. земство; 6. оқу-ағарту мәселесі; 7. сот; 8. дін; 9. әйел мәселесі; 10. құрылтай жиылысына дайындық және қазақ облыстарынан депутаттар; 11. бүкілресейлік мұсылмандар съезі (Шура и-ислам); 12. қазақтың саяси партиясы; 13. Жетісу облысындағы жағдай туралы; 14. бүкіл Ресей федератистерінің съезіне, сондай-ақ Петроградқа оқу комиссиясына қазақтан делегаттар жіберу туралы.<sup>2</sup> Міне, Халекеңнің байсалды басқаруымен тұңғыш бүкілқазақтық басқосуда (ал бұл 1913 жылдан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті мәселе болатын!) осы 14 тармақ бойынша, ең бастысы, ұлт мүддесін көздейтін ұлттық партия құру туралы шешім қабылданды. Хатқа түспеген, ауызша

<sup>1</sup> Нұрпейісов К. Саяси көзқарас... — *Мына кітапта*: Халел Досмұхамедұлы... „Саяси“ 1996, 63-65-беттер.

<sup>2</sup> Алашорда. Сб. документов. Алматы: „Айқап“, 1992, 46-стр.

жеткен кейбір деректерде бұл жаңа партияның атын „Алаш“ деп қою туралы Халел Досмұхамедұлы ұсыныс енгізді делінеді.

Ал „Алаш“ партиясы ресми құрылған, „Алашорда“ мемлекетінің (үкіметінің) негізі қаланған, Орынборда 1917 жылғы 5—13-ші желтоқсанда болып өткен кезекті (екінші) Жалпықазақ съезінде „Екі Досты“ біз „арнайы шақырылған делегат“ ретінде көреміз. Бақыткерей Құлманұлы төрағалық еткен бұл басқосуда Халекең Әлихан Бөкейханұлы, Ғұмар Қараш және Әзімхан Кенесариндермен бірге төралқаның қосымша төрағасы болады. Осы съезде қазақтың барша бетке шығар көшбасшылары бір ауыздан тарихи „Жалпықазақ съезінің қаулысын“ қабылдады. Енді осы жерде алға қойған мақсат-мүддесі үлкен, бірақ алашапыран уақыттың ағынымен ол ойларын толықтай жүзеге асыра алмаған „Алашорданың“ осынау негізгі құжатынан түпнұсқа күйінде үзінді келтіре кетелік:

„... В конце октября пало Временное правительство, Российская республика лишилась власти, пользующейся доверием народа и моральным авторитетом, что при отсутствии всякой власти в стране, возможно возникновение гражданской войны, что анархия волна за волной заметает большие города и деревни по всему государству, что анархия растет с каждым днем и угрожает опасностью жизни и имуществу населения областей казак-киргизского народа, что единственным выходом из создавшегося трудного положения является организация твердой власти, которую признавало бы все население казак-киргизских областей, съезд единогласно постановил:

I. Образовать территориально-национальную автономию областей Букеевской Орды, Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Сыр-Дарьинской, киргизских уездов Ферганской, Самаркандской, Аму-Дарьинского отдела, Закаспийской области, смежных киргизских волостей Алтайской губернии, представляющих сплошную территорию с господствующим населением казак-киргизского единого происхождения, единой культуры, истории и единого языка.

II. Автономии казак-киргизских областей присвоить название „Алаш“.

III. Территория автономных областей Алаш со всеми богатствами, находящимся на поверхности земли, водами, их богатствами, а также недрами земли составляет собственность Алаш.

IV. Конституция автономии Алаш утверждается всероссийским Учредительным Собранием.

V. Всем, кто живет среди казак-киргиз, гарантируются права меньшинства. Во всех учреждениях автономии Алаш представители всех наций должны быть представлены пропорционально. Предоставляется также экстерриториальная и культурная автономия тем, кто без территории окажется в пределах автономии Алаш.

VI. В целях спасения области Алаш от общего развала анархии, организовать Временный Народный Совет „Алаш-Орда“, состоящий из 25 членов, 10 мест из которых предоставить русским и другим народам, живущим среди казак-киргиз. Местом пребывания Алаш-Орды временно избрать Семипалатинск. Алаш-Орда должна немедленно взять в свои руки всю исполнительную власть над казак-киргизским населением.

VII. Алаш-Орда обязуется принять энергичные меры к созданию народной милиции.

VIII. Алаш-Орда обязана в ближайшее время созвать Учредительное Собрание автономии Алаш на началах, выработанных им применительно

к существующим правилам о производстве выборов в общее российское Учредительное Собрание.

IX. Алаш-Орда уполномачивается съездом: 1) заключать займы; 2) вести переговоры в блоках с другими автономными соседями, при чем самое заключение договора предоставляется учредительному собранию Алаш.

X. К Учредительному Собранию Алаш Народный Совет обязан представить выработанный им проект конституции автономии Алаш<sup>1</sup>.

Міне, осылайша Алашорда үні — "Сарыарқа" газеті қалың қазақтан сүйінші сұрағанындай: „Декабрьдің 12-сі күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге Алаш Автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт Отанды болды“<sup>2</sup>.

Алаш мемлекеті мен үкіметінің бас органы — Ұлт (Халық) Кеңесі құрамына Орал облысынан Халел Досмұхамедұлы, Бөкей Ордасынан Уәлихан Танашұлы, облыстардан тыс Жаһаншаһ Досмұхамедұлы сайланды. Кеңес төрағасы, яғни жаңа жарияланған Қазақ Елінің тұңғыш Елбасысы болып Әлихан Бөкейханұлы баламалы жағдайда сайланды.

Бірақ барша делегаттарды тығырыққа тіреген, ұзақ айтыс-тартыстарда өз шешімін таппаған, өте бір өзекті мәселе болды. Ол — Алашорда автономиясын ресми түрде жариялау жайы. Бұл жердегі қиындық сол, ұзақ жылағы патша үкіметінің есеппен жүргізген сұрқия саясатының нәтижесінде қазақ өзінің бар шұрайлы жерінен айырылып, шөлді және шөлейт аймаққа ығысып кеткен еді. Егін салып, қазақ жерін еміп жатқан қалың орыс мүжығы (қарашекпендер) мен қылышын жалаңдатып, қойқаңдап жүрген казак-орыстар жаңа үкіметті қалай қабылдайды деген сұрақ аддан көлденең тұрды. Оның үстіне Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі қалың қазақ патшалықтың губернияларға жеке-жеке бөліп алда, билей бер саясатының ізімен соңғы бір ғасыр бойы территория жағынан ажырап, ал ендігі жерде жаңадан жарияланған „Түркістан автономиясының“ құрамында қалып қойған болатын.

Халел мен Жанша және оларды толық қостаған оралдық, ішкіордалық және Сырдария облысынан келген делегаттардың бір тобы Алаш автономиясын бірден жариялау қажеттігін талап етіп, ол болмаған жағдайда өздерінің Түркістан халықтарының заңды үкіметі — Қоқан автономиясының құрамына енетіндігін мәлімдеді. Ал Әлихан Бөкейханұлының пікіріне құлақ қойған қалған зиялылар кейінірек, өзге халықтардың келісімін алған соң жар шашайық десті. 33 дауыс алғашқы ұсынысты, 42 дауыс соңғы ұсынысты қолдап, 3 адам қалыс қалып, автономияны жария ету мәселесі бір ай мерзімге кейінге қалдырылды. Өкінішке орай, бір айдан кейін олар қайта жиыла алмады, Жалпықазақ Құрылтай Жиылысын (Учредительное Собрание) өткізуді де тарих-тағдыр маңдайға жазбады. Күн сайын қоюланып, түнеріп келе жатқан бұлт бүкіл Алаш даласын ала құйын етті, елді Азамат соғысы жайлады.

Алаш ұлттық қорын құрып, елден алым-салық, қаржы-қаражат жинай бастаған Алаш қайраткерлері бірінші кезекте бұқараны бүліншіліктен (анархиядан) қорғайтын ұлттық әскер — халық милициясын тездетіп жасақтауға күш салды. Орынбордағы казак юнкерлер училищесіне қазақ жігіттерінен алғашқы топ жіберіп, әзірше атаман Дутовтың тұрақты әскерінен жүзбасылыққа бір офицер, әр елу жігітке бір нұсқаушы-үйретушіден тартты. Бірақ 1918 жылдың басында қызыл армияның шабуылды үдетуі, 18-ші қаңтарда олардың Орынбор қаласын басып алуы

<sup>1</sup> Алаш-Орда. Сб. документов. Алматы, „Айқап“, 1992, 69—70-стр.

<sup>2</sup> „Сарыарқа“ газеті, 1918, 25 қаңтар.

жағдайды тіпті шиеленістіріп жіберді. Біресе ақтың, біресе қызылдың талауына ұшырап, қан-жоса болған Ресейдің өзге халықтарының басына түскен жағдай қазаққа да келіп жетті. Бөлшек-бөлшек, тілім-тілім болған қазақ жұртының ізімен Алашорданың өзі үшке бөлініп кетті. Орталық ұйым ретінде саналған басшылар Жаңасемейге (кейіннен „Алаш қаласы“ деп аталды) келіп ту тіксе („Күншығыс Алашордасы“), бір азана оқыған қазақтар Жетісу облысында әрекет етті, ал Халел Досмұхамедұлы мен Жанша Досмұхамедұлы елге келе салып Алашорданың батыс бөлімінің — „Күнбатыс Алашордасынның“ жұмысын жандандырды.

Патшаны тақтан түсірген Уақытша үкіметтен билікті күшпен тартып алған большевиктер бірте-бірте бел алып, үстемдігін ұлғайтты. Екі көсем — Халел мен Жанша 1918 жылдың наурыз айын Мәскеуде өткізді: В. И. Ленинмен және Ұлт мәселелері жөніндегі Халық Комиссары И. В. Сталинмен көзбе-көз сөйлесіп, Алашорданың талаптарын айтты. Большевиктер кеңес өкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, ал олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік және сот жүргізу), өз әскері болу (халық милициясы) сияқты талаптарын, қазақтар көп шоғырланған жердің бәрін, ата қонысты қазаққа түгел қайтарып, бір орталыққа бағындыру және әр жерде кеңес комитеттері тұтқындаған алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды қудалауды тоқтату, қаржылай көмек алу сияқты шұғыл шешімін табуы қажет мәселелерді өткір қойды. Соның кейбіріне қол да жеткізді. Атап айтқанда, түрмедегі алаш қайраткерлерін босаттырды, орталық кеңес үкіметінен қаржы-қаражат алды, Ұлт істерімен айналысатын комиссариат жанынан қазақ бөлімін ашқызды. Десе де кеңес үкіметі екі жүзді саясат ұстанды: қаржылай көмекті көз қылып беруін бергенімен, Екі Досты Саратовта тұтқындап, ол ақшаларын қайта алып қойды. Ал Алашорда басшыларына уәделі жауаптарын не жазбаша, не ауызша бермей, өз ойларын мысықтапанда іске асыра бастады. „Халел және Жаһаншаһ Досмұхамедұлдарының Мәскеуде Кеңес өкіметі басшыларымен кездесулері мен телеграф сымы арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінен анық байқалғаны — Орталық Кеңес өкіметінің ынтымақ, ұлттық тұтастық негізінде құрылатын қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығы және оған керісінше қазақ халқына таптық жіктелуге негізделген кеңестік тұрпаттағы автономия беруге даяр екендігі еді“<sup>2</sup>. Өкімет басына келгенше „ұлттардың өзін-өзі билеу“ принципін уағыздап келген большевиктер, елде пролетариат диктатурасын орнатып алған соң, „әр елді өз еңбекшісі билеу керек“ деген желеу жалбыратты, яғни жаңа ұлттық-мемлекеттік құрылыс саясатында таптық принцип ұстанды. Батыста Балтық елдері халықтары мен финдер, украиндар мен поляктар Ресейден бөлініп, бостандық алып жатса, шығыста „Орталық қазақ өкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күресінің нәтижесінде дүниеге келген Алаш Автономиясы мен Алашорда үкіметін мойындамады, сол сияқты Орта Азияның жергілікті халықтарының заңды мемлекеттігі болған, 1917 жылғы 10 желтоқсанда Қоқан қаласында өткен төртінші жалпымұсылмандық құрылтайда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясы келесі 1918 жылдың ақпанында қарулы күш жұмсалып талқандалды“<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Бұл жерде әңгіме Х. Ғаббасұлының Алаш қаласынан тікелей телеграф арқылы В. И. Ленинмен және И. В. Сталинмен жүргізген келіссөздері туралы болып отыр.

<sup>2</sup> Нұрпейісов К. Саяси көзқарас... — *Мына кітапта*: Х. Досмұхамедұлы... Алматы: „Санат“, 1996, 91-бет.

<sup>3</sup> Сонда, 92-бет.

Елге бас сауғалап, аман-есен жеткен Екі Достың алдында екі айрық жол тұрды. Бірі — большевиктерді, кеңес өкіметін толық мойындау, екіншісі — Орал казачествосына арқа сүйеп, егемендік (автономия) үшін күрес жүргізу. Олар соңғы жолды таңдап алды...

1918 жылдың 18—21-ші мамыры аралығында Жымпиты қаласында Орал өңірі қазақтарының кезекті төртінші съезі болып өтті. Таяу арада жалпақ Ресейде бүліншілік тоқталып, большевиктерден басқаның бәрі асыға күткен Құрылтай Жиылысы шақырылады, Ресей федеративтік демократиялық республикасы орнап, тарыдай шашыраған қазақтар өз автономиясын алады деген үміттен көз жазбаған олар осы съездің шешімімен Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым — "Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін" жариялайды. Оның төрағасы болып Жаһаншаһ Досмұхамедұлы сайланады. Қыркүйек айының ортасында кеңес үкіметіне қарсы оппозициялық күштердің Уфа директорысын жариялауға жиналған мәжілісіне келген Алашорда қайраткерлері бұл шешімді мақұлдап, Ойыл уәлаятына „Алашорданың батыс бөлімі“ деген ат пен пәрмен береді. Екі Дос тездетіп қарулы жасақ — Алаштың атты әскерін (халық милициясы) ұйымдастырады, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алады. Ұлттық банк ашады, баспахана ұйымдастырады, „Еркін қазақ“ газетін жарыққа шығарады. Ең бастысы — Ырғыз бен Маңғыстау арасын мекендеген қалың қазақты ақтың да, қызылдың да, казачествоның да талауына бермей, қорғап тұрады.

1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Орталық Алаш үкіметінің қайраткерлері Кеңес өкіметін амалсыздан мойындады. О бастан большевиктік идеяны қабылдамаған, қызылдармен қарулы қақтығысқа түскен қазақ оқығандарының қыл үстіндегі тағдырын Мәскеуге арнайы барған Ахмет Байтұрсынұлының қажырлы еңбегі бір жолға аман сақтап қалды. В. И. Лениннің 1919 жылы 10-шы шілде күні „Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет“ құруы және оның төрағасының орынбасарлығына А. Байтұрсынұлының тағайындалуы — Кеңес өкіметі алдында тізе бүккен Алаш қайраткерлерінің жалп етіп өшкен үміт отын қайта тұтатты.

Күнбатыс Алашордасының қол астындағы қалың қазақ пен оның басшылары саясат құрбанына айналып, босқа қырылып кетпеуін көздеген А. Байтұрсынұлы Кирревкомның мәжілістерінде<sup>1</sup> олармен байланыс орнату мәселесін сан мәрте көтеріп, шырылдап араға түсті, астыртын өз өкілдерін келіссөзге жіберді. Өйткені бұл кезде Орал өңірінде қым-қуыт шайқас, қызыл мен ақтың итжығыс күресі өршіп тұрған еді. Жыл басында Орал қаласын қызылдар басып алса, көктемде Колчак пен Деникиннің қолдауына сүйенген генерал В. Толстов қызылдарды ығыстырды; В. Чапаев дивизиясының алғашқы жеңістерінен соң ақтар белең алып, оның өзін Жайыққа батырып, Орал қаласын қайта қоршады; М. Фрунзенің қосымша күші келіп жетіп, қиян-кескі ұрыс тағы жалғасты...

Казачествомен тіл табысып, ақтардан әскери көмек алып, қызылдармен ара-тұра соғысып қалып жүрген дербес, тәуелсіз „Ойыл уәлаяты үкіметінің“ де күні бітуге таяп келе жатты. Қызылдардың тез ара-

<sup>1</sup> Тарихшы Д. Аманжолова былай деп жазады: „В июле 1919 г., сразу после создания КирВРК, И. В. Сталин писал секретарю ЦК РКП(б) Е. Д. Стасовой о Байтұрсынұве: „Я его не считал и не считаю революционером-коммунистом или сочувствующим, тем не менее его присутствие в ревкоме необходимо“ (Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. М.: „Россия молодая“, 1994, стр. 187).

<sup>2</sup> Қараңыз: Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919—1920 гг.). Часть 1. Алма-Ата, 1987.

да, үзілді-кесілді берілуін талап еткен шешіміне Батыс Алашордасының басшылары келісе қоймады. Өздерінің халық сайлаған заңды үкімет екендігін алға тартып, Қызылқоғаға бекінген ақтардың қалдығын екі жақтап, бірге талқандау жоспарын ұсынды. Бірақ Қызыл армия штабы үзілді-кесілді берілу талабынан қайтпады. Осындай сын сағатта 1919 жылдың желтоқсанның 27-сі күні Алаш атты әскері (жалпы Күнбатыс Алашордасында әр жылдарда екі мыңнан үш мыңға дейін тұрақты қарулы қол болған) таңғы 7-де Қызылқоғаға бекінген Елек корпусының штабын басып алады. Генерал Акутин бастаған офицерлерімен қоса 500 казакты тұтқындап, көп қару-жарақ олжалайды. Екі күн бойы оларды құтқармақ болған казактармен ұрыс жүргізеді.

Қызылқоғаға келіп жеткен Қызыл армия бөлімдері Алаш әскері қолға түсірген олжаның бәрін иеленеді, Алаш үкіметі мен жасағын таратады, ал оның басшыларына кешірім беру не бермеу мәселесі талай айлар бойы өз шешімін таппайды. Оған М. Фрунзе бастаған майдан басшыларының Екі Досқа нағыз жау деп қараған көзқарас, пиғылдары себепші болды. Ұзақ дау-дамайдан соң Қирревкомның 1920 жылғы наурыздың 5-де қабылдаған қаулысына<sup>1</sup> сәйкес ұлттық Алашорда үкіметі, атап айтқанда, Күнбатыс бөлімі толықтай таратылады, ал оның белсенді басшылары халықтан оқшауландырылып ("изолировать от киргизских трудовых масс"), Жаһаншаһ Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Иса Қашқынбайұлы, Кәрім Жәленұлы және Беркінғали Атшыбекұлы Мәскеуге, Ресейдің орталық губерниясына жіберіледі. Осылайша, Халекеңнің ат үстінде өткен қайраткерлік, күрескерлік жылдары аяқталады. Ең бастысы — "қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі" дегендей, қаншама оттың ортасында жүрсе де, құдай елеп, аман-сау қалады...

1920 жылғы жаздың соңына таман Х. Досмұхамедұлы Ташкент қаласына келеді. Ташкент бұл кезде бірнеше туыстас түркі халқының басын біріктірген Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы болатын. Сол бір аумалы-төкпелі заманда оның жоғарғы басшылығында отырған Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұловтарды сағалап, көптеген қазақ оқығандары, "алашордашылар", мәселен, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Тынышпаев, Қошмұхамед Кемеңгерұлы, т. б. зиялылар осында бас түйістірген еді.

Санаулы ғұмырының қас қағым сәті — "Ташкент кезеңі" Халел үшін бар күш-қуат, интеллектуальдық білім-білік, зор ұйымдастырушылық қабілетін жарқырата көрсеткен жемісті жылдар болды. Сарғайған еңбек кітапшасына үңілсеңіз, онда басшылық та, қосшылық та қызмет-дәреже қоса-қабат жарыса жазылып жүр: ординатор, мектеп дәрігері, әрі Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариатының бөлім меңгерушісі, коллегия мүшесі, институтта оқытушы, проректор, әрі баспагер һәм ғалым... Оның сыртында "Талап" сынды қоғамдық бірлестік құрғаны, "Сана" журналын шығарғаны ... тағысын тағы жұмыстары бар.

1920 жылы тамыздың 21-і күні Түркесубликасы Халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін арнайы Білім комиссиясы ұйымдастырылады. Халел Досмұхамедұлы алдымен осы комиссияның мүшесі (ол кездегі төрағасы — Иса Тоқтыбайұлы), кейіннен төрағасы болады. Осылайша

<sup>1</sup> Алашорда. Сб. документов. Алма-Ата: "Айкап", стр. 188—190.

Кітап соңындағы өмірі мен қызметінің кезеңдеріне арналған қосымшаға қараңыз.

бір кезде Петерборда тірнектеп жинаған білім қазынасын туған халқына қайтарар, рухани қарыз-парызын өтер кезі де дөп туады.

Жалпы соңына мол шығармашылық мұра қалдырған алғашқы қазақ зиялыларының арасында Петерборда қатар оқыған екі арыс — дәрігер Халел мен теміржолшы-инженер Мұхаметжан Тынышпайұлының есімдері алдымен тіл ұшына оралады. Өз мамандықтары бойынша ел-жұртына өлшеусіз пайда тигізуімен бірге олар қазақтың гуманитарлық ғылымында да биік шыңнан көрініп, өшпес із қалдырып кетті. Біздіңше, бұл жан-жақтылық, әмбебаптық қасиеттің бір тамыры білім негізі қаланған студенттік жылдарда, астаналық білім беру дәстүрінде жатса керек. Үлкен ғалым-ұстаздар талапты, таланты жастарды жеке баулып, қанаттандырса, екінші жағынан, олардың да өз бетімен ізденуіне, мүлде мамандығына қатысы жоқ басқа институттарда дәріс оқитын ғалымдардың алдын көруіне мүмкіндіктері бар-тұғын. Міне, осылайша Нобель сыйлығының иегері, академик И. П. Павловтың шәкірті Халел (жалпы Халел ұстаздарының ортасын зерттеу, тіпті болмағанда олардың аты-жөндерін біліп жүрудің өзі зор ғанибет) зерделі, зейінді Мұхаметжанмен бірге В. В. Бартольд, В. В. Радлов, Бодуэн де Куртенье сияқты есімі күллі әлемге мәшһүр ғалымдардың қырағы көзіне шалынды.

Әмбебап ғалым, энциклопедист Х. Досмұхамедұлының қаламынан туған кітаптар мен оқулықтарға көз салсақ, оның басты екі салаға жіктелетінін көреміз. Өте қажеттіліктен туған „Табиғаттану“ оқулығынан басқа сүбелі еңбектері өз мамандығына тікелей қатысы бар, яки медицина-биология ілімі аясынан туындайтын шығармалар. Бұл тұста өз мойнына ауыр жүк алған ғалым тыңға түрен салады. Еуропа ғалымдарының үлгі-өнегесіне сүйене отырып, қазақ тілінде төл терминдік қор жасап, мүлде жаңа сапалы оқулықтарды дүниеге әкеледі. Х. Досмұхамедұлының үш бөлімнен тұратын „Жануарлар“ сынды оқулығы ол кезде Орта Азияда жаңа құрылыс құрып жатқан халықтардың еш бірінің тілінде жазылмаған, дүниеге келмеген кез еді. Сол себепті де Түркістан республикасындағы барша туыстас түркі жұртшылығы, олардың алғашқы оқығандары, ұстаздар қауымы бұл оқулықтарды өздеріне жолбасшы құрал ретінде пайдаланды, үлгі тұтты деп айтуға толық құқымыз бар.

Медицина мен гигиена, биология мен адам анатомиясы һәм жалпы табиғаттану саласында өз заманында шыңға шығып, қоғам сұранысын өтер соны да төл іргелі еңбектер жазған жаратылыстанушы ғалым рухани, қоғамдық ғылымдар саласында да өшпес із, қайталанбас қайрат туғызғаны кім-кімді болса да тәнті етері сөзсіз.

Әрине, „Х. Досмұхамедұлының мәдени тарихымыздағы ерен еңбегі не?“ дегенде, алдымен ойға оралары — әдебиетіміздің классигі Махамбетті „тірілкені“, оның алдаспан жыр-толғауларын бүтінгі ұрпаққа мирас қылғаны. Тарихын қастерлеген халықтар үрдісіне ден қойсақ, Х. Досмұхамедұлы артына басқалай із-жол қалдырмағанның өзінде, біздіңше, осынау жалғыз ерлік-еңбегімен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатқандай еді...

\* Ана тілінде тұңғыш оқулықтар жазудың қиындығын оның өзі былай сыпаттайды: „Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің „Тіл — құралынан“ басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды... Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе; сондықтан алғашқы жазылған кітаптарды әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керектірек дейміз“ (Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. Үшінші бөлім. Ташкент, 1926, IV бет).

Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, Ығылман жырау, „Қарасай-Қазы“, „Қыз Жібек“, „Кенесары-Наурызбай“, Абай, Мағжан, Бернияз... Сол бір қиын кезде, осылардың бәрін хатқа түсіріп, тасқа бастыру — ерлік емей, немене!?

Х. Досмұхамедұлы халық ауыз әдебиетін жинаумен, жариялаумен ғана айналысып қойған жоқ, сонымен бірге күні бүгінге дейінде маңызын жоймаған „Қазақ әдебиетінің тарихы“ сияқты жинақтаушы теориялық зерттеу де жазып қалдырды. Ол асыл қазына, фольклорлық мұрамызды тек өлең-жыр, сөз өнері деп қана қарамай, мәдени-рухани ұлттық „паспорт“ — тұрмыс-салт қалпы, наным-сенім айнасы, тәлім-тәрбие ұлағаты деп ұқты. Сол себепті де басында-ақ зерттеушілердің алғашқысы болып ырым-сырым, түс жору, т.б. ұсақ формаларды фольклорға жатқызады, оның „Аруақпен айтыс“ сияқты реликтілік құбылыстарын шаммен іздеп тауып, жариялайды. Осы тұста ғұлама ғалым шыққан шыңын, оның тарихи ой-санамызға қосқан үлесін Шоқан сынды алып тұлғамен салыстыруға, сабақтастыруға болады...

Әрине, бүгінде қоғамдық, гуманитарлық ғылымымыз алға озып, қарыштап дамыды. Ол — даусыз мәселе. Бірақ, осы шыңырау тереңге ұмтылған зерттеу, ізденістерде Шоқан, Халел еңбектеріндегідей тұтастық, кемелдік жетіспей жатады. Расында да, ол кезде филология қазіргідей әдебиет және тіл деп іштей індетіліп бөлінбей, тіптен тарих пен филологияның өзі кешенді, комплексті зерттеу объектісі, ғылым саласы болатын. Жоғарыда атап өткеніміздей, В. В. Радлов, В. В. Бартольд сынды үлкен тарихи-филологиялық мектеп өкілдерінің алдын көрген Х. Досмұхамедұлы шығармашылығында да осы үш өрім — тіл, тарих хәм әдебиет қатар өріліп жатады. Сол себепті де ғалым, мәселен, қазақ тіліндегі сингармонизм заңы хақында кітапша жазса, тіл дамуына әдеби тілдің, әдебиет тілінің қандай қатысы бар деген мәселеден аттап өте алмайды, болмаса, қазақтың ұлт-азаттық көтерілісі, Исатай батырдың жеке басы тарихын әңгімелей отырып, Махамбет сынды көтеріліс жаршысының көркем творчествосына сыни пікірін де айтады. Қорыта айтар болсақ, осылайша тарихи-филологиялық зерттеулерімен Х. Досмұхамедұлы өз кезіндегі енді-енді бауырын көтеріп келе жатқан қазақ қоғамтану ғылымын өрге сүйреп, үлкен биікке көтерді.

Осы тұста өзі тіл маманы, лингвист ғалым деп ауыз толтырып айтуға тұрарлық Х. Досмұхамедұлы шығармаларының тілі, оның ғылым тілін қалыптастырудағы ролі деген мәселенің барлығын айтып, бір-екі ауыз тоқтала кеткіміз келеді. Өзіне дейін ешбір үлгісі жоқ, терминологиясы мүлде жасалмаған әр алуан ғылым салалары бар екендігі қаперіне кіріп шықпаған қазақ оқушыларына зоология, анатомия, табиғаттану пәндерінен оқулықтар жазу — қай халықтың тарихында да сирек кездесетін құбылыс, ал қазақ дүниесінде теңдесі жоқ харекет болды. Ғалым ғылыми терминдерді түзуде, өз сөзімен айтсақ, „қолдан келгенше нағыз қазақ сөзін алу“, „ғылым атауларын түсінікті қылуға тырысу“ қағидаларын ұсынды. Сонымен бірге, ол „жат сөзсіз (яғни, кірме, шет тіл сөздері.— Авторлар.) күнелте алмайтын заман туғандығын“, „мәдениет қуған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер келмекші, білімге кірген жаңа сөздердің көбі үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы“ деген принципті пікірін кейбір бүгінгі ғалымдарымыз ескермей, орынсыз пуризмге ұрынып жүргені, өкінішті-ақ. Әйтпесе Халекеңдер салған жолдан таю, бір күнде, „жалаң қылышты бір-ақ сермеп“, бәрін қазақша қылам деу, біздіңше, білімділікке емес, қайта білімсіздікке апа-



пар жол болса керек. Х. Досмұхамедұлы мен оның ағартушы тұстастары ұстанған жол, қазақ ғылыми тілін сатылай қалыптастыру, жаңа ұғым-түсініктерді шым-шымдап бойға сіңіру жолы бүгін де өз ділгірлігін жойған жоқ, қайта егемендік алуымызға байланысты күн тәртібіне өткір қойылып отыр.

Х. Досмұхамедұлының ғұмыр жолын қысқаша шолу үстінде, оның тағы бір қырына — ұстаздық, педагогтік қызметіне тоқталмай өту мүмкін емес. Салқын қанды, тұйық мінезді, аз сөзді Халекең өте балажанды болған. Қандай мәртебелі қызметте болмасын, тіпті шет жақта айдауда жүргенде де қарапайым мектеп дәрігері қызметін қоса атқарып отырған. Ал институтта бала тәрбиесі ғылымы — педология<sup>1</sup> кафедрасын ұйымдастырып, осы пәннен дәріс оқып, „педология ғылымының доценті“ (1926), „педология ғылымының профессоры“ (1929) атанғаны белгілі. Ал отбасында балаларының сабақтарын өзі қадағалап, әсіресе олардың тіл меңгеруіне көп көңіл бөлген (өзі латын, неміс, орыс тілдеріне өте жетік болған).

Х. Досмұхамедұлының күні бүгінге дейін індетіп зерттелмей, көп айтылмай келе жатқан тағы бір қыры — оның баспагерлік, редакторлық қызметі. Күнбатыс Алашордасының үні — „Еркін қазақты“ ұйымдастыру тәжірибесі, әрине, кейіннен Ташкентте „Сана“ атты тәлім-тәрбие журналын шығаруына жәрдемдесті. Баспа басшысы ретінде әлеуметтік маңызы бар кітаптарды таңдап алу, халықтық мұраларға ерекше ыждағатпен қарау, олардың барынша кем-кетіксіз, қатесіз шығуына тікелей араласу — Х. Досмұхамедұлы атымен шыққан кітаптардың қай-қайсысына да тән басты белгі, көрсеткіш. Мәселен, ол „Кенесары-Наурызбай“ кітабын Қазақ-қырғыз білім комиссиясы шығарғандағы мақсат: „Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу“<sup>2</sup>, — болды деп жазады.

1930 жыл. Қыркүйектің 15-і. Ф. И. Голощекиннің „тазалауының“ екінші толқыны („бірінші толқынға“ А. Байтұрсынұлы бастаған Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып т. б. арыстар іліккен болатын) өз үйіріміне тағы бір арысты — Х. Досмұхамедұлы да ала кетеді: сүйікті ісі мен қолдағы қаламынан еріксіз айырады. 1932 жылдың 20-шы сәуірінде ОГПУ үштігінің (тройкасының) шешімінен Ресейдің қаратопырақты аудандарының біріне жер аударылуға үкім кесіледі. Сөйтіп ол қалған санаулы ғұмырын отбасы, бала-шағасымен бірге Воронеж облысы мен қаласында бас бостандығынан айырылып, құқығы шектелген айыпкер ретінде өткізеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де, елге оралмайды. Сірә, Қазақстан аспанын шарлап жүрген „қара қарға“ жемтігіне айнарудан сақтанғаны шығар... 1938 жылы екінші рет қамалғанда шиеттей бала-шағасына: „Енді мені күтпеңдер. Елге көшіңдер..“, — деп тіл қатып қана үлгереді... Мәскеу түрмесі, Алматы абақтысы... Сұраусыз қан, құнсыз өлім... Белгісіз қабір... Ескерткішсіз, ескерусіз қалған, әдейі ұмыт қалдырған жарты ғасыр... Жарты ғасырлық жартас үнсіздік...

<sup>1</sup> Қараңыз: „Словарь иностранных слов“. 19-е изд. М., 1990, 378: „Педология“ гр. pais (paídos) дитя+...логия, букв. наука о детях — совокупность психологических, биологических, социологических концепций развития ребенка, не представлявшая целостной теории; возникла в конце 19 в. в США и Зап. Европе. В СССР в нач. 30-х гг. педология подверглась критике“. БКП(б) ОК-і 1936 жылы „Халық ағарту комиссарнаты жүйесіндегі педологиялық бұрмалаушылықтар туралы“ деген қаулы шығарып, бұл пәнге мүлде тыйым салғаны белгілі.

<sup>2</sup> Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы, 1991, 100-бет.

„Ұлы көсемнің“ көзі жұмылған соң, темір құрсаудың түндігі аз уақытқа түрілген „жылымық“ кезде „Здравоохранение Казахстана“<sup>1</sup> журналына Х. Досмұхамедұлы туралы шағын мақала жарық көрді. Бірақ, еріп келе жатқан тоң қайта қата бастаған соң, есімдер „ағармай“, еңбектер „ақталмай“ қалғаны белгілі. Ал 1984 жылы „Қазақстан“ баспасынан жарық көрген „Алғашқы қазақ дәрігерлері“ (құрастырушылар — А. Әлжанов, Ә. Шөкин, Ә. Досаханов) атты шағын кітапша дәрігер Халел Досмұхамедұлы туралы аз-кем дерек берілгені үшін дүкендерден жиналып алынған болатын. Халел сынды арыстардың еңбектері Қазақстанда 1980-жылдардың ақырына дейін кітапханалардың арнайы қорында (спецфонд) құлып астында ұсталды. Осылайша, оның туғанына 100 жыл толғанда да „ләм“ деп аузымызды ашпадық...

Әрине, „балдай тәтті дей бергенмен — аузың тұшынбайды“. Халел есімін асқақтату үшін, жарты ғасыр бойы айтқызбай, жазғызбай келген шыңдықтың шырайын ашу үшін — оның еңбектерімен елді таныстыру, қауыштыру қажет болды. (Бүгінгі мақсат, қолыңыздағы кітаптың жүгі де — осы ізгі тілектің қарлығаштарының бірі). Осы орайда, сол жылдары қайта құру лебімен шаңырақ көтерген „Ана тілі“ баспасы алғашқы кітаптарының бірі ретінде Х. Досмұхамедұлының „Аламан“ жинағын жарыққа шығарып, шын мәнінде, сірескен сенді бұзды. Енді халқы Халел еңбектерін іздейтін, жоқтайтын күн туды. Аймақтық Халел Досмұхамедұлы қоры құрылды (президенті — Д. Е. Әбдірахимова). Туған топырағында елді мекен мен университетке, астана Алматыда орталық көшеге есімі берілді. Ғұмыр жолы мен шығармашылығы зерттеліп, конференциялар өткізілді, тұрақты „Халел оқулары“ ұйымдастырылды, жоғары және орта оқу орындарында стипендиялар тағайындалды... Бүгінде Х. Досмұхамедұлының есімі мен еңбегіне жоқшы болып жүргендердің аты-жөнін түгелдей атап шығудың өзі үлкен күш. Әр саладан осы абыройлы, әруақты іске ат салысып жүрген кейбір азаматтардың ғана атын атап кетер болсақ, олар: ғалымдар — З. Қабдолов, К. Нұрпейісов, Ш. Сарыбаев, Б. Хабижанов, А. Мектепов, диссертант Р. Әлмұқанова, туыстары — Қарашаш Халелқызы мен жиені Д. Әбдірахимова, жазушы, баспагер М. Құлкенов, меценат Ж. Нәбиев, қоғам қайраткері Т. Измұхамедов хәм тағысын тағы азаматтар...



Атамыз қазақта „өшкені жанып, өлгені қайта тірілді“ деген ұлағатты сөз бар. Иә, биылғы Татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы арманда кеткен арыстың бірі, халық көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлының аласапыранды аз жылда ұрпағына аманатқа қалдырған мұрасымен қайта қауышып отырсыздар, құрметті қалың қауым. Қуаныш ұзағынан болып, зұлмат-нәубеттерден аман болалық!

**Рәбиға СЫЗДЫҚОВА,**  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Ғылым академиясының  
корреспондент-мүшесі, профессор



**Ғарифолла ӘНЕС,**  
„Арыс“ қорының президенті.

---

<sup>1</sup> Мамаев А. Досмұхамедов Х. Д. — врач и ученый //Здравоохранение Казахстана, 1958, №10.



ТАРИХ  
ИСТОРИЯ





## ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ: ИСАТАЙ, МАХАМБЕТ

„Ақтабан шұбырындыдан“ соң, 1731-інші жылы Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлегі (осы күнгі Торғай, Орал, Бөкейлік елдері) орыстың империализм хукіметіне бағынды. Елді бағындырған Әбілхайыр хан мен елдің бір бөлек бас адамдары болды. Көп бұқара бөтенге бағынғанға наразы болды. Әбілхайырдан соңғы хандар амалсыздан патша хукіметінің саясатын қазақ ішіне жүргізе бастады. Хандардың бөтеннің қолында құрал болғанын ел сезді, сондықтан хандар менен елдің арасына араздық кірді.

Он сегізінші һәм он тоғызыншы ғасырдағы патша хукіметінің саясаты қазақты әбден көндіріп алу болды, қазақтың еткен амалы орыстан құтылу болды. Өткен жүз жарым жылдардағы Кіші жүздің тарихы қанмен жазылғандай деп айтса болады.

Бір жағынан, басын қорғап патша хукіметімен арпалысу, патша хукіметінің құралы болған орыс-қазақтарымен жауласу, патшалардың саясатын жүргізген хандармен алысу; екінші жағынан, қонысқа таласып естек, қалмақ, түрікпен секілді көршілерімен жауласу; үшінші жағынан, өзара ру таластары — Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады.

Орыстан құтылу үшін еткен Кіші жүздің қимылдары әлі тарих болып жазылған жоқ, бұндай сөздің бәрі патша заманында құпияда еді. Тарихшы енді шықса керек.

Патша хукіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің еткен істерінің біз бірқатарын ғана білеміз. Бұлардың ішінде зорлары мыналар: 1785—1800-інші жылдардың шамасындағы байұлы байбақты руынан шыққан Сырым батыр Датұлының көтерілісі. Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп, қуып, Есім ханды өлтіріп, патша хукіметімен жауласты. Ақырында жеңілді. Бұл — бір. Екінші, 1830—1845-інші жылдардың шамасындағы байұлы беріш руынан шыққан Исатай батыр Тайманұлының һәм Махамбет батыр Өтемісұлының көтерілісі. Үшінші, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының шамасындағы әлімұлы шекті руынан шыққан Есет батыр Көтібарұлының көтерілісі. Есет сұлтан-правитель болған Арыстан „ханды“ өлтірді. Есеттің інісі Бекет ұсталды. Көтерілісті хукімет басты. Төртінші, 1869—1870-інші жылдардағы қазақты әбден ноқталаған „Уақытша дала низамына“ (Степное положение) көнбейміз деп Орал, Торғай қазақтарының жасаған көтерілісі. Бұл көтерілісті „Ауа“ деп айтады. Бү көтерілісте Кіші жүз қонысын тастап, Асан қайғы, Қазтуған жұртына — „Ауғанға“ „Тесік таудан“ өтіп бармақшы болды, төрелерді талады, өз ара хандар сайлады. Ақырында быт-шыт болып, „хандарды“ ұстап, ауған елдің көбі қонысына қайта қонып, патша хукіметіне көнді.

Мұндай жалпы көтерілістен басқа, бөлек рулардың патша хукіметіне еткен қайраттары көп. Әсіресе, қайрат еткен байұлының адай деген руы. Адайдың Атақозы, Құдабай, Құлбарақ, Дәуімшар, Сүйінқара секілді ба-

<sup>1</sup> Ауған топырағында қазақ жоқ. Бұлар Бұхара топырағындағы Кіші жүз қазағы болса керек. — „Ақ жол“.

тырларының істері тарихшыны күтіп отыр. Қазақтың ішінде патша хукіметіне ең соң көнген руы — адай. Шынында, адай Хиуа мен түрікпенді алған соң ғана бағынды.

Он сегізінші ғасырдың аяғында Нұралы ханның Бөкей деген баласы бас қылып, Кіші жүздің бір бөлек елі Еділ, Жайықтың арасындағы қашқан қалмақтан босап қалған қонысқа ауды. 1801-інші жылы Бөкей бөлек хандыққа патшадан жарлық алды. Кіші жүзден бөлінген Бөкей ордасы, яки Ішкі орда пайда болды.

Отыз жылдан артық бос тұрған нуға келіп ел байыды. Бөкей хан елмен тату тұрды. 1816-ншы жылы Бөкей өлді. Орнына жас баласы Жәңгір хан болды. Жәңгірдің заманында қазақтың қонысын хукімет тарылта бастады. Еділдің жағасынан қалалар салып, қазақты Еділден ысырды, Оралдың орыс-қазақтары Жайықтан ысырды, орыстың балықшылары теңіздің жағасынан ысыра бастады. Терістік жақтағы жақсы жерлерді орыстың қара шекпендері алды. Қазаққа орталықтағы Нарын деген құмнан басқа жарытып қоныс қалмады. Қазақ пен жер тартып алушылардың арасына жанжал кірді. Жәңгірдің қазақты қорғауға қолынан келмеді.

Патша хукіметінің әсерінен хан елден бөлектене бастады. Бұрынғы ата жолды тастап, елді Жәңгірдің „өзі“ билеуге ойланды. Қасына күзетші қылып орыстан әскер алды. Хан патшаның „губернаторына“ айналды. Бұған да ел наразы болды.

Жәңгір ноғай мүфтиінің қызын алды. Діннің әсері күшейді. Осы күнгі Орда тұрған Жасқұс деген жерге Жәңгір мешіт салдырды. Елге шарият жайыла бастады. Ханның айналасына ноғайдың молдалары, хожалар көп жиылды. Бұлар ел билеу ісіне араласты. Және де ханның айналасына анандан-мынадан келген келімсектер көп жиылды. Бұрынғы елді билеген белгілі билердің кәдірі кеміді. Молдалар, хожалар, келімсектер елді билей бастады. Бір жағынан, орыстан көрген қысымшылық, қоныстың тарылуы, қоныстың тозуы; екінші жағынан, молдалардың, хожалардың, келімсектердің астамшылығы елді Жәңгір ханға наразы қылды. Елдің бір қатары Бөкейлікті тастап, Жайықтың күн шығыс бетіне өте бастады.

Осындай болып тұрғанда Жәңгірдің қасында Қарауылхожа Бабажанұлы деген бір қайратты хожа болады. Жәңгір Қарауылдың қызын алады. Хандықтағы биліктің бәрі Қарауылдың қолына көшеді. Бөкей заманынан келе жатқан ханның қасындағы он екі би ойыншық болып қалады. Бөкей заманынан әр руды өздері сайлаған [билер] билейді екен. Жәңгір сардарларды өзі тағайындай бастаған. Қарауылхожа заманында елді елемеушілік күшейген.

Жоғары айтқан таршылықтың бәрін жұрт Жәңгірден көрген. Ел тегісінен ханға қарсы болған.

Осы уақытта Жәңгірді түсіремін, бұрынғы кеңшілікті орнатамын деп Исатай батыр Тайманұлы шыққан. Елдің бәрі тегісімен Исатайға еріп кеткен. Көтерілген елдің қаһары сонша қатты болған, ел ішінде сардар я бөтен ретте тұрған ханның жақындары төрелер де Исатайға еріп кеткен. Елді тегісінен меңгеріп алған соң Исатай Жасқұстағы ханның ордасын қамаған. Ханның қасында орыстың әскері, төлеңгітері, бір бөлек билері қалған. Ханның қолындағы әскер орданы қорған қылып қорғаған. Орданы қамаған көпті көріп, Жәңгір шошып кетіп, „қашам“ десе, қасындағы билері қашырмайды. „Сырым батырдан қашамын деп атаң Нұралы ұсталайп кеткен, сен де сондай боласың. Қазақтың әдетінде жаудан қашқан кісі хан бола алмайды“ депті-мыс билер.

Сөйлесіп бітеміз деп, ханның билері Исатаймен рулас Бекмағамбет би Өтемісұлын һәм Балқы би дегенді Исатайға салады. Бұлардың жұмысы олай деп, бұлай деп алдап, хүкіметтен жәрдем әскер келгенше уақыт созу болады. Исатайдың қосындағы бір төре Аштархан һәм Орал губернаторларына жасырын хабар жіберіп, жәрдем сұраған екен. Бұны Жәңгір біледі екен.

Жәңгірдің нөкеріндегі Бекмағамбет бидің інісі Махамбет Өтемісұлы бірден Исатайға қосылады да, Орданы тездетіп шабу керек, ең алдымен Бекмағамбет пен Балқы биді жою керек, бұлар алдап жүр деп зарлайды. Жиылған көп бітімді мақұлдайды. Осылай болып тұрғанда орыстың көп әскері келіп қалады, Орданы босатады. Бірнеше соғыс болады. Үлкен соғыс Бекетай құмы деген жерде болады. Әрине, зенбірек пен мылтық найза мен садақты жеңеді. Қазақ көп қырылады. Осы соғыстарда қайрат көрсетіп, Махамбет батыр атаққа ілінеді, Исатайға қосшылыққа сайланады.

Исатайдың әскері қашып, алдынан шыққан Орал қазақ-орыстарын жеңіп, Жайықтың күншығыс бетіне шығады. Осы күнгі Орал облысында бірнеше уақыт жүреді. Орыс әскерін жіберуге қауіптеніп, патша хүкіметі сол күнгі сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақұлына қазақтан әскер жинап, Исатай, Махамбетті жоюға бұйырады.

Баймағамбет „ханның“ әскері жиылып келсе де, Исатаймен соғыспай қайтып кетеді. Ақсақалдардың айтуынша, Исатайға қарсы әскерді қайтарған беріш Қуан жырау дейді. Бастықтардың жиылысында Исатайдың ісін дұрыстап Қуан жырау өлең айтыпты-мыс. Сонан соң Исатаймен соғыспаймыз деп қол қайтып кеткен.

Қуан жыраудың сөзі бұ күнде жойылған. Қолдың көбін таратып, іріктеп алған әскерімен Исатай, Махамбет әлім мен адайға келеді. О күнде адай мен әлім жау екен. Адай түрікпенмен де жау екен. Әуелі адай мен әлімді бітіреді, сонан соң, адай мен түрікпенді бітіреді.

Адай, әлім, түрікпен болып бірігіп, орыс хүкіметімен, оны сүйген хандармен жауласатын болады. Исатай Хиуа ханынан көмек сұрайды. Хиуа ханы жиырма мың әскер бермекші болады. Ісі оңға айналған соң, Жайықтағы елді даярлау үшін Исатай Оралға келеді. Елді аралап жүргенде Темір үйезіндегі Қиыл деген судың жағасында орыстың әскеріне тап болады. Соғыс болады. Осы соғыста Исатай өледі. Өзі өлген соң Исатайдың ісі бұзылады. Біріктірген елдері бытырай бастайды. Бұлардың бастарын қайта қосамын деп, Махамбет қаншама әуре болса да, біріктіре алмайды. Хиуа да беремін деген жәрдемін бермейді. Ісін аяқтаймын деп, Махамбет бірнеше жыл әуре болып жүреді. Ақырында байұлының адамдары басы Байнақ деген кісі болып, Махамбетті зорлап Баймағамбет (Байеке) ханға алып барады. Баймағамбеттен орысқа ұстап бермейтін уәдесін алып, ел ішінде жайына жүре беруге рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару-жарақтарын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан бір-екі ауыз өлең айтыңыз деп өтініш қылады. Махамбет „менің сөзім сізге жағымсыз тиер“ деп айта қоймайды. Баймағамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап, белгілі өлеңін айтады. Біздің басып отырғанмыз осы өлең, Махамбеттің сөзіне ханның қасындағы жас төрелер қызайын деген екен, Байеке: „Бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем мен хан болам ба?“— деп тоқтатыпты-мыс.

Байекеден қайтқан соң Махамбет Орал облысындағы ағайындарының арасында жүреді. Хүкіметке, хандарға қарсы елді азғыруын қоймаса керек. Бір күні үйіне бір бөлек адамдармен досы Ықылас деген кісі ке-

леді. Ықылас тама руынан, жабал бөлімінен, тұқымы Орал үйезінде Бөрлі болысында болады. Қонақ болып отырып Ықылас Махамбеттің өз қылышымен басын кесіп алады. Ықыласты азғырып, Махамбетті өлтіруге жұмсаған Баймағамбет хан деп айтады-мыс. Батырдың басын апарып бергенде Байеке Ықыласқа айтыпты-мыс: „Мен сені өлтір деп жіберген жоқ едім, батырды тірілей ұстап әкел деп едім, басын алып кет“,— депті.

Исатай қырық тоғыз жасында 1838-інші жылы өлді. Сүйегі Темір үйезіндегі Қиыл деген өзеннің бойындағы Шолақмолда деген молада. Махамбет қырық екі жасында 1845-інші жылы өлді. Сүйегі Ібішін үйезіндегі Деңдер деген жердің күншығыс жағындағы Қараой деген жерде. Бір жылдан соң Ықыластың көмген жерінен Махамбеттің басын ағайындары ұрлап әкеліп, денесімен бірге көміпті.

Исатай да, Махамбет те беріш руынан, жайық бөлімінен болады. Исатайдың атасы Тайман, Тайманның атасы Бекәлі, Бекәлінің атасы Боқай, Боқайдың атасы Ағатай, Ағатайдың атасы Тілеуке. Ағатай беріш деген рудың ұраны болады. Исатайдың тұқымдары осы күнгі Бөкейлікте.

Махамбеттің атасы Өтеміс, Өтемістің атасы Құлмәлі. Мәлі деген жауда қолға түскен тұтқын екен. Жайық беріш Тумаш деген адамның балалары еншілес қылып алған екен. Өзін өзі қызылбастың Нәдірше деген патшасының тұқымымын дейді екен. Құлмәлі деген бұ күнде Гурьев үйезінде Тайсойған болысында бір ауылнай ел. Құлмәлінің тұқымдарынан би де, батыр да, шешен де, әулие де шықты деп қазақта ұлықтайды. Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Махамбеттің айтқан сөзі көп болған. Бірақ көбі жойылған. Махамбеттің сөзінен жойылмай қалған сөз Байекеге айтқан сөзі. Бұл сөз де түрліше айтылады. Біздің қолымызда осы сөздің әркімнен жазып алған төрт-бес нұсқасы болды. Бастырып отырған өлеңіміздің негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп, беріш Ығылман ақын Шөрекұлының жазып бергені алынды. Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып, құрастырғаннан басып отырған өлең шығып отыр. Өлеңдерді бабтарға бөлгенде орны алмасып кеткендері болуға мүмкін.

Исатай-Махамбет туралы баспада әлі бір ауыз сөз жазылған жоқ. Кіші жүздің арасында, әсіресе, Орал, Бөкейлік елінде Исатай-Махамбеттің әңгімесі үлкен орын алады. Өткенді сөйлеген ақындар, қарттар бұларды аттап кете алмайды.

Біздің Исатай, Махамбет туралы жазып отырғанымызды тарихи сөз деп түсіну керек емес, бұл әркімдерден естіген әңгімелердің қорытындысы. Дегенмен сөзіміздің ұлы бағыты дұрыс шығар.

Исатай-Махамбеттің тарихын жазу үшін Орданың, Орынбордың, Тененің, Аштарханның архивтарын аралау керек. Патша заманында Исатайдың әңгімесі құпия еді. Сондықтан қазақша түгіл орысша да бір ауыз сөз жазылмады. Кешегі өткен Бақтыгерей марқұм Құлманұлының айтуынша, Ордадағы уақытша сәбеттің архивында Исатай-Махамбет туралы 27 том ісі бар.



## ТАЙМАНҰЛЫ ИСАТАЙДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАСЫНДА ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ

Ақтабан шұбырындыдан соң Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлегі (осы күнгі Торғай, Орал, Бөкейлік, Маңғыстау елдері) ресім түрде орыстың патша өкіметіне бағынды. Бағындырған Әбілқайыр мен елдің бір бөлек бас адамдары еді.

1738-інші жылы сүмбіленің ішінде Әбілқайыр ханмен<sup>\*</sup> бірге бағынуға ант беріп, қол қойған елу алты кісі мына рулардан: 17 кісі — арғын, 7 адам — найман, 4 адам — қыпшақ, 2 адам — тама, 10 адам — табын, 3 адам — жағалбайлы, 1 адам — кердері, 4 адам — алаша, 2 адам — байбақты, 2 адам — жаппас, 2 адам — масқар, 1 адам — шөмекей, 1 адам — кете.<sup>1</sup>

Барлық Кіші жүзден 28 адам қол қойғанда азғана Орта жүзден 28 адамның қол қойғаны, Кіші жүздегі ең көп болған он екі ата байұлынан тек төрт рудың он адамының қол қойғаны, қалған сегіз рудан бір адамның болмағаны, Кіші жүзде көптік жағынан екінші орын алған әлімұлынан тек екі адамның болғаны — қалың қара қазақтың патша өкіметіне бағынуға риза болмағандығын көрсетеді.

Ант қағазға Әбілқайырмен бірге қол қойған бүтін Кіші жүз бен бір бөлек Орта жүз деп айту қата. Ант беруші Қошқарұлы Жәнібек, Бөкенбай секілді батырлар, осылардың соңына ерген аз ғана елдің өкілдері.

Он сегізінші, он тоғызыншы әсірдегі Кіші жүздің ішіндегі түрлі қимылдар жоғарғы сөздерге ыспат.

Осы екі әсірдегі патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды. Қазақтың амалы — таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының сауда капиталымен жауласам деп, Кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды.

Бір жағынан, басын қорғап патша өкіметімен арпалысу, патшалардың құралы болған қазақ-орыстармен жауласу, патшалардың саясатын жүргізген хандармен алысу, екінші жағынан, қонысқа таласып естек, қалмақ, түрікпен секілді көршілерімен жауласу, үшінші жағынан, өз ара ру таластары Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады.

<sup>\*</sup> 1925 жылы жарық көрген бұл кітапта сол тұстағы қазақ жазуында *х, ф, в* дыбыстарының таңбалары жоқ болғандықтан, *хан, халық, хат, хабар, Халел, Махамбет, Перовский, муфти* сияқты сөздер *қан, қалық, қат, қабар, Қалел, Перобски, Махамбет* болып жазылған. Біз осы кітаптан қазіргі жазуымызға көшіргенде, түпнұсқаның емлесін көрсетілген әріптер келген жерлерде сақтамай, қазіргіше *х, ф, в* таңбаларымен бердік. Оған, біріншіден, бұл әріптермен келген сөздердің осы шығармада жиі кездесетіндігі себеп болса, екіншіден, Х. Досмұхамедұлының бұл туындысы соңғы жылдарда бірнеше рет жарияланып, қазіргі оқырмандардың көзі *хан, халық, Махамбет...* деген жазуларға үйреншікті болып қалғандығы да ескерілді. — *Рег.*

<sup>1</sup> Крафт. Сборник узаконений о киргизах.. стр. 43—46.

Орыстан құтылу үшін етілген Кіші жүздің қимылдары әлі толық жазылған жоқ. Патша заманында бұл мүмкін де емес еді. Енді тарихшы шықса керек.

Патша өкіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің істеген істерінің біз бір қатарын ғана білеміз. Бұлардың ішінде көпке әсер беріп, бүгін жұртты қозғағандары мыналар:

1785—1800-інші жылдардағы байұлы Сырым батырдың көтерілісі. Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп қуды, Есім ханды өлтірді, патша өкіметімен жауласты. Сырым ақырында жеңілді.

Екінші, 1830—1845-інші жылдардағы байұлы беріш руынан шыққан Тайманұлы Исатай мен Өтемісұлы Махамбеттің көтерілісі.

Үшінші, 1850—1860-ыншы жылдардағы әлімұлы шекті руынан шыққан Нұрмағамбетұлы Жанғожа мен Көтібарұлы Есеттің көтерілісі. Есет сұлтан прабитіл болған Арыстан ханды өлтірді. Есеттің інісі Бекет ұсталды.

Жанғожа орысқа бірігіп, әуелі Қиуа мен Қоқан хандарынан елін құтқарды, сонан соң орысқа қарсы шықты. 1860-ыншы жылы Жанғожаны ұстау үшін Орынбор жандарал-губернатыры Перовский Ералы ханның немересі Қасымұлы Ермұхамбет (Елекей) төрені жіберді. Осы жорықта табын Байқадам балалары Ақсақал, Сейіт дегендер Жанғожаны өлтірді.<sup>1</sup> Көтеріліс басылды.

Төртінші, 1869—1870 жылдардағы Орал, Торғай қазақтарының жаңа шыққан дала низамына көнбейміз деп жасаған көтерілісі. Бұл көтерілісті „Ауа“ деп атапты.

Байбақты Беркін, табын Алдаш пен Дәуіт, тана Жалмұхамбет, алаша Сейіл, тағы талайлар елге басшы болып, өкіметке қарсы шықты. Кіші жүз тұтасымен көтерілді. Қазаққа болысуға алты мыңдай Қиуаның әскері шықты, орыспен соғысам деп Темір үйезіндегі Шошқакөл деген жерге дейін келді. Қазақта ауызбірлік болмады. Өз ара бірнеше хан көтерді. Бір жағынан, орыс әскерімен соғысса, екінші жағынан, өз ара бірін бірі талады. Оралда хандар тұқымы төрелерді де талады.

Өкіметтің күшті тәртіпті әскерлері қазақтың быт-шытын шығарды, көп адам қырылды, көп адам ұсталды, қараңғы үйде шіріп өлді. Қазақ арасында Ақтөбе, Ойыл (Көкжар) секілді мықты қорғандар салынды, бұрынғы қорғандар күшейтілді.

Байұлынан хан болған алаша Сейіл, баласы Амандықпен ұстауда жатып өлді. Бірнеше бөлек елдер қонысын тастап ауып кетті. Қалған көп қазақ қайтадан бұрынғы қонысына қонды, өкіметке бағынды. Мұндай жалпы көтерілістен басқа да бөлек рулардың патша өкіметіне бағынбай ұзақ қайрат еткендері көп.

Адайдан шыққан Атағозы, Құдабай, Дәуімшар, Сүйінқара, таздан шыққан Өтен, Нарынбай, Төремұрат, беріштен шыққан Құлбарақ, Батырбек, Жапарберді, Кебіс, Құлшар, есентемірден шыққан Мыңбай, Сұлтангелді, Көктаубай, тағы талай адам ел қорғап, қазаққа дұшпан дегендермен көп жауласқан.

Қазақтың адай секілді рулары шындығында өкімет Қиуа мен түрікпенді алғаннан кейін ғана бағынды.

Біздің бұл кітапта айтайын дегеніміз — Исатай, Махамбеттің қозғалысы туралы. Жоңғардың салдарынан қазақ жұрты Сырдан ауғанда Кіші жүз алдындағы естекті, қалмақты, түрікпенді ығыстырып, Жайық пен Атырау теңізіне тірелді. Алды Жайықтан өтіп, Еділ-Жайықтың ара-

<sup>1</sup> Добросмыслов. Тургайская область. Т. 1., 1902 г., стр. 406—409.

сындағы даланы қоныстай бастады. Патша өкіметі қазақты Жайықтан өткізбеске түрлі амал қылды. Еділ-Жайықтың арасын қоныс қылған естек, қалмақ, қазақ-орыс пен біздің қазақтың арасына үзілместей жанжал кірді.

1771-інші жылы Еділдің бойын мекендеген қалмақ Қытайға босты. Естектен төменгі Еділ-Жайық арасындағы дала босады. Жайық бойына қорғандар салып, әскер қойып, патша өкіметі қазақты Жайықтан өткізбеймін десе де қолынан келмеді. Қорғандарды баса-көктеп қазақ еріксіз Жайықтың арғы бетін жайлап, қыстайтын болды. Ақырында 1801-інші жылы өкімет Жайықтың арғы бетін мекендеуге қазаққа рұқсат берді. Рұқсат беруге мынау себеп болды. Қазақты Жайықтан өткізбей ұстап тұра алмайтұғынына өкіметтің көзі жетті. Көп қалмақ босып кетті. Орнында қалған аз қалмақтың, аз ноғайдың Жайық бойындағы орысқа бірігіп қонысты қорғауға әлі келмейтіні мәлім болды. Берік қорған салып, көп әскер төгіп, қазақты тоқтату зор шығын болатын болды. Бұл — бір.

Екінші, қазақты бөліп, күшін кеміткісі келді. Еділ-Жайықтың арасын мекендеген қазақты торына кіргендей билеп, жуасытуын оңай көрді. Арқадағы көп қазаққа саясатын жүргізуге жуасыған қазақты құрал қылығысы келді. Сондықтан Еділ-Жайықтың арасын сұратып Бөкейге арыз бергізді. Бөкейдің арызын Бабыл патша жан-тәнімен қабыл алды.

1801-інші жылы қамалдың 11-інші күні „Кіші жүз қазағының хан кеңесінің бастығы Нұралы хан ұлы Бөкей төрені өзіме қабыл аламын, көңілдегі жеріне жайлауға лұқсат етемін, мейірімдігім түскендігін білдіру үшін қара бауға тағып, мойнына іліп жүруге сүгіретімді салған алтын медел беремін“ деп Бабыл патша жарлық берді.<sup>1</sup>

Бұл Кіші жүзге Жайықтан өтуге, Еділ-Жайық арасын жайлауға берілген ресім лұқсат еді.

Сол жылы он мың үймен Бөкей Нарынға ресми қонды. Бөкеймен бірге өткен елдің дені байұлы еді. Осы барғаннан кейін Бөкей бергі бетке қайта өте алмады.

Қаратайдан өлген Жантөре ханның орнына хан сайлағанда Кіші жүз екіге бөлінді. Әлімұлы Айшуақ тұқымын қуаттап, Серғазыны хан сайлады. Байұлы Нұралы тұқымын қуаттап, Бөкейді хан сайлады. Жетіру екі бөлінді.

Кіші жүздің өзара бөлініп, екі хан сайлағаны патша өкіметінің тілегіне айтқандай келді. Кіші жүзге екі хан тағайындалды.

Еділ-Жайықтың алабын мекендеген қазаққа Бөкей хан болды. Орынбор мен Сырдың арасын қоныстаған қазаққа Айшуақұлы Серғазы хан болды.

Бөкей 1812-нші жылы байұлына ресім хан болса да, хандығын Жайықтың бергі бетіне жүргізе алмады, тек Жайықтан өткен елге ғана хан болды. Жайықтың арғы бетіндегі ел бөкейлік болып аталды. Бөкеймен бірге барған ел бірден арғы бетте қалған жоқ. Арғы беттегі елдің бір қатары бері өтті, бергі беттен де бір қатар ел арғы бетке өтті. Арғы бет, бергі бет болып Кіші жүз, әсіресе байұлы сапырылысты. Жәңгір ханның заманында Бөкейліктің елі бері көп өтті.

Елден айырылып қалатын болған соң, 1828-інші жылы Жәңгір патшадан өтініп, Бөкейліктен бері ел жібермейтін қылып закон шығартты. Бір ру емес, бір арыс не тайпа емес, бір ауылдың жартысы Жайықтың күн

<sup>\*</sup> Павел патша. — *Рег.*

<sup>1</sup> Добросмыслов. Тургайская об., стр. 232.

шығыс бетінде қалды. Бұлай болған соң, байлап қоймаса, ел араласпай тұра ма? Тіршілікке қарсы келген Жәңгірдің заңы талай бұзылды. Өкіметтің өзі рұқсат беріп, талай ел Бөкейліктен бері өтті. Жайықтың екі бетіндегі қазақтың аумасуы күні бүгінге дейін тоқталған жоқ.

Бөкейдің заманында-ақ Бөкейліктегі елдің қонысы тарыла бастады. Қазақ жерді алып кетті деп қызғанып, 1806-ншы жылы заузаның 19-ыншы жаңасында қазаққа мынадай жер ғана тиісті деп жерді шектеп, өкімет заң шығарды.

Еділдің, Жайықтың жағалары, теріскей жақтағы жақсы жерлерді, теңіздің жағасындағы бір қатар қоныстар ресім түрде қазақтың қолынан кетті. Бөкейдің заманында қазақтың алды Сарытауға дейін жайылатын еді. Еділдің бойындағы кең тоғайларды, теңіздің жағасындағы қалың нуларды қазақ әуелгі уақытта емін-еркін қоныстаушы еді. Қалмақ кеткеннен соң бұл жерлер бос еді. Жергілікті аз ғана қалмақ пен аз ғана ноғай (қара ноғай) қазаққа араласып кеткендей болып еді.

Қонысты қазақтан сақтау үшін, Жәңгірлік саясатын жүргізу үшін патша өкіметі Еділдің бергі бетіне шапшаңдықпен орыс халқын орната бастады. Теңіздің жағасын да байларға, балықшыларға бөліп бере бастады. Иеленген орыстар қазақты Еділдің бойындағы, теңіздің жағасындағы нулардан қуа бастады. Қазақ пен көрші орыстардың арасына жанжал кірді. Жақсы қыстаулықтардан айырылып, қазақ бірнеше рет жұтады.

Елдің бір қатары Бөкейлікті тастап бері өте бастады.

Дегенмен де Бөкейдің заманында қоныстың таршылығы онша көп сезілген жоқ. Ресім түрде қазақтың жері шамалы болса да, шындығында пайдаланған жері көп еді.

1815-інші жылы Бөкей өлді. Жас баласы Жәңгір хан болды. 1824-інші жылға дейін елді Жәңгір жас болған соң, Бөкейдің інісі Сығай төре биледі.

Сығайдың заманында өкіметтің саясаты өзгерген жоқ. Өкіметтің жұмысы қазақты ығыстырып, 1806-ншы жылы көрсеткен шекке тығу болды. Сығайдың заманында елдің қонысы едәуір тарылды. Жұт көбейді. Хан да өкімет саясатын көріне жүргізе бастады. Ханның өзі де елге қатаң тие бастады. Ел мен ханның арасына наразылық кірді. Елдің бір қатары Жайықтың күншығыс жағындағы маң далаға шығып кетуге талаптанғанды.

Жәңгірдің заманында ел мен ханның арасы айтқандай болып бөлінді.

Жәңгір Аштархан губернаторы Андреевский дегеннің қолында өсті. Орысша, арабша, парсыша заманынша жақсы тәрбие алды.

Өткен замандағы арабтың, қызылбастың салтанатты „падишалары“, орыстың Романынан шыққан айбарлы патшалары Жәңгірге үлгі болды. Қазақтың салты, қазақтың тұрмысы, әдеті, заңы туралы Жәңгірге тәрбиешілер, әрине, бір ауыз да сөз айтқан жоқ.

Жәңгір өзімшіл, патшашыл, орысшыл, діншіл болып, ел билеу туралы еш нәрсеге үйренбей, қазақтың жайында дым білмейтін болып шықты.

1824-інші жылы жасқа жетіп хандықты қолына алған соң, Жәңгір ұяда көргенін іске асыра бастады.

1806-ншы жылы патшаның қазақтікі деп айтқан жерін Жәңгір өзімнің жерім деп түсінді. Қара халықтың жері ханның мүлкі деген пікірді жүргізді. 1806-ншы жылы патшаның қазақтікі деген жерінен төрт жүз мың десетине жақсы жерді ханның үлесі деп жариялады. Қалған жерден бірқатар жақсы жерлерді айналасындағы туғандарына, төрелерге, жақындарына үлестірді. Өзіне жақпаған ауылдың, рудың жерін тартып алатын болды. Қараөзеннің бойы мен Айғырқұм деген жерден

байбақты Еділбай деген ауылды басы Жантеліұлы Жүніс қылып қуды, бұлардың жерін Орманұлы Шыналы төреге алып берді.

Осындай ісі көп болды.

Жәңгірдің заманында Бөкейдің елі көшуді кемітіп, отырықшы бола бастады. Әр рудың белгілі қыстауы, жайлауы болды. Жайлағанда, қыстағанда ел 1806-ншы жылдың шегінен аса алмайтын болды. Жазы қолайсыз не қысы қатты жылдары көршілес нудағы елдер мен қазақтың арасына күшті жанжалдар пайда болды.

Жұт көбейді. Ел жарлы бола бастады. Жәңгір қазақты қорғамады, қорғауға да әлі келмеді.

Еділ-Жайық бойындағы қазақ-орыстар, теңіз бойындағы байлар қазақтың меншікті жеріне ауыз салды.

Қазақтың мойыны патырау\*, ыштырап дегеннен босамады. Айнала-сындағы жерге, бай көршілеріне түк (түяқ) ақы төлеп, қазақ жан сақтайтын болды.

Жанұзақ жыраудың Жәңгір ханға мақтау ретінде айтқан сөзінде Бөкейдің заманындағы қазақтың қонысын былай дейді<sup>1</sup>.

Құлабие, Торғай екі көл  
Ежелгі әкең Бөкей барында  
Толықсып жайлап еді біздің ел.

.....

Еділ, Жайық екі су,  
Еңсесіне ел қонып,  
Еңдеп жылқы жайылды.  
Ақтөбе деген суына.  
Ұлы Сұлтан менен Қараман,  
Үшқоба менен Жанарыстан,  
Ат оралып жүре алмас  
Бетегеге біткен ағаштан,  
Жер көтермес көп халқым  
Сығылар деп қоныстан,  
Аш арыстандай алыстың  
Ауызы түкті орыспен...  
Кешегі әкең Бөкей барында  
Борсыдан біздің ноғай  
Өтіп еді күшімен  
Осылайғы Қараөзеннің аузынан  
Төрткөл, Төртшежінен

.....

.....  
Байларға құба жайлатқан,  
Жарлыға мыңдап жылқы айдатқан,  
Алтынды тақтың үстінде  
Рақыметті Бөкей хан өткен.

\* Патырау — потрав; ыштырап — штраф. Мал егінді, шабындықты таптағаны үшін шығынын төлеу. — *Рег.*  
<sup>1</sup> „Шайыр“.

Осы күнгі Бөкейліктің топырағынан тыс Борсыны (Торгунь), Еділдің, Жайықтың бойын, Ақтөбені (Ахтуба), Жанарыстанды (Еруслан), Қараманды (Караман), Қараөзеннің басын (Верховья Малого Узеня), Төрткөл (Деркул), Төртшежінді (Чижы) Бөкей заманында қазақтың жайлағаны осы өлеңнен анық көрінеді.

Өкіметтің қазақтың жерін тартып алғандығы ел әдебиетінде анық сүгіреттелген. Жәңгір ханға Жанұзақ жырау былай жырлайды<sup>1</sup>.

Айт десең айтайын,  
Можабай салған жеріңнен,  
Ит терісі билентпен  
Патшаның тура өзінен берілген.  
Бұғыданың алды бетінен,  
Ешкілі бұлқын ішінде,  
Бестерек ана Еділ шетінен  
Батайыбтың тұсынан  
Сарқыратып қампас салдырдың  
Балдырлаған көп қалмақтың ішінен...  
Осылайғы Қаракөддің шетінен  
Кәнүшкілі ызбар сайлатып,  
Арғымақ жеңдет аттарды  
Ретіменен байлатып...  
Сарқыратып қампас салдырдың  
Бес шақырым Бершіннен...  
Қияқты найза қолға алған,  
Белгілі Орал қазағы  
Бұқты, бұғай айдыңдым,  
Сенің бір ғана ауыз сөзіңнен,  
Қазық шаншып белгі еттің  
Ащылы Самар суына.  
Бұдырайған игі Нарын құмақты  
Көмбедей Нарында шишма бұлақты  
Текбір сайлап жұрт салдың  
Жасқұстың мынау құмына.

Жәңгірдің заманында қазақтың қонысының Бөкей заманына қарағанда қанша тарылғандығы Жанұзақтың осы өлеңінен-ақ анық көрініп тұр.

Қазақтың жерін патша үкіметінің қайтіп тартып алғандығы, халық билеген сұлтандардың орыс үкіметі алдындағы күші кете Боран жыраудың Жәңгір хан заманында Теңіз бойына сардар болған Сығайұлы Өтепәлі төреге айтқан сөзінен анық байқалады<sup>2</sup>.

Арыстан сыңды төренің  
Аруағына қарсы тұрып, сес беріп,  
Алдына гәзет оқыды  
Кәуірдің көкше көзді бір малайы:  
Теңіздің бойын алдым деп,  
Алдына төрткүлденген  
Құймалы қала салдым деп,

<sup>1</sup> „Шайыр“.

<sup>2</sup> „Шайыр“.

Жағаға елді түсірмей,  
Құлақтан сулар ішірмей  
Халықтың алып еді қонысын,  
Қуырып еді тынысын,  
Құртып еді ырысын.  
Халық қайғысын меңгерген  
Қайран ерге қатты қиын күш болды.  
Қамалғаным мына қамыс деп,  
Қашпақ мұнан намыс деп,  
Қосын тартты Семізге,  
Қаптай қонды Теңізге...  
Айтып хабар жетісті,  
Теңізге сұлтан қонды деп,  
Атасы жаман ... доңызға.  
Атасы жаман бұ кәуір  
Буырқанды, бусанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Бес кардонның орысы  
Жетіп келді жиылып,  
Көкпеңбек темір киініп.  
Алдында келді біреуі  
Қабағын тастай түйініп.  
Қала бұзар секілді қайран ер  
Алдынан шықты қаламқасы қиылып,  
Атадан қалған ескі аруаққа сиынып.  
А ... кәуір, іздегенің мен болсам,  
Жер иесі сен болсаң,  
Атыңды байлап үйге түс,  
Сөйлесейін сеніменен тең болсам.  
Дегеніңе көнермін,  
Өзіңнен ширек төмен кем болсам.  
Жөніңменен сөйлессең,  
Дегеніңе көнермін.  
Қыс қыстаған қыстаудан  
Әбирегін беремін.  
Байдадан бергі қолтықтан  
Мың қой жиып берермін.  
Сұлтанның осы сөзін естіген соң  
Атасы жаман бұ кәуір  
Ашуланды ақырды,  
Байдадан бергі қолтықтан  
Алты мың қой деп шақырды.  
Кәуірдің осы сөзін есіткен соң,  
Қайран ер қызарысты, қысылды,  
Қысылғаннан қылыш ала оқталды.  
Ашуын ақылы басты да  
Қайта келіп тоқталды.  
А ... кәуір, шапсаң анау елім деп,  
Ернекте еңдей жатқан малым деп,  
Өзіңнен үлкен жол тапсам,  
Маған не дер қалың деп,

\* Әбирек — "оброк" деген сөз болар.— *Рег.*

Қатуланып, кәрленіп,  
Қанын тартып ішіне,  
Адам шыдап болмайды,  
Кәріне мінгенде,  
Қайран ердің түсіне.  
Елге қарап қайтты енді  
Түн қараңғы жатты енді...  
Талма тал түс болғанда  
Аштарханға атқан оқтай жетті енді.  
Алдаспанын әйкелше мойнына асынып,  
Закөнше бөрік аударып,  
Ғұбырнатырға бас ұрып,  
Кіріп барып көрінді...

Боранның осы сөздерінен қазақтың Жәңгір заманында қандай күйде болғандығы анық білініп тұр.

Қазақ хандарының бұрынғы тұрмысы Жәңгірді қанағаттандырмады. Жәңгірге салтанат, патша тұрмысы керек болды. Салтанат құруға ақша керек. Елге түсетін салық көбейді. Жәңгір зекет алуды шығарды. Зекетті малмен алмай, ақшамен алатын болды. Ханның соғымы деген тағы бір ауыр салық салды. Ақ киіз, қызыл киіз деп, үй басына тағы бірнеше сомнан жылына салық түсті.

Ханның „салтанаты“ елге ауыр тиді. Түрлі атақты салық көбейіп кетті. Жәңгір хан елден бөлектене бастады. Қасына күзетші қылып орыстан әскер алды. Төлеңгіт, нөкер көбейді. Ел аралаушы „хан адамдары“, патша шенеуніктері көбейді. Бұлардың бәріне үй, ет, қымыз, лау, тағы басқа нәрселер керек болды. Керектің бәрін халық төлейтін болды.

Жәңгір ноғай мүфтиінің қызын алды. Елді ноғай мүфтиіне, ноғайдың мекеме шарғиясына бағындырды. Әдет орнына шарият жүрді. „Указ“ деген молдалар шықты. Садақа, підия, ғұшыр, пітір, тағы басқа түрлі елге дін салығы түсті.

Жесір дауы, жер дауы секілді қазақтың нағыз әдетпен шешілетін өз ара істері шарият бойынша тергеле бастады. Молдалар да дегендей әділ бола алмады, арасында жемқорлары, бұзықтары болды. Жана да молдалардың көбі, әсіресе әуелгі уақытта қазақтың әдет-ғұрпын білмейтін ноғай, естек, мешер, тептер, сарт секілді келімсектерден болды.

Елдің тыныштығын алуға бұлар да көп себеп болды.

„Надан қазақ“, „пасық қазақ“, „күпірсің“, „ананы істеме“, „мынаны істеме“ деген үгітті ел ағасы ақсақалдардың, билердің талайлары есітті.

Жасқұс деген жерге Жәңгір мешіт салдырды. Жәрмеңке ашты. Жәрмеңкеге жиылған жұртты еріксіз сабап мешітке намазға айдайтын болды.

Ханның айналасына анадан, мынадан келген келімсектер көп жиылды. Махамбет батырдың хан ордасында „Қытайдан келген қалмақ та бар, Ираннан келген қызылбас, Үргеніштен келген сарт та бар“ деген сөзі ып-рас еді. Алаша Байтоқ жыраудың Жәңгір ханды жоқтаған сөзінде ханның салдырған мешітін мақтап келіп, Ордаға, Ордадағы мешітке жиылған жұрт туралы былай айтқан:

Қиуадан келген қилы халық,  
Ыстамбылдан келген сыйлы халық,  
Қырымнан келген қырық әжі,  
Қырық әжіге бір қазы.  
Күнінде қырық мың шәкірт жиылған,



Баршасы бір имамға ұйыған,  
Көктен нұрлар құйылған,  
Залымдар жауыз істен тылған ...

Ел жақтаған ақсақалдардың, билердің хан қасында кәдірі кеміді. Төрелер, келімсектер өте кәдірлі болды.

Елді бөліп-бөліп Жәңгір әр рудың, әр тайпаның басына бір-бір төре қойды. Бұлар өз қол астында Жәңгірдің саясатын жүргізе бастады. Ел ішінде әділдік жойылды. Жарлы-жақыбайға теңдік тимейтін болды. Теңдік малға не тұқымға тиді.

Жергілікті төрелердің үстінен берілген арыздар тыңдалмайтын болды. Көбіне арыз берушілердің өздері жазада қалатын болды.

Ел адамы, қара халық бұрынғыдай ханға барып арыз айтудан қалды. Ханның жүзін іріктеліп, „бақытты“ адам ғана көретін болды.

Осындай уақытта Жәңгірдің қасына Бабажанұлы Қарауылқожа деген бір қайратты қожа тап келеді. Осы қожа ебін тауып ханға жақын болады. Жәңгір Қарауылдың қызын алады. Ханның билігінің бәрі Қарауылға көшеді. Жәңгір Қарауылдың көзімен қарап, қолымен істеп, аузымен бұйыратын болады.

Қарауылқожаның заманында елді елемеушілік өте асып кетеді. Қарауылдың үстінен арыз алынбайды. Арыз айтушылар қатты жазаға қалатын болады.

Жәңгірдің басына билігі келмейтін, мақтан сүйгіш, кім мақтаса соған еретін менмендігі күшті, ел билеуден түк білмейтін адам екендігі бүтін жұртқа мәлім болады. Ел арасында Жәңгірді жақтырмаған адам көбейеді.

Хан орысқа (патша үкіметіне) сатылды, хан сартқа сатылды, (Қарауылды ел сарт дейді екен), хан ноғайға сатылды (ел Пәтима ханымды ноғай дейді екен) деген түрлі өсек жүреді. Жәңгірде қара қазақтан Нұралы мен Есім ханның өшін алам деген ой бар екен деген де лақап шашылады.

Елге түскен таршылықты көріп, елге жаны ашыған адамдардың арасында ханды айналасындағы жолдастары бұзып жүр, ханның көзін ашамыз, ханды тура жолға саламыз, орыстың зәкөнін, ноғайдың шарифатын тастап, елді бұрынғы ескі әдет бойынша билейтін қыламыз деген ой туады.

Әуелгі кездегі күңкіл, сыбыр зорайып, елдің пікірі әшкерленеді. Ел арасында бірнеше жиылыстар болады.

Осы уақытта елдің көзіне Тайманның ұлы Исатай көрінеді. Ханнан, Қарауылқожадан, төрелерден, „хандықтардан“ жәбір-жапа көргендердің бәрі Исатайға келіп шағынатын болады.

Исатай беріш руының биі екен. Әуелі бастан-ақ Қарауылқожаға қарсы болған. Қарауылқожа ханға жақын бола бастағанда Исатай ханға „Мына Бесқаладан келген сартты маңыңа жолатпа, бұл саған жақсы ат бермейді“ деген екен.

Хан Исатайдың тілін алмаған. Ханға жақын болып алған соң, Қарауылқожа ханға өнемейін Исатайды жамандаумен болады. Әуелгі уақытта Жәңгір Қарауылдың сөзіне онша құлақ салмай жүреді.

Хандықтардан, қарауылқожалықтардан жәбір көргендер Исатайға барып қорғалап, Қарауылдың құрығына ілінбейтін болған соң, хан Исатайға ашулана бастайды.

Менің дұшпаңдарымды қуаттама, менің адамдарыма бағын, Қарауылдың айтқанын істе десе Исатай ханның сөзін елемеуді, ханға қарсы, Қарауылға қарсы сөйлеуін қоймайды.

Хан Исатайды кемсіту үшін ордадағы он екі бидің біреуі қылып беріш деген рудан халық қалаған Исатайдың орнына Балқы деген кісіні би қылады.

Исатай ханның билеуіне бағынбайды, жарлығына көнбейді, берішті және Қарауылқожадан жәбір көріп, қашып келіп паналаған елдерді билеп жүре береді.

Исатайдың қол астындағы елдерге ханның адамдары баралмайтұғын болады, ханның әмірі жүрмейтін болады.

Ханның Исатайды күштеуге әлі келмейді. Осылай біраз уақыт өтеді. Елдің көбі бірден-бірге Исатайға ауа береді.

Ысық Қалдыбай, Қабыланбай, алаша Ерсалы, байбақты Жүніс Исатайға әшкере қосылады. Байұлы деген елдің көбі-ақ Исатай жаққа шығады.

Осылай ала көңіл болып жүрген заманда Исатай ханға келеді. Елдің мұңын, көрген жәбірін сөйлейді. Елге зияны тиген Қарауыл секілді келімсектерді қу дейді, орыстың зәкөнін қойып, жұртты ата-бабаның жолы бойынша, қазақтың ескі әдет заңымен биле дейді.

Сөйлесіп отырып Исатай ханмен ұрсысып қалады. Анама тілі тиді деп, хан сол жерде Исатайды билерінің тергеуіне береді. Өзін сыртқа шығармай, әскермен қаматады.

Билердің бәрі Исатайға не жаза саларға білмей сергелдең болады. Қарауылқожа Исатайды қанша жоюға тырысса да билер оның тілін алмайды. Ақырында алпыс атан айып салады. Алпыс атаңды сол орында беріш деген рудан өндіріп алып, хан Исатайды босатады.

Хан мен елдің арасы әбден бұзылады. Елдің адамдарына ханды енді қорқытып, дегенімізді істету керек деген ой келеді.

Исатай жар шақырып, елді құрастырып, әскер жинай бастайды.

Бөкейлік әшкере екі бөлінеді. Қара халықтың көбі Исатайға ауады. Ханның қолында төрелер, билер, қожалар, молдалар, осылардың соңына ерген аз ғана ел қалады, өзіне ерген елді Исатай билейді. Ханды, Қарауылды жақтағандарды ел орнынан түсіріп, арасынан қуады.

Қасындағы залымдарын қуып, елдің дегенін істеп, Исатаймен табысуды хан өзіне ар көреді.

Исатайды жоюға хан екі түрлі амал қылады. Бірі — Исатайға ерген елді шауып, ханға қарсы болғандарды күшпен бағындыру, Исатайды зорлап қорқытып көндіру. Екінші жолы — Исатайды орыс үкіметі арқылы бағындыру.

Бірінші жолды орындау үшін Қарауылқожаны әскер басы қылып сайлайды, қарсы елді шабуға Қарауылға толық ерік береді.

Исатайды күшпен көндіру қолдан келмейді. Бастапқы уақытта Исатай туралы орыс үкіметіне хан көп әңгіме қылмайды. Үкімет тексеріп, халықтың ханға наразылығы білінсе, ханның елге берген жәбір-жапасы ашылса, Нұралы ханның ізін басам ба деген ой әуелгі уақытта Жәңгірді қатты қорқытса керек<sup>1</sup>. Сондықтан Исатайдың көтерілісі бірнеше жыл орыс үкіметіне белгісіз болып жүреді.

1836-ншы жылы заузаның жетінші жаңасында Исатайдың жолдасы Өтемісұлы Махамбет өзіне қарсылық қылған Жапарұлы Күшік деген кісіні өлтіреді.

Ханның тілегі болады. Күшіктің өлімін тексеруге деп Сығайұлы Көшекәлі төрені бас қылып, хан өз кісілерінен кемисие сайлайды. Исатай жағы кемисиені танымайды. Кемисие Исатайды, Махамбетті, олардың

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 5 и 6.

жолдастарын жамандап іс жасайды. Исатай жақтыларға көп жала жабады. Исатай, Махамбет жолдастарымен кісі өлтірді, тергеуге шақырсам келмейді, елді жәбірлеп, зорлық қылады, осылар орыс әскері арқылы ұсталса екен деп, Жәңгір хан Орынбордағы погранишши кемисиеге арыз береді. Ханның үкіметке берген арызында „Исатай бұрын да бұйрықтарымызды орындамай, елге жаман үлгі беретін еді“ деп қоса жазылады<sup>1</sup>.

Исатай туралы үкіметтің тұңғыш білгені осы. Орынбордағы үкімет Жапарұлының өлімін жете тексер деп Орал орысының одаманы Пакатили деген жанаралға тапсырады, Пакатили екі әпесер, бір төреден кемисие сайлайды. Тергеуге Исатай жағы бармайды. „Тергеушілердің бәрі ханның сөзін сөйлейді, төреге, ханның билеріне қара дұрыс тексермейді деп қорқып бармайды, бізді тексерейін десеңіз елдің ортасында төресіз тексеріңіз“ деп, Исатай кемисиеге өзі де бармайды, кісілерін де жібермейді.

Бұл 1837-нші жылы сүмбіледе болған.

Кемисие қайта сайланады. Бұл кемисиеге Жәңгір наразы болады. Кемисиеден түк шықпайды. Жапарұлының өлімін тексеремін деп жүріп, үкімет Бөкейліктегі елдің жайымен таныс болады, Исатайдың қозғалысына түсінеді.

Ханның қара халыққа қатты жәбір беретіндігі, хан сайлаған төрелерде, билерде әділдік, дұрыстықтың жоқтығы, қара халықтың нашар күйі, Исатайдың қара халықтың жоқшысы болып ханға қарсы көтерілгендігі үкіметке айдан анық болады.

Осылай екені анық білінген соң, Орынбордың жанарал-ғұбырнатыры Перовский қорқып кетеді. Исатай жанаралдың көзіне әкіміне көнбеген, халықты үкіметке қарсы көтерген өте қауіпті төңкерісшіл (революционер) болып көрінеді<sup>2</sup>. Перовский жанаралдың көз алдына Емелке Путап елестейді. Әуелі қазақ көтеріледі, сонан соң Оралдың қазақ-орысы, Еділдің ноғайы мен қалмағы көтеріледі, онан кейін башқұрт пен Сарыарқадағы көп қазақ та қарап тұра ма... деген ой кіреді. Перовскийдің шошуына Аштарқан ғұбырнатырының Исатай туралы Петерборға жазған шағымы да себеп болады. Петербордан Перовскийден жауап сұралады.

Перовский Исатайдың қозғалысын тездікпенен басуға шара көздейді. Әуелгі кезде Исатайды алдап ұстап алып, әскер (военный) сотқа бермекші болады.

„Өзім тексерем, теңдік алып беремін“ деп, Перовский Исатайға бірнеше рет елші жібереді, екі рет өзі хат жазады. Исатай бармайды, хатына хат қайырумен болады.

Исатайдың алдауға түспейтіндігіне көзі жеткен соң, ақырында Перовский: „Тайманұлымен қатынастың бәрі үзілсін, Тайманұлы енді старшина деп аталмасын, оны, оған ергендерді енді қарақшы деп атау керек“, — деп жарлық шығарады<sup>3</sup>. Жана да „Исатайды жойындар, көтерілісін тезден басындар“ деп әмір беріледі. Бөкейлікке жан-жақтан орыс әскері құйылады.

Әуелгі кезде Исатайда орыс үкіметі хан мен елдің арасын дұрыстап тексерер деген ой болса керек. Үкіметке өз атынан, халық атынан бірнеше арыз береді. Бірден-бірге Исатай да үкіметтің саясатына түсінеді. Ақырында ханға да, ханды жақтаған үкіметке де қарсы болып шығады.

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 11.

<sup>2</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 8, 9 и 11.

<sup>3</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 13, 14.

Хан мен Исатайдың арасындағы жаугершілік күннен-күнге үдейді. Ханның әскер басы Қарауылқожа болып 1837-нші жылы қамалдың ішінде Исатайдың ауылын шауып алады. Исатай жағы да қарап тұрмаса керек. Орал одаманы Пакатили жанарал: „Ханның елге шығарған сұлтан-дары, билері елді көп тонайды. Қазаққа көп жәбір беретін әсіресе Қарауылқожа. Тайманұлы ханға қарсыларға бас болып, күшке күшпен жауап беріп тұр. Қарсы жағынан салғырт салудан бұлар да құр болмаса керек“, — деп жазады<sup>1</sup>.

Елдің бәрін меңгеріп алған соң, 1837-нші жылы саратанның ішінде Исатай үш мың қарулы әскермен, әскерге ерген сансыз елмен келіп Жасқұстағы ханның ордасын қамайды. Ханның қасында төлеңгіттері мен билері ғана қалады, ордаға төнген көпті көрген соң хан шошып кетіп, қашпақшы болады. „Сырымнан қашам деп атаң Нұралы ұсталып кеткен, сен де сондай боласың“ деп, қасындағылары ханды қашырмайды. Қайткенде де Исатайменен сөйлесіп, біт деп зорлайды.

Хан да, орда да Исатайдың қолында еді. Ханды қорғайтын шынында адам жоқ еді. Ханның қасында қалған аз ғана адамдардың арасында да түрлі сыбыс біліне бастап, әркім өз басының қамын жей бастап еді. Ханның со күндегі халі ел арасында сақталған әдебиеттен де анық білінеді. Орда қамауда тұрғанда Жәңгір жақын адамдарымен кеңес жасайды.

Осы кеңесте Ерубай деген айтқан:<sup>2</sup>

Аждақаға қарашы,  
А...а... улеп келеді,  
Бізге зәрін шашарға.  
Жамандарға қарашы,  
Екеу-екеу бас қосып,  
Сыбыр-сыбыр етеді,  
Ат ішіне кетеді,  
Былай-алай іс болса,  
Ерді тастап қашпаға.  
Жақсыларды қарашы,  
Алдаспанын суырып,  
Күлім-күлім етеді,  
Ақырет үйге барғанда,  
Жендеттің бір қақпасын ашпаға.

Оның соңынан Нияз баласы Бекжан сөйлейді:

Жаздың күні, ұзын отта, тұнық су  
Жаз жіберіп, күз мінсек,  
Арғымағың сыймас еді ауыңа,  
Дұшпаның батпас еді буыңа.  
Ием, сенің күніңде шүкір етемін,  
Қара басыңның сауына.  
Қарғадай қара басың сау болса,  
Әлде болса шығарсың,  
Қамап жатқан дұшпанның,  
Биік асқар тауына.

Толғай-толғай жүгірген  
Торша ат мінсем деп едім.

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 6.

<sup>2</sup> „Шайырдың“ 52-бетін қара.

Тобыршығы биік жатар топ  
Дұшпанға атсам деп едім.  
Мен жауымды таппай жауламан,  
Қайымдасқан дұшпанды  
Қарсы келмей ауламан.  
Мен өзім асыл заа  
Жақсы атаның ұлымын.  
Жамаңдар желкеме ерттеп  
Аттай мінсе туламан.

Бекжанның осы сөзін хан қош көріпті-мыс. Мұнан соң Бекжан баласы Бөле сөйлейді:

Тастамас атан жүгін қарлы жерде,  
Жатады жолбарыстар таулы жерде.  
Балдағын қылышының қанға бояп,  
Етеді батыр қайрат жаулы жерде.  
Құрбының несі құрбы кеңшілікте  
Тимесе бір пайдасы тарлы жерде.  
Жаманға жазыдағы қалар басың  
Қолыңды сермей берсең әркімдерге.

Қайнатқан болат тастан шығар,  
Белгілі айқын жүйрік жастан шығар.  
Аңдап бас аяғыңды сайда болса,  
Дұшпанның ең жаманы достан шығар.

Ханның қасындағылардың сасқандығы осы өлеңдерден анық көрініп тұр.

Хан көп халық „ерттеп мінсе де“ көнетін болып, Бекжанның тілін алып, Исатайдан бітім тілейді.

Көптің дегенін істейтін болып, елдің бастықтарына сый жіберіп, тарту-таралғы береді. Ханның билері „ұсынған мойынды қылыш кеспес“ деген мақалды ескертіп, көпті бітімге көндіреді.

Исатай да ханмен сөйлесіп, біткенді мақұл табады.

Өтемісұлы Махамбет бас болып, бір бөлек адам бітімнің керегі жоқ деп, орданы тезден шабу керек деп зарласа да, Исатай бітімді мақұлдайды. Хан халықтың тілегін сұрайды. Екі жүз жетпіс өкіл қол қойып, бүтін Бөкейліктегі рулардың атынан ханға мынадай арыз береді:

„Елді орыстың зәкөні бойынша емес, шарифат пен қазақтың әдеті бойынша тексерсеңіз екен. Өзіңіз тексерсеңіз көп нәрсенің қазақтың қызулығынан болғанын көресіз. Біздің надан екеніміз өзіңізге белгілі. Арызымыз құрттай орындалмай қалса өкпелейміз. Біздің ойымызша, Тайманұлы Исатайда, Өтемісұлы Махамбетте, олардың жолдастарында тіпті жазық жоқ. Біздің оларға ергеніміз рас, Қарауылқожа секілді біреудің арызымен тергеусіз кетеміз бе деп қорқамыз, елге жағайын десеңіз, халықтың амаңдығы керек болса, арамызда болған уақиғаларды біздің қазақтың әдетінше тексеруге ризамыз. Орыстың үкіметі арқылы тексермей, өзіңіз тексерсеңіз, арызымызды қабылдадыңыз деп түсінбекшіміз. Орыс арқылы тексере бастасаңыз Ішкі ордамен қоштасамыз. Бәріміз Исатай мен Махамбеттің амаңдығын тілейміз. Исатай мен Махамбеттің амаңдығы — халықтың пайдасы. Олар аман болса біздің тілегіміздің қабыл болғаны.

Осыны қабылдамасаңыз сіздің әділдігіңізден, Ішкі орданың тыныштығынан үміт үзілгені”<sup>1</sup>.

Халықтың арызын хан қабылдауға риза болады. Бітім жасалатын болады. Арада бір жеті өткенде Орданы босатуға Оралдан Гекке деген полковник бас болып көп әскер келіп қалады.

Исатайдың қосындағы бір төре Орал мен Аштарқан ғұбырнатырларына хабар жіберіп, жәрдем сұраған екен. Жәңгір осыны біледі екен. Дегеніңді істеймін деп, хан халықты алдаған екен. Алдамасқа да болмайтын еді. Халық пен ханның ісі көптің тергеуіне түссе, талай жауыз ісі ханның мойнына қойылатын еді. Исатайдың ісі дұрыс болып шығып, хан дүзіқара болатын еді<sup>2</sup>. Орыс әскері келген соң, Исатай көп әскермен Орданы тастап, Жайыққа шегінеді.

Халық ханнан күдер үзеді. „Қазақты ханнан құтқар” деп орыс үкіметіне арыз береді.

1837-нші жылы саратаның ішінде Бөкейліктің елі Орынбордағы үкіметке елді ханнан құтқар, төте орыстың қол астына ал, елге Тайманұлы Исатайды бастық қылып қой, үкіметтің түрлі салықтарынан қашпаймыз деп арыз береді.

Осы арыздың ішінде мынадай сөз айтылған: „Осы тілегіміз орындалмай қалса, біз де қырыламыз, бізге жәбір берушілер де қырылады” деп<sup>3</sup>.

Үкімет қазақтың арызын тыңдамайды.

Себебін жоғарыда айттық.

Енді Исатай ханмен де, ханды жақтаған орыс үкіметімен де әшкере жауласуға шығады.

Исатай Тәуке, Медет, Бармақ деген төрелерді шабады. Бірқатар төрелерді кісендеп тастайды. Мизамның 15-інші күні Бабажанұлы Қарауылқожаның ауылын шабады. Қарауылқожа ханның көп әскерімен Исатаймен соғысуға шығады. Үлкен соғыс болады. Әскері қырылып, Қарауылқожа азар қашып құтылады. Бөкейлікте Исатайға қарсы тұрарлық енді күш қалмайды. Ханға ерген билердің бәрін қорқытып өзіне ертеді, қашқандарының ауылын шабады. Исатай енді Орданы шаппақшы болады.

Үш мың жарым әскермен қауыстың 2-нші күні Ордаға сегіз шақырымдай жақындап төнгенде екі жағынан, Орал мен Аштарқаннан шыққан орыстың екі бөлек әскері жетеді. Соғыс болады. Исатай шегінеді. Орыс әскері Исатайдың соңынан жүреді. Андрей (Кулагин), Зелений (Зеленой) деген Жайық бойындағы қорғандардан Исатайдың алдынан екі бөлек орыс әскері тағы шығады. Исатай бұлтарып, теңізге қарай шегінеді. Теректіқұм, Жаманқұм, Тастөбе деген жерлерде соғыс болады.

Төрт-бес жағынан шыққан орыстың көп әскерінің қамауына түсе бастаған соң, Исатайдың әскері қаша бастайды. Іріктеліп қалған бес жүздей жігітпен Исатай Бекетай құмы деген жерде орыс әскерімен соғыс қылады. Әуелгі кезде қазақ көп қайрат қылып біраз шыдайды. Ақырында зеңбіректің оғына шыдай алмай қашады. Қазақ көп қырылады. Исатайдың бір баласы, бір қатыны соғыста өледі.

Исатай жақтағылардың мал-мүлкі, бүтін дүниесі жауының қолына түсіп, таланады.

Ерсалы, Қалдыбай секілді Исатайдың шын жолдастарының көбі оққа ұшып өледі. Сау қалғандары қатын-балаларын алып, азар қашып құтылады. Бірқатарларының қатын-балалары жаудың қолында қалады. Исатайға

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 9.

<sup>2</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 10.

<sup>3</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 8.

қарсы шыққан үкімет әскерінің бастығы Гекке Исатайды Жайықтан өткізбей қамауға ойланады. Бұлтарып жүріп терістікке қарай кетіп, хан ордасын шауып ала ма деп, Мыңтөбе деген жерге бір бөлек әскер қояды; мұздың үстімен Маңғыстау өтіп кете ме деп, теңіздің жағасын жағалай әскермен толтырады. Орыстың бір бөлек әскеріне бас болып, Жайықтың сол жағасын сұлтан-прабитіл Баймағамбет төре қориды. Әскермен қоршалған алақандай жердің ішінде үш жүз орыс әскерімен Меркулов деген полковник Исатайды қуады да отырады. Бекайдар, Қаракұдық, Тастөбе деген жерлерде тағы соғыстар болады.

Исатай өнемейін жеңіле береді. Тастөбеде Исатайдың бас жолдасының бірі Қалдыбайұлы Қабыланбай орыстың қолына түседі.

Әскер басы Гекке жауап алғанда Қабыланбай Исатайды жақтап тайынбай жауап берген. Бұның ерлігіне Геккенің өзі таңданып, „Бұндай алыпты байлауға арқан шыдамайды, бұғаулауға шынжырым жоқ,“ деп хат жазып, отыз сегіз кісі әскермен қамап, Текеге бос айдаған<sup>1</sup>.

Орысы бар, қазағы бар алақандай жерде қанша соғына түссе де Исатайды ұстай алмайды.

„Исатайды ұстап берген адамға екі мың сом ақша беріледі“ деп, үкімет жар шашады. Теңіздің жағасын қарауылдаған Қарауылқожа баласымен екеуі Исатайды ұстауға көп еңбек сіңіреді. Бірақ еңбегі еш кетеді. Жедінің он екінші жаңасынан он үшінші жаңасына қараған түні таң алдында іріктеп таңдап алған қырық жолдасымен, қасында қатын-балалары бар, Жайықтың бойындағы Жаманқала деген қорғанның түбінен келіп, Исатай Жайықтан өтеді. Қорғанның әскері біліп қалып өткізбеймін десе де қолынан келмейді. Исатай, Махамбет қырық жігітпен әскерді тоқтатып тұрып, бала-шаға мен көшті бұрын өткізеді. Күн суық, боран екен. Бұрын кеткен көші адасып кетіп, жедінің он төртінші күні Исатайды қорыған Баймағамбеттің қолына түседі. Тұтқынның ішінде Исатайдың Нәсипа деген қатыны, Балан деген он бес жасар балдызы, екі баласы, сегіз тумасы болған. Бұлардың бәрі үкімет тарапынан айдалған.

Көштен адасып далаға қонып, ашығып, тоңып ертеңгі күні қар астынан тұрғанда ғой Исатайдың: „Қазақ ел болам десе шай ішпесін, құс төсек төсенбесін, қималы етік кимесін“,— деп қазаққа сәлем айтатыны. Исатайдың сөзіне „Ереулі атқа ер салмай“ деген таңданарлық ғажап өлеңін айтып, Махамбет батырдың жауап беретіні де сол күні ғой.

Исатайды енді қол астындағы көп әскерімен Баймағамбет қуады. Бірақ ел Исатайды жасырып, орнын айтпайды. Қазақтың теріс сілтеуімен Баймағамбет Исатайды Атырау, Маңғыстау жаққа қуып кетеді.

Исатай Қаракөл, Қарабау, Тайсойған деген жерлерге келеді. Исатайдың алдынан Баймағамбеттің бұйрығы бойынша қарсы қазақтың көп қолы шығады. Қолдың бастығы алаша Сарбөпе би екен.

Ақсақалдардың айтуынша, Исатайға қарсы көп қолды қайырған беріш Қуан деген жырау екен. Бастықтардың жиылысында Исатайдың ісін дұрыстап Қуан жырау сөз айтыпты-мыс. Жиылған жұрт жылап, Исатайға қарсы болуымыз дұрыс емес екен деп тарап кетеді.

Ұстаудың орнына Сарбөпе би Исатайға көп жәрдем көрсетеді. Елдің бәрі Исатайға жәрдем берген. Әсіресе көп жәрдем беріп, батырды қолдаған Тайсойғанды қыстаған кете менен шектінің назары екен.

Ат лауын жаңалап алып, қыстай жатып тынығып, жүзден аса кісі болып, жазға салым Исатай Доңызтау, Борсықтағы әлімге келеді. Кезекпелеп Көлепұлы Жүсіп бидің, Тоқпанұлы Байтөре бидің, Кедейұлы Бөшек

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 17.

бидің ауылдарында жатады. Бұлар Исатайға үй, азық, көлік, мал жинап береді. Әлімұлы Исатайдың соңына ереді. Баймағамбет төре жоғарғы айтылған билерге Исатайды ұстап бер деп талай әмір жазады. „Исатайды ұстап берген адамға үкімет екі мың сом ақша береді“ деп қызықтырады. Ақырында „ақ патшаның құрығы ұзын“ деп қорқытады.

„Ақ патшаның күші бүтін дүнияға мәлім. Орыстың әскері сендерді табады, күнәлі адайлардың Бозашыда орыстар жазасын тарттырған. Жемнің басында сендердің ауылдарыңды да талай шапқан. Бұл күштіліктің белгісі емей не? Араларыңа алып, Тайманұлы Исатайды жасырғандарың тергеусіз қалады деп ойламаңыз. Бұ құлығыңмен ұстаудан құтыла алмайсыз, бәрібір Исатай әскердің күшімен ұсталады“ деп, Баймағамбет әлімнің билеріне бұйрық жазады<sup>1</sup>.

Әлім Баймағамбетті тыңдамайды, Исатайға ереді. Исатайдың ісін қолдайтын болып, соңына еретін болып уәде береді.

Сол заманда адай мен әлім жау екен. Исатай адаймен сөйлесіп, адайды да соңына ертеді. Адайдың Сүйінгара деген батыры Исатайға жолдас болады.

Исатай әлім мен адайды татуластырып бітіреді.

Адай түрікпенмен жау екен. Адай мен түрікпенді сөйлестіріп, Сүйінгараны түрікпеннің дегеніне көндіріп, бұл екі елді тағы бітіреді.

Әлімұлы, байұлы түрікпенмен бірігіп, орыс үкіметімен соғыспақшы болады.

Исатай енді 1829-ыншы жылы Бөкейлікте Жәңгірге қарсы шығып ұсталып, ақырында қашып құтылып, Қиуада жүрген Есімханұлы Қайыпалды төремен сөйлеседі. Қайыпалды төре Қиуаның ханына қызын беріп, жақын болған еді. 1832-нші жылдан бері Қиуада жүретін еді. Исатай мен Қайыпалды келіске келіп, жолдас болады. Қайыпалдыны салып, Исатай Қиуа ханымен сөйлеседі. Қиуа ханы бұларға жиырма мың әскер бермекші болады.

Кіші жүз соңына еріп, Қиуа мен түрікпен көмек беретін болған соң, Исатай, Махамбет, Қайыпалды, Наушабас болып, „1838-інші жылы заузаның ішінде орыс үкіметіне қарсы көтеріліңіз, жауласуға әр рудан әскер шығарыңыз“ деп, жар шашады. Елдің көбі көтеріледі. Тек Жайыққа жақын жердегі елдер ғана үкіметтен қорыққаннан аңысын аңдып отырады.

Үш мыңдай қолға бас болып, Исатай Жайық бойындағы елді көтеруге аттанады.

Исатай осы күнгі Темір үйезіне келеді. Елдің бәрі Исатайға қосылады. Ел ішінде сардар болып тұрған төрелердің бәрі Жайық бойындағы орыс қалаларына қашады.

Елдің тегіс көтерілгенін көріп, үкімет Орынбордан, Ордан (Жаманқаладан), Текеден (Оралдан) Мансирев, Падурев, Гекке деген полковниктерді бас қылып, үш бөлек күшті әскер шығарады<sup>2</sup>.

Геккенің әскері Баймағамбет төрені басшы қылып Шыңғырлау деген өзенді өрлеп, Қиыл деген өзенге қарай жүреді. Бір азғана әскермен Исатай жортуылға шығады. Жортуыл Қиыл бойында абайламай қалып Геккенің әскеріне тап болады. Соғыс болады. Орыс әскері қазақты қамап алады. Исатай соғыста өледі. Бұл 1838-інші жылда, әсеттің он екінші күнінде болады.

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 19.

<sup>2</sup> Добросмыслов. Тургайская обл, стр. 236.



Қазақтың ақсақалдарының айтуына қарағанда Исатайдың өлімі былай болған.

Жортуыл түстеніп жатқанда анадай жердегі сайдан бір қазақ алады да қашады. Исатай жігіттері тұра қуады. Қуғыншылар қашқан кісіні таниды. Баймағамбеттің жақыны Сүгір деген төре екен. Сүгір дегенді естіген соң, төрені қайткенде де ұстау керек, өзім болмасам өңгелері жете алмас деп Исатай да атына міне қуады.

Исатаймен бірге барлық жортуыл да қуады. Біраз қуған соң, Исатай жақындаған кезде төре бір төбеде асып ойға түседі де кетеді. Исатай төбеге шыға келсе, төбенің әр жағындағы ой толған орыстың әскері екен. Түстеніп жатқан Гекке мен Баймағамбет болып шығады. Сүгір бұлардың барлауға жіберген тыңшысы екен.

Сол арада Исатайдың артынан өз жігіттері де жетеді, алдынан орыс әскері де жетеді. Шапыр-шұпыр ұрыс болады. Орыстар қазақты қамап алады. Бір бөлек адамдарымен Исатай қамауды жарып шығады.

Исатайдың қасындағы баласы мен бір бөлек жолдасы қамауда қалады. Қасындағы жолдастары қашалық десе, баламды, жолдастарымды жауға қалдырып қашпаймын деп, атын бұрып тағы ұрысқа араласады. Қамауды бір аралап тағы қайта шыққанда, Оралдың Бородин деген бір офицері аттан түсе қалып, Исатайдың атын атады. Исатайдың аты жығылады. Қасындағы жолдастарының біреуі түсе қала атын береді. Исатай мінбейді. Қамаған әскермен жаяу соғысады. Өледі.

Қамаған орыстардың көбі, бастығы Гекке болып, Исатайды Бөкейліктен таниды екен. Бородиннің Исатайдың атын атқаны — тірілей ұстайын деген ойы екен-мыс. Исатай тірілей қолға түспепті.

Исатай өлген соң, қазақтың бірлігі кетеді. Жиналған көп қол алды-артына тарай бастайды. Қайыпалды қашып, Қиуадағы ауылына кетеді.

Елдің басын құрастырамын деп, Махамбет батыр қанша әуре болса да қолынан келмейді. Қиуа да, түрікпен де Исатай өлген соң жәрдем берем деген сөзден қалады.

Ел үкіметке бағынады, қазақ арасында тыныштық орнады деп, 1838-інші жылы ақыраптың 29-ыншы күні үкімет Исатайдың „бұзықтығы“ туралы тәптепш енді тіпті бітті деп жарлық шығарады. Шындығында көтеріліс туралы тәптепш он бес жыл созылып, тек 1853-інші жылы ақыраптың 2-нші күні ғана бітті. Құлманұлы Бақтыгерейдің айтуынша, Ордадағы уақытша сәбеттің архивында Исатай-Махамбет туралы 27 том іс бар.

\* \* \*

Қазақ халқы көшпелі салтта, ақсақал дәуірінде болды. Қара бұқараның билігі ру бастықтары — билердің қолында болды. Руды билеген билердің өз руынан айырықша тілегі болмады.

Қара шаруа мал бағуға лайық шарттар тіледі. Қоныс жайлы болса, ел бейбітшілік болса, малға, адамға түсетін салық аз болса, талас шыққанда әділ билік айтатын ақсақалдары болса — қара халықтың көңілі тыныш болды.

Ел билеген ақсақалдар да елдің тілегін тілеп, елдің жоқшысы болды. Ақсақал болу, би болудың өзі елдің сайлауынан болғандықтан, бұлар елден бөлініп кете алмайтын еді.

Сонымен қазақтың бұрынғы дәуірінде қара халықтың арасында бөлек таптар болмады.

Руларды біріктіріп ұстау үшін „ақсүйектен“ қазақ халқы хан сайлайтын еді. Ханды ру бастылары — билер сайлайтын еді.

Хандардың мақсаты — өздерін күшті қылу, халыққа айтқанын істету еді. Хандарға салтанатты болуға елден алым-салғырт керек болды; күшті болуға әскер керек болды; атақ үшін жауласу керек болды, тағы тағысын. Ханның табиғаты қара халықтың тілегіне қарсы болды.

Қазақтың ескі тұрмысында алғашқы кезде таптықты хандық туғызды. Хандар, төрелер, бұлардың нөкерлері, төлеңгіттері бір тап еді. Өңге халық бір тап еді. Бірінші таптың тамағы, атақты болуы, күшті болуы секілді тіршілігінің бәрі екінші таппен байланысты болды. Сондықтан таптың мақсаты қара халықты қойдай қылып жуасытып алып, қосақтап сауу еді, құрай, құрайлап суғарып, кішіттеп оттатып, соғым қылу еді.

Қара қазақ та мұны жақсы білетін еді. Сондықтан қазақтың хандары күшті бола алмады. Қара қазақтың жоқшысы болған билер қара бұқараны хандарға ерттеп мінгіздірмеді. Бұлар хандарды жүгендеп ұстады.

Жүгенделуге хандықтың табиғаты қарсы. Хандар жүгенді үзуге түрлі тәсілдер құрды.

Ру ара дауларды бітірмей, барымта, жанжалды көбейтіп, руларды ажастырып, атыстырып, шабыстырып, өзіне жүгіндіретін болды.

Олжаға қызықтырып, қазақтың қанындағы ескі ауруын қоздырып, айналасындағы көршілерімен елді жау қылып қойып отырып, елді биледі.

Ар-намысты сатып, күшті көршіге сүйеніп, қара бұқараны қорқытып биледі.

Осының бәрі қолынан келмеген күйде елге бағынып, билердің айтқанын істеп отыратын еді. Елді тәсілмен ұстауға қолынан келмеген, бірақ билерге бағына алмаған хандарды „хан талау“ деп, ел талап алып, қуып жіберетін еді не өлтіретін еді (Бұрындық, Тайыр, Нұралы, Есім, Арыстан).

Біздің білуімізше, елді көршілерімен жауластырып ұстаған Еңсегей бойлы Есім хан, Салқам Жәңгір.

Бөтендерге бағынып, күштіге сүйеніп, елді қорқытып ұстаған Сығай хан, Әбілқайыр хан, Әбілқайырдың тұқымынан шыққан хандар, Абылайұлы Уали хан, Әбілмәмбет хан. Билердің дегеніне көніп елді ұстаған Әз Тәуке хан. Жоғарғы әдістердің бәрін қатар жұмсап, ел ұстаған Абылай хан.

Қалмақтан жеңіліп ақтабан шұбырындыға тап болған елдің бөтендермен жауласуға күші көп келмейтін болды. Қалмаққа бағынған қазақ бағынып қала берді де, құлдықтан құтылғандардың өз арасында күшті бүліншілік пайда болды. Ұлы хан қалмақтың қол астында қалған соң, қалған елге ұлы хан болғысы келген хандар көбейді. Әбілқайыр, Қайып, Сәмеке ұлы хан болғысы келіп қатар шықты. Бұлардың қайсысы да бір ауыздан елді тегіс соңына ерте алмады.

Әбілқайырға елді қорқытып алып хан болудан басқа жол қалмады.

Елді қорқыту үшін Әбілқайыр орыс патшасына бағынбақшы болды.

Осы уақытта елдің билері екі айырылды. Бір бөлек билер басы арғын Жәнібек, табын Бөкембай болып соңына ерген елдерімен хан жағына шығып кетті.

Ел бөлініп қоныс аударған уақытта күшті рулардың аз руларға жәбірі көбейеді. Қоныстың да жайлысы күштілерге тиеді.

Орта жүзден бөлініп кеткен аз ғана арғынға бүліншілік заманда теңдік аз тисе керек, қоныстың жайлысы екі бастан тимейді.

Кіші жүздің ішінде аз болған жетіру да, жетірудің ішінде табын да Жәнібектің арғыны секілді күйде еді. Бұларға Кіші жүзді билеу үшін,

еліне жайлы қоныс алып беру үшін Кіші жүздің билерінен сырт бір күш керек болды.

Орыс үкіметі жәрдем беріп, Әбілқайыр айбарлы хан болса, бұларға іздегені табылғандай болды.

Сондықтан бұлар бастан-аяққа дейін Әбілқайырды, Әбілқайырдың тұқымын сүйеп кетті.

Бұлар дегеніне жетті. Әбілқайыр айбарлы хан болды. Жәнібек пен Бөкембай Кіші жүзді биледі. Арғын мен жетіру (табын) жайлы қоныс та алды, орысқа, ханға арқа сүйеп, күшті рулардан жарытып жәбір де көрмеді... Бірақ Кіші жүз еркінен айырылды.

Әбілқайырдан бастап хан табы күшейе бастады. Патша үкіметі ханға зор сүйеу болды. Орыстың әскері елді ханға бағындыруға үлкен құрал болды. Ханға қарсыларға „өбежек“ болды.

Сый-сыяпатқа батқан Жәнібек пен Бөкембайдың үлгісі басқа билердің көзін қызықтырып, көңілін бөлді. Хан жақтаған билер көбейе бастады. Қара халықтың тілегін тілеуден гөрі ханның тілегін тілеген билерге ұнамды келді.

Патша үкіметі жақындаған сайын, хан күшейген сайын қара халықтың күйі нашарлана бастады. Салық көбейді, ел аралаған әскердің, төрелердің, билердің жәбірі көбейді. Бұлардың көбі елдің қамын жемеді, ханның не өзінің қамын жеңді.

Билерді хан тағайындай бастаған соң, қара бұқараның күйі тіпті нашарланды.

Хан төреге, хан жақтаған билерге көніп, қара бұқара да қарап тұрмады, бұларға қарсылығын күшейтті. Таршылықтың түбі патша үкіметінде екеніне түсініп, қара бұқара орысқа қарсы шықты. 1731-інші жылдан 1870-інші жылға дейінгі екі таптың күресі болды. Бірі — әуелі хан, кейін патша үкіметі, бұларды жақтаған төрелер, билер. Екіншісі — қара халық. Ақырында қара халық жеңіліп қалды.

Қазақтың хандығы ресім түрде он тоғызыншы әсірдің ортасына дейін созылса да, шынында Әбілқайырдан бастап қазақтың хандары патша үкіметінің қолында ойыншық болды. Сондықтан 1731-інші жылдан бергі Кіші жүздің ханға болсын, сұлтандарға болсын, орысқа болсын көтерілістерінің бәрін патша үкіметіне қарсы көтерілістер деп атау керек.

\*\*\*

Он сегізінші, он тоғызыншы әсірлердегі қазақтың қозғалысының ең күштілері — Сырымдікі, Исатайдікі, Кенесарыныкі.

Үш қозғалыстың бас мақсаты — қазақты орыстың жәңгірлік құшағынан құтқару. Сырым мен Исатай хандардың патша үкіметінің құралы болғанына түсініп, әуелі орыс үкіметі арқылы хандарды жойып, сонан соң орыс үкіметінен құтыламыз деген саясат жүргізді.

Хандар мен патша үкіметін бірін бірінен айыруға мүмкін емес екендігін бұл екеуі тез-ақ түсінді. Сондықтан ақырында хандарға да, орыс үкіметіне де қатар қарсы болды.

Сырым он бес жылдай (1782—1797) күресті. Сырымның уақытында орыс үкіметі қазақ ішінде күшті емес еді. Саясатын ойдағыдай қылып ел ішіне жүргізе алмайтын еді. Бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша үкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды.

Сырым патша үкіметінің сипағанына иланып қалды. Осы илануы елден айырылуға себеп болды. Әуелгі уақытта Кіші жүз Сырымға тегіс-ақ еріп еді. Ақырында Сырым Үргенішке жаңғыз барды десе болғандай болып барып, дұшпандарының қолынан құрметсіз өлім тапты (удан өлді).

Исатай заманы патша үкіметінің қазақты әбден меңгеріп алуға жақындаған заманы. Бөкейліктің елін меңгеріп алып та еді. Хан орыс үкіметінің қарауылшысы болып қалып еді.

Бөкейліктің елі әуелі Исатайға тегіс ерді. Исатай ханмен, Орынбордағы үкіметпен бітім сөйлесе бастап еді, біріккен ел ыдырай бастады. Бірақ Исатай қатасын тез түсінді де, тез түзетті. Үкімет пен ханды бір деп санап, екеуіне де қатар соғыс ашты. Ел Исатайға тағы ерді. Қара күштен жеңіліп, аз ғана жолдастарымен алақандай жерде қамауда қалғанда да, ел Исатайды ұстап бермеді, Жайықтың бергі бетіне өткізіп жіберді.

Кеңшілікке шығып алып, патша үкіметінен, оған ерген хандардан қазақтың арын алыңдар деп жар шашқанда Исатайға қазақ малын да берді, басын да берді.

Бөкейліктен қашып келген салт атты, салбыр қамшы бір қашқынның қасына ауыр әскер қол жиналды. Әлімұлы бас болып, Кіші жүз Исатайға ерді.

Исатайдың қозғалысы екінші дәуірінде екпінді басталды. Патша үкіметі де мұны сезді. Сарыарқаға әскер төкті. Бірақ Исатайдың қимылы аяқталмай қалды.

Он екінші әсетте Қиыл бойында Исатай арманда кетпегенде, бұл қозғалыстың қандай қанат жаятындығы белгісіз еді.

Қасымұлы Кенесары қазақты орыстан құтқарам деді де, патша үкіметіне, хандарға қарсы болды. Ел соңына ерді. Хан көтеріп, қара қазаққа хан көзімен қарап, ханның саясатын жүргізе бастап еді, көп қазақ соңына ермеді, қысылған жерде тастап кетті.

Кенесарының Кіші жүзге ешбір әсері болмады. Кенесары заманында Кіші жүз хандардан әбден құдер үзіп болған еді. Кенесарыға Кіші жүз ермеді. Қорқытып бағындырамын деп, Кенесары 1843-інші жылы алтын жаппасты шапты, Көбекұлы Алтыбай биді өртеді, сол жылы Ойыл бойындағы шектіні шапты. Кіші жүзбен жау болып, ақырында тұра алмай, ауып кетті.

1843-інші жылы шектінің назар деген бөліміне Кенесары мынадай әмір жазған: „Біздің адамдарымыздың сендерде қаны бар. Кінәлеріңді мойындарыңа алыңдар, мені хан деп таныңдар, мендік болыңдар, менің сендерге жақын болғым келеді.

Құдайдан қорықпай сендер маған қарсы болдыңдар, әруақты сыйламадыңдар. Кінәлеріңді мойыныңа алсаңдар, ішіндегі жақсыларың маған келсін. Мен сендерге қайырымды боламын, келмесеңдер, сендерді отыз жыл күтемін де, сендерді отыз жыл аямай шабамын” деп<sup>1</sup>.

Кенесары мен Кіші жүздің арасының қандай болғаны осы хаттан-ақ көрініп тұр.

Кенесары Ойылдағы елді шапқанда орыс, қазақ аралас көп әскермен Кенесарыға қарсы Баймағамбет төре шығады. Кенесары қашады, Баймағамбет қуады. Бір жерге келгенде, „Кенесарының жіберген елшісімін, Баймағамбетпен сөйлесемін” деп, әскерге жақын Наурызбай төре келеді. Баймағамбет қорқып өзі шыға алмай, біреуді жібереді. Барған адамға Баймағамбетті боқтап-боқтап кейін қайтсын, қумасын деп, Наурызбай сәлем айтады. Байеке ашуланып, атыңдар дейді. Мергендер атуға ыңғайланады.

<sup>1</sup> Добросмыслов. Тургайская обл., стр. 357.

Дегенмен Наурызбайды қимай кідірістейді. Көптің ішінде Исатайдың жолдасы Махамбет батыр бар екен, о да оқталады. Махамбеттің атса оғы бос кетпейтінін білетін қасындағы жолдастары қолынан ұстай алып, „а... батыр саған не болды, бұлар орысқа қарсы ғой“ дейді. Сонда Махамбет: „Тас бауыр төрені қазаққа болысып, орысқа қарсы болады дегенге кісі нанар ма? Ел бұзар екені бетінен-ақ көрініп тұр ғой, мылтығымның тауын қайтардыңдар. Енді атпаймын“ дейді.

Махамбеттің осы сөзін біреу Баймағамбетке жеткізеді. Махамбеттің өліміне осы сөзі себеп болыпты-мыс деп айтысады.

Қоныстың тарылуы, жердің азаюы, елдің түрлі таршылыққа қалуы, үкіметтің (билеуші таптың) зорлық-зомбылығы қара бұқараны көрген күніне наразы қылып, түрлі қимыл туғызады. Адастыратын соқпақтарға түспей, көздеген нысана жеткізетін дұрыс жолмен жүре алса ғана осындай қимыл жемісті бола алады.

Елдің қимылын жолға салып, ұйымдастырып отыратын көсем керек. Бұндай уақытта құрастырушы көсем шықпаса, елдің қимылы бытырап, шашылып, ұлы мақсаттың орнына уақ пайда туып, ұлы қимыл аяқсыз қалады. Қимылдың көсемі бас пайдасынан баз кешіп, жан-тәнімен көптің тілегін орындауы керек. Ұлы қимылдардың уақытында көптің әлеумет сезімі өте күшті болады. Ел бастаған көсемнің ізі бағулы болады. Көсемнің басқан қадамы, жүрген бағыты көпке жақпаса, халық теріс айналып кетеді. Кешегі мыңды бастаған серке, ертеңгі күні далада жаңғыз маңырап қалады.

Сырым да, Кенесары да ақырында көптен айырылып, жаңғыз қалды. Тағдыр Исатайды қаңғырып қалудан сақтады. Патшалар заманында өлгенінше көпті соғына ертіп кеткен — жаңғыз Исатай.

Кім біледі, көбірек жүрсе Исатай да қаңғырып қалар ма еді, қайтер еді? Бұл — бимағлұм.

Бірақ тарихқа қарағанда, елдегі әңгімелерге қарағанда да, Исатайдың көпті ертетін ұраны болған.

Исатайдың көпке шашқан ұраны Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінен ап-анық көрініп тұр.

Еділді көріп еңсеген,  
Жайықты көріп жемсеген,  
Таудағы тарлан шұбар біз едік.  
Исатайдың барыңда  
Қара қазан, сары бала  
Қамы үшін қылыш сермедік.  
Шабытымыз келгенде,  
Аузы түкті кәуірдің  
Шегінен сүйреп жеп едік.  
Еділ үшін егестік,  
Жайық үшін жаңдастық,  
Қиғаш үшін қырылдық,  
Тептер үшін тебістік.  
Аламанға жел бердік,  
Аса жұртты меңгердік.  
Қара қазақ баласын  
Хан ұлына теңгердік.  
Өздеріндей хандарды  
Қабырғасын сөгілтіп,  
Қабырғадан аққан қара қан

Ат бауырына төгілтіп,  
Әділ жаннан түңілтіп,  
Ат көтіне өңгердік.

\* \* \*

Өздеріңдей хандардың,  
Қарны жуан билердің,  
Атаңдай даусын ақыртып,  
Лауазымын көкке шақыртып,  
Басын кесем деп едім.  
Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім.  
Еңсесі биік ақ орда,  
Еріксіз кірсем деп едім.  
Керегесін қиратып,  
Отын етсем деп едім.  
Туырлығын кескілеп,  
Тоқым етсем деп едім.  
Тақта отырған хандардың  
Төрде отырған ханымын  
Қатын етсем деп едім.  
Әддиген баласын  
Жетім етсем деп едім.  
Хан сарқыты — сары бал,  
Сұраусыз ішсем деп едім.  
Тәнікейдей көріктіңді  
Қалыңсыз құшсам деп едім.  
Қаныкейдей тектіңді  
Ителгі көзін төңкертіп,  
Күшіктей даусын қыңсытып,  
Аш күзендей белін бүгілтіп,  
Ат көтіне үңілтіп,  
Артыма салсам деп едім.

Жайлы қоныс табу, қонысты тартып алғандарды жою, хандарды, билерді, төрелерді қыру, қара қазақ баласына теңдік алып беру — міне, Исатайдың ұраны. Исатайдың ұраны өткен әсірдегі саясат партияларының програмаларымен салыстыруға да келеді. Жұрттың Исатайға еруінің себебі осы.

\* \* \*

Халықтың аузындағы сөздерге қарағанда Исатайдың өз басының көпті ертетін қасиеттері болған.

Жауда жанын аямады. Жауласса қолдың алдында, қашса артында болды. Көптің арызын айтамын деп айып тартты. Халықты аяп, қан төкпеймін деп, Орданы қамағанда алданып қалды. Жайықтан өтерде орысты өзі қамап тұрып, күшін, жолдастарын аман-есен өткізіп болған соң ғана өтті. Жортуылға өзі жүрді. Жолдастарын жауға тастамаймын деп барып өлді.

Халық үшін Исатай үй ішін, туған-туысқандарын садақаға берді. Екі баласы, бір қатыны соғыста өлді. Екі баласы, бір қатыны жаудың қолына түсіп, айдауда шіріді. Ағайындары шабылды, тұтылды. Тырнақтап жинаған мал-мүлкі, бүтін қара орман дүниесі жаудың қолында қалды.

Жәңгір ханға кәдірлі елдің билері бірнеше рет ханмен бітіремін деп, араға түссе де Исатай болмады. „Халықтың тілегін орындамаған ханмен бітім болмайды“ деді.

Оралдағы орыстардың ішіндегі тамырлары да, Оралдың одаманы По-катили де, Орынбордың жандаралы Перовскийдің өзі де бірнеше рет шақырып, дегенінді істеймін деп, уәде берсе де, сөзіне ермеді, өзінің дұрыс деген жолымен кетті.

Қанды көйлек жолдасты сары алтындай сақтаған Исатай еді. Жолдасы Махамбет батырдың сөздерінен, ел ішіндегі әңгімелерден Исатайдың көпті бастауға ылайық мінездері анық көрінеді.

Исатай — нағыз батыр. Орынсыз мақтанның батыры емес, керек орында батыр.

Махамбеттің Байекеге айтқан сөзіндей қазақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес. Махамбет — Исатайдың жолдасы, шәкірті.

Исатай — би. [Би] ішінде көп сөйлемейтін сабырлы адам. Керек орында сөзге шешен. Исатайдың сөзіне ешкім шыдай алмайды.

Ораза, намазын тастамайтын Исатай — тақуа адам. Заманындағы көптің көзінде бұ да үлкен қасиет.

Алдау, арбау, қулық-сұмдықты Исатай білмейді. Ісінің бәрі әділдік, туралық.

Ханмен жауласып жүргенде Исатай Бөкейліктегі беріштің Жақсымбет деген биінен ақыл сұрай барады. Ханға қарсылығыңды қой, орысқа әлің келмейді, босқа елді бүлдіресің, Жәңгір ханмен келістіріп, өз басына түрлі даража алып берейін дегенде, Исатай тас-талқан болып ашуланып көнбейді. Тілін алмаған Исатайға кетерде „берішке тиме, ауылың ғой, Жайыққа тиме, үйің ғой, жеңіле қалсаң бұлар қорғаның болар“ деп, Жақсымбет би өз руын қорғап сөз айтады.

Жақсымбеттің ақылын Исатай алмады. Мынау өз руым, мынау бөтен ру деп бөлмейді. Бөкейліктегі соңғы соғыстардың бәрі беріштің үстінде болды. Орыстың әскері, Қарауылқожа әскері берішті көп талады.

Исатай қашқаннан соң беріштің елі Жәңгір мен Қарауылқожаның кәріне тап болды. Әуелден ханды жақтаған Балқы би де беріштігінен сенімсіздікке ұшырады. Балқының ауылы ақырында Жайықтың бергі бетіне өтіп кетті.

Исатайдың ру айырмаған жолы дұрыс болды. Исатайды қорғауға беріштің қолынан келмеді. Исатайға бүтін Кіші жүз қорған болды. Исатайды көтермелеп, Кіші жүзге ақырында әлімұлы басшы болды. Әлімнің шекті (назар), шүрен, кете деген рулары Исатайға ауыл болды. Үй болды. Соңғы жорығында Оралға келгенде қасындағы үш мың қолдың көбі әлім еді. Исатайдың өлетін күні үкімет әскерімен соғысқан жортуылдың көбі Көгібарұлы Есет секілді әлімнің батырлары еді. Исатайдың сүйегі қойылған Шолақмолда деген мола да әлімнің жері.

Қиын уақытта елге басшы болған адам көпті ұйымдастыра білу керек.

Бөкейліктегі елдің тегісінен Исатайға ергені Исатайдың көпті құрас-тыра білгендігіне ыспат.

Жаңғыз өзі қашып барып бүтін әлімді, адайды біріктіргені, түрікпенді, Қиуаны разылап, көңілін тауып, өзіне тілектес қылғаны, Қайыпалды, Науша секілді бұрынғы қашқындарды қасына жинап, өзіне жолдас қылғаны — Исатайдың көпті ұйымдастыруға шебер екенін көрсетеді.

Исатайдың бабасы ақтабан шұбырынды замандарында ел қорғап, ұранға шыққан Ағатай батыр еді. Ағатайды жұрт әулие дейді. Ата-бабаның әруағын сыйлағыш рушыл халыққа Исатайдың Ағатайдың тұқымы болғандығы да әсер берсе керек.

Ұзын сөздің қысқасы: тарихты, елдегі сөздерді тексергенде, Исатай көпке басшы болуға ылайық арнайы туған адам көрінеді. Исатайдың өз басы туралы осы күнге дейін ел арасында түрлі әңгіме көп. Әңгіменің көбі ертегі. Кіші жүздің ішінде жиырма жылдың шамасында Исатайды білмейтін адам аз еді. Исатай-Махамбеттің әңгімесін айтып отырып кердерінің, кетенің, байұлының шалдарының көздеріне жас алғанын өз көзіммен талай көрдім. Махамбет батырдың Исатайды жоқтап, Баймағамбет төреге айтқан сөзі Орал, Торғай, Бөкейлік, Маңғыстау қазақтарының арасында түгел жайылулы. Қазақтың арасында мынадай әңгімелер бар. Ағатайдың әруағы Исатайға қонған екен. Әруақ түнде ұйықтап жатқанда үш түрлі болып келеді екен: 1) айдаһар жылан болып келіп, беліне оралып жатады екен; 2) қара бура болып күркіреп омыраулап келіп, үстіне шөгіп жатады екен; 3) қабан болып күрілдеп келіп, қойынына кіріп жатады екен.

Ағатай батыр өлерінде айтқан екен:

„Менің тұқымымнан жуырда біреу шығады, жалыны жалп етіп көкке жетеді де сөнеді, әруағы менен артық болады да, өмірі менен қысқа болады“ деп. Бұнысы Исатай екен деп, жұрт жорыған-мыс. Осы секілді ел арасында талай әңгімелер бар.

Исатайдың қимылы он тоғызыншы әсірдегі ел әдебиетіне көп әсер берді.

Исатайдың ісін дұрыстап ең әуелі сөз шығарған беріш Қуан жырау. Алаша Сарыбөпе бидің Қуан жыраудың сөзіне тоқталып, ұстаудың орнына Исатайға көмектес болғанын жоғарыда айтқанбыз.

Екінші Исатай туралы көп сөйлеген — Исатайдың жолдасы Махамбет жырау. Махамбеттің сөзі өте көп болған.

Орал, Торғай, Бөкейлік, Маңғыстау елдерінің арасында Махамбеттің сөздерін айтатын жыршылар күні кешегіге дейін көп еді.

Исатай туралы сөзді көп айтқан адамның бірі — кете Шернияз шешен. Шернияз Исатайдың замандасы.

Шернияз шешеннің Исатай туралы айтқан сөздерінен аз да болса, үлгі келтірелік (Жансүгірұлы Илиястың Жетісудағы Тадықорған еліндегі Омарбек деген ақыннан жазып алған сөзінен алынды):

Ар жақта Арынғазы дүмбірлеген,  
Байеке, елің бар ма бүлдірмеген.  
Төре кетіп, төбеде төбет қалып,  
Туып тұр ел басына бұл күн деген.  
Кешегі Исатайдай асыл ерді  
Орысқа ұстап бердің тіл білмеген.  
Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған,  
Төре емессің, төбетсің, дым білмеген.  
Орыс орман қол салып ортамызға  
Заманға ұшырадық бұл күн деген.  
Айдақтың жаңғыз бауырың Исатайды  
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлеген.

\*\*\*

Па, шіркін Исатайдай сабаз тумас,  
Қас етсең қасыңа да адам жуымас.



Ел ұстап, жұрт билейтін қылығың жоқ,  
Хан емес, қас қатынсың мұндар қу бас.

\* \* \*

Сағынам ауызға алсам Исатайды,  
Ер тумас ел бағына ондай жайлы.  
Қарадан халқы сүйіп ханым деген  
Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы.  
Кешегі Исатайдың арқасында  
Ие едім ен дәулетке басыбайлы.  
Исатай ділмар еді топтан озған,  
Нар еді бәйтерекке мойнын созған.  
Аққайың ақтылы қой өрісті алып,  
Тырнадай біткен жалқы тарлан боздан.  
Шеріңнің шертіп тұрған заманы жоқ,  
Дамбалдың иесімін жалғыз тозған.  
Ер тумас ел бағына Исатайдай,  
Мінезі толқушы еді толған айдай.  
Тарлан боз, тарғыл ала жылқы біткен  
Бай еді, құтым еді, о дариға-ай.  
Бір жылы біткен бие қысырады  
Сонда да құлындады сегіз жүз тай.

\* \* \*

Орасан оған біткен ойсылқара  
Келесіне салушы еді тоқсан бура.  
Тай құлындап, тайлағы қайып тұрған,  
Шаңырақ ед қыдырлы жұртқа пана.  
Жарлы менен жақыбай көбінесе  
Көрші боп қара бауыр қосқан қора.

\* \* \*

Ортақ ед оның қойы ағайынға,  
Үлесіп жеп жатушы ед маңайы да.  
Ағайын ішіп жатқан, мініп жатқан,  
Жігіт ед құдай берген маңдайына.  
Мен емес жұрт мақтаған Исатайдың  
Қайырын қайыр демей қалайын ба?

\* \* \*

Масаты төрден есік қызыл кілем,  
Қырық ішік керегеде жанат тиін.  
Қыс болса кертпе қатық ішерсің деп,  
Беруші ед қырық бұзаулы және сиырын.

\* \* \*

Бәрі де Исатайдың байлығы еді,  
Зерлеген қара шақшам тайлық еді.  
Исатай ел еркесі, ел серкесі

Бір мен емес, алашқа жайылым еді.  
Елге алғау, маған да алғау ер Исатай,  
Айырылып Шерің содан қайғылы еді.

\* \* \*

Баймағамбет сұлтан бір күні Шерниязға:

„Исатай өлген болмай, ұсталып кетіп, қайтып келген болса, қане не айтар едің“ дегенде, Шернияз былай айтып, мойнынан құшақтар едім депті:

Бармысың жауға түскен, алтыным-ай,  
Самалым, саз қонысым, салқыным-ай.  
Кәуірдің қоржынына түсіп едің,  
Шықтың ба, аман-есен, жарқыным-ай.  
Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай,  
Құрып ең алты алаштың тынысын-ай.  
Жатпапты асыл пышақ қап түбінде  
Шықтың ба, қабын жарып, ырысым-ай.  
Кеткен соң ит маданған сонау жаққа  
Тапсырдық құдай менен әруаққа.  
Қазақтың күйі кетті орыс алып,  
Төбеге доңыз шығып, ер аулақта.

Беріш Мұрат ақын да Исатай туралы көп сөйлеген.

Беріш Ығылман ақынның Исатай туралы шығарған сөздерінің бір бөлегін осы кітапта басып отырмыз.

Он тоғызыншы әсірдегі Орал, Бөкейліктен шыққан ақындардың көбі-ақ Исатайды сөз қылған.

„Ордасын ажар ету үшін“, „арғымақтың аласын бермей, қарасын беріп“ заманындағы айтқыштардың көбін Жәңгір хан қасына жинаған. Жәңгірді мақтаған жыршылар, әрине, Исатайды мақтай алмайтын болған.

Байтоқ, Жанұзақ секілді жыршылар Жәңгірді қанша ұлығыласа да Исатайды жеңдік деп мақтап сөз айта алмаған. „Тентегін тыйдың қазақтың“ деп, бұлар Исатай туралы тек жанай өткен.

Ел арасындағы сөздердің бәрі де Исатайды мақтап, ісін дұрыстап, өлгеніне күйініп, жоқтап сөйлейді. Исатайды жамандаған халық арасында сөз жоқ.

Заманындағы қас болған Жәңгір мен Баймағамбет те қазақ арасында Исатайды жамандап сөйледі деп естілмейді. Бұлар Исатайды тек „тентек“ дейді екен.

Исатайдың аты бүтін қазаққа мәлім. Сырдария, Семей, Жетісу қазақтарының арасында да Исатай туралы әңгіме бар. Семей, Жетісу қазақтарының арасындағы сөздер ертегіге ұқсас. Баймағамбет деген хан болған екен. Оның Исатай деген інісі болған екен. Баймағамбет қазақты орысқа берем деген екен. Исатай орысқа бағынбаймын деп, қарсы болыпты-мыс. Екеуі жауласыпты. Баймағамбет хан Исатайды орысқа ұстап беріпті. Халық Исатайды жоқтайды.

Исатайдың жолдасы Шернияз шешен Исатайды жоқтап, Баймағамбетке сөз айтады. Исатайды ұстаудан қайыр дейді.

Жетісу, Семей әңгімелерінде Баймағамбет пен Исатайдың елі арғын, найман болып шығады.

Исатайдың көтерілісі қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша үкіметіне қандай ой түсірді деген сұрау туады.

Исатай көтерілісі қазаққа өзінің ел екенін білдірді, жұрттың ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды. Бірақ Исатайдың өлімі, артында қалған көптің үкімет әскерінің айбарына шыдай алмай бытырауы, үкіметтің елге тарттырған жазасы қазақтың тауын қайырды. Исатайдан соң көп қазақтың арасына орыс үкіметін күшпен жеңе алмаймыз, қазақтың әлі келмейді деген пікір туды.

Исатайдан соң үкіметтің жүргізген саясаты да осы пікірді көпке сіңіріп, нығайтуға себеп болды.

Бұрынғы орыстан күшпен құтыламыз деген ойдың орнына, қашып құтылу керек деген жаңа пікір шықты.

Осы пікірмен барабар „тағдырға көніп“, тыныш отырып бағынып, үкіметке жағу керек деген пікір де күшейе бастады. 1869—1870 жылдағы ауада осы екі пікірді ел іске асыруға айналды. Құтсыз қонысты тастап ауу керек, Асанқайғының жұртын табу керек деген пікір, әсіресе, ауадан соң аса күшейді. „Асанқайғыны көксеу“ деген дәуір елдің көңілін бөлді, ел арасында өзіне бөлек қимыл туғызды. Ел әдебиетінде осы қимыл жақсы сүгіреттелген.

Исатайдың көтерілісі қазақтың көзін ашып, патша үкіметін танытты, патша үкіметіне сүйенген хандардың, сұлтандардың қазаққа нағыз дұшпан екендігін анық көрсетті.

Сырымның уақытында хан-төрелерге, хандарға бір бөлек қазақ еріп еді. Исатайдан кейін еркіменен хан, сұлтандарға еретін ел қалмады. Хан, сұлтандарға ел өшігіп кетті.

Шекті Көтібарұлы Есет, Нұрмұхамбетұлы Жанғожа, таз Өтен, Нарынбай, Төремұрат секілді хандармен, патша үкіметімен арпалысқан батырлар — ізін басып үлгі алған Исатайдың жеткіншектері еді.

1869—1870-інші жылдағы ауада да ел, бір жағынан, үкіметпен жауласты да, екінші жағынан, төрелерді талады. Қара қазақтан шаққан патшашындар кек алу үшін, патша үкіметін төрелерге айдап салды.

Патша үкіметі де төрелерден перде жасаудың енді керегі жоқтығына түсіне қалды. Бұрынғы бағып-қаққан төрелеріне қырғидай тиді.

Көптің көңілін алу үшін орынды-орынсыз төрелерге жала жапты, сүргін қылды. Ханның мирасқоры өзі болғандығын анық білдіру үшін хан, сұлтан деген атақты жойды, ақсүйек табын жойып, төрені қара қазақпен тең қылды.

Етін мүжіп, кеміріп, майын сорып, итке лақтырған сүйектей қылып, лақтырып тастағанда ғана төрелердің патшашылдары залым үкіметке құрал болғанын бір-ақ түсінді.

Исатай көтерілісінің соңы — 69—70-інші жылдағы ауа. Бір өшіп, бір сөніп, Исатайдың жаққан оты қырық жылдай тұтанды. Ақырында ауада жалпылдап тағы жалындады. Бірақ қырық жылдың ішінде заман өзгерген еді. Патша үкіметі өте күшейген еді, қазақ әлсіреп, езілген еді. Езілгеннің белгісі ауада ел ала ауыз болды. Бір бөлегі үкіметке бағынып қалды. Көтерілгендерінде де бірлік болмады. Бүтін Кіші жүзге бас боларлық бір адам шыға алмады. Алаша Сейіл, байбақты Беркін, табын Алдаш, Дәуіт, шекті Есет, адай Иса секілді көтеріліске бас болған адамдар өз руынан жоғары көтеріле алмады, қанатын кең жаюға бірінің де қолынан келмеді.

Полферов деген орыстың сынында 1869—1870-інші жылғы ауа “бұғауларына үйренген құлдардың көтерілісі еді”<sup>1</sup>.

\*\*\*

Патша үкіметіне Исатайдың көтерілісі көп тәжірибе берді:

1). Төрелер арқылы қазақты ұстап тұра алмайтындығына көзі жетті. Хан, сұлтандардың қазақ арасында әбден кәдірсіз болғанын, қазақтың төрелерге енді бойсұнбайтынын жақсы түсінді. Хан, сұлтандарды итеріп тастап, жылдамырақ бұлардың орнын өзі басуға қам қыла бастады.

1844-інші жылы Кіш жүз қазақтарын билеу туралы бірінші толық заң шықты. Хан мен сұлтандардың қолында жарытып билік қалмады. Биліктің бәрі Орынбор ғұбырнатыры мен пограничный кемисиеге көшті. Бөкейліктегі хан, Орал, Торғайдағы сұлтан-прабитілдер ғұбырнатырдың шенеунигіне айналды. Бұлардың жанындағы қорғауға қойылған әскердің саны бес жүз салдатқа жеткізілді. Ел сардарлыққа (дистанцияға), ауылдарға (местілікке) бөлінді.

2). Қазақтың о заманғы әлеуметшілігінің бір түрі ру еді, рулықтан туған батырлар, билер еді. Үкімет руды жоюға, батырларды, билерді жоюға қам қылды.

Ру сезімін бәсеңдету үшін қазақты руға бөлмеді, әуелі бөлімге (шаске), сардарлыққа (дистанцияға), местілікке бөлді, кейінірек үйезге, округке, болысқа бөлді.

Көтеріліске ұйытқы бола берген шекті, адай секілді бір талай ірі руларды бірнеше облысқа, үйезге, болысқа бөліп жіберді.

Шен, шекпен, орын беріп, қазақтың ішінен өзіне сенімді адамдар шығара бастады. Ауа секілді қысылшаң заманда бұндай адамдардың үкіметке зор пайдасы тиді.

Сардар, местий болыс, ыстаршинаны ел сайлайтын, сұлтан-прабитіл ояз тағайындайтын қылып, “ыштат” шығарды. Қазақтың билікке өш сезімін қоздырып, елдің ішін қым-қиғаш талас қылды. Әр ауыл, әр болыс әкім болу үшін үкіметтің адамына жүгінетін болды. Қазақтың ұлт сезімі, бірлік сезімі бірден-бірге кеміп, бара-бара далада қалды. Бұрынғы билердің орнына атқамінерлер мінді, бұрынғы батырлардың орнына барымташы-ұрылар пайда болды.

3). Әбден езу үшін үкімет қазақтың шаруасын күйзелтіп, өнемейін құртуға ойланды. Қазақтың жерін тартып ала бастады.

Қазақтың арасына жемқор саудагерлерді айдады. Жүт көбейді. Ел жарлы бола бастады. Екеномике жағынан қазақ нашарланды, орысқа құл бола бастады.

4). Жайық бойындағы қазақтың көтерілісіне өнемейін сүйеу болып, жан беріп отыратын Сыр менен Маңғыстаудың елдерін шынымен бағындыруға кірісті.

1839-ыншы жылы Перовский жанарал Сыр менен Қиуаны жаулап алуға аттанды. Қазақтың қақ ортасына, Жемнің басы мен Шошқакөл деген жерге екі қорған салды. Ақыраптың 21-інші күні Орынбордан шыққан көп әскер дәлудың 25-інші күні қыстың қаттылығынан өліп-талып Шошқакөлге азар жетті. Суықтан, аштан үш-төрт мыңдай кісіні қырып, есепсіз дүнианы жойып, 1840-ыншы жылы жазына Перовский Шошқакөлден Орынборға кері келді. Бірақ Сырға жете алмағанның өшін қазақтан алды. Шошқакөлден қайтарында Баймағамбет төре мен Бижә-

<sup>1</sup> Полферов. Среди инородцев.

нов деген Орал орысын бас қылып көп әскер жіберіп, Жем бойындағы, Атыраудағы, Шыңдағы, Самдағы, Сағыздағы қазақтарды шаптырып алды. Сыр мен Қиуаны ала алмаса да, қазақты бекем жүгендеуге үкімет бел байлады. Ел ішіне қорғанды салып, әскер қоюға кірісті. 1830-ыншы жылы Маңғыстауға салған қорғанды қайта күшейтті. 1845-інші жылы Ырғыз бен Торғайға екі қорған салды, 1846-ншы жылы Арал теңізінің жағасына Райым деген қорған салды. 1848-інші жылы Қарабұтақ деген жерге қорған салды.

Биленттеп қазақ жерін қағазға түсіруге ел ішіне бірнеше рет әскерлі кемисиелер жіберілді.

Саудагерлердің, көршілес орыстардың не болмаса сұлтандардың шағымы бойынша, үкіметке қылмысты саналған қазақтарды жазалау үшін де ел ішіне әскер жиі шығатын болды.

Сөздің қысқасы: Исатайдан соңғы он жылдың ішінде Жайық пен Сырдың арасын орыстың әскері шар қылды.

Ел ішіне орнаған, ел қыдырған үкімет әскері қазақтың арасындағы қатынасты кемітіп, қазақтың бірлігін жоюға себеп болды. Әскерден сескеніп, оза көшіп, кең жайыла алмай, жайлы қыстаулықты емін-еркін қоныстай алмай, жазы-қысы үркумен болып, қазақтың малы жұтқа шалынғыш болды.

\*\*\*

Исатай беріш руынан, беріштің жайық деген бөлімінен. Исатайдың ата тегінің тізілісі мынау:



Елдің сөзіне қарағанда Исатайдың тегі — шынжырлы батыр. Бесінші буындағы бабасы — беріш деген рудың ұранына шыққан Ағатай. Исатайдың тұқымдары осы күні Бөкейлікте.

Исатай қырық тоғыз жасында 1838-інші ит жылы әсетің он екінші күні соғыста өлді. Сүйегі Темір үйезіндегі Қиыл деген өзеннің бойындағы Шолақмолда деген молада.

## МАХАМБЕТ БАТЫР

Заманындағы Кіші жүздегі батырлардың бәрі де Исатайға жолдас болған. Бас-басына бұларды тексеруге мағлұматымыз жетпейді.

Тек азды-көпті хабарымыз бар бірнеше бас жолдастары туралы ғана айтпақшымыз. Алдымен Махамбет туралы.

**Өтемісұлы Махамбет батыр** — бастан-аяққа дейін қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы.

Махамбет беріш руынан, жайық арысынан. Махамбеттің атасы — Өтеміс, Өтемістің атасы — Құлмәлі. Мәлі деген кісі жауда қолға түскен тұтқын екен. Жайық беріш Тумаш деген адамның балалары еншілес қылып алған. Өзін-өзі қызылбастың Нәдірше деген патшасының тұқымымын дейді екен. Құлмәлі деген бұ күнде Гурьев үйезінде Тайсойған деген жерде бір бөлек ел. Құлмәлінің тұқымынан би де, батыр да, шешен де, әулие де шықты деп қазақтар ұлықтайды.

Өтеміс Айшуақтың, Бөкейдің заманында қазақтың қабырғалы биінің бірі болған.

Махамбеттің Бекмағамбет деген ағасы Жәңгір ханның орда биінің бірі болған, ханды жақтап, Исатай мен Махамбетке қарсы болған.

Махамбеттің өзі де жас кезінде Жәңгірдің нөкерінде екен. Исатай ханға қарсы бола бастағанда-ақ Исатайға еріп кеткен.

Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызулы адам екен. Әдіс, шеберлікке кем болса керек. Бағыт алған жағынан тайынбайтын қарыспа ер екен.

Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған.

Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерге, ауылдарда қыдырып жүріп өлең айтып, домбыра тартып, жұртты қыздыратын еді дейді-мыс. Махамбет мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған. 1838-інші жылы қауыстың 23-інші күні Бөкейлікте Бекайдар деген жерде Исатайды отыз жолдасымен орыстың отряды қамайды<sup>1</sup>. Махамбет жолдасымен мылтық атып, садақ атып, найза жұмсап отрядты қайырып, Исатайды екі жолдасыменен шығарып жібереді. Исатай құтылған соң Махамбет жолдастарымен орыстан қашады.

Қуғыншылар соңынан қалмай қуып, Махамбетті ұстауға таянады.

Сонда Махамбет астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамығын жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып жіберіп, құтылып кетеді.

Махамбеттің мінезі Исатайдікі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес, Махамбет жақсы үндеуші (әгитетір), жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы. Ананы-мынаны істеп келге табылмайтын адам.

<sup>1</sup> Сербаринов. Исатай Тайманов, стр. 16, 17.

Махамбеттің осындай екендігі тарихты тексергенде, елдің аузындағы әңгімені тыңдағанда көрініп тұр.

Исатай өлген соң-ақ, Махамбет көпті ерте алмады. Исатайдың құрастырған елінен айырылып қалды. Бұған Исатайдың өлімі себеп болды. Көптің тауы қайтты. „Жорықтың алды оңбаған, арты да оңбас“ деген пікір жұртты меңгерді.

Махамбеттің мінезі де, Кенесарының жолдасы Наурызбайдың мінезі де тексере келгенде бір-біріне өте ұқсас келеді. Екеуінде де ерлік бар да, көпті ертетін тәсіл аз.

Рушыл, ата-текті сыйлаған қазаққа Махамбеттің Құлмәлінің немересі болғандығы да әсер берсе мүмкін.

Махамбеттің жыраулығы күшті болды. Махамбеттің сөзі көп болған. Көбі жойылған. Ел арасында сақталған сөздерінің бір қатарын осы кітапшада келтіріп отырмыз.

Махамбеттің сөзінің ішінде ел ішіне көп жайылғаны — Баймағамбет сұлтанға айтылғаны.

Әлімұлы, байұлы, жетірудың арасында осы өлең көп жайылулы. Біздің қолымызда ел ішінен жиналған осы өлеңнің бірнеше нұсқасы бар. Айтушылардың көбі бірақ Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан. Жетірудың ішінен жиылған нұсқаларда қаталар өте көп, кейбір жерлерінде сөздің негіздерін өзгертіп жіберген.

Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп, Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды. Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғанда, бабтарға бөлгенде сөздердің орны аумасып кетуі мүмкін.

Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал, қарасақалдары біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді.

Ісін аяқтаймын деп Исатайдан кейін Махамбет біраз уақыт әуре болып жүреді. Бірақ елді біріктіре алмайды. Исатайдың жолдастарын, оның ішіндегі Махамбет секілді бастықтарын ұста деген үкіметтің қатты бұйрығы шыққан.

Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбет ақыры ұсталуына көзі жеткен соң, байұлының адамдары басы Үбі, Байнақ дегендер болып, Махамбетті зорлап Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен үкіметке ұстап бермейтін қылып, ел ішінде жүре беруіне рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң, Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару-жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан „бір-екі ауыз өлең айтыңыз“ деп өтініш қылады. „Менің сөзім сізге жақпас“ деп батыр айта қоймайды. Баймағамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап, Байекені боқтап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сөзіне ашуланып қызған екен, „Бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем мен хан болам ба?“ деп Байеке оларды тоқтатыпты-мыс.

„Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетіне қарай алмадық, кеткенше асық болдық“ деп ертіп барушылар талай айтқан екен-мыс.

„Сөзімді жаратпай, бірдеңе істейін десе, со жерде Байекені қасындағы жолдастарымен жарып тастайын деп отыр едім“ деп Махамбет соңынан айтыпты-мыс.

Махамбетті бұлай қылмайды деп ешкім ойламаған, Байеке де бұны сезсе керек.





## ИСАТАЙ КІМ?

Исатай — Бөкейліктің қазағы, руы байұлы беріш. Беріштің ішінде жайық, жайықтың ішінде ағатай.

Исатайдың әкесі Тайман, Тайманның әкесі Бекәлі, Бекәлінің әкесі Боқай, Боқайдың әкесі Ағатай. Исатай 1789-ыншы ит жылы туды; 1838-інші ит жылы әсеттің (үйілдің) 12-нші күні Темір үйезінде Қиыл деген судың бойында соғыста өлді.

1830-ыншы жылдардан бастап Исатай Бөкейліктің Жәңгір деген ханына қарсы болды. Ақырында елді топтап, ханмен жауласты. Ханға патса үкіметі болысты, Исатайға қарсы көп әскер жіберді. Исатай жеңілді. 1837-нші жылы қашып Жайықтың бергі бетіне өтті. Әлім деген рудың ішіне келіп, қазақты үкіметке қарсы көтерді. Бүтін Кіші жүз соңына ерді. Қиуа мен түрікпен жәрдемдес болды. 1838-інші жылы хандарға, патса хукіметіне қарсы соғыс ашып, өзі Оралға келеді. Аз ғана әскермен жортуылаға шыққанда, абайламай үкіметтің көп әскеріне кез келіп қалып, соғысып өлді.

Исатайдың соңына Бөкейлікте де, бергі бетте де елдің бәрі ерді.

Исатайдың ұраны — хандарды, сұлтандарды жою, билікті қара қазақтың өзіне беру, бұзық билерді жоғалтып, әділдік түзеу, орыстың заңонын тастап, елге қазақтың әдетінше билік жүргізу, қазаққа жақсы қоныс алып беру, хандардың, төрелердің, келімсектердің тартып алған жерлерін қайтарып алу.

Кіші жүздің үкіметке жасаған тәртіпті қозғалысының соңы — Исатай қозғалысы. Бұнан кейінгі қозғалыстар ығи тәртіпсіз болды.

Исатайдың қозғалысы патса үкіметіне де, қара қазаққа да көп әсер берді.

Исатайдан соң патса үкіметі қазақты жүгендеуге шындап кірісті. Түркістанды жаулап алуға бел байлады.

Қара қазақ ханнан күдер үзді. Өзінің күшіне сенімі кетті. Елдің көңіліне „Асан қайғы“ кірді.

Исатайға заманындағы батыр-билердің көбі-ақ жолдас болды. Исатайдың бас жолдастары мыналар: беріштен Махамбет батыр, байбақтыдан Жүніс, алашадан Ырсалы, ысықтан Қалдыбай мен Қабыланбай, әлімнен Есет батыр, танадан Науша, Есімханұлы Қайболды төре, тағы талайлар...

Исатайдың қозғалысын басқан соң үкімет елге қатты тиді. Исатайшыларды Бөкейлікте Жәңгір хан тергеді. Оралда Баймағамбет сұлтан тергеді. Көп адам жазаланды, қуғын-сүргін көрді. Исатай туралы толығырақ мағлұмат менің „Исатай-Махамбет“ деген кітепшемде берілген.

## БАЙМАҒАМБЕТ КІМ?

Баймағамбет төре — Кіші жүзде болған Айшуақ ханның баласы, орыс үкіметіне бағынған белгілі Абылқайыр ханның немересі. 1830-ыншы жылы нөйбірдің 25-інші жаңасында Орынбор қазақтарының күнбатыс бөліміне (осы күнгі Орал, Маңғыстау) сұлтан пырауитил болды. Қара қазақ Баймағамбетті хан деп сөйлейді.

Патса үкіметінің жәңгірлік саясатын жүргізуге үлкен құрал болды. Патса үкіметіне қазақты жуасытып, езіп беруге көп себеп болды.

Баймағамбет заманында қазақты қорқытып, елді тыныштануға үкімет тарапынан бірнеше құралды күш жіберілді.

1831-інші жылы Атырау теңізінің жағаларын тексеруге, қорған саулауға орын табуға қазақ ішіне Карелин бас болып, бес зеңбірекпен әскер шықты.

1834-інші жылы Карелин мен Мансуров екінші рет шығып, теңіздің жағасына Қайдақ деген қолтыққа, Қызылтас деген жерге қорған салды. Қорғанға көп әскер қойылды. Атырауға жағалай пекеттер қойылды. Қызылтастағы қорған 1846-ншы жылы Маңғыстаудың Түпқарағанына көшірілді. Осы күнгі Кетік (Порт Александр) сол.

1836-ншы жылы жаз күні адайды жуасытуға төрт кемемен Үйшіктен әскер шықты.

1836-ншы жылдың күзінде, қысында Маңғыстаудағы адайды көп әскермен барып Мансуров шапты.

1837-нші жылы қазақ арасына үш рет әскер шықты. Бірінші әтірет Қобданың бойын, Жемнің басын, Мұғалжар, Ырғыз алаптарын аралап, Борсыққа дейін барып, елді тыншытып қайтты. Екінші әтірет Қобда, Елек бойын тыншытып қайтты. Үшінші әтірет Тайсойған, Қаракұл, Қарабау деген жерлерге барып, елді жуасытып қайтты.

1838-інші жылы Исатай мен Махамбеттің қозғалысын басуға қазақ арасына үш бөлек күшті әскер шықты. Бұлар Исатайды өлтіріп, қозғалысты басып қайтты.

1839-ыншы, 1840-ыншы жылы Орынбордың жанарал-ғұбырнаторы Перовский Қиуаға аттаңды. Жемге, Шошқакөлге қорғандар салынды. Азық, көлік, басшы қазақтан алынды.

1840-ыншы жылы Оралдың қазақ-орыстары бастығы Бизанов жанарал мен Баймағамбет барып Темір, Жем, Сағыз бойындағы елді аралады, Перовскийдің әскеріне азық, көлік, адам бермеген қазақтарды шапты. Үстіртке қарай өрлеп, Самға дейін барды. Самнан Жайық бойындағы Кінез (Калмаков) деген қалаға қайтты.

1843-інші жылы жазды күні Баймағамбет Ойыл бойына келген Кенесары-Наурызбайға қарсы шықты. Сол жылы күзіне орыстың көп әскерімен бірге Кенесарыны қуып, Баймағамбет Мұғалжар тауына дейін барды.

Осы жоғарғы айтылған жортуылдардың бәрі де Баймағамбеттің өзі жүрді. Әскерге басшы болды, азықшы болды, жәрдемдес болды.

Баймағамбеттің әсіресе көп еңбек сіңірген жері 1838-інші жылғы Исатайдың қозғалысы мен 1840-ыншы жылғы Перовскийдің аттанысы.

Баймағамбеттің заманында Оралдағы адай көнбей, ауып кетіп, Қиуаға бағынды. Патса үкіметі мен адай көп жанжалдасты. Ақырында бағынды.

1847-нші жылдың басында Баймағамбет сұлтан Петерборға барды. Патса көп құрмет көрсетті, жанарал шенін берді. Жазға салым Петербордан қайтып келе жатып Орынборға түсті. Жанарал-ғұбырнаторда қонақта болды. Баймағамбеттің ауылы Електің сағасында, судың құншығыс бетінде. Қамалдың (марттың) 28-інші күні Елек суынан қайықпен өтпекші болады. Тасқынның қатты екенін айтып, өтудің қауыптығын білдіріп, жиылған жұрт сұлтанды тоқтатпақшы болады. Сонда Байеке: «Судың жанаралда несі бар, жанаралдың суда несі бар. Қайықты салыңдар», — деп әмір береді.

Қайыққа мінген сегіз адамнан жаңғыз ғана Тауке ұлы Әлен аман қалады, өңгесі суға кетеді. Әленді бір қолынан қайыққа байлап қойған екен, аман қалуына сол себеп болыпты-мыс.

Әлен — Баймағамбеттің немере інісі, Баймағамбеттің орнына сұлтанпырауитил болды. Баймағамбет 57 жасында өлді.



## ЛЕГЕНДА О ПОСТРОЙКЕ МЕДРЕСЕ КОГЕЛЬТАШ В БУХАРЕ

Среди населения Бухары и Ташкента курсируют предания, приписывающие постройку известного медресе Когельташ в Бухаре казаку. Об этом мне рассказывал ташкентский житель М у н а в в а р - К а р ы А б д р а ш и т о в в октябре 1923 г., когда мы, как участники всеузбекского научного съезда в Бухаре, жили в упомянутом медресе. К сожалению, Абдрашитов не мог мне сообщить никаких подробностей. Впоследствии я стал наводить справки о том, не находят ли такого рода предания в обращении среди самих казаков; оказалось, что у туркестанских казаков действительно имеются предания о постройке медресе Когельташ одним из их соплеменников. Вот вкратце содержание одного из таких преданий, рассказанного мне казаком из рода Тама, Курчуской волости Туркестанского уезда, О м а р о м Д и х а н б а е в ы м и переложенного в стихи казаком Кызыл-Ординского уезда Ж у м а н а з а р о м У р у м к у л о в ы м:

„Во время оно, когда таджики, узбеки и казаки подчинялись Бухарскому хану, в Бухаре был мулла по имени Шамси-Мухаммед. Этот мулла сообщил своему хану, что в степи есть кочующий народ, называемый к а з а к, который не знает, как следует, истинной религии Мухаммеда и не выполняет правил шариата, а потому он, мулла, предлагает хану объявить казаков неверными и разрешить их продавать на рынках, как рабов.

Хан созвал совет. На совете решили, что объявлять ни с того, ни с сего целый народ неверным неудобно, а нужно сперва пригласить их представителей и проэкзаменовать их в знании правил шариата. Если же они не сумеют, ответить на вопросы мулл, тогда всех казаков объявить неверными и разрешить их продавать, как рабов, на базарах.“

Когда казаки услышали от посланных Бухарского хана о его решении, то создали большой совет, чтобы решить вопрос, кого послать в Бухару держать ответ перед ханом и муллами. Долго думал совет, как ответить и кого послать. В это время один казак, по имени Коге, попросил разрешения совета ехать в Бухару дать ответ муллам и избавить казакский народ от рабства. Совет разрешил.

Прибыл Коге в Бухару как раз ко времени полуденной молитвы, вошел в мечеть, где служил мулла Шамси-Мухаммед, и стал вместе с другими молиться.

У двери мечети стоял солдат с кнутовищем в руках и следил за молящимися. Когда кончился намаз и все молящиеся сели в круг для последней молитвы, Коге сделал б а т а (поднятие руки ладонью вверх и подношение руки к лицу) руками, спрятанными в рукава. Мулла Шамси-Мухаммед закричал солдату: „Возьми этого человек и накажи его, так как он не знает правил шариата“.

Тогда Коге сказал: „Подожди мулла, если бог слышит только голого, то сними одежду и молись нагишом. Почему при молитве руку держать

\* Здесь и далее „казак“ — принятое в 20-годах написание слова „казак“ — *Рег.*

обязательно нагишом, а остальное тело закрывать одеждой. Где сказано в священных книгах, что аллах слышит только молящихся в одежде. Пойдем к хану, пусть он разрешит наш спор".

Мулла замолчал и не нашелся, что ответить. Представ перед ханом Коге попросил у него разрешения прожить четыре-пять лет в Бухаре, чтобы доказать, что он и его народ — казаки — мусульмане. Хан разрешил.

После этого всех коней, одежду и даже провизию, привезенную с собой Коге роздал нищим и сделался бедняком. Коге решил жить и собирать имущества своим праведным трудом. Стал он ходить за город нарывать травы, делать из них веники и продавать на базаре. Питался он самым малым и на остатки вырученных от продажи веников денег стал покупать кур. Вскоре у Коге развелось несметное количество кур. Потом он стал выделывать кирпичи. Когда наделал очень много кирпичей, он пришел к хану и попросил разрешения построить мечеть. Хан разрешил. Тогда Коге попросил у хана мастера для постройки, при чем поставил условием, чтобы мастер удовлетворял тем требованиям, которые предъявит Коге. Хан согласился, созвал всех мастеров Бухары и приказал Коге выставить свои требования.

Коге сказал: „Мне нужен такой мастер, который поклянется, что 1) он всю жизнь совершал пятикратный намаз и ни разу его не пропустил; 2) никогда не ступал на землю без требуемого шариатом омовения и никогда не имел злых помыслов; 3) никогда не совершал прелюбодеяния и всегда вел благочестивую жизнь; 4) всегда удовлетворял нищего, подходившего к его двери; 5) всегда исполнял обязанности истинного мусульманина; 6) всегда угощал всякого проходившего, не спрашивая, откуда и зачем он явился; 7) всегда говорил всякому правду в глаза, несмотря на его положение; 8) никому никогда не кланялся, кроме бога. Только такому человеку я по обету могу разрешить начать постройку мечети".

Никто из бухарских мастеров не мог дать такой клятвы, и все отказались приступить к постройке.

Тогда хан приказал объявить всем жителям Бухары условия Коге и вызвать охотников. Никто не откликнулся на призыв хана. Когда в Бухаре не нашлось ни одного человека, удовлетворяющего требованиям Коге, последний объявил хану, что он дает вышеуказанную клятву, и приступил к постройке мечети. Без всякой посторонней помощи Коге сам один построил стены мечети и тогда только разрешил мастерам докончить и разукрасить мечеть.

Диву давался народ бухарский при виде новой мечети, и так как благочестивым человеком во всей Бухаре оказался один Коге, то эту мечеть называли именем Коге — Когеташ, переделанную со временем в Когельташ, что значит строение Коге.

Раз ночью, пришедши в свою мечеть помолиться, увидел, что в мечети собралась масса народу, и развлекается этот народ, слушая пение, игру на дутарах и пляски певиц. Ужаснулся Коге этого кощунства и заплакал. Потом взял он в руки топор и стал рубить стены мечети. Хотел разрушить он свое строение, чтобы построенный им храм не осквернялся развлечением нечестивых. Тогда прибежал к нему мулла Шамси-Мухаммед, находившийся в числе развлекающихся, и сказал: „Подожди Коге, это строение настолько святое и благочестивое, что в таком виде остаться на земле оно не может, если его не осквернить. Это мы узнали из священных книг. Поэтому мы, муллы, нарочно устроили этот пир здесь, чтобы твой Когельташ навеки остался на земле, иначе он или вознесся бы на небо, или провалился бы в землю. Мы узнали также, что на свете нет чело-

века благочестивее тебя и здания святее построенного тобою". Поверил Коге мулле и, явившись к хану Бухары, сказал: „Если мои дела признаны благочестивыми, то издайте приказ, признающий казакский народ истинными мусульманами и избавляющий его на вечные времена от продажи в рабство и обращения в невольников“.

Хан удовлетворил просьбу Коге и велел наказать розгами муллу Шамси-Мухаммеда, возведшего клевету на целый казакский народ, а потом приказал его повесить.

Избавив свой народ от рабства, Коге отправился в Мекку и там отошел в вечность.

Таков был Коге — избавитель казакского народа от рабства, и его строение, названное Когельташ, находится поныне в Бухаре и стоять там вечно до конца мира“.

Таково предание.

Из упомянутых в легенде лиц мулла Шамси-Мухаммед является, видимо, личностью исторической, и его можно отождествить с тем муллою Шамсуддин-Мухаммедом, самаркандским уроженцем, жившим во времена султана Хусейна Байкары в Герате, фетвою которого, как повествует В ам б е р и, в 945 г. х. (=1538 г. н. э.) персы были объявлены неверными и изгнаны. „Фетва эта, говорит Вамбери, причинила много горя несчастным иранцам: ...без фетвы их нельзя бы было продавать на рынке фанатической Бухары, потому что они не были бы закеймены названием кафира, а только кафиры можно продавать“.<sup>1</sup> Только в нашей легенде мулла Шамси-Мухаммед предлагает хану объявить неверными не персов, а казаков.

Род Тама, представитель которого рассказал мне эту легенду, принадлежит к Младшей Орде; в роде Тама имеется подрод Атамшала, а в подроде Атамшал имеется колено Коге. В настоящее время колено Коге проживает в Актюбинском уезде (волости Уйсылкаринская, Бестамакская, Бурлинская, Буртинская, Каратугайская). По преданиям казаков, Атамшаловцы и Когинцы пришли в Актюбинский уезд из Бухары и Сырдарьинской области лет 200 тому назад<sup>2</sup>. Казаки колена Коге и считают, что строителем Когельташа был предок Коге<sup>3</sup>.

\* Фетва (араб) — в мусульманских странах решение высшего религиозного авторитета (муфтия) о соответствии того или иного действия или явления Корану и шариату — *Peg.*

<sup>1</sup> Вамбери А. Очерки Средней Азии. Москва, 1868, стр. 182-183.

<sup>2</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Тургайская область. 7. Актюбинский уезд. Том VII-й. Воронеж, 1903. Примечания к пообщинным таблицам Актюбинского уезда, стр. 37-38.

<sup>3</sup> По данным Вакуфного Управления в Бухаре постройка медресе Когельташ относится к 976 г. х.; на это медресе существует следующий тарих: *كنگ دلكشا*, что действительно соответствует 976 г. х. Некоторые читают *كنگ دلکشای*; тогда мы будем иметь 986 г. х. В Бухаре постройку этого медресе приписывают Куль-Баба Кукельташу, современнику хана Абдуллы.

Что касается личности муллы Шамсуддин-Мухаммеда, то, напр., по данным Каля №3, л. 121-б), он был современником хана Убейдуллы (940-946 г.г.х.) и Мир-Араба, известного строителя медресе в Бухаре. Медресе Кукельташ, связанное в легенде с именем Шамсуддин-Мухаммеда, согласно историческим данным, было построено позднее. По данным того же труда Мухаммед Я'куба (л. 121-б) фетвою ахунда дамиллы Шамсуддин-Мухаммеда персы-шииты действительно были объявлены неверными, вследствие чего было признано возможным совершать над ними куплю и продажу. Пятая часть вырученной от этого суммы была дана хану Убейдулле, который, в свою очередь, передал деньги сейидам и улема; последние большую часть денег передали эмиру Абдулла Йемени, известному под именем Мир-Араба, который построил на эти средства медресе в Бухаре в 942 г. х.

## РОДОСЛОВНАЯ ЖАЛАНТУС-БАТЫРА (ЯЛАНТУШ-БАХАДУРА), СТРОИТЕЛЯ МЕДРЕСЕ ТИЛЛЯ-КАРЫ И ШИР-ДОР В ГОРОДЕ САМАРКАНДЕ

Среди многочисленных примечательностей гор. Самарканда привлекает особенно внимание городская площадь Регистан, обставленная с трех сторон тремя замечательными по архитектуре и отделке медресе „Тилля-кары“, „Шир-дор“ и „Мирза-Улугбек“.

Площадь Регистан играла в прежние времена в жизни Самарканда такую же роль, как Красная площадь в Москве: с этой площади объявлялись народу всякие важные правительственные акты и сведения, и на этой же площади происходили всякие народные собрания, как для решения общественных дел, так и для поклонения святыням и совершения общественных богослужений.

Медресе Тилля-кары, т. е. „Раззолоченная“ образует обширную прямоугольную постройку с двором внутри, причем высокий квадратный фронтон, наружные стены и минареты облицованы цветными золочеными изразцами, образующими изящные арабески, а на дворе расположены около 25 келий (худжра) для учащихся, внутренние стены мечети тоже расписаны разноцветными и золочеными рисунками арабесками.

Медресе Шир-дор, т. е. „Украшенная львами“, представляет величественное здание, снаружи облицованное разноцветными изразцами, образующими причудливые арабески.

Фронтон Шир-дора образует величественную арку, над которой нарисованы изображения двух львов с раскрытой пастью. Во дворе имеется мечеть и помещение (худжра) для учащихся.

Внутренность мечети тоже покрыта арабесками.

По преданиям жителей гор. Самарканда строителями этих двух замечательных медресе является эмир Ялантуш-Бахадур.

Действительно, на внутренней стене портала Шир-дора имеется следующая надпись на персидском языке<sup>1</sup>:

«آمير سعور عادل بلندکوش بهادر آمد  
پس مدبج کماش زبان نائقه پرورد  
بغای مدرسه کرد آنجانکه زمین را  
باوج چرخ رسانید از الوای تفاخر  
بالها نرسد بر فراز طاق رفیعش

<sup>1</sup> Оригинал надписи по нашей просьбе скопирован Юнусовым Гази, за что ему приносим благодарность.

عقاب عقل به نیروی سعی وبال تدبیر  
 بقرنها نرسد بیدر سر منار منیعش  
 حریف پرفتن اندیشه با کمند تفکر  
 چو راست کرد مهندس موخم طاقش  
 فلك ز ماه نو انكشت میگرددز تخیر  
 بلنكتوش بهادر چو بود بانیش آمد  
 حساب مال بنایش بلنكتوش بهادر.

Перевод этой надписи гласит<sup>1</sup>:

„Эмир — полководец, справедливый Ялантуш; язык, могущий выразить слова восхваления его совершенств — жемчуг; такое медресе он соорудил на земле, что его высотой земля возгордилась перед небом, в несколько лет не долетит наверх высокой его арки с большими усилиями крыльев орел ума; в несколько карнов (карн — век, поколение) не взберется на вершину его башен искусный хариф (ловкий вор) мысли по команду (команд — канат с крюком на конце, по которому в прежние времена, забросив крюк на стену, харифы взбирались наверх). Когда архитектор изобразил свод его арки, то небо от удивления прикусило новую луну, как палец (знак удивления и зависти); так как Ялантуш-Бахадур был основателем его, то год постройки назван Ялантуш-Бахадур“.

Если сложить численные значения букв (арабских), составляющих слова „Ялантуш-Бахадур“, то получится год постройки: 1028 по Хеджре, что соответствует 1619 г. по Р. X.

Кто такой этот эмир Ялантуш-Бахадур, построивший в начале 17-го века такие здания, великолепие которых до сих пор удивляет весь мир?

В русской литературе до сего времени этот вопрос остается совершенно не выясненным и в известной нам исторической литературе о Средней Азии об Ялантуше говорится только вскользь, как о строителе великолепных зданий, но каких-либо подробных данных о нем не имеется.

Левшин в известном своем труде „Описание казачьих орд и степей“ (2-ой том, стр. 60) говорит, что когда казакский хан Жангир (т. наз. Великолепный), сын хана Есима Храброго, в 1643 году с 600 воинами победил пятидесятитысячное войско Калмыцкого хана Контайшы-Батура, к нему (Жангиру) на помощь явился какой-то „татарский князь Ялантуш с 20 000 всадников“, но кто такой этот князь, автор умалчивает.

Масальский в „Туркестанском крае“ пишет, что медресе Тилля-кары и Шир-дор построены „эмиром Ялантушем-Бахадуром (полководцем Имамкули-хана) из узбекского рода алчин“, но откуда взяты автором последние данные, нам неизвестно.

Среди казаков Младшей Орды Ялантуш-Бахадур определенное историческое лицо, принадлежащее тортькаринскому роду Алимского поколения алчинов, и прямые потомки его проживают в настоящее время в

<sup>1</sup> Перевод Масальского, см. „Туркестанский Край“.

Здесь и далее „казакский“, принятое написание слова „казахский“ — *Рег.*




Казалинском уезде Сыр-Дарьинской губернии, причем имя Ялантуш-Бахадур на казахском языке произносится „Жалантус-Батыр“.

Как известно, все казаки Младшей Орды принадлежат к племени „алчин“, которое подразделяется на три крупных поколения: 1. Байулы; 2. Каракесек, состоящий из Алим и Чомакей и 3. Жетыру (семиродцы).

Казаки Алимского поколения в настоящее время живут в Темирском, Иргизском, Казалинском уездах и Каракалпакской области. В наших руках имеется несколько записей родословной Алимского поколения и во всех этих записях родословная Жалантус-Батыра приводится в одинаковом виде.

Одна из этих родословных<sup>1</sup> записана в 1920 году со слов известного знатока родословных старца Малдимана Шоштаева. По этой родословной



предки и потомки Жалантус-Батыра обозначены так (из обширной родословной мы привели часть, касающуюся только прямых потомков Жалантуса и эту часть довели только, за отсутствием места, до тех лиц, которые образуют колена, существующие в настоящее время).

<sup>1</sup> За доставление этой родословной приносим благодарность учителю И. Касымову.

1. 4 сына Карамашака (Оразгельди, Ораз, Жаншокыр и Караш) по преданию в малолетстве остались сиротами и были прозваны Торт-Кара, т. е. четыре черных. Потомки их образовали среди алимовцев Торткаринский род, проживающий в настоящее время в Иргизском, Казалинском уездах и Каракалпакской области.

Торткаринский род отличался особою воинственностью и выделением замечательных людей и до окончательного замирения казаков имел большой вес среди казаков Младшей Орды.

2. Брат Жалантуса Акша-Бий был в свое время известным бием.

3. Внук Акша-Бия Айтеке-бий был одним из трех законодателей при хане Тяуке (конец XVII и начало XVIII века). Эти три законодателя следующие — Айтеке-бий от Младшей Орды, Казбек-бий от Средней Орды и Толе-бий от Старшей Орды.

4. Правнук Жалантуса, Кара-Абыз, был батырем и по казакским преданиям убит в борьбе с каракалпаками во время хана Младшей Орды Ералия Абулхайрова (Ерали был ханом в 1791—1794 г. г.).

5. Потомки Жалантуса-батыра в настоящее время проживают в Сартогайской волости Казалинского уезда Сыр-Дарьинской губернии.

Среди его потомков до сих пор сохранилось предание, что Жалантус был эмиром в Самарканде.

Само собой напрашивается вопрос, каким образом представитель чистейших казаков Жалантус сделался эмиром Самарканда при узбекских ханах?

Из истории известно, что во времена Жалантуса ханом в Бухаре был Аштарханид Имамкули-хан, царствовавший с 1608 по 1644 год. Главным участником в убийстве последнего Шейбанида Абдулмуминхана был влиятельный казак Абдул-васи (см. Вамбери, том II, стр. 59). Из этого видно, что при Шейбанидах и Аштарханидах представители казаков занимали видные посты. В те времена из простых людей могли занимать высшие посты только те лица, которые принадлежали к господствующей народности — узбекам или являлись представителям многочисленных родов, сильных в военном отношении, так как они могли оказывать большое политическое влияние на судьбу ханства и ханов, напр., при войнах, междоусобиях и дворцовых переворотах.

Приходится допустить, что в Бухарском ханстве жили целые роды или отделения казаков, пользовавшиеся одинаковыми правами с узбеками.

Завоеватели царства Тимуридов были тюрские племена, выходцы из Золотой орды, которых коренные жители тогдашнего Туркестана (джагатайцы, таджики, сарты), называли то узбеками, то казаками (см. „Материалы к истории казак-кирг. народа“ Тынышпаева, стр. 37).

В Шейбани-наме Мухаммеда Салиха говорится, что при завоевании Туркестана участвовали „казаки“ и как на казаков указывается на роды конрат, найман, джалаир, тама и друг. На основании того, что Жалантус-батыр занимал в Бухарском ханстве выдающееся место, нужно предположить, что в числе завоевателей Туркестана были и казаки Младшей Орды (алчин), по крайней мере казаки Алимского рода, к которому принадлежал Жалантус-батыр.

Нахождение в настоящее время среди казаков потомков Жалантуса, Коге<sup>1</sup>, может быть Абдул-васи бия, главных сподвижников Шейбанидов и

<sup>1</sup> См.: Предание о постройке медресе Когельаш в сборнике „Бартольд“, стр. 83—88.

Аштарханидов в периоде установления их господства над оседлым Туркестаном (Бухара, Самарканд), еще раз подтверждает положение, высказанное Тынышпаевым (см.: „Материалы к истории казак-кирг. нарса“, стр. 37 и др.), что в 16—17 веке не было особого этнографического различия между группами кочевников Шейбанидов и Аштарханидов с одной стороны (узбеки) и кочевников Джанибековцев — с другой стороны (казаки), что те и другие имели в своем составе одни и те же роды бывшей Золотой Орды.

---

---

## ЖАЛАҢТӨС БАТЫР

Самарқан шәрінде ескіден қалған түрлі үйлер, тамдар бар. Бұлардың көбі бұзылған, көбінің тек орны бар не тамтығы бар. Бұлардың ішінде осы күні де көруге жарап, өткенді көз алдымызға елестететіні мыналар: 1) Темір ақсақтың моласы; 2) Ұлықбек медіресесі; 3) Шырдар деген медіресе; 4) Тілде-қары деген медіресе. Соңғы үшеуі қаланың ортасында, бір орында — Регистан деген жерде; 5) Шайзында деген әулиенің моласы; 6) Бибі ханым; 7) тағы басқалар.

Самарқандықтардың сөзіне қарағанда Тілде-қары мен Шырдар деген медіреселерді салдырған „Йалаңтош баһадур“.

Медіресенің екеуі де үлкен екі қатар үй. Екеуі де шаршы пыланмен салынған.

Тілде-қарының алды үлкен шаршы биік дуал. Дуалдың ортасында медіресенің шарбағына кіретін үш қақпасы бар. Медіресенің ішінде мешіт, мешіттің төбесінде биік күмбез бар. Қақпаның екі жағында екі биік мұнара бар. Медіресенің екі қатары да толған құжыра. Медіресенің сырты, мұнаралар түрлі асыл бояулы тастармен қапталған. Мешіттің іші де, шарбаққа қараған дуалдың беті де сондай.

Дуалды қаптаған бояу тастардың бәрінен түрлі кестелер жасалған. Кестенің бәрі жазу. Көбі Құранның әйеттері. Кестенің бояулары соншама сақталған — күні кеше істелген секілді. Тілде-қарының бояуының көбі алтын бояу. Сондықтан медіресенің аты парсыша „алтындаған“ деген сөз.

Шырдар да Тілде-қары секілді болып салынған. Қақпаның үстінде, дуалда біріне-бірі қарама-қарсы созылып жатқан екі жолбарыстың сүгіреті байқалады. Шырдар деген сөз парсыша „жолбарысты“ деген.

Медіресенің екеуінде де іште кім салдырғаны туралы жазулар бар деді. Тілде-қарының бұндай жазуын көре алмадым. Ораза уақыты болғандықтан, құжыраның көбі, ішкі үйлердің бір қатары кілттеулі екен.

Ал енді Шырдардың ішкі дуалында қақпаның үстінде мынадай парсы тілінде жазуы бар .

Жазудың тәржімесі:

Сап түзеп әділ әмір Жалаңтөс келді.

Кемеліні мақтауға сөйлеушінің тілі дүрге толған.

Ол адам осы жерге медіресе салды.

Жерден мақтану туын көкке жеткізді.

Неше жылдар тырысса да ақыл құсы менде.

Күмбездің түбіне ойлап жете алмас.

Жүз жылдар тырысса да пән мен пікірге

ие болған адам салушы шебердің

жасаған күмбезін тани алмас.

Жана да бұны көріп

көктегі жаңа ай таңданып бармағын тістеді.

Бұны салдырған Жалаңтөс батыр келді.

\* Жазудың көшірмесін 71—72-беттерден қараңыз. — *Рег.*


Салыну тарихы „Иланктош баһадыр“. 1028.

„Иланктош баһадыр“ деген сөзді әбжетке салып ежіктеп көргенде — „бір мың жиырма сегіз“ деген сан шығады.

Шырдардың салынуы мұсылман есебімен 1028-інші жыл. Аурапа тіліне аударғанда 1612-нші жыл болады. Шырдардың салынуына Аурапа-ша есеппен 313 жыл болған. Мұсылманша есеппен 323 болған.

Самарқан үйезінде Дәбіт („Дабит“-тың мағанасы он тал деген) болысы, қыстағы бар. Осы қыстақта Мақтым ағзам деген әулиенің кәбірі бар. Саманқандықтардың айтуына қарағанда, Жалаңтөстің моласы осы әулиенің моласымен бірге. Мақтым ағзам Жалаңтөстің пірі екен. Дәбіт қыстағы Самарқаннан он шақырым жерде.

Жалаңтөс — қазақ, руы Кіші жүздегі әлім. Біздің қолымызда шөмей Шантайұлы Молдыман деген қарттың айтқан шежіресі бар. Осы шежіреде Жалаңтөстің тегі былай айтылған:



Қарамашақтың төрт баласының тұқымы осы күні әлімнің ішінде „Төртқара“ болып атанады. Қара абыз батыр — арғын Жәнібек, тама Есет, дулат Төле бидің замандасы. Халықтың аузындағы сөзге қарағанда

Қара абыз батыр қарақалпақтың Қабыл деген батырымен Ерәлі ханның заманында соғысып, алпыс екі жасында өлген. Жалаңтөстің тұқымы осы күні Қазалы үйезінде Сарыноғай болысында.

Вамберидің тарихына қарағанда, Бұқараға 1640-ыншы (мұсылманша 1050-інші) жылға дейін отыз сегіз жыл хан болған Бақан-Мұқамбет ұлы Сұбқанқұл хан. Ол заманда Самарқан Бұқараға қараған.

Шырдардағы жазуда Жалаңтөсті әрі әмір, әрі батыр дейді. Молдыман-ның шежіресінде Жалаңтөсті Әмір Темірдің уәзірі дейді. Мұнысы қата.

Хандыққа ағасымен таласқанда Жалаңтөс Сұбқанқұлға жәрдем берген батыр болса керек. Соның үшін Сұбқанқұл оны Самарқанға әмір қылса керек.

Вамберидің айтуынша, 1597-нші жылы Абдылда хан ұлы Абдылмұмын ханды өлтіруге себепші болған Абдылуайыс бін деген қазақ Сұбқанқұлдың өте жақын досы болған.

Осыған қарағанда Аштарханнан шыққан Бұқараның бастапқы хандарының тіреуі қазақ болса керек.

Жалаңтөстің қашан өлгені белгісіз. Левшиннің айтуынша, 1835-інші жылы Еңсегей бойлы Ер Есімнің ұлы Жәңгір қалмақпен соғысқанда, Жалаңтөс батыр жиырма мың әскермен Жәңгірге жәрдемге келген.

Он жетінші әсірдің басында Жалаңтөстің осы күні адам таңданарлық медіреселер салдырғаны өткен уақыттағы қазақта маданият ісінің болғандығын білгізеді.

Әмір Темір тұқымы құлағаннан бергі Бұқар-Самарқанның тарихы қазақпен шиі байланысқан болса керек. Өткенге өте зер салып, тарихтың түйіндерін шешетін заман жетті.

---

Жалаңтөс медіреселеріндегі жазуларды оқып, көшіріп, тәржімелеп берген, Өзбек білім кемесіесінің бұрын мүшесі болған Йонусов Ғазы ғалымға көп алдаразы болсын айтамын.

## 26-НШЫ МИЗАН. ОЙЫЛ

1918-інші жыл, 27-хұт өзгерісі болғаннан бері қарай қазақ тілінде бір газет шығармақ Орал зиялы азаматтары аузында болған. Өткен 18-інші жылда бірқатар халық жұмыстарын басқарып, земстволарды құрып болғаннан кейін областной земствоға арнап Текеден 60 мыңға бір баспахана алынды. Бұл баспахананы Жымпиты қаласына әкеліп құрды. Бір қатар керек-жарақтары да түгелденді. Іс басталды. Осылай айтып, енді газетті де шығарамыз деп тұрған кезде Текені бөлшебектер келіп алып, Жымпитыға да қорқыныш кіре бастады. Қыс ішінде земство һәм басқа махкамалар кеңселерін шетірек болған Қызылқоға жағына қарап көшірді. Осы көшудің артынан жазға салым баспахананы да Ойылға көшірді. Баспахананы көшірген уақытта жолда бірқатар нәрселері жоғалып, Ойылға келген соң да, бір ай шамасында азар құрылып болды. Әуелде баспахананы Текеден алғанда бірге жалданып келген жұмыскерлерінің барлығы бірдей Ойылға келмей, қайтадан Текеге кетіп қалды. Бұрын баспаханада тұрып қызмет еткен, жұмыстарының жөн-жосықтарын білетұғын үш-ақ адам бірге Ойылға келді.

Міне, осы уақытқа дейін сол үш адаммен баспахана түрлі махкамалардың заказдарын атқарып келді. Бұл баспахананың үлкен жұмысының біреуі — қазақ тілінде бір газет басып таратпақ еді. Бұл газет шығару туралы былтыр баспахананы алғаннан бері қарай сөз болып келеді. Жымпитыда баспахана құрылып, енді іс басталады деп тұрған кезде жоғарыда айтылған көшу оқиғасы болып қалды. Ойылға келген соң шығара бастауға мұсылманша наборшік болмады. Наборшік сықылды бұрын баспаханада қызмет еткен адамдарды тауып алатын жерлермен осы күнгі болып жатқан оқиғалар себепті қатынасу мүмкін болмады. Сонымен, газет шығару жұмысы бұл уақытқа дейін тоқталып келді. Кәзір де наборшік табылған жоқ, сонда да наборшіктікке үйреніп жатқан қазақ балаларыменен шығармақ болып тұрмыз. Жоғарыда жазылған көшіру оқиғалары болмағанда, бұрын баспаханада қызмет етіп, жұмыстарының ретін білетін, ысылған адамдар табылып тұрғанда бұл газет былтыр күзден бастап шықпақ еді. Бұл газет туралы өткен 10-қаңтарда болған земский собранияда сөз болған. Зорлығы қандай болу керек, айына неше рет шығару керек, бұларының барлығы да белгіленген еді. Бұл уақытқа дейін шыға алмай тұрғанына не нәрсе себеп болғандығы жоғарыда жазылды. Енді осы бірінші нөмірін үйреніп жатқан бала наборшіктермен шығарып қараймыз. Бұл балалардың қолдарынан келіп үлгере алатын шамалары болса, жедді жүддызынан бастап жұма сайын қалдырмай, айына төрт рет шығарып тұрмақпыз. Оның бер жағында Теке, Орынбор сықылды үлкен қалаларға жол ашылып, қатынасу мүмкін бола қалса, ол уақытта тағы да керекті баспахана жұмыскерлерін тауып алуға областное управление тырыспақ. Бұл шығарған нөмір — бірінші тәжірибе һәм алдағы істердің басы. Заман тынышталып, тағы да олай-бұлай істерден халық аман, ел тыныш, жер босаңшылық болып тұрса, бұл газетте түрлі осы күнгі Ресейде болып жатқан оқиғалардың хабарлары, земство істері һәм земствоның не нәрсе

екендігі, Алашорда һәм оның бастан-аяқ тарихтары жазылып тұрмақ. Бұл уақытта газет шығару жұмысы — өте қиын жұмыстардың бірі. Себебі: бұрынғыдай бөгетсіз жүріп тұрған пошта жоқ.

Бір сағатта дүниенің о шетіндегі хабарларды бұ шетіне жеткізетін телеграмма жоқ. Пошта сайын түрлі жерлерден құшақ-құшақ келіп тұрған газеттер және жоқ. Өзіңмен іргелес елдердің ішінде болып жатқан оқиғалар айдың бас-аяғында дерлік азар-азар талып естіледі. Шет елдер, алыс жерлер хабарлары болса, жыдың бас-аяғында ғана өлеусіреп зорға естіледі. Онда да тең жартысы, я көбірегі өтірік болып шығады. Бұл хабарлар да — газетте жазылған, яки телеграмдікі емес, көбі ауыздан-ауызға көшіріліп жүрген алып қашты хабарлар. Бұл газетте мұндай алып қашты хабарларға көп орын берілмей, халден келгенше хабарлардың тазалары ғана жазылып тұруға тырыспақ. Қысқасы, алаш елін пайдалы деген іске қарап басуға, пайдасыз істен қашуға демдеп, қолдан келгенше ел үшін көз-құлақ болып тұрмақ. Міне, бұл сықылды істер — алаш баласымын деген зиялы азаматтардың барлығына тегіс міндет. Соның үшін газет шыға бастаған соң, азаматтар қолдарынан келгенше қалам жәрдемдерін беріп тұрулары керек. Сонда ғана газет — болашақ, сонда ғана басталған іс тас-талмай, іс болып шығады.





## ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМ КӘМИСИЕСІНЕН

Заманымыз мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткізеді. Білім оңайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек. „Сарғайған жетер мұратқа“ деп атамыз айтқан. Білім мысқалдап кіреді. Білімді болу үшін көп сарғаю керек. „Еңбек етсең емерсің“. Еңбек қылмай білім жоқ. Еңбексіз ағартып, тездеп елді мәдениетті қыламын деген ой ауысқандық.

Мәдениетті боламыз дейік, жолымызды дұрыстап түзеп алып, бетімізді бір бағытқа салып, азық-түлігімізді түгендеп, ұзақ сапарға шығу керек. Асықпаған арбамен қоянға жетеді. „Анау бәлен болды, мынау түген болды“ деген күншілдікті де қою керек. Күншілдік мұрат емес. Тай-лығың аттыға еріп таңы жыртылады. „Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды білді“ естен шығармай, айқайламай, шуламай білімді болып, мәдениетке жетудің жолына белді байлау керек.

Білім алудың жолы көп, жолдың ішінде ең төтесі — жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Мектеп жақсы болу үшін құралдары түгел, саймандары жеткілікті болуы шарт. Құралды, сайманды түгіл, құралсыз да бізде мектеп жоқ. Сондықтан, мектеп түзеу — біздің бірінші жұмысымыз.

Білімді мұғалім бізде тағы жоқ. Мұғалімдеріміздің шала-шарпы білімі бар. Бұлардың көбі ел ішінде бір-екі жыл тұрса, осы шала-шарпысынан да айрылып қалады. Себебі: оқитын кітап жоқ, сөз айтатын қасында білімді кісі жоқ, алыстан барып білімін толтыруға өзінің және халі жоқ.

Ауруын жасырған жазылмайды. Мектеп пен мұғалімдеріміздің нашар екендігін анық айтып, анық түсіну керек. Нашарға жәрдем беріп, жоқты бар қылу — бәріміздің міндетіміз. Мұны ұмытпасқа керек.

Жұртымыздың сөзге әуестігі бәрімізге мәлім. Біздің жұрт сөз айтпай, сөз тыңдамай отыра алмайды. Бұрынғы заманда жұрттың айтатыны, тыңдайтыны өзінің ата сөздері еді. Ертегі, жұмбақ, өлең, толғау, терме, жыр, тақпақ, айтыс, жылау, жоқтау, түрлі тарихи әңгімелерді бұрынғы уақытта екі кісінің бірі сөйлейтін еді. Елдің салты, тіршіліктің қалпы өзгерген сайын сөз айтушылардың саны азайып, сапасы кеміді.

Ел ішіне молдалармен бірге жазу-сызу білетіндер пайда болды. Ел жазба сөзге мұқтаждана бастады. Бұл мұқтаждық дін кітабын оқу, ағайын түріктердің кітаптарын оқу туғызды. Пайдакүнмен, саудагерлерге жұрттың өз сөзін түрлі шатастырып бастырып, кітап қылып сатуға жол берді. Қазанда басылған қиссалар шықты. Арабтың „Мың бір түн“ секілді ми кептіретін ертегілерінен алынған сөздер жайыла бастады.

Елдің мұндай мұқтаждығы ескерілмеді. Ой жағынан, ел жағынан пайда беретін кітаптар таратуға саналының қолынан келмеді, санасыздың ойына келмеді. Сонымен, төңкеріске жеттік. Бү туралы төңкеріс те айтарлық ештеңе бермеді. Түрлі себептерден ауыз сөз айтушылар ел ішінде құрыды, дін кітаптары да, қазірде қиссалар да бітті. Бірақ бұлардың орнына лайықты нәрселер тұмады.

Төңкерістің алғашқы кезінде баспасөздің төтенше екпінді жұмыстары болды, бұрылуға еркі болмады. Осы күні жұмысты мықтап, негізді қылып

істейтін заман туды. Халық ағарту жұмысы алға қойылды. Баспасөз надандықпен күреске салынды. Жайымыз бұлай болған соң, баспасөзді елге жақындату, түсінікті қылу мәдениет жолындағы ауыр жұмыстың бірі болып шығып тұр.

„Сананы“ шығарғандағы мақсатымыз аз да болса, жоғарғы айтылған кемшіліктерді жойып, аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жас өспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс, дегенмен де кіріспеске амал жоқ. Заман тоқтамайды, гулеп өтіп барады.

Журнал шығарғанда біздің ұстайтын жолымыз мынау:

1. Ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру: 1) ғылым-қисап (математика); 2) физика, химия туралы түрлі мағлұматтар беру; 3) дүниенің жаралуы, түзелісімен, аспандағы жұлдыздармен, жердегі болатын жауын-шашын секілді өзгерістермен таныстыру; 4) жануарлармен, жер жүзіндегі ағаш, шөп секілді түкпенен, тас-топырақпен таныстыру, жердің қалай жаралғанын, неден түзелгенін білдіру; 5) бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен, салтымен таныстыру, бұрынғыдан қалған тамтықтарды қалай іздеу жайында, қалай пайдалану туралы баяндама беру; 6) қай жұртта қандай шаруа бар, қандай заң бар, қандай тұрмыс-тіршілік бар — сонымен таныстыру; 7) жер жүзіндегі елдермен, жерлермен таныстыру; 8) санақ туралы баяндама беру, жер жүзіндегі елдердің туысының, өлімінің, оқуының, сауатсыздығының, түрлі қажетіне жұмсайтын бұйымдарының санағын беру; 9) адамның, малдың аурулары туралы, саулық сақтау туралы мағлұмат беру; 10) хәріп тізу, баспахана түзеу, кітап бастыру, сүгірет туралы мағлұмат беру.

2. Қазақ-қырғыз жұртының тарихымен, салты, әдегімен, тұрған жерімен таныстыру. „Жеті атасын білмеген мұртұд“ деген мақал бар.

Өз еліміздің өткен-кеткені туралы, басынан кешкен дәуірлері туралы бұрынғы, осы күнгі мекендері туралы қолдан келгенше толық мағлұмат беру, ата-бабаларымыздың істерімен танысып, еткен жаңылыстарына күйініп, жақсылықтарына сүйініп ғибрат алмақ — адамға сана береді.

3. Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру. Тіл — жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел — ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айрылған жұрт — жойылған жұрт. Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру.

4. Білім таратып, елдің қолын мәдениетке жеткізетін — мектеп, сондықтан мектептің тарихы, түрлері, түзелісі, оқуы, оқыту реттері, мұғалімдердің, шәкірттердің күй-жайы туралы, оқу құралдары, кітаптары туралы баяндама беріп тұру.

5. Адамның табиғаттағы бір мінезі — ойын-сауық қылып, қызықтар көру. Ойнамайтын адам жоқ. Күлмеген адам — адам емес. Ойын-сауықтың пайдалысы да, зияндысы да көп. Салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелген елімізге көп ойындар бар. Бұларды менсінбей, ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындарымызға Ауропа таңданарлық. „Сананың“ бір міндеті өз еліміздегі ойындармен, бөтен елдердегі ойындармен оқушыларын таныстыру.

6. Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен ірі адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар, билер, тағы басқалар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ-қырғыз арасында аз болмаған.

Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды кәдірлеу — елдіктің белгісі. Сондықтан ең алдымен өз жұртымызда болған, сонан соң шет елдерде болған ірі адамдармен таныстыру.

7. „Мәдениет майданы“ деген „Санада“ бір бөлім бар. Бұ бөлімде елдің мәдениеті туралы істелінген істі, үлгілі мектеп, медреселердің күй-жайын, мәдениет-білім ұйымдарының тіршілігін, хукіметтің мәдениет-білім туралы бұйрық, жарлықтарын, тағы сондай басқа нәрселер де жазылып тұрмақшы.

8. Қазақ-қырғыз тілінде я қазақ-қырғыз туралы бөтен тілде шыққан кітаптарды тізіп тұрмақшымыз және де бұлар туралы сын беріп тұрмақшымыз.

Жоғарғы көрсеткен жолмен „Сананың“ әрбір санында сыйғанынша, қолдан келгенінше мағлұмат беріліп тұрмақшы. Көңіл шабады, жүрек талпынады, бірақ қолда қуат кем. Жәрдем беретін, көмек қылатын кісі аз. Қанат, құйрық болмай, сүйеуші тіреу болмай жұмыс көркеймейді. Сондықтан білімі бар саналы азаматтарға, әсіресе мұғалімдерге жәрдемші болып, сүйендер деген өтініш айтамыз. Ақшамен болсын, жазумен болсын жәрдем беріңіз.

Жазушыларға ескертетін нәрсе мынау: әрі болса — қара халық үшін, бері болса — ауыл мектептеріндегі мұғалімдер түсінетін сөздер жазуға. Жазған сөздерің қойыртып болмай, таза, татымды болсын. Сырты бар, іші жоқ құр тізілген хәріптің керегі жоқ. Әрбір жазылған сөздің журналымызға лайық мағанасы болсын. Кем мағанаға оза жайылып, кең сөйлеудің керегі жоқ.

„Сана“ шыңдығында журнал емес, бөлек басылып шықпайтын уақ білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу қиын жұмыс, ұзаққа созылатын, жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен, білім беретін уақ сөздерді жиып, журнал ретінде шығарып тұруға ойладық. Журналымыз екі айда бір шығып, жылына алты кітап болып шығып тұрмақшы.

„Сананың“ бірінші саны нағыз ойлағандай болмады, біраз кемдіктері бар. Бұған бірінші себеп — істің жаңалығы, бұрынғыдан үлгі болмағандығы. Екінші себеп мынау болды: көп адам сөз жазбақшы болып уәде берсе де, бірқатары уәдесінде тұрмады, бірқатары журналға лайықты сөз жаза алмады. Журналымызға сөз жазған кісілердің бірен-сараны болмаса ақы алғаны жоқ. Білім кеңесінің берген ақшасы журналдың техника жұмыстарынан артқан жоқ. Халық ағарту комиссарлығының жарлығын ойға алсақ, болашақта да ақша мол болады деген үміт аз. Бұл оқушы мен жазушының есінде болсын. Еңбегін сатпай, халық үшін бос қызмет қылған азаматтарға [алда] жарылғасын айтамыз.

---

## ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМ КӘМИСИЕСІ ЖАЙЫНАН ҚЫСҚАША БАЯНДАМА

Қазақ-қырғыз білім кәмисиесі 1921-інші жылдың басында Түркістан халық ағарту кәмисариатының жанында ашылған. Кәмисиенің мақсаты қазақ-қырғыз мектептері үшін оқу кітаптарын даярлау, қазақ-қырғыздың халық әдебиетін жинау, білім әдебиетін көркейту, сол секілді маданият жұмысын ұлғайту болды.

Түзелісімен кәмисие мектептер үшін оқу кітаптарын даярлауға кіріскен. Байтұрсыновтың, Дулатовтың оқу кітаптарын қайта бастыруға берген. Қазақ-қырғыз азаматтары жиылып бірнеше рет мәжіліс жасап, оқу кітаптарын жазамыз деп уәде берген. Жазушылардың тұрмысын түзетуге, тіршілік бейнетін жеңілдетуге түрлі шарттар қойылып, қаулылар шығарылған. Бұ қаулылар орындалмаған. Жазамыз дегендердің жаңғыз-жарымы болмаса, көбінің уәдәсі дерексіз кеткен. Жазылған кітап жарытып болмаған.

Дибавтан сатылып алынған материалдар, Жетісу, Сырдария облыстарындағы қазақ-қырғыздар арасынан жиылаған материалдар кәмисиеге алынған.

1921-інші жылдың күзінде Компростың бір бас махкамасы болып білім кеңесі ашылды.

Қазақ-қырғыз білім кәмисиесі осы кеңестің бір бөлімі болды. Кәмисиенің мүшелері қайта сайланды.

Білім кеңесі бір аз уақытты шара жасап, жолын түзеуге жұмсады. Қазақ-қырғыз білім кәмисиесі де сондай жұмыспен әуре болды.

Кәмисиенің жорасы түзеліп, жолы анықталды. Қазақ-қырғыздарға керек мәдени-білім жұмысын қазақ-қырғыз білім кәмисиесі қолдайтын болды. Оқу-білім, көркем әдебиет, тарих, этнография, саясат үндеу, библиография деген бес бөлімге бөлініп, кәмисиенің жұмысы ұлғаятын болды. Әр бөлімнің басында бір мүше тұратын болып, кәмисие бес мүшеден түзелді. Кәмисиенің кеңесі, жұмысшылары анықталды. Мамандар (спецсиалистер) шақыруға ерікті болып, қаражат берілетін болды. Білім кәмисиесі білім жұрты болып аталған аймақтық қазақ-қырғыз институтымен байланысты. Қазақ-қырғыз институтындағы мұғалімдер білім кәмисиеінің білім жолындағы жұмысын істейтін болып міндеткер болды.

Осындай жобаман іске кірісе бастағанда, кәмисиенің төбесіне ескермеген бір нәрсе тап ете түсті. Бұл жаңа шаруашылық саясаты болды. Бүтін республикеде махкамаларды құру, жұмысшыларды азайту, мемлекет шығынын апшыту жұмысы басталды.

Білім кеңесіне де, білім кәмисиеілерге де апшу керек болды. Бұл апшудан білім кәмисиеісі құйрық-қанаттарынан айырылып шықты. Білім кәмисиеісінде тек үш кісі ғана қалды: бірі төбе ағасы, бірі мүшесі, бірі білімді қатшысы. Өңге жұмыскерлерлердің бәрі тарқатылды. Осы үшеуі ғана керекті жұмысты істейтін болды. Білім жұмысы қолдан келетін кісілер кәмисиеге белгіленіп байланбайтын болды. Кәмисие мүшелерінің үлгері алмаған жұмыстарына мезгілді жұмысшылар шақырылатын болды. Білім жұмысының ақысы келісуімен берілетін болды. Мезгілді жұмысшы-

ларға төлеуге, бөтен керек-жарақтарына жұмсауға білім кәмисиесіне жүгірту (оператсие) ақша берілетін болды. Түзелген бағыт бұзылды. Ұйғарылған жұмыстардың бәрі қалыңды. Бұрынғы ұлы жолды тастап, жұмысты бойға шақтап істеу керек болды. Жүгірту ақшаны Компрос кәмисиеге тауып бере алмады. Кәмисие қағазға, сияға, отынға, шамға, қалам-қарандашқа зар болды. Айлық маянасын дұрыстап ала алмайтын болды. Баспа үшін даярланған сөздерді көшірген шәкірт балалардың жартымсыз ақысын төлей алмайтын күйге түсті. Хал-жайын айтып қанша зарласа да, білім кеңесі кәмисиеге ақша тауып бере алмады. Білім кәмисиесінің мұндай жайын көріп 1922-нші жылдың басында ТүрЦИК бір аз кеңсе саймандары мен ақша жәрдем берді. Осы жәрдем кәмисиесінің әдәуір белін көтерді, бір аз жұмыс істеп, қарыздарын өтеуге себеп болды.

Компросан, білім кеңесінен қазақ-қырғыз білім кәмисиесіне жүгірту ақша осы күнге дейін берілген жоқ.

Осындай күйде болып білім кәмисиесі осы күнге жетті. Алдымыздағы күндеріміз тәуірірек болар деген үмітіміз бар. Білім кеңесі жүгіртуге смете бойынша ақша алмақ, бұл ақшадан қазақ-қырғыз кәмисиесіне де үлес бермек.

Осындай нашар халде болып тұрғанда білім кәмисиесінің қолынан айтарлық жұмыс келмеді. Ақы беріп білімділерге жұмысын істете алмады. Азды-көпті істеген жұмысына қазақ-қырғыз институтіндегі бірқатар шәкірттер, бірлі-жарымды мұғалімдер жәрдемші болды. Бұлар аз ғана болған жұмыс ақына қарамай жазылғандарды көшіруге, тексеріп шығаруға, коректуре істеуге жәрдемші болды.

Алғашқы ұйғарған кең жолды қойып, кәмисие қолынан келерлік ғана жұмыстарға айналды. Ең керекті екпінді жұмыс деп кәмисие бірінші, екінші басқыштарға оқу кітаптарын даярлауды тапты. Сонан соң кәмисиедегі жиылып жатқан халық әдебиетін түстеп, түзеп, тексеріп, баспаға даярлауды ұйғарды. Үшінші жұмыс — баспаға берілген кітаптардың тез дұрысталаып басылып шығуын қарастыру болды. Мектеп кітаптарын даярлауға кәмисие өте назарын салды: бір неше жиылыс жасады, қазақ азаматтарын оқу кітаптарын жазуға шақырды. 1922-нші жылдың аяғында мына азаматтар мынадай оқу кітаптарын жазып бермекші болып уәде берді:

1. С. Хожанов арифметикенің бірінші бөлімін;
2. К. Жәленов арифметикенің екінші бөлімін;
3. А. Таныбаев педагогикені;
4. П. Ғалымжанов арифметикеден;
5. Х. Досмұхамедов жануарлар жайынан;
6. С. Оспанов қазақ-қырғыздың тіліндегі сөздерді түзуді.

Бү кітаптардан „Жануарлардан“ басқа кәмисиеге кітап тапсырылған жоқ.

Естуімізде Хожанов бен Жәленовтің кітаптары жуығарада қолға тисе керек. Табынбаев бен Ғалымжанов іске кіріскен жоқ. Оспанов сөздерді тізіп жүрсе керек. Кітап жаз деп тапсырылған азаматтарға еш қолайлы шарттар қоялмадық. Бұларға ақша жағынан болсын, тұрмыс түзеу жағынан болсын жәрдем бере алмадық. Сондықтан неге кітап жазбайсың деп өкпе айтуға болмайды. Жана да тездеп жазып бер деп асықтыруға да ұят. Тамақ асырап тұрған жұмысыңды тастап, аш-жалаңаш болсаң да көпнің жұмысын қыл деп төрт-бес жігітті қамыптауға болмайды.

Кәмисиеде жиылып жатқан халық әдебиетінен алдымен Дибәев материалдары түзеліп, тергеліп, түстелді. Көбі тіркеліп, дұрысталаып қайта көшірілді. Жазбасы өте нашар, танылмайтын, бір азғана бөлегі

көшірілмей, тексерілмей тұр. Көшірілгендерінің көбі қаралып, баспаға даярланды. Жетісудан жиылған материалдар түстеліп, нөмірленіп тіркелді. Бұлардың тізілген жинағы Компростың жаңадан шыққан „Наука и просвещение“ деген журналының бірінші нөмірінде басылды. Сырдариядан жиылған материалдар түстеліп, тіркеліп жатыр.

Кәмисиедегі жиылып жатқан халық әдебиеті тым көп. Жиылғанда бұлар ретсіз, жолсыз, қалай болса солай жиылған. Көбінің жазбасы өте нашар. Бұларды тергеп тексеріп, анықтау өте қиын жұмыс. Сондықтан бұларды дұрыстап, баспаға даярлауға кәмисиеге бұ күйінде көп уақыт керек.

Білім кәмисиеісінің сынынан өткен кітаптар басылуға мемлекеттік баспа сөз таратушы мақамасына (госиздатке) тапсырылды. Заң бойынша госиздат өз ісіне өзі ерікті, ешкімнің нұсқауын алмайды. Қолына келген кітаптардың қашан басылуы, қалай басылуы госиздаттың толық еркінде.

Жаңа шаруашылықтың салдары 1921-інші жылы госиздатке де тиді. Госиздат мемлекеттен ақша алмайтын, өз шығынын өзінің пайдасымен толтыратын, өзін-өзі ақтайтын маққама болды. Госиздат құрыла бастады. Шығындарын азайта бастады.

Басылуға қабыл алынған кітаптардың жазу ақын (гонорарын) госиздат беретін еді. Шығынын кеміту үшін госиздат жазушылардың қалам ақысын екі бөліп төлейміз деп қаулы қылды. Ақының жартысы кітапты тапсырғанда берілетін, жартысы кітап басылып шыққанда берілетін болды. Бұл қаулы білім кәмисиеісіне жығылғанның үстіне жұдырықтай болып тиді. Кітап жазушылар уақытымен таксы бойынша ақысын аламайтын болдық деп, жазудан тіпті безерге қалды.

Тәшкендегі мұсылман баспаханаларының жайы бұрыннан да онша жақсы емес еді. Мұсылманша кітаптар өте шабан басылатын еді. Жаңа шаруашылық саясаты баспаханаларға да салқынын салды. Қағаз, хәріптер, түрлі баспаға керек саймандар, құралдар мезгілімен жетісіп тұрмады. Кітаптардың шабан басылуына мұның бәрі себеп болды.

Жазылған кітаптар тез басылып шығуы керек. Жазылған сөз тез басылып шығып тұрса, арналғандарға тиетін төте пайдасынан басқа да көп әсер береді. Ішіндегі сөздері сыналып, әсіресе, ғылым атаулары (терминдері) көптің сынынан өтіп, қолданып, білім тілін байытып, ғылым тілінің бір жолмен жүруіне себеп болады. Бұл — бір, екінші, соңғы жазушыларға көп тәжірибе береді. Үшінші, жазушының өзі көңілді болып, тағы да жазуға тырысуға себеп болады. Төртінші, сөз жазғысы келіп жүректеніп жүргендерді еліктіруге себеп болады.

Өткен күн бос кетпейді, келешек күнге тәжірибе болады. Қалай болғанда да осы күндерде қазақ-қырғыздың білім әдебиеті күннен-күнге аз да болса ілгері жорғалап келеді. Білім әдебиетінің негізі — ғылым атауларын дұрыстап тағу. Өзінің жақсы білетін фәнін қолға алып, бұны қалайша қазақша аударамын деп алғы сөзімен шатасқан кісі ғана ғылым атауларын дұрыстап таға алады. Бұндай кісілер — кітап жазушылар. Бұлардың пікірі ұлғайып, тәжірибелері көбейіп, кешегі дұрыс деген ғылым атаулары бүгін қолайсыз болып қалуы мүмкін. Баспаға бір берілген кітапты қайта алып түзеуге болмайды.

Күнінде дұрыс болған кітап кешігіп шыққандығынан ғылым тілі жағынан ескіріп қалуы мүмкін. Сондықтан қазақша жазылған білім кітаптары тез басылып шығуы керек.

Білім кітаптары, әсіресе, оқу кітаптары техника жағынан айыпсыз болып, дұрыстап басылып шығуы керек. Алғашқы уақытта қазақша басылып шыққан кітаптар техника жағынан өте нашар болды. Бұның

себептері: баспаларда саймандардың кемдігі, қазақ-қырғыздан хәріп тізушілердің жоқтығы, қазақ-қырғыздан коректірлердің болмағандығы болды.

Білім кітаптарының дұрыстап басылуына қазақ-қырғыз білім кәмисиесі қам қылмаса болмайтын болды. Жоғарғы айтылғандардың бәрін еске алып, білім кәмисиесі госиздатпен байланысуды, бірге ілесіп жұмыс қылуды міндет тапты. Госиздаттың басындағы адамдар да бірлесіп жұмыс қылуды дұрыстап, білім кәмисиесінің бұ пікірін хош көріп, қабыл алды.

Госиздаттың қаулысы бойынша білім кәмисиесінің уәкілі көлегиенің мәжілісіне кіретін болды. Бұл уәкіл мұсылман баспа істері туралы көлегиенің мүшесіменен бірдей хұқықты болды. Госиздатта білім кәмисиесінің уәкілі болуы баспаханалардың жай-күйімен танысуға, қазақша кітаптардың жылдамырақ дұрысталаып басылуына кедергі болған нәрселерді жоюға аз да болса себеп болды. Жаңа шаруашылықтың саясатына көндіккеннен соң, госиздаттың өзі де мұсылман баспа сөздерінің гүлденуіне зейінін салды. Жазушылардың қалам ақысын бірден беретін болды. Кітаптардың дұрысталаып, шапшаң басылуына ыжтағат ететін болды. Біздің бір нашар жеріміз қазақ-қырғыздан коректірлердің жоқтығы. Кітаптың коректуресін ұстау деген қиын нәрсе. Білім кітаптарының, әсіресе, оқу кітаптарының коректуресі аңды, зейінді, орнықты болуды сүйеді, көп уақыт алады. Коректурліктің ақысы көп болмайды.

Сондықтан осы күнге дейін қазақтан коректірлікке маман болып шыққан кісі табалмадық. Қазақша басылған кітаптардың бір қатарының коректуресін білім кәмисиесінің мүшелерінің өзі ұстайтын болды. Бір қатар коректурелерді жалынып-жалбарынып шет кісілерге ұстаттырды. Білім кәмисиесінің мүшелері уақытын коректуре ұстап өткізеді деген ұнамайтын іс. Білім кәмисиесінің алдындағы бір жұмыс — қазақтан коректірлер табу.

Қазақ-қырғыз білім кәмисиесі махкамасы мемлекеттік білім кеңесінің жұмысшы ұйымының бірі болып саналады. Сондықтан білім кеңесінің ұсыныстарын, нұсқауларын орындау, түрлі білім, әдебиет, маданият кәмисиелерде, жиылыстарда, мәжілістерде болу, қазақ-қырғыз жайынан керекті мағұлматтар беру, пікірін айту, өз ақы жолы үшін таласу қазақ-қырғыз білім кәмисиесіне әрі мұхтаж, әрі міндет. Өткен қыс бір неше жиылыстар, мәжілістер болды. Үлгі үшін төменгілерді көрсетеміз.

1. Бірінші профессор Фаловтың Байтұрсыновтың „Тіл — құралы“ туралы баяндамасы.

2. Профессор Поливановтың түрік граматикесін қалай түзеу керек деген баяндамасы.

3. Өзбек халқының маданият әм халық ағарту жолындағы жұмысшыларының сиезі.

4. Ұлт кәмисериетінің жанындағы қазақ-қырғыз бөлімінің құрған түрлі мәжілістері.

5. Білім кәмисиесінің өзінің түрлі жиылыстары. Мәселен: жаңа жазылған кітапты, терминдерді тексеру үшін.

Осындай жиылыстарға білім кәмисиесінің мүшелері, не тұтасымен, не кезекпелеп барып тұруға керек болды. Проссиенен байланыспаған сөздердің бәрі басылу үшін білім кеңесінің сынынан өтпекші. Бұл білім кеңесінің жорасында бар, қазақ-қырғыз тіліндегі жоғарғы көрсетілген сөздер қазақ-қырғыз білім кәмисиесінің сынынан өтеді. Сондықтан қазақ-қырғыз білім кәмисиесі хұкіметтің ресми сыншысы болып саналады.

Бытырғы күзден бері мынадай бас нәрселер сыналып өтті:

1. Компростың қазақ тілінде шығаратын харитасының\* бірінші бөлімі.
2. „Бекет батырдың“ кинематутграф сүгіретіне қалай алынашақ жобасы.

3. Успенски мен Мироновтың нотаға аударған үн өлеңі. Бұл өлеңдердің әндері, қазақша сөздері білім кәмисие тарапынан жазылды.

4. Білім кеңесіне госиздатке тасқа басу үшін берілген кітаптар, кітапшалар, албомдар тағы талайлар.

Кәмисие құрылғаннан бері қарата төменгі кітаптарды тасқа басуға берді:

1. Байтұрсынов. „Әліппе“, басылып шықты.
2. —“—“— „Тіл — құрал“, бірінші бөлім, басылып шықты.
3. —“—“— „Тіл — құрал“, екінші бөлім, басылып шықты.
4. —“—“— „Баяншы“, басылып шықты.
5. Дулатов. „Есеп құрал“, бірінші бөлім, басылып шықты.
6. —“—“— „Есеп құрал“, екінші бөлім, басылып шықты.
7. Кеспе әліппе, бір бөлегі басылып шықты, бір бөлегі қалың қағаз жоқтан басылмай тұр.
8. Тоқтыбаев. „Жағрипия сөзі“, басылып болды, хариталары басылып жатыр.
9. —“—“— „Түркістан“. Түзіліп бітуге жақындады.
10. Басығарин. „Күн күркіреу мен найзағай не нәрсе?“ Тізілген жоқ.
11. X. Досмұхаметов. „Табиғат тану“. Сөзі басылып бітті. Сүгіреттері басылып жатыр.
12. —“—“— „Жануарлар“, бірінші бөлім түзіліп бітті, жуығарада басылса керек.
13. —“—“— „Жануарлар“, екінші бөлім түзіліп бітуге жақындады.
14. П. Ғалымжанов. 1921-інші жылдың қазақша календары шықты.
15. Дибәев материалдарынан батырлар:
  1. Қарақышпақ Қобыланды.
  2. Нәрікоғлы Шора.
  3. Бекет батыр.
  4. Қамбар батыр.
  5. Шора батыр.
  6. Мырза Едіге батыр.
  7. Алпамыс батыр.

Батырлар жеті кітап. Бәрі де басылып шықты.

16. Дибәев материалдарынан бір терме кітап жаңалықта берілді, әлі басылуға алынған жоқ.

17. Абай. Ыбырай Құнанбаевтың таңдама өлеңдері жуығарада шапшандықпен басылса керек.

Бү кітаптардың жоғарыда он екісі 1921-інші жылы қаралып, баспаға берілді. Қалғандары 1922-нші жылы баспаға берілді.

Хазіргі күнде қазақ-қырғыз білім кәмисиеcінде тек екі адам бар: төбе ағасы Досмұхамедов, мүшесі Ә. Дибәев. Білімді қатшысы У. Омаров өткен майда шығып кеткен еді. Білімді қатшының орнына осы күнге дейін қолайлы кісі табылмай тұр. Осы күні ресми жұмыстардан басқа кәмисиенің мүшелері мынадай жұмысын істеп жатыр:

X. Досмұхамедов екінші басқыш үшін адамның анатомиясы мен физиологиясын жазып жатыр. Дибәев Сырдария қазақтарының арасынан жиыған материалдарды түстеп тізіп жатыр.

\* „Карта“ деген мағынада.— *Рег.*



Алдымыздағы қыс білім кәмисиесі мынадай жұмыстарды істеуге ұйғарады:

1. Қолдан келгенінше, оқу кітаптарын жазу ақшасы болса, бұрынғы жалыну жолды тастап, керекті адамдармен шарттасуды лайық көреді.

2. Қолдағы этнография материалдарын баспаға даярлай беру.

Бытырғы күзден бері қарата еткен жұмысында қазақ-қырғыз білім кәмисиесі білім кеңесінің бөтен кәмисиелермен, әсіресе, өзбек һәм білім-тәрбие кәмисиелерімен бірлесіп жұмыс қылды. Биылғы жаз білім кеңесінің қарауына, халық кәмисарлары кеңесінің жанындағы білім кеңесі білім тексеру кәмисиесі атанып кірді, жана да жаңадан түрікпен білім кәмисиесі, тәжік білім кәмисиесі ашылды. Алдымызда да білім кеңесінің бұрынғы жаңа кәмисиелерімен бірлесіп іс істерміз деген ойымыз бар.

12-нші мизан 1922-нші жыл.  
Тәшкент.

## ТҮЗЕТУШІДЕН ("Кенесары-Наурызбай")

„Кенесары-Наурызбайдың“ Алатаудағы соғысы туралы Нысамбай ақынның шығарған өлеңі бүтін қазақ арасына жайылулы. Дұрысталып тасқа басылып шықпаған соң, Нысамбайдың өлеңі өзгертіліп, әр жерде әр түрлі айтылады. Әсіресе, Түркістан арасындағы қазақтардың айтып жүрген „Кенесары-Наурызбайында“ көп жалған бар. Ел ішінде айтылып жүрген өлеңдердің көбі қырғызды жамандап, мұқатып, кемітіп, орынсыз қазақты мақтайды, екі рудың арасына орынсыз ала көңілдік кіргізеді.

„Кенесары-Наурызбайды“ қазақ-қырғыз білім комиссиясінің шығарғандағы мақсаты мынау болды: 1) Алатаудағы соғыс туралы Нысамбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) Ел арасындағы Нысамбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою; 3) Мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманың жақсы үлгісін беру; 4) Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу. Нысамбай ақынның „Кенесары-Наурызбай“ деген сөзін дұрыстап, 1897 жылы Әбубәкір Диваевқа берген Жүсіпбек Басықараұлы екен. Біздің естуімізше, Жүсіпбек сумұрын жаппас Ораз деген ақынға жаздырып алған.

Нысамбайдың сөзінің артықшылығы ең әуелі тіл жағынан. Нысамбайдың тілі — нағыз үлгі боларлық қазақ тілі. Екінші, Нысамбай өзі соғыста болып, көзімен көргенін жазып отыр. Үшінші, Нысамбай орынсыз қазақты мақтап, қырғызды боқтап сөйлемейді; қазақтардың кемдігін, қырғыздардың ерлігін айқын көрсетеді. 7-бөлімдегі сөздер ылғи қырғыздарды мақтайды, осындай орындар өлеңнің әр жерінде де бар. „Кенесары-Наурызбайды“ баспаға берместен бұрын бір қатар қырғыз туғандарымыздың оқығандарына көрсетіп, олардың сынына салдық, олар жағынан ешбір бөтен сөз болған жоқ.

„Кенесары-Наурызбайдың“ ішінде ұшырайтын адамның, жердің аттарына, түсініксіз сөздерге шолу берілді. Абылай хан, Қасым, Кенесары туралы қысқаша тарихи баяндама берілді.

Комментарий жазғанда Шәкерімнің тарихын, Ахмет төре Кенесарыұлының Смирновке „Кенесары мен Сыдық төре туралы“ жазып берген сөздерін, орыс тілінде Түркістан туралы, әсіресе Жетісу туралы жазылған көп кітаптарды пайдаландық. Бұл — бір. Екінші, Қоңырқожа Қожықұлынан, Мұхаметжан Тынышбайұлынан, Жанқараш немересі Сатарқұл Дқанбайұлынан, Ишанғали Арабайұлынан, Кенесары немересі Әзімхан Ахметұлынан, тағы басқалардан алынған мағлұматтарды пайдаландық.

1923 жыл, 15 наурыз.

МУРАТ АКИН ТУРАЛЫ КЫСКАЧА  
МАРАҒЫМАТ

**ӘДЕБИЕТ  
ЛИТЕРАТУРА**





## МҰРАТ АҚЫН ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ

Мөңке баласы Мұрат 1843-інші жылы туып, 1906-ншы жылы 63 жасында опат болды. Кіші жүздегі байұлы беріш деген рудың қаратоқай деген арысынан, аққолы деген бөлімінен болады. Туған — жері Орал облысы, Гурьев (Үйшік) үйезі, Қарабау деген жер. Жүрген жері — Бөкейлік, Орал, Маңғыстау.

Мұраттың ата тегі мал баққан шаруа қазақ. Туысқан ағасы Матай деген ақын болған. Мұраттың нағашысы адай Азамат, Саламат, Сәмет дегендер заманында айтқыш адамдар екен. Мұрат жасында аз-кем молдаға оқыған, қара танып, хат жазарлық қана оқығаны болған. Мұрат бала күннен-ақ өлең айта бастаған. Он бестен асқан соң той-тобырда өлең айтуды мүсе етпей, заманындағы айтқыштардың бәрін айтысып жеңген. Айтысқа өте шебер болған. Мұраттың өмірінде айтыстан жеңілген орны болмаған. Айтыстың көбі Мұраттың жігіт күнінде болған.

Ата кәсібі мал бағу болса да, Мұраттың өз басы мал бағып, шаруа қылмаған. Өмірінің көбін қыдырып жүріп өлең айту, той бастау, айтысу, ескі сөздер айтумен өткізген. Өте жарлы болып кеткен.

Мұрат мақтау өлең айтып, мал таппаған адам. Заманындағы ұлықтарға шығарған асқақ сөзі көп. Мұндай сөздердің көбі осы кітапшада басылған жоқ. Өзінің болысы Тұрабайға шығарған өлеңі ғана басылды. Мұраттың өлеңмен мақтаған кісінің бірі — Сырым батырдың немересі Қазипұлы Омар. Бұнда да Омардың өзінің аталарының елге еткен жұмысын мақтайды.

Он жеті жасында Жылқышы деген ақынмен айтысқан сөзінде Мұрат: „Жігіттің халыққа тиген пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып неге керек“, — дейді. Өмір бойы өлгенінше Мұрат осы ұранды ұстап кетті десе болады. „Жігіттің халыққа тиген пайдасын айту“ Мұраттың екі сөзінің бірінде ұшырайды.

Ескі тарихтық сөздерді, елдің шежірелерін Мұрат өте жақсы білген.

Мұраттың елінде Есет деген би болған. Есет қазақтың шежіре билерінің бірі екен. Жас бала Мұраттың белгілі Жылқышы ақынмен айтысамын деп жүргенін естіп, Есет би Мұратты шақырып алып ақыл айтыпты-мыс: „Айтысу үшін өткен-кеткенді, ата-бабалардың бұрынғы істерін, қазақтың шежірелерін жақсы білу керек“, — деп. Есеттің осы ақылы Мұратқа ұнаған. Қыдырып жүріп шалдардан сұрап, Мұрат ескі әңгімелермен, қазақ шежірелерімен көп танысқан. Мұраттың көп үлгі алған адамы жоғарыда айтылған Есет би еді дейді. Мұрат ескі сөздерді көп білген. Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі, Асан Қайғы, Қазтуған секілді өткен замандағы адамдар туралы Мұрат көп өлеңдер шығарған. Қарасай, Қазі туралы Мұрат екі күндей айтатын еді деп ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күні жойылған. Біздің басып отырған „Қарасай-Қазымыз“ ұзақ сөзден қалған бір жұрнақ.

Мұраттың сөздерінде жерлердің аттары көп ұшырайды. Бұлардың көбі ескі аттар. Осы аттардың бірқатары осы күнде Еділ, Жайық алаптарында ұшырайды. Бұл жерлерде қазақ қай мезгілде жүрген? Боқсақты,

Теңгелік, Өгізтау, Бесешкі, Бадашы, Қараша, тағы талайлар қай жер?  
Құбанда қазақ қай уақытта жүрген?

Асан Қайғы, Қазтуған, Айсаның ұлы Әнет, Қараның ұлы Сидак,  
Жаңбыршының ұлы Телағыс, басқа да айтылған бөтен батырлар кім?  
Бұлар қай уақытта болған? Ноғайлы деген кім? Қазақтың Ноғайлыға не  
жақындығы бар?

Мұраттың өлеңдерін оқып отырғанда осы сұраулар өз-өзінен ойға келеді.

Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды.

Мұрат, бір жағынан, өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан, халықтың мұңын, елдің зарын айтатын әлеуметшіл ақын.

Қазақ елі елдігінен айырылып, „ыштатқа“ көніп, нағыз болдырып тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы — бостандық үшін „егескен ердің бәрі жер тіреген“ заман. Патша хүкіметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салтан айырыла бастаған заманы.

Елдің өзінен шыққан, қанымен қаны, жанымен жаны бір дерлік ақын елдің мұңын айтпай қалай тұрсын?

Мұрат елдің мұңын айтады, бұрынғыны жоқтайды, заманын боқтайды.

Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс,  
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.  
Қазтуған, Асан Қайғы, Орақ, Мамай,  
Біз түгіл осыларды да алған қоныс.

.....  
.....

Кемелсіз қонған елін көп тоздырған,  
Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?

.....  
.....

Кетейін десе жөн таппай,  
Адыра қалған Үш қиян,  
Қол ұстасып жүрген жер,—

деп елге келген таршылықтың көбін Мұрат қоныстан көреді.

Мұраттың өлеңдерінде патша хүкіметінің қазаққа жұмсаған саясаты айқын байқалады. Хүкіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады.

Мұраттың заманында қазақ елі патша хүкіметінің шенеуніктерінен басқа орысты көрген жоқ, Қазақтың көрген орысы патша хүкіметінің жиһангершілік саясатын жүргізген орыстан шыққан залымдар. Мұраттың заманындағы қазақ нағыз орыс халқын, орыстан шыққан жақсыларды, ақ жүректерді көрген жоқ, білген жоқ. Сондықтан Мұраттың өлеңдерінде ұшырайтын орыс туралы айтылған кейбір сөздерді бүтін орыс халқына жору керек емес, бұндай сөздерді кешегі өткен патша хүкіметінің залымдарына арналған деп түсіну керек.

Елдің мұңын, зарын қанша зарласа да Мұрат елге анық түзу жол сілтей алмады. Жауға түскен адам не қылмақшы? Ең алдымен қашу керек. „Құтылар қашқан — жаудан, көшкен — жұттан“ дегендей-ақ, Мұраттың ұлы сарыны — құтсыз қонысты тастау керек, кету керек.

Асан Қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора, Едіге пәледен қашып құтылған, осылардың жолы Мұратқа сүйкімді. Бірақ осылай қыла қойыңыз деп Мұрат анық тағы айтпайды.

Екінші жағынан, Мұрат „Заманға қарай саз керек“, „Законын екі жұрттың тегіс білсең, дәмем бар адаспас деп қисаң жолдан“ дейді. Және де оқудан қайтқан балаға: „Адасам жетелерсің, алып қолдан, халықтың адасқанын бастамасаң, біліктен не пайда бар кеудең толған“, — дейді. Елу-алпыс жыл кейін мұндай жаңа жол барлығын айту Мұраттың пікірлі адам екенін көрсетеді.

„Заманға қарай саз керек“ — бұрын халыққа көрсетілмеген жол. Осылай айта тұрса да, осы жолдан айрылма деп Мұрат тағы анық айтпайды.

Елдің мұңын, зарын, көрген кемшілігін айтып қоймайды, Мұрат осындай күйге түсірген себептерін де айтады. „Қазақты айналдырды Сырды алғаннан“, „Қоныстың бәрін жоғалтқан, Ноғайлы, қазақ надан жұрт, бірлігіңнің кемісі“, — дейді Мұрат.

Мұрат қазақтың ру таласы, ру бәсекесі күшті мезгілде өсті. Мұрат — өте рушыл ақын. Алшын болып таласса, байұлыны мақтайды, байұлының ішінде бәсеке болса, өзінің руын мақтайды. Мұраттың айтыстарынан алаштың түбіне жеткен ру таластарының, ру бәсекелерінің суреттері айқын көрінеді.

Орда, молда көрген осы күнгі жігіттеріміздің бір қатары күні бүгінге дейін рудың әсерінен құтыла алмай жүргенде, өткен ғасырда дүние сүрген Мұратқа рушыл болдың деп кінә қоюға, әрине, болмайды. Сонда да Мұраттың кемшілік жері осы рушылдығы деп көрсетіп кетпей болмайды.

Мұрат сөздерінің елге тиген әсері өте күшті. Мұраттың сөзі өте қадырлы саналған, ел ішіне көп жайылған. Мұратты білмейтін Бөкейлікте, Оралда, Маңқыстауда адам жоқ десе де болғандай. Он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлімінен соң шыққан қара ақындардың көбі Мұраттың шәкірттері. Міне, қысқаша айтқанда, Мұраттың тілі — әдебиетімізге негіз болған ел әдебиетінің тілі. Мұраттың өлеңдерінде қазақтың ел әдебиетіндегі жыр, толғау, айтыс, мақтау хат, асқақ, жоқтау секілді өлеңдерінің бәрі бар. Әдебиет тарихына Мұраттың сөздерінің керектігі шексіз нәрсе.

*Қарашаның 15 күні, 1923 жылда.*

### Кіші жүздің рулары

Мұраттың өлеңдерінің ішінде Кіші жүздің руларының аттары келеді. Бұларға түсіну үшін қысқаша болса да Кіші жүздің бас рулары туралы аз ғана мағлұмат беру керек.

Кіші жүз үлкен үш бөлімге бөлінеді: 1) әлім (әлімұлы), 2) байұлы, 3) жетіру болып. Бұлардың үшеуі бірігіп алшын болып аталады. Кейбіреулер жетіруды Алшынға қоспайды, бірақ ел „үш алшын“ деп сөйлейді.

Жетіру мынадай жеті руға бөлінеді: 1) ердері, 2) табын, 3) тама, 4) жағалбайлы, 5) рамадан, 6) керейіт, 7) телеу.

Кердері — Орал үйезінде, табын — Орал мен Ақтөбе үйездерінде, тама — Орал, Ақтөбе, Атбасар, Түркістан үйездерінде, жағалбайлы — Қостанай мен Атбасар үйезінде, рамадан — Ташкент үйезінде, керейіт — Ақмешіт үйезінде, телеу — Ташкент үйезінде, аз-кем Әулиеатаның төңірегінде һәм Ілбішін үйезінде бар. Бөкейлікте табын, тама бар.

Байұлы он екі атаға бөлінеді: 1) шеркеш, 2) ысық, 3) тана, 4) байбақты, 5) масқар, 6) қызылқұрт, 7) алаша, 8) адай, 9) беріш, 10) таз, 11) жаппас, 12) есентемір.

Алдыңғы жетеуі үш сиық болып атанады: шеркеш — Қыдырсиық, ысық — Бақтысиық; тана, байбақты, қызылқұрт, масқар, алаша — Сұлтансиық. Бұл жетеуі — үш сиық болып, бір топ болады. Байұлының ішінде алтын деген бір ру бар. Алтын қатынның аты екен. Алтыннан өрбіген тұқым алтын атанса да, жаппасқа кіреді. Алтын-жаппас болып атанады деп қарттар айтысады.

1) Шеркеш — Гурьев үйезі мен Бөкейлікте, 2) ысық — Гурьев пен Ілбішін үйезінде, Темір үйезінде де, Бөкейлікте де азын-аулақ ысық бар. 3) Тана — Ілбішін мен Бөкейлікте, Темір үйезінде де, Ақмешіт үйезінде де азын-аулақ тана бар. 4) Байбақты, қызылқұрт, масқар, алаша — Ілбішін мен Бөкейлікте. Қызылқұмда да алаша бар. 5) Адай — Маңғышлақ үйезінде тұтасымен. Темір үйезінде 3 болыс, Шағадамда екі болыс, Гурьевте бір болыстай адай бар, Бөкейлікте де адай бар. 6) Беріш — Гурьев үйезі мен Бөкейлікте. Бөкейліктегі рулардың ішіндегі ең көбі беріш. 7) Таз — Гурьев үйезінде. 8) Жаппас — Ақмешіт үйезінде, Бөкейлікте де жаппас бар. 9) Есентемір — Гурьев пен Ақмешіт үйезінде. Бөкейлікте де аздау таз, есентемір бар.

Әлім алты ата болады және әлімге шөмен (шөмекей), кете, ожырай деген рулар қосылады. Бұлардың бәрі әліммен бірге қаракесек болып атанады.

Шекті, назар, шүрен, тілеу, қабақ, қарасақал — әлімнен бөлінеді. Кете, ожырай, шөмен әлімнен шықпаса да, әлімге қосылып, жоғарғы рулармен бірігіп, әлімұлы деп аталады. Әлімұлы тұтасымен Темір, Бірғыз, Қазалы үйездерінде.

Кіші жүздегі рулардың мынадай ұрандары бар. Жетіруда: 1) кердерінің ұраны — Қожаахмет, 2) таманікі — Қарабура, 3) табындікі — Тостаған, 4) жағалбайлынікі — Манатау, 5) телеу — Арғымақ, 6) керейіттікі — Ақсақал.

Байұлының руларында: 1) беріштікі — Ағатай, 2) адайдікі — Бекет, Адай деп те ұрандайды, 3) таздікі — Бақдай, 4) есентемірдікі — Алдоңғар, 5) шеркештікі — Шақырай, 6) ысықтікі — Бәйтерек, 7) алашанікі — Байбарақ, 8) масқардікі — Қаратай, 9) тананікі — Тана, 10) байбақтынікі — Дәуқара, 11) алтын мен жаппастікі — Баймұрат, 12) қызылқұрттікі — Жиенбай.

Әлімұлында мынадай ұрандар бар: кетенікі — Майлыбай, шөмекейдікі — Дөйт, шектінікі — Бақтыбай, қарасақалдікі — Алдажар.



## ШЕРНИЯЗ ШЕШЕН

(Ел әдебиетінен)

Малай Кете Шернияз  
Шерлілер сөзін сағынған.  
Секерден шырын дәмі бар  
Тыңдағанға жағынған.

*Ығылман*  
("Сәуленің" 4-інші номерін қара)

Қазақ арасына атағы жайылған адамның бірі — Шернияз. Шернияздың руы — кете, кетенің ішінде байқошқар деген арысынан, айдар деген бөлімінен. Айдардың ішінде Шернияздың ауылы Малай болып аталады.

Шернияздың ата тегі туралы Көкей деген молданың бір сөзі бар. Көкей — Шернияздың немере інісі.

Арыстан сұлтанның баласы Қаналы төре 1869—1870-інші жылғы ауада Қиуаға ауған. Сыр бойында Көкей Қаналыға жолығып өлең айтады. „Кімсің?“ деп Қаналы сұрағанда, Көкей былай деп жауап береді (өлеңнің керек жері алынды):

Сұрасаң шығарушының есім затын,  
Атайды молда Көкей лақап атын.  
Сөйледің төре алдында дүние сөзін  
Зайырдан ғапыл болма ішкі батын.  
.....  
.....  
Бабам молда Жарылғас, атам Құлман,  
Өзім талып мүсәпір қаққа құлмын.  
Әлеумет айыл жаран құрсағанда,  
Көтеріп көңіл ашар бір зат ұлмын.  
Бабамыздың атасы батыр Елде,  
Жігіттер дәурен өтті келде-пелде.  
Кеше ағам молда Шернияз бар күнінде,  
Мен аққу едім шайқаған айдын көлде.  
Дүнияға келмес ондай адам,  
Бір басты, екі аяқты қызыл тілде.  
Атасы сол Елденің батыр Жаман,  
Жігіттер бастан өтті түрлі заман.  
Мақшарда құдайымның берген құлы,  
Саламат иманменен өтер аман.  
Атасы сол Жаманның есімі Малай,  
Бәйіт сөз әркімдерге жайдым талай.  
Дүнияға келген адам тұрмағы жоқ,  
Сол себеп өтіп кетті ата-ана-ай.

Сарымбет жана Айдар болған атам,  
Жігіттер ғағу айлаң болса қатам.  
Жат етіп көп атаны не ғыламын,  
Айдармен тамам болды жеті атам.

Шернияздың әкесі — Жарылғас, Жарылғастың әкесі — Елде, Елденің әкесі — Жаман, Жаманның әкесі — Малай, Малайдың әкесі — Сарымбет, Сарымбеттің әкесі — Айдар. Малай деген ауыл осы күнде Темір үйезінде, Қазыбек болысында.

Шернияздың қай жылы туып, қай жылы өлгенін анық білмеймін. Дегенмен, түрлі оқиғаларды салыстырып қарағанда, өткен әсірдің жетпісінші жылдарында қартайып өлсе керек.

Шернияз — Исатай-Махамбеттің, Баймағамбет сұлтанның замандасы.

Исатайдың 1838-інші жылы қырық тоғыз жасында, Махамбеттің 1845-інші жылы қырық екі жасында, Баймағамбеттің 1847-нші жылы өлгені белгілі ғой.

Көтерілістің екінші дәуірінде Исатайға ерген елдің көбі әлім еді. Кете де тегіс Исатайға ерген. Исатай өлетін соңғы соғысы да кетенің жерінде болған, Қиылдың бойы.

Жана да Исатай мен Махамбет туралы кетелер арасында әңгіме көп.

Шернияз Исатайдың жорығында болуы рас. Шернияз туралы, Исатай туралы әңгімелер қазақтың қай жерінде де бар. Семей мен Жетісу қазақтарының арасында әңгімелер Шерниязды Исатайдың жан жолдасы қылып сөйлейді (Семейдегі әңгімелер туралы „Сәуле“ журналының №6 қара). Жансүгірұлы Ілиястың Жетісудағы Талдықорған еліндегі Омарбек ақыннан жазып алынған сөзінде Шернияздың Баймағамбет сұлтанға Исатай туралы мынадай деп айтқан сөздері бар:

Ар жақта Арынғазы дүмбірлеген,  
Бай-еке елің бар ма бүлдірмеген.  
Төре кетіп, төбеде төбет қалып,  
Туып тұр ел басына „бұл күн“ деген.  
Кешегі Исатайдай асыл ерді,  
Орысқа ұстап бердің тіл білмеген.  
Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған,  
Төре емессің, төбетсің дым білмеген.  
Орыс-орман қол салып ортамызға,  
Заманға ұшырадық „бүлгін“ деген.  
Айдаттың жаңғыз бауырың<sup>1</sup> Исатайды,  
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлеген.  
Сағынамын ауызға алсам Исатайды,  
Ер тумас ел бағына ондай жайлы.  
Қарадан халқы сүйіп ханым деген,  
Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы.  
Кешегі Исатайдың арқасында  
Ие едім ен дәулетке басыбайлы.  
Исатай ділмар еді топтан озған,  
Нар еді бәйтерекке мойнын созған.  
Аққайың, ақтылы қой өрісті алып,

<sup>1</sup> Омарбектің сөзінде Исатайды Баймағамбет төренің інісі деп сөйлейді. Бұл — ертегі. Исатай төре емес, қара қазақ, руы — Беріш.

Тырнадай біткен жылқы тарлан боздан.  
Ер тумас, ел бағына Исатайдай,  
Мінезі толқушы еді толған айдай.

.....  
.....

Мен емес жұрт мақтаған Исатайдың,  
Қайырын қайыр демей қалайын ба-ай!  
Айт десең аузымнан шығады жалын,  
Айырылып Исатайдан мүшкіл халім.  
Алаштың баласына түгел жеткен,  
Айтпауға бола ма екен түлік малын.  
Мен өзім Исатайдың ақыны едім,  
Малданып Исатайдан маңғаз болдым,  
Әйтпесе адал итсіз бақыр едім.  
Бәрі де Исатайдың байлығы еді,  
Зерлеген қара шақшам тайлық еді.  
Исатай ел еркесі, ел серкесі.  
Бір мен емес, алашқа жайылым еді.  
Елге алғау, маған да алғау, Ер Исатай,  
Айырылып Шерің содан қайғылы еді.

Оралдағы елдің арасында мынадай бір әңгіме айтылады. Махамбет батыр Шерниязға амандаса барады. Аттаңдырып жатып Шернияз Махамбетке мынадай бір сөз айтады:

Көк үйрек көлде отырған жергілікті,  
Ғалымдар шарифаттан жол біліпті.  
Жолдай Ер Исатай, Ер Махамбет  
Сөз бар ма тыңдай-тұғын ескілікті?<sup>1</sup>

Сонда Махамбет мынадай жұмбақ жауап берген:

Көп қағып дауылпазды көл шайқаған,  
Арғымақ бір шапқанда айналасы  
Алты айшылық жер жайқаған.  
Күн бұлт, ай қараңғы, жортар құлжа,  
Шернияз, шешен болсаң бұл сөзді жылдам болжа.  
Түйіліп таң мезгілі мұнар шалып,  
Төрт лашын бір сұңқар ортаға алып, қылған олжа.  
Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,  
Лашын қанат қақпай дәмін татқан.  
Телегей-теңіз тасып шамданғанда,  
Жемсау құсы тұғырдағы қайда жатқан?!  
Хат жаздым, қалам тартып, ал әзір деп,  
Осыдан өзім қайтып келгенімше, би Шернияз,  
Жауабын бұ сөзімнің қой әзірлеп.

<sup>1</sup> Махамбеттің жауабына қарағанда „ескілікті“ емес, „естілікті“ болмаса игі еді деп ойлаймын.

Мұнан соң Шернияз бен Махамбет көрісе алмапты. Қарттардың айтуынша, Шернияз: „Батырдың жұмбағын анықтап шеше алмадым. Сірә, өз басын айтқан білемін”, — деп айтыпты-мыс.

Махамбеттің сөзінен-ақ Шернияздың Махамбеттен не кіші, не замандас екені көрініп тұр. Жана да осы сөзден бұлардың жақын, тату болғаны да білініп тұр.

Шернияз Баймағамбет сұлтанға қарашы болған.

Әр сұлтанның тұсында,  
Бір шежіре сұрқылтай,  
Бұрынғыдан бұ қалынған...

Қасында бір шешенді не ақынды ертіп жүретін қазақ хандарының әдеті болған.

Әз-Жәнібек ханның Жиреншесін, Абылай ханның Орынбайын, Кенесарының Нысамбайын еске түсірсек, бұл әдеттің ескіден келе жатқаны анық.

Бөкейліктегі Жәңгір ханның салтанатын мақтатып, ордасын ажар ету үшін көп сыйлық-тарту беріп, алаша Байтоқ, ноғай-қазақ Жанұзақ, Ербай, Бекжан, кете Боран секілді жырауларды қасына жинағаны ел арасындағы сөздерден белгілі.

Арғы жақтағы Жәңгір мен бергі беттегі Баймағамбет замандас еді. Екі „хан” істеген істерінің бәрінде де бәсеке болды. Бұл тарихтан да, ел арасындағы әңгімеден де белгілі.

Баймағамбет те Жәңгірден қалыспай, қасына сұрқылтайларды жинауға тырысты. Баймағамбеттің қасына жиылғандардың ішіндегі атақтылары Жылқышы, табын Марабай мен Шернияз.

Исатайға ерген адамдарды ұстап қырып, жойып жатқан соң Шернияз амалсыздан басын сақтау үшін Баймағамбетке паналады. Бірақ Шернияздың Бай-екені мақтаған сөзінен мазақтаған сөзі көп.

Ел арасында әңгімелерге қарағанда, Шернияз Мұрат секілді салынып айтатын ақын болмаған; тапқыр, сөзге тарылмайтын, тез жауап бергіш, мысқылдауға, сықақтауға шебер, аузынан шыққан сөздің бәрі билік, тақпақ сөзге өте жүйрік шешен болған.

Ел арасында Шерниязды ақын демейді, шешен деп айтады. Шернияз заманындағы Жиренше, жоғарыда келтірген Махамбеттің сөзінде де Шерниязды би, шешен деп айтады.

Шернияздың інісі Балмырза деген жырау бір сөзінде „Кешегі Шынекемнің күнінде талайды қызыл тілмен мақтағанмын” дейді.

Елдегі сөзге қарағанда, Шернияздың шынында да талайды сөзбен матағаны рас көрінеді.

Он бес жылдай бұрын Шернияздың жақыны, жетпіске келген Қызылбас деген адамнан Шернияздың бір қатар-ақ сөздерін естіп едім. Күнінде салақтық қылып, ертең-бүрсікүні деп жүріп, ала алмадым. Бүгінде көбін-ақ ұмытыппын.

Шернияздың сөздерінен бір-екі үлгі берелік.

1. Шерниязбен біреу жұмбақ айтысады: „Таудан тас жұмалайды” деп, Шерниязға шеш дейді. Шернияз шеше алмадым деген соң, қарсы жұмбағыңды айт дейді. Соңда Шернияз: „Таудан тас жұмалайды” дейді. О да таба алмайды. Жұмбағын шешеді: „Түйенің құмалағы еді” дейді. Соңда Шернияз: „Менікі әкеңнің ж... еді” дейді.

2. Бір таз адам Шерниязбен жұмбақ айтысады. „Шымдай іштер, іштей қотыр” дейді, оған қарсы Шернияз: „Шымдай іштер емес, іштей қотыр

емес" дейді. „Менікі аспандағы жұлдыз еді" дейді. Сонда Шернияз: „Менікі басындағы құндыз еді" дейді. Сонан қайтып бұл екеуі Шерниязға жоламайтын болыпты.

3. Баймағамбеттің қыздарыма лайықты сөз айтшы дегенде, Шернияздың айтқаны жұрттың бәріне мәлім ғой:

Бай-еке, сізің қызда жаман бар ма,  
Дейді-тұғын оны жаман, заман бар ма?  
Шот желке, шолақ мұрын, күң дер едім,  
Бармайды аузы құрғыр жамандауға.  
Қызыңның бес тиындық біреуі жоқ,  
Қылаған соң құдай қанша амал бар ма?

4. Бір кәрі түйе бергенде Шернияздың Баймағамбетті ұялтып, дұрыс түйе алғаны:

Байлауы бізге арнаған түйемісің,  
Күйсеуді шөгіп жатып сүйемісің,  
Көн тері, көпті көрген көне екенсің,  
Айшуақ-Нұралыны білемісің?!

5. Үйдің ішіндегі нәрселердің бәрін өлеңмен атап шық дегенде, Шернияздың Бай-екеге айтқаны (Ілиястың жинаған сөзінен алынды).

Әкеңнің бір атасы қоян жырық,<sup>1</sup>  
Босаға, маңдайша мен табалдырық.  
Кереге алты қанат, алпыс уық,  
Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.  
Төріңде сандық айтар төремін деп,  
Есік айтар әр нәрсе көремін деп.  
Ернін жалақ қылыпты жомарт ожау,  
Көрінгенге қол қайыр беремін деп.  
Ұшақ айтар қазанға қапталдым деп,  
Қазан айтар қарнымнан қақталдым деп.  
Жүгіріп от айналып шәйнек жүрер,  
Қылмысым не құдайға жақпады деп.  
Кетпен айтар ағашқа сапталдым деп,  
Балға айтар барлығына дақ салдым деп.  
Текемет төрде жатқан сал ауырлық,  
Жақсыға, жаманға да тапталдым деп.  
Астыңқа қол батпаған шөміш батқан,  
Сықырлып төсек ағаш жылап жатқан.  
Қылмысы не жалғанда жаққан тұтқыш,  
Бетіне қазан ұстап күйе жаққан.  
Асылып керегеде ішік толып,  
Толғатып тұз баспақ түр іші толып.  
Мейманды үйге келген күтіп алып,  
Құман тұр от басында келін болып.  
Туырлық, үзік, белбеу, ши, дірдеге,  
Шалқалап түндік жатыр дәл төбеде.  
Орнықты бәйбішедей қара саба,

<sup>1</sup> Абылқайырдың арғы атасы Өсікұлы Бөлекей-Қоян деген адамды айтса керек.

Астыңда орындықтың мыс тегене.  
Тағы да мен айтпаған күнің қалды,  
Қабыңда түтілмеген жүнің қалды.  
Шелек, қайрақ, ұстара, адалбақан,  
От басы, ошақ қасы күлің қалды.  
Тағы да мен айтпаған мосы қалды,  
Ыңыршақ пен ашамай қосы қалды.  
Тосыннан төре жарлық қылғаннан соң,  
Бұл Шерің сөз таба алмай, шошып қалды.  
Орамды қызыл тілдің орағымен  
Шерің де одан-бұдан қосып алды.  
Болғанда томпай құлжа асық қалды,  
Аяқ қапта қырғыш пен қасық қалды.  
Хан мақтап, бәрекедді дегеннен соң,  
Бұл Шерің тағы да үстіп тасып қалды.

Шернияздың әзілқойлығы, біреудің мінін табуға, не көзге мақтай қоюға шеберлігі, қысылған жерде сөз тапқыштығы, күлдіргі сөзге ұсталығы таңданарлық нәрсе.

Шернияздың сөздерінің көбі-ақ бүгінде жойылды десе болғандай.

Ізденсе елден, не Баймағамбет сұлтанға жақын болған адамдардың тұқымынан жаңғыз-жарым сөздері әлде де табылар еді.

Көкей молда Жарылғасты да, Шерниязды да молда еді дейді. Балмырза жырау бір сөзінде:

Айдын көлге жабылған,  
Құлдан едім ордалы.  
Асатаяқ алысқан,  
Ауыл едім молдалы,—

дейді. Шернияздың шариятқа жетік екендігі сөзінен байқалатын еді деп айтысады-мыс.

Шернияздың патшаға айтқаны, жандаралға айтқаны деген, жазылғанына қырық-елу жылдай болғанмен де екі сөзі бар.

Патшаға арнаған сөзінде мынадай сөйлемдер бар (керек жерлері алынды):

Қатадан қалы ермес Қақан өзге,  
Айтамын әуел бастан құдайым бір,  
Алланы айтсам кетеді көңілден кір.  
Мағырыб машырыққа қаты еткен,  
Дерқаһі қабыл болғай бұ ырада.  
Үмітсіз әр кез йатмас ер мұрада,  
Таулар тағат қыла алмас қысматыңда,  
Патшаһ болмай өткен жоқ еш затыңда.  
Шыбын жан көкіректе есен болса,  
Ұлұғ, кішік баршамыз қызматыңда.

Жанаралға Шернияз былай дейді:

Дұшпандар тітірейді айбатыңнан,  
Дүниядә келмес іс аз құдыратыңнан.

Сөз мұқтасар қылар деп өтінемін,  
Ұлұғы ғаламатлу қазір атыңнан.

Орысқа сөйлесе қазақтың өз сөздерін бұзып сөйлейтін әдеті бар ғой. Шернияз да түсініктірек болу үшін орыстың ұлықтарына „Текелеу“-дің Абылқайыр ханға кеңсе үшін сыйлап кеткен „мұсылман тілі“-мен сөйлеген ғой.

Шернияздың тұқымының бәрі де желді, арқалы болды. Бәрі шетінен өлең айтатын болды. Бірақ, жалғыз Балмырза дегеннен басқасының бәрі де ауыл арасындағы той-топырда сөйлеуден, қыз өлеңнен аса алмады.



## ШЕРНИЯЗ КІМ?

Қазақ арасына аты жайылған Шернияз шешеннің руы Кіші жүз әлімұлы кете. Кетенің ішінде байқошқар болады. Байқошқардың ішінде айдар болады.

Шернияздың әкесі Жарылғас, Жарылғастың әкесі Елде батыр, Елденің әкесі Жаман батыр, Жаманның әкесі Малай, Малайдың әкесі Сарымбет, Сарымбеттің әкесі Айдар.

Малай деген ауыл осы күнде Темір үйезінде Қазыбек болысында (Ойыл деген қаланың төңірегінде).

Шернияздың қай жылы туып, қай жылы өлгенін анық білмеймін. Дегенмен түрлі оқиғаларды салыстырып қарағанда, өткен әсірдің жетпісінші жылдарында өлсе керек.

Шернияз — Исатай батырдың, оның жолдасы Махамбеттің, Баймағамбет сұлтанның замандасы.

Бөкейлікті тастап, Жайықтан өтіп, бергі бетке шыққаннан кейін Исатай көбіне әлімұлының ішінде жүрді. Исатайға еріп, қазақты қорғауға да бас болған әлім. Исатайдың жан жолдасы болған шекті мен кетенің адамдары. Исатайдың өлген жері де (Қиыл бойы) кетенің жері. Исатай туралы осы күнге дейін әлімнің арасында әңгіме көп.

Шернияздың Исатайдың жорығында болуы шексіз.

Исатай өліп, қозғалыс басылған соң, Исатайға ергендер үкіметтің кәріне тап болған. Көп адам жазаланған, қуылған-сүрілген. Шернияз жазадан құтылу үшін тілін безеп, Баймағамбет сұлтанға жағып аман қалған. Шернияз амалсыздан Баймағамбеттің „сұрқылтайы“ болған. Сұрқылтайдың жұмысы белгілі ғой. Дегенмен Шернияз зәрлі тілімен Баймағамбетті талай шаққан. Бұны ел арасы әңгіме қылады. Ал енді қатын алып берді, үй тігіп берді, төрт түлік мал берді деп ел айтпайды. Баймағамбет сыйлық берсе берген болар, бірақ мұндай қылып беруі бекер. Баймағамбеттің сыйлығы ат, түйе, тоннан артық болды деп елде ешкім айтпайды.

Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда Шернияз ақын емес, тапқыр, сөзге тарылмайтын, тез жауап бергіш, мысқылдауға, әзілдеуге шебер, ығи тақпақтап сөйлеген, аузынан шыққан сөздің бәрі билік болған, сөзге жүйрік шешен. Ел арасында Шерниязды ақын демейді, шешен дейді. Шернияздың сөзі көп, бірақ осы күнге дейін жиылған жоқ. Шернияз заманындағы Жиренше болған.

Шернияздың тұқымының бәрі „желді“ , „ауызды“ болды. Бірақ жаңғыз Балмырза дегенінен басқасы ауыл арасындағы той-топырда сөйлеуден жоғары аса алмады.



## ДҰРЫСТАУШЫЛАРДАН

Абай кітабының бірінші баспасы оқушыларға қиын тиюші еді. Қазақ емлесімен дұрыстап жазылмағандықтан, жаңылыс басылған сөздері көп болғандықтан, мәнісін айырып алу қиын еді; бұл — бір.

Екінші, әр өлең өзінің мәнісі, тізілісі, ұйқасымы, ұнасымы жағынан жеке, айырым көрсетілмегендіктен, бір өлеңнің аяғы екінші өлеңнің басына қосылып оқылып, өлеңдердің шегін айырып алуы да көп шатақ еді.

Үшінші, қазақ тіліндегі кейбір сөздер әр жерде әр түрлі мәнге алынады. Оның үстіне Семейде, Ақмолада я жалпы Арқада сөйленетін кейбір сөздер Түркістан қазақтарына жат. Түркістанда сөйленетін сөздердің бір қатарын арқалықтар түсінбейді. Абай Семейде туып, Семейде өскендіктен, өлеңіндегі кейбір сөздері өңге жақтың қазақтарына түсініксіз.

Төртінші, Абай өлеңінің ішінде парсы, араб тілдерінен кірген сөздер көп, бірлі-жарымды орыс сөздері де бар. Шет тілдерден кірген сөздердің көбі қазаққа таныс емес, жат сөздер. Солай болған соң бұл сөздер оқушыларға онан жаман қиындық беретін еді.

Осындай себептерден сөздерін айыра алмай, сөздің жүйесін келтіре алмай, өлеңнің қисынын шығара алмай, мәнісіне түсіне алмай, оқушылардың көбі Абай өлеңдерінен дұрыс мағына ала алмайтын еді. Абайдың тілі ауыр, сөзі түсініксіз деп Абайға жала жабатын едік. Сондықтан терең ойлы, көркем өрнекті сөздері ел ішіне бұл күнге дейін жарытып жайылмап еді.

Абай өлеңін бастыруға тұтынғанда Қазақ-қырғыз білім кәмисиасы мынадай жол тұтты: қазақ емлесі қолданылды. Жаңылыс басылған сөздері түзетілді. Өлеңнің мәнісіне оқушылар анық түсінсін, жеңіл оқысын, жалықпасын делініп, әр өлең ұйқасына, мәнісіне қарай айырым жазылды. Өлеңнің ішіне жат тілдерден кірген сөздерге мағына берілді. Түсінуі қиын болар делінген кейбір қазақ сөздерінің өзіне де мағына берілді. Түсініксіз сөздердің мағынасы өлеңнің аяғында айрықша көрсетілді. Бірінші баспасы 16 бөлім еді, мұнда 14 бөлімге түсірілді. Бөлімдердің орындары да өзгертілді. Өзімізден болмаған себептерден Семей интернатындағы орысша оқыған балалар туралы айтылған өлеңнің де біразы жіберілмеді.

Абайдың өлеңдерін тергегенде бірінші баспасындағы кемшіліктерді жоюға, сөздерін анықтап дұрыстауға қолдан келген шаралар қылынды.

Арамызда Абайдың сөзін естіген жолдастарының, я туғандарының болмағандығынан, өлеңдерін анық білетін кісілердің табылмағандығынан, Абайдың өлеңдерін тексеру, жаңылыс басылған сөздерін түзету, өлеңдерін жүйесіне, мағынасына қарай жіктеу орасан қиын болды.

Білместігімізден кеткен жаңылыстары болса оқушылардан кешірім сұраймыз. Тексерудегі жұмыстың қиындығын, түзетушілерге түсетін міндеттің ауырлығын, баспа ісінің шабандығын ескеріп және де Қазақстанның Абайды толық қылып басуға кіріскенін ойға алып, Қазақ-қырғыз білім кәмисиасы Абайды жуық арада баспаға беруді ойлаған жоқ еді. Абайдың тарамағандығынан қазақ-қырғыз әдебиетіне, оқушыларға, шәкірттерге, мұғалімдерге келетін кемшіліктерді көрсетіп, шапшаңдықпен

Абайды жұмыстауға білім кәмисиасына қамшы болған Нәзір Төрешұлов болды. Баспахана жағынан да тоқталмай тездікпен жөнделіп, басылып шығуына да Нәзір міндетті болды.

**Ескерту.** Өлеңнің ішіндегі жақшадағы сифрлар жорылған сөздердің тізілісін көрсетеді, әр өлеңнің аяғында қойылған сифрлар сол өлеңнің қай жылы жазылғанын көрсетеді.

Дұрыстаушылар:

Халел Досмұхамедов,

Уәлихан Омаров.

Тәшкент,

25-інші апрельде, 1922-нші жылда.



## АЛАМАН

Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет — халықтың түрлі қимылдарының айнасы. Жиырмасыншы әсірге дейін қазақта жазба әдебиет жарытып болмады. Бірақ халық арасындағы ауыз әдебиеті қазақта бай болды. Ауыз әдебиетінің көбі — он тоғызыншы әсірдің мирасы. Арғы әдебиеттен қалған жұрнақ аз. Біздің қолымызда Кіші жүз қазақтарының (Орал, Бөкей, Маңғыстау) арасынан жиналған он тоғызыншы әсірдегі ел әдебиетінің бір бөлегі бар.

Осы әдебиетті тексеріп отырсақ, қазақтың өткендегі құлқы, мінезі, заманындағы күйініші, сүйініші, арасында болған түрлі әлеумет қимылдары анық сезіледі. Заманымыздағы түрлі қимылдардың, жаман-жақсы мінездердің құр өз-өзінен пайда болмай, өткен заманмен тамырла-сып жатқаны байқалады.

Бұрынғы әдебиетпен танысқанда, қазақтың бойына біткен мінездің бірнеше түрі орасан адырайып тұр. Қазақ арасында болып өткен бірнеше әлеумет қимылдар да көрініп тұр. Ел әдебиетімен танысқанда осындай бадырайып көрінгеннің бірі — аламандық.

Жоғарғы айтқанның бәрі түпкі қазақ сөздері туралы еді. Енді шеттен келген жат сөздерге келелік.

Қазақ-қырғыз тіліне сіңіп кеткен жат сөздер көп: қала, молда, шілде, амал, айып, әділ, әлім, әдет, ылаж, өмір, ар, құрбан, әкім, аспан, дұспан, заңғар, құн, береке, патса, дастарқан, сабын, бедеу, Асан, Үсен, Сәмеке,

Шайбақ, Сидақ, Мәмбет, Мәделі, әзіл, масқара, дәулет, апат, есеп, шынжыр, несібе, серт, әсет, ақырап, жеді, дүйсенбі секілді тағы талай сөздің бәрі қазақ тіліне жат тілдерден кірген сөздер.

Бұл сөздер біздің тілімізге соншама сіңіп кеткен, қазақ-қырғыз халқы бұлардың жат екендігін сезбейді. Байқап қарасақ, жоғарғы сөздердің бәрі де қазақ тілінің қай заңына да көнеді; қазақтың түбір сөздерімен бірдей болып өзгеріп, бірдей құбылады.

Қай жағынан қарағанда да бұларды жат сөздер деп айтуға болмайды, бұларды жат сөздер десек ел көнбейді. Бұларды жат деген адамның өзін ел өзіне жат санайды. Сондықтан бұл сөздердің бәрі қазақ-қырғыз сөзі деп айтуға тура келеді. Шет тілдерден келіп сіңіп, қазақ-қырғыз сөзі болып кеткен сөздердің ата тегін қуып түбіне жете тексерсек, бұлардың асыл қалыбы біздің тіліміздегі қалыбына көбіне ұқсас емес.

Қазақ-қырғыз тіліне сіңу үшін бұлар танымастай болып өзгерген. Өзгергенде бұлар қазақ-қырғыз тілінің заңдарына бағынатын болып, алдымен сингармонизм заңына көніп өзгерген.

Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл — ақиқат нәрсе.

Мұндай заң жат тілдерден кірген сөздерде, әсіресе қос сөздерде айқын байқалады. *Мәделі* деген сөз *Махмудали* деген сөздерден, *бейсенбі* деген сөз *пашанбе* деген сөздерден, *Абдолға* деген сөз *Абдолла* деген сөздерден шыққан; осы сықылды көп үлгілер келтіруге болады.

Өз сөзі қылып сіңіру үшін қазақ-қырғыз тілі жат сөздердің бірнешеуін қосып біріктіріп, сингармонизм заңына бағындырып, бір сөз қылып жібергені бар. Мәселен: „жапа тармағай“ деген сөз арабтың „жамхан-туран-мағхан“ (бәрі бірге ұмтылу) деген сөздерінен шыққан. Осы секілді үлгілер аз болмаса керек.

Орыс тілінен қазақ тіліне кірген сөздерді тексеріп қарасақ, бұлардың да сингармонизм заңымен өзгеріп тілге сіңгені байқалады. *Самауар* (*самаурын*), *Баселей*, *Шодыр*, *Гэбрөшке*, *жәшенке*, *лампы*, *корпыс* секілді сөздерде сингармонизм анық байқалады. Осы сөздердің орыс тіліндегі асыл нұсқаларында сингармонизм жоқ.

Орыстың қалаарының я жерлерінің атақтарына келсек, оны да қазақ не өз сөзіне аударады, не сингармонизм жолымен өзгертіп айтады. *Топайлы* (Тополевский), *Өрлік* (Орловский), *Кірімшік* (Гребеншиковский), *Сарытау* (Саратов), *Самар* (Самара), *Мәскеу* (Москва), *Хәркеу* (Харьков), *Орынбор* (Оренбург) деген сөздерде сингармонизм анық байқалады.

*Губірнетір*, *үйез* (*ойаз*), *болыс*, *жандарал* (*боласнай*), *ауылнай*, *ыстаршина* (*ыстаршын*), *пәмөшнік*, *нәшәндік*, *содуа*, *пірістөп*, *өрендік*, *пірпеске*, *әткез*, *шербій*, *сиаз*, *пірсетіл*, *перебәтшік*, *шөтшік*, *песір*, *үшетіл*, *мұжық* секілді сөздердің көбін орынды ма, орынсыз ба тексермей, ел ішіне ықтиярсыз біздің оқығандар, әсіресе тілмаштар кіргізді. Оқығандар мұндай сөздерді нағыз орысшасынан бұлжытпай сөйледі, қазаққа бұлжытпай сөйлетуге тырысты. Қара халық оған көнбеді, өзінше аударып сөйледі. Жоғарыдағы жазылған сөздердің бәрі де нағыз қара қазақтың айтуынша жазылған. Сингармонизм бұларда анық.

Қара халық өте сақ болады. Тұрмысына, салтына, елдігіне зиянды нәрселерді қабылдамайды. „Қара қарын ел бұзады“ деп жат рулардың адамдарын арасына өте сақтықпен кіргізгеніндей, шет сөздерді де сынап, тергеп, тексеріп, екшеп, өзгертіп, өз тілінің әдетіне ылайықтап кіргізеді.

Сондықтан оңаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын — көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері.

Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгеруге жол басшы болады.

Оқығандар өзіне ылайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішінде жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді.

Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейді; сондықтан жер жүзіндегі жұрттың көбі әдебиет тілін қара тілге жақын қылып елге түсінікті қылуға тырысады.

Әдебиет тілінің қаруы — баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген — адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды.

Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел — сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды. Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады.

Табаны дұрыс салынғанмен, үйді көркем болып түзеледі деп айтуға болмайды. Үйдің керегесі (дуалы), төбесі, есік-терезелері, түрлі әшекейлері көп болады. Осылардың бәрі дұрысталып салынғанда ғана, әр қайсысы өз орнына қойылғанда ғана үйді түзеліп бітті деуге болады.

Осы күні әдебиет тіліміз өте қарқынды өсіп барады. Бір жағынан, өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан, жат сөздерді кіргізіп байып баратыр.

Тілдің өз сөздерінен туған сөз тілдің негізгі заңымен тууы керек, тілдің нағыз өз баласы болуы керек. Бұған ешкім таласпас та, таласпайды да.

Жат сөзді қолдаушылар екі түрлі. Жат сөздерді туғандағы айтылуынан өзгертпей кіргізу керек, жат сөздерді өзгерту күнә деп жат сөздерді тілімізге әдейі, жорта, қалыбынан бұлжытпай, кіргізіп отырғандар бар. Бұл — бір. Екінші — не себепті екенін өзі білмей, ойламай, бір сөзді бір жерден қалай есітсе я оқыса, сол сөзді сол күйінше бұлжытпай тілге кіргізіп, қолданып отырғандар бар.

„Қаскүнемдердің“ саны аз, бірақ аз да болса қолында дәлелі бар. „Мәлімшілдердің“ саны көп, сапасы жоқ: бір сөзді бүтін былай жазады, ертең олай жазады, ұстаған жолы жоқ, әйтеуір есі-дерті жат сөзді қолдану.

Бір тілге кірген жат сөз — бейне адамның қарнына түскен тағам. Адамның денесі ішкен-жеген тамақтан түзеледі. Адамның денесі ет, сүйек, қан секілді нәрселерден түзелген. Сырттан қарағанда бұлардың ішкен сүтке, жеген нанға тіпті ұқсасы жоқ. Ауыздан кірген, ішкен-жеген тамағымыз ішек-қарында уытталып, сіңімді халге келеді. Сонан соң қанға сіңіп, тұла бойға тарап, ет, май, сүйек, шеміршек болады. Құсықты, жынды, нәжісті адамның бәрі де біледі.

Ауызға салған қазы мен қартаның ішек-қарындағы көжеге не ұқсасы бар?! Ауызға салған қып-қызыл алманың құсыққа не ұқсасы бар?! Құсықты, жынды жемек түгіл адам көре алмайды. Көргеннен-ақ жүрегі айнады.

Шындығында құсық, жын, нәжіс ауыздан кірген тамақтан пайда болған. Микроскоппен қарағанда я химия ретімен тексергенде бұл анық болып шығады.

Ауыздан кірген тамақ, сіңу үшін, денеге „өзімдік“ болу үшін дене заңымен өзгеруі керек. Дене заңымен өзгермеген тамақ, дене заңына

көнбеген тамақ денеге сіңбейді, „бұратана“, „қара қарын“ болып, денеге зиян береді. Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге „өзілік“ болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бұйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді.

Тілдің қорықшысы қара халық мұны жақсы біледі. „Жапа-тармағайдың“ арабтың үш сөзіне қандай ұқсасы бар?!

Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз.

Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік — шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді.

Жат сөздерді өзгертпейінше жүргіземіз деп қазақтың тілін бұрағандар да, „мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз“ деп арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адам денесін бұзса, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады.

Қайсысының күнәсі көп?!

Тілімізге жат сөздер екі жақтан кіріп жатыр. Бірі — араб, парсы сөздері, молдаға оқығандар арқылы. Екіншілері — Аурупа сөздері, ордаға оқығандар арқылы.

Араб-парсы сөздері тілімізге дінмен бірге кіре бастады. Молдалар қаншама дін сөздерін дұрыс айтқызамыз деп, [тіл] бұраса да ел болмады. Жат сөздерді өзінше айтып, тілінің заңына ылайықтап қолданатын болды. Дін тілімізді бұза алмады. Бұған себеп — көшпелі салтымыз һәм елге тым кәдірлі болған орасан бай ауыз әдебиетіміз. Көшпелі елге жазу-сызу оңайлықпен таралмады. Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады.

Жазба сөз қазақ арасына он тоғызыншы әсірдің екінші бөлімінде пайда болды десе болады. Онан бұрынғы есепке алынбайды. Жазба сөз бізге, бір жағынан, Қазаннан, бір жағынан, Бұхардан келді. Араб-парсы сөздерінің де көбі осы көршілер арқылы келді.

Қазақтың балалары ноғай, сарт мектеп-медіреселерінде оқитын болды. Медіреселерде араб-парсы сөздерін өзгертіп айту зор күнәге есептелінетін еді. Молдалар қазақ арасына араб-парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады, ана тілін бұзып, ноғайшылап, сартшылап сөйлеуді, жазуды шығарды.

„Хұрметлу ғизатлу қадырменде зияда көргуші ағамызға көп-көп саламлар бағыдунда біз тарафтан хал-ахуал сұрасаңыз алхамдилла сағ саламат тұрадырмыз“ секілді әдебиет тілі болған шатақ тіл пайда болды. Бұл тілді күні кешеге дейін молдалардан басқа да ел ішіндегі сөз жазған кісілердің бәрі қолданып жүрді. Хүкүмет тілі де осындай болды.

Он тоғызыншы әсірдің екінші бөлімінде қазақ елі отырықшы бола бастады да өзара араласуы кеміді. Көршілес отырған „адабияты“ бар ноғай-сарттардың тілі отырықшы елдің арасына жайыла бастады. Осы ағайындар арқылы бірқатар парсы-араб сөздері өзгермейінше тілімізге кіре бастады.

Көп қазаққа „шатақ“ тілдің әсері жарытып тиген жоқ. Шатақ тілден сақтаған: 1) көшпелі салтымыз, 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті, 3) Ыбырай Алтынсарыұлы һәм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиет тіліне жол салған оқымысты жігіттеріміз.

Дегенмен „ноғай-сарт дәуірі“ босқа кеткен жоқ. Қазақтың шын әдебиет тілі түзелгенде де ноғайдың, сарттың мектеп-медіреселерінде оқыған жігіттеріміздің көбі араб-парсы сөздерін өздері үйренген жалған жолмен жүргізе берді.

Басқа оқығандарымыз бұлардың соңына ере бастады. Сондықтан соңғы заманда пайда болған қазақтың ұлт мектеп-медіреселері үшін жазылған құралдарда, оқу үшін жазылған кітаптарда, көркем хәм білім әдебиеттерінде сингармонизм заңына ылайықсыз болып жаңылыс жазылған жат сөздер өте көп ұшырай бастады. Газет-журналдарымыздың беттерін қарасақ, жаңылыс жазылған жат сөздермен толулы.

Кімнің қай орында қата жазғанын түстеп жатудың керегі жоқ. Мұндай қаталар жазушылардың бәрінде де бар.

Үлгі үшін осы күнде жаңылыс жазылып жүрген араб, парсы сөздерін сингармонизм жолымен дұрыс жазып көрсетеміз. *Хұрмет (урмет), хәсірет, Хамид, Ахымет, рахымет, хажет (әжет), хатер, хәзірет (әзірет), Мұхамбет, бетпақ, хадыс (хәдіс), Әли, пәрмен, Орымбет (Ор-мәмбет), көрек (хөрек), хәсте, миірман (мейірмен), миман (меймен), ышпақ, тағдыр, құдыс, мирас, мұғалым.*

Көрсеткен сөздерді жақшаның ішіне қойылған түрлеріңдей қылып жазса да қата болмайды.

Жіңішке айтылған сөздердің жалғаулары да жіңішке, жуан айтылған сөздердің жалғаулары да жуан болып қосылуы керек.

*Тағдырге, мұғалымге, мейменға* деп айту-сызу жаңылыс. Кейбір араб, парсы сөздерін екі түрлі айтуға болады. *Ғылым — ғылымға, ілім — ілімге, ғалым — ғалымға, әлім — әлімге, ғұмыр — ғұмырға, өмір — өмірге.* Бұлай айтылудан тілімізге келетін зиян жоқ. Қостық — тіліміздің заңы. Тек жалғауларын ұйқастыру керек.

Сингармонизм заңына келмейтін болып тұрған кейбір сөздер бар. Арабтың *Махмұд* деген сөзін қазақ *Мәмбет, Мұхамбет, Махамбет, Мағамбет* деп өзгертеді. *Мәмбет* сингармонизмге толық көнеді. *Мұхамбет* сингармонизмге шалалау көнеді. *Мағамбет* сингармонизмге қарсы. Қазақ тіліне кірген араб-парсы сөздерін тергеп қарасақ, бір бөлек сингармонизмге шалалау көнген я көнбейтін сөздер ұшырайды. Бұлар тілге ықтиярсыз кіргізілген, бұзып айтылуына қарсылықты көп көрген, тілді бұрап алғашқы қалыбында сөйленуіне, жазылуына көп еңбек сіңірілген сөздер. Бұларды қазақ тіліне толық сіңіп болды деуге болмайды. Бұлар шала сіңген сөздер. Жаттығын білдіртпей бұларды тілге әбден сіңіріп жіберу — әдебиет тілінің міндеті.

Арабтың *Махмұд* деген сөзіне қазақ тілінде сәйкес сөз *Мәмбет*. Бөтен түріктерде *Мәмег, Мемег* деп айтады. *Мұхамбег, Мұғамбет* деген молдалардың, оқығандардың қолданған, елге ықтиярсыз сөйлеткен сөздері. Бұлар шала қазақ сөздері. *Махамбет, Мағамбет* осы шала сөздердің түзетілген түрлері. Жат сөздерді қазақ сөйлегенде өз сөзіне жақындастырып, ұйқастырып айтуды жаратады, *Мағамбет* деген сөз жалқы айтылмайды. Алдында қосымша қосылып айтылады. (Қос-мағамбет, Қос-махамбет).

*Махамбет* деген сөзді қазақ екіге бөліп айтады: біреуі *Махам* — *Махан* — *Мақан*. Екіншісі — *бет*. Сондықтан *Махамбет* деп айтылу пайда болады.

*Ханибет, Ханген* деген сөздерді де қазақ *Қани-бет, Қан-ген* деп екі бөліп айтады. *Қани-бет* секілді айтылуына ыңғайлы келетін, тағы талай сөздер бар. Осындай орындардың бәрінде де жат сөздер қазақ тілінде екі бөлініп айтылады. Шындығында бұл дұрыс болса да әдебиет тілімізге

*Махамбет, Қанибет, Қан-ген* деп алу керек емес, *Махамбет, Ханибет, Ханген* деп алу керек.

Түрік тілінде түбір сөздер қысқа келеді. Түрік тілі ұзын сөзді жаратпайды. Мұндай қасиет қазақ-қырғыз тілінде анық байқалады. Соңдықтан шет тілдерден келген сөздерді қазақ тілі екіге, үшке бөліп айтуға тырысады. *Махмудтың Махамбет* (*Махам — Махан — Мақан* һәм *бет*) болуы да осыдан. *Қос — махмуд* деген сөз *Қос — бағам — бет* болып қазақтың тіркелген үш сөзіндей айтылады, сондықтан қазақтың айтуынша, сингармонизмнің заңынша жүрсек, *Қосмахмудты Қос-бағам-бет* деп жазу керек.

*Қос Бағам-бет* деп жазуды өте ерсі көрсек, онда ережеден тыс қалып, *Махмудтың Мағамбет* болуына көніп, *Мағамбет* секілді сөзді бір жазамыз. Бірақ мұндай болып жазылудың айрықша тыс нәрсе екендігін өнемейін ұмытпай, жалпы ережеге аудармасқа керек. Бұлай болғанда *Қос-махмуд, Дос-махмуд* деген сөздерді *Қос-бағамбет, Дос-бағамбет* деп екі бөліп жазу керек. Алдыңғы сөз жуан болады да, соңғы сөз жіңішке сөзге балаңады.

Ұзын сөздің қысқасы, арабша, парсыша сөздерді арабша, парсыша айту керек емес, қазақша айту керек, қазақ тілінің заңына көндіріп қолдану керек. Нағыз түрік сөзінің ішінде жуан, жіңішке айтылатын дыбыстар аралас келмейді. Сондықтан бір сөздің ішінде бір жағынан „к“, „ғ“, екінші жағынан „к“, „г“, „е“ дыбыстар кірмесін. Жуан сөздерге жіңішке жалғаулар, жіңішке сөздерге жуан жалғаулар жалғанбасын.

Жат сөздерді қалай қолданудың ұлы бағытына түсінген соң әрбір сөзді дұрыстап жазу қиын емес.

Тілімізді байытайын деп тұрған екінші түрлі жат сөздер Аурупа сөздері, бұ сөздердің жаңғыз-жарымы болмаса, елге сіңгені жоқ. Бұларды қолданып, елге ықтиярсыз кіргізейін деп тұрған — әдебиет тіліміз. Аурупа сөздері соңғы заманда әдебиет тілімізге жапа-тармағай кіріп жатыр. Соңдықтан бұлар туралы да біраз ғана сөз айтпақшымыз.

Аурупа тілдері бірнеше топқа бөлінеді. Бізге керегі мына үшеуі: 1) роман тілдері, 2) гермен тілдері, 3) ислабиан тілдері. Бірінші топқа франсоз, ителиен, портуғалиа, һиспаниа, романиа, тағы басқалар тілі кіреді.

Гермен тобына: неміс, норбегие, шибетсие, даниа тілі кіреді. Ағылшын тілі неміс тіліне жақын, гермен тілі мен франсоз тілінің араласуынан пайда болған.

Ислабиан тобына: орыс, хахол, пәлек, былғар, серб тілі кіреді. Әр топтың ішіндегі тілдің бір-біріне жақындығы біздің түрік тілдерінің (ноғай, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, оспан) жақындығындай.

Әр топтың бір-бірінен айырмасы түрік тілінің манғұл я фин тілінен айырмасындай.

Аурупа жұрттарының ғылым тілі қылып алған тілі — латын тілі. Латын тілінде бұл күнде сөйлейтін ел жоқ. Латын тілінде бұрынғы заманда рұм халқы сөйлеген. Рұмдардың тұқымы бұл күндегі ителиендер мен романдар.

Латын тілінде сөйлеу я кітап жазу бірден-бірге қалып баратса да, сонда да Аурупа ғылымындағы атаулардың (терминдердің) бәрі латынша.

Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдан да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады.

Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып

жүр, сөзді өзгерткендер әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді. Мысал үшін бір азғана үлгі келтірелік.

Латынның *портио* (порцио) деген сөзін неміс *портион* (порцион), орыс *порция* (порция) деп қолданады.

Латынның *пилантатио* (*плантация*) деген сөзін франсоз *пылантаж* (*плантаж*), орыс *пилантатсия* (*плантация*) деп қолданады.

Латынның *пробиегенсия* (провиденция) деген сөзін неміс *пробигент* (*провидент*), франсоз *пробиганс* (провиданс), орыс *пробигения* (провидения) деп қолданады.

Осындай көп үлгілер келтіруге болады.

Роман (латын), гермен тілдерінде шолақ „у“, „h“, „е“ дыбыстары бар, орыс тілінде мұндай дыбыстар жоқ, сондықтан орыстар шолақ „у“ дыбысын „в“ дыбысымен, „h“ деген дыбысты „г“ я „и“ деген дыбыстармен сөйлейді.

Біздің қазақ-қырғыздардың ішінде Аурупа тілдерін жақсы білетіміз аз, көбіміз білмейміз. Аурупа тілдері бізге орыс арқылы жалғасады.

Сондықтан Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек.

Орыстың айтуы Аурупаның айтуынан қандай айырылатынын төменгі үлгілерден байқауға болады. Латын сөздерін қазақша жазып, орыстың айтуын орысша жазып көрсетеміз.

*Аудишориум* (*аудитория*), *аутор* (*автор*), *аура* (*авра*), *аутономия* (*автономия*), *аутомобилиц* (*автомобиль*), *Данаус* (*Данай*), *Испание* (*Испания*), *История* (*история*), *Гелена* (*Елена*), *куадратус* (*квадрат*), *Гипнозис* (*гипноз*), *Гуманитүус* (*гуманный*), *Горизонт* (*горизонт*), *Гигиена* (*гигиена*), *Гимн* (*гимн*), *Голланд* (*Голландия*), *Уилхелм* (*Вильгельм*), *Гермен* (*Герман*), *Уиена* (*Вена*), тағы талайлар. Аурупа сөздерін ала қалсақ, біздің білуімізше, мынадай жолмен алу керек:

1) Аурупа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қырғыз тілінің заңымен өзгертіп, сіңуге қолайлап алу керек. Аурупа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл — орыс тілі, орыс сөздері ықтиярсыз қолдануға керек болатын дәуірде тұрмыз. Сондықтан орыс сөздерін қолданғанда өте сақтық керек.

2) Күнбатыс Аурупа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін Аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болады. Орыстар Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп, орыстың өзгерткенін біз тағы өзгертсек, ақырында Аурупа сөзі орынсыз танымастай болып кетіп, ауру-паша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін. *Копенгаген* дұрыс емес, Көпен-наген я Көпеннаген болуы керек. Гелсингфорс дұрыс емес, *Гелсинк-Форс* болуы керек. Мұндай үлгілер көп.

3) Роман, гермен сөздері жалпы айтқанда жуан айтудан гөрі жіңішке айтуды сүйеді. „Л“ деген дыбыс бұ тілдерде өнемейін жіңішке айтылады. Сондықтан ішінде „л“ дыбысы бар Аурупа сөздерін жіңішкертіп айтқан сөздің түбіне жақын, қолайлырақ болады. Немістің „Ләнд“ деген сөзі кірген сөздерді жіңішкертіп айтқан тіпті артық.

Мәселен *Голландия* дегеннен *Гөлләндие* деген сөздің асыл нұсқасына жақынырақ болады.

4) Франсоз тілінде сөздің басуы (ударение) соңғы буынының ішіндегі дауысты дыбыстарда болады. Қазақ-қырғыз тілінде де осындай қасиет бар.

Сондықтан Аурупа сөздерін өзгерткенде, франсоз тілін үлгіге алсақ, көп жеңілдік көреміз. Мәселен, латынша *механикус* деген сөз орысша механически (*механический*), франсозша *механик* (*механик*) болады. Бұл сөзді қазақша *мехеник* деп алуға болады.

5) Аурупа сөзін алғанда түбірін сингармонизмге көндіріп алған соң, жалғаулардың да бәрін сингармонизм заңымен жалғау керек. Алған түбірден туынды сөздерді өз тіліміздің заңымен тудыру керек.

*Мехеникші, мехениктемеқ, химие, химиеші, химиемеқ, химиелеу, гүлейт-темеқ, гүлейттеймін (гулайт етемін* деген дұрыс емес). *Анатомиа, анатомиамақ, анатомиаламақ, анатомиашы.* Үлгі үшін жиі ұшырайтын бірқатар Аурупа сөздерін сингармонизм бойынша жазып көрсетеміз.

*Гермение (Гер-мания), Түркие, Гыспания (Гиспение), Әнгиліе, Гәлләндие (Голландиа), Бірәзиліе, Ирләндие (Ирландиа), Финләндие, кәмесие, кәнференсие, сексие, реперетсие, Ителіе (Италиа), Гындиа (Ындық), Аурупа (Еуропа), химие, фійзиелөгіе, пәтөлөгіе, Гигиене, мәтеметхике, әріфметхике, бійелөгіе, резәлтхисие, Әмерике (Әміркен — Амырқан), Әфіріке, Азия, Ауыстырәлиа, Нәрбеגיע, Шібетхисие, Шібетсеріе, Сербіе, Ромәниа, Пәлше, фіренік, марқы, Дәније, кәмесер, Түркістен, ыспалком (ыспалқом), гүбкәм (ғубқом), гүбірне (ғобырна), әренге.*

Қазақ-қырғыздың негізгі түбір сөзінде бас буыннан басқа орында сөздің ішінде „і“ дыбысы естілмейді, бөтен түрік тілдеріндегі „і“ біздің тілде „е“ болып кетеді. Сондықтан бөтен тілдерде бар *де, дән, нән, ләр (дәр)* біздің тілде: *га, ген, нен, лер* болып айтылады.

Жат сөздерді қолданғанда ішіндегі бас буыннан басқа орында ұшырайтын „ә“ дыбысын да „е“ қылып қолдану керек.

Сонда бізге „елеген“ жалғаулардың үстіне „әлеген“ жалғаулардың керегі жоқ болады.

*Жәмиле, Мәлике, кәленгер, фебірел, гекебір, сентебір, кәмесие, кемисер, Лейле, кітеб* деп айту да керек, жазу да керек. Бірқатар азаматтарымыз ел *Жамила, Ләйлә, Хамила, фебирал* деп сөйлейді деуі мүмкін. Бұлай айтушыларға мынадай жауап береміз, шын қазақтың өзіне салсақ *каленгар* деп тіпті айтпайды, не *кәленгер*, не *қалангар* деп айтады. Бұлай қылып айтуды түрік тілінің заңы бұйырады. Өңге сөздер де *кәленгер* сықылды сөйленеді.

Елді ықтиярына жібермей шатастырып отырған әуелі молдалар, сонан соң біз — оқығандар. Жолтоспай болып біздер жат сөздің әбден сіңіп кетуіне кедергі болып жүрміз.

*Жамила, Ләйлә, каленгар, фебірал* деп оңды-солды елдің құлағына құйып, балаларға үйретіп, тіл бұзуға себеп болып жүрміз.

Оқығандарға енді мұны қою керек. Тілді бұзу емес, тілді ұстарту жолына түсу керек.

Сингармонизм заңымен байланысқан қазақ-қырғыз тілінде мынадай заңдар бар: 1) Қазақ-қырғыздың түбір сөзінде бір дыбыс екіленіп (тәштиденіп) келмейді. Сондықтан жат сөздердегі екіленіп айтылатын дыбысты қазақ-қырғыз не бір дыбыс қылып айтады, не соңғысын бөтен дыбысқа аударады.

*Молла — молда, үммет — үмбет, алла — алда, аууал — әуел, жиңнат — жендет, суннат — сундет.*



Тіліміздің заңы осылай болған соң, жат сөздерді алғанда ішіндегі бір дыбысты екілетіп айту, жазу керек емес.

*Мұғалым, қуат, қодыс, мүһзін, зәре, мытал (метел), хылор, үпіл* деп жазу керек.

Осы заңның бойынша *сұу, тху, бұу* секілді сөздерде бұрынғы үу жазуымыз дұрыс емес еді. Бүгінде хатамызды түзеттік; екі „ү“-ны қатар қоймай, уу-ның орнына үу жазатын болдық. Бұлай қылғанымыз жоғарғы айтылған заңнан шығып отыр.

2) Қазақтың түбір сөзінде екі дауыссыз дыбыс көршілес қатар тұрмайды, өнемейін арасында дауысты дыбыс тұрмақшы. Қазақ сөзінде екі дауыссыз дыбыс көршілес қатар тұрса, онда сөздің екі сөзден құралғанын я сөздің ішінде жалғаудың барлығын көрсетеді. *Бүркіт, көгершін, шекпен, кеткен, тышқан, іркіт, бөктергі, борсық, жылқы* деген сөздердің түбірі: *бур, көгер, шек, кет, тыш, ір, бөк, бор, жыл* болуы керек те, қалған бөлімдері жұрнақ болуы керек.

Олай болмаса, *бүркіт, көгерішін, шекібен, кетібен, тышықан, ірікіт, борысық, жылықы* болуы керек. Осы айтылғанды тіл білгіштер өте тексеріп қарауы керек. Бұл заң деп айтқанымыз нағыз заң ба, жоқ тек ұйғарынды ма?

„Сананың“ бірінші нөмірінде емле туралы жазғанда *Ф. Ф. ұлт (ел), ұлт (итті), жылт (көріну), жылт (ысыту)* секілді үлгілер көрсетіп, бұлардың әрқайсысын әр түрлі айтылады, бұларды жазғанда мағынасын айыру қиын, сондықтан бітеу буында „ы“ дыбысын қалдырмай жазу керек дейді. Жоғарғы көрсетілген сөздердің бәрінде де „ы“ дыбысы бар, бірақ бір сөзде бұл дыбыс ұзындау айтылады, біреулерінде қысқалау айтылатыны тіл болған жерде болмай қалмайды. Сондықтан мұндай ұсақ айырмаларды жоюға таңбалар шығара берсек, тіліміздің қағидаларын өте қиындатып жібереміз; бұлай қылудың керегі жоқ.

Бір қатар сөздерде дауыссыз дыбыстың арасындағы дауысты дыбыс жоқ секілді болып көрінуі де „ы“ дыбысының өте шолақтанып, қысқа айтылуынан болса керек.

Сингармонизм заңы — жаңғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы, тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы.

Орал-алтай тобы мынадай тілдерге бөлінеді: 1) фин тілі, мадиар-оңғар, фин (суами), есті, мордба тағы талайлар; 2) самойет (қасуами); 3) түрік; 4) манғол (қалмақ, бурлат); 5) тоңғыз. Түріктің бұрынғы тарихы қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған. Бұлар түрік-манғол сөздерін орасан өзгертіп жіберген.

Тарихтағы жаңылыс сөздерді түзетіп алуға сингармонизм заңы жол көрсетіп отыр. Ноғай тарихында *Селенх* деп жазылған, бұл дұрыс емес, сингармонизм заңынша *Селенге* я *Сыланғы* болуы керек, шындығында *Сылаңғы*. *Селжық* дұрыс емес, не *селжік*, *селшік* болуы керек, не *салжық*, *сылшық* болуы керек.

Қазақ-қырғыздың руларының, адам аттарының арасында бұрынғы түрік-манғол аттары көп ұшырайды, сондықтан тарихтағы адамның, жердің аттарын алғанда осы күнгі қазақтағы адамдардың, рулардың, жердің аттарымен салыстыру керек; *Құбылайды Көбілей, Ғулағүді Әлеке* деу керек; *Шыңғыздың* атын *Темөшін* деу дұрыс емес, *Теміршін* я *Темірші* болуы керек.

Түрік, манғол тілдерінің тұқымдас, тумалас екендігін, қытай тілінде „р“ дыбысының жоқтығын ескерсек, *Шыңғыздың* аты *Теміршін* болуға қолайлы бола қалады.

Оспан түріктерінде сингармонизм болғандығы жаулап алған Аурупа жерлерін атауларынан айқын көрініп тұр. *Ыстанбол — Константинополь, Әдірне — Агрианополь, Йәнине — Янина, Азмыш — Смирна, Марыш — Марица, Бакрж — Бухарест, Олах — Волахия, Бағған — Молдавия, Росшық — Руцук, Шетиние — Цетинье*, тағы талайлар.

Рүсиада орысша жақсы, ең таза сөйлейтіндер түріктердің оқығандары, әсіресе ноғайлар мен біздің қазақ-қырғыздар; кірмелі кірузиндер, немістер, латыштар, финдер орысша жаман сөйлейді. Бұлардың тілінде өнемейін әксент деген нәрсе білініп тұрады.

Мұның себебі мынау: соңғы уақытқа дейін біздің Рүсиадағы түріктерде мұсылманша оқыту, оқу бар еді, ұлт оқытуы жоқ еді.

Орыс мектептеріне кірген балалар ана тілін оқып әбден жаттығып кірмей, ана тілімен таныс болмай тұрып, орысша оқи бастайтын еді. Орыс мектептеріне кіргендердің ес-дерті орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептеріндегі оқытулардың да бар тілегі жас өспірімге орыс тілін жақсы білдіріп, орыс тілін ана тіліндей қылып жіберу еді.

Осылай болған соң, бірнеше жыл орысша оқыған балалар орысша орасан шебер болып кететін еді. Ана тілінің заңын, әдетін ұмытып кететін еді. Ана тілінің нақуы, сарфы жоқтығы, орыс тілінің астамдығы, болашақтағы пайдасы адамды қызықтыратын еді.

Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілінің заңымен айтамын деп шатасады. Әксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмас-тай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады. Бұлардың жат тілде сөйлегенде жаттығы білініп тұрады. Өз тілін жақсы білген түрікке Аурупа тілдерінде сөйлеу қиын болса керек.

Сонда да біздің ноғай, қазақ сықылды түріктер орысша соншама жақсы сөйлейді, бұлардың орыс еместігі жақсы сөйлегеннен білініп тұрады. Оқыған түрік орыстың нағыз әдебиет тілімен сөйлейді. Нағыз орыс көбіне жасында үй ішінде үйренген тілімен сөйлейді; оқыған түріктер орыстың әр дыбысын ішкөзде үйренген қалпымен айтады. Сондықтан орыс ішкөлінде қатар оқыған орыс, қазақ балалары диктөбке жазғанда қазақтар хатасыз жазады, орыстар хатамен жазады.

Мектепте ана тілін жақсылап оқыған балаға орыс сөздерін көпке дейін дұрыстап сөйлеу мүмкін емес.

Біздің айтайын дегеніміз мынау: бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл — сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл — күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілді еліктей беруі зор хата. Бұл оқығандардың хәм оқушылардың есінен шықпауы керек.

## ДИУАН ЛҰҒАТ АТ-ТҮРК

Түрк тілі һәм әдебиеті туралы „Диуан лұғат ат-түрк“ деген бір кітаптың Ыстамбұлда табылғанын дүние соғысының алдында ғана (1914-інші жыл) біреу бізге хатпенен білдіріп еді. Бұл кітапты көруге құмарланып, толық мағлұмат сұрап хат жазып едік, бірақ соғыстар себебінен Түркия шекарасы жабылып қалып, ешбір жауап алуға болмады. Соғыс дәуірінде (1914 жылдан 1918-ге дейін) Ыстамбұлда Көпрұлы-заде Махмұд әфәнді қарамағында түрк азаматтар тарапынан білім жолында бірталай өнімді қызметтер жүзеге шығарылған екен. „Милли татаббу'лар меджумасы“, „Адабийат факультесі меджумасы“, тағы сондай журналдар басылған екен. Түркия Мағариф назараты артықша қарап, өз қаражатымен әлгі айтылған „Диуан лұғат ат-түрк“ кітабын 1917-нші жылы жақсы қағазға 60-форматта үш түп кітап (1-інші түп 843 бет, 2-нші 320 бет, 3-інші — 253 бет) қылып бастырған. Түрктің білімді ерлерінің бұл кітапқа артықша назар салғандықтары, қадырын білгендіктері кітапты түзетіп, қарап бастырған Ахмад Рифат әфәндінің (3-інші кітап аяғында) жазған сөздерінен көрініп тұр. Түрк ғалымдары бұл кітаптың жанып, болмаса өртеніп жоғалуынан қорқып, бастырып майданға шығаруға асықтырыпты. Түрк ұлты әрбір түп (жылда) шыққан сайын пайдаланып, әдебиеті, тарихы туралы көп жаңа білімдер, сөздер майданға шығарыпты. Түрк азаматтарының білімге, түрк ұлтының тілі һәм әдебиетіне мынадай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр.

Османлы түрктері бұл соңғы заманға дейін білім кітаптарын бастыруда Аурупадағы жол-жобаға (әсіресе де Гүе сияқты ориенталист ғалымдар жолына) көз салмаушы еді. Бұрынғы Қазанда, Тәшкенде басылған „Қысас ул-анбиа“ кітабындай қылып, қалай болса солай баса салушы еді. Ғылыми кітаптарды баспаханалардың өз түзетушілері (корректор) қарап түзетеміз деп былықтырып қоюшы еді. Ахмад Рифат әфәндінің де азын-аулақ сондай кемшілігі жоқ емес. (Османлы жазушыларында артық таралған жақша белгісін ( ) орынды-орынсыз көп жұмсауы, мәселен, 3-інші кітапта 503-бетін „шу“ баб деп жазғаны сияқты. Бұл оқушыларды жаңылдырады. Ахмад Рифат әфәндінің осындай аз емес).

Бірақ сонда-дағы бұл кітаптың басылуы өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Түркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатасын түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждаһат қылғандық кітаптан көрініп-ақ тұр. Қысқаша айтқанда, Османлы түрктерінде фән кітаптарын басу туралы Аурупа жол-жобасын жүзеге шығаруға бет қойғандық көрінді. Бұл туралы әсіресе „Милли татаббу'лар меджумасы“ көп қызмет көрсетіп тұр. Бұл журнал түрк ғалымдарының өз бетімен (ғылыми кітаптарды бастыру жолында) жүрулерін, һәр ғалымның өз ойынан шығарып пайдасыз білім жолында өнімі жоқ „ақыл“ сөйлеулерін қатты айып қылады (мәселен, жылд 2, сан 4, бет 181—190). Бұл сөздер ғылым жолында және үлкен бір адым деп білеміз. Түркияда кітап

басуға осындай артық назар салуды көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр.

„Диуан лұғат ат-түрктің“ шығарушысы — Махмуд бин ал-Хусейн бин Махмуд ал-Қашғари деген бір түрк ғалымы. Бұл адамның аты бұрынғы ескі тарих кітаптарында көрінген жоқ еді. Тәржіме халі (биографиясы) туралы сөздер өз кітабынан ғана табылып отыр. Бұл адам — 999-ыншы жылдан 1212-нші жылға дейін Күн батыс, Күн шығыс Түркістанды билеп тұрған „Қараханы“ түрк хандарының ең күшті болып, дәуірлері жүріп тұрған заманда болған адам. Атасы Хасен (түркше аты „Бехрикин“ — 1,52) осы қараханылардың атақты бектерінен болған, саманилардан Маураннаһрды алып берген кісі болған. Бұл „Бехрикин“ осы күнгі Ыссықкөлдің күн батыс пен оң түстік арасының жағасындағы „Барсхан“ шаһарында болған. Кітаптың шығарушысы Махмудтың туған, кіндік кесіп, кір жуған жері, ата қонысы Ыссықкөл жағасы Барсхан шаһары болады. Махмуд Қашғари Азиядағы түрк бектерінен, әскерінен, ғалым, шайырларының (ақын) алдыңғы қатарынан болған (3,1). Өзінің өмірін түрк қауымдары арасында, түрлі түрк рулары ішінде өткізген. Өзін „Қашғари“ (Қашғарлық) деп атағанынан, Қашғар хандарымен болған сұхбаттарын (беседа) жазғанынан оның Қашғарда өмірін өткізгендігі білінеді. Бірақ қандай себеппенен екені белгісіз, бұл түрк ғалымы, түрк қаһарман бегі Бағдад халифасының алдына барған. Кітабын халифа ал-Қаим биәміраллаһның патшалығының соңғы жылында жазып, оның өзін Басари ал-Мұқтади биәміраллаһға тарту қылған.

Әйтеуір кітап 1073-інші жылы (сиыр жылы) жазылған<sup>1</sup>. Махмуд Қашғаридың замандасы болған екінші бір Қараханы түрк жазушысы Баласағұнлық Йусуф Хас Хажиб „Құтадғу білік“ есімді кітабын 462-нші жылы, тауық жылында (1069—1070 қыс күні) жазған<sup>2</sup>. Осылайша Махмуд Қашғари кітабы мен Йусуф Хас Хажибтың кітабы жазылуының арасы екі-үш-ақ жыл уақыт болады. Бірақ бұл кітаптардың біреуі түп Түркістан

<sup>1</sup> Махмуд Қашғари кітабын қай жылда жазғанын еш орында сөйлемейді. Кітаптың аяғында (III, 333) кітабын 464-інші жылы жумада ал-аууал айында (яғни 1074-інші жылы февраль жұлдызында, сиыр жылы аяғында) тамам қылғанын айтады. Бірақ III-жылда, 116-бетте „469-ыншы жыл нек (яғни ұлу) жылы жазылды“ дейді. Бұл 1076-ыншы жыл ағуст жұлдызы мен 1076-ыншы жылғы март арасында болды. Нек — ұлу жылы 1076-ыншы жылы март жұлдызында кіреді. 46-ыншы жыл 1076-ыншы жылдың 5-інші ағустында кіреді. „469-ыншы жылда — ұлу жылы“ дегені 469-ыншы жылдың шағбан айынан бұрын деген сөз болады. Жилд I, 290-да „466-ыншы жылы мухаррам айында жазып отырмыз. Бұл уақытта жылан жылы кіреді. 467-нші жыл кірсе, енді яғни жылқы жылы кіреді“ деп жазады. Бірақ осында бір қате бар. 466-ншы жылдың мухаррам басы 1073-інші жылдың сентябрь 6-сында болады. Жылан жылы 457-нші жыл 1065-інші жылдың мартында немесе 370—1077-нші жыл мартында кіреді. Енді 458-інші жылдың жылан жылы мухаррам айы мартта емес, бәлкі 1065-інші жылдың декабрь мешінде келеді. 470-інші жылдың мухаррам айы 1077-нші июль 25-інше келеді. Қалай болса да мұнда бір қате бар. Қалай болса да Махмуд Қашғари кітабын 1072-нші жыл мен 1076-нші жыл арасында жазған. Кітабын жазып тамам қылуы 1074-те февраль жұлдызында болса да, дұрыстап толықтырып халифа Мухтади биәміраллаһға тарту қылуы 1076-ншы жыл болған деп айтуымыз керек. Кітаптың жазылу жылын алдымыздағы Стамбул баспасы сыртында (асыл нұсқа бойынша) 466 қойылған. Шынымен кітаптың жазылу жылын қысқаша қылып, 1073 десек дұрыс болар.

<sup>2</sup> 466-ыншы жылдың тауық жылы 1069-ыншы жыл март 9-ында кіреді. 462-нші жыл 1069-ыншы жылдың 20-ыншы октябрьде кіреді. Яғни тауық жылы 1069-ыншы жыл март 9-ында кірсе, „Құтадғу білік“ 462-нші жылдың жумада ал-ахир айынан немесе 1070-інші жылдың мартынан бұрын, яғни 1069-ыншы жылдың ноябрь жұлдызы — 1070-інші жылдың март жұлдызы арасында, қыс күнінде жазылған болады.

орталығы Қашғарда, екіншісі Бағдадта жазылған. Махмуд Қашғари кітабының Стамбулда табылған нұсқасы 664-інші хижра (1266-ыншы) жылда Мұхаммед Абу-Бақр бин Абул-Фатих ас-Сауи ад-Дамашқи деген адамның қаламымен шығарушының өз қолымен жазған кітаптан жазылған. Бұл туралы Дамашқи өзі (III, 332—333) жазады.

Махмуд Қашғари кітабының басында бұл кітапты сол замандағы мәдениет дүниесі мұсылмандарға түрк ұлтын таныту, білдіру үшін жазғанын айтады. Осы себеппен ол өзінің түрк қауымы, түрк әдебиеті туралы кітабын араб тілімен жазған. Әрине, Махмуд Қашғари араб тілін өте жақсы білген хәм кітабын зорланбай-ақ арабтың шешен сөздері, ашық тілімен жазған. Махмуд Қашғари өз заманындағы ғалымдардан Хусейн бин Халаф ал-Қашғариды атайды (I, 293). Бұл ғалым туралы Самани „Китаб ал-инсаб“ деген кітапта (кітап бастырған бет 472) Қашғар туралы сөйлегенде баян қылады. Бұл кісі 484 (1091) [жыл] шамасында опат болған бір мухадис (пайғамбар сөздерін көшіруші) ғалым екен. Бірақ бұл ғалымның сөйлеген хадистері көбінесе өтірік, байлаусыз саналған. Махмуд Қашғари бұл ғалымнан түркітер туралы бір хадис көшіреді, тағы сондай түркітер хақында хадистерді (I; 3-ге) Бұхара, Нишабур ғалымдарынан алып жазады.

Мұхаммед пайғамбар түрк патшалығының Тукиу хандарының ең күшті, Византия хәм Иранға қарсы ең үлкен бір дәулет болып күн көрген дәуірінде келген. Әрине, ол түркітерді білген. Ескендір патшаның „йажуж уа мажуж“, яғни күн шығыста бастапқы түзілген соғыс қамалдары туралы сөйлеген бұл пайғамбардың заманында арабтар арасында, әрине, түрк қауымы туралы ұзын құлақ хабарлар болуы анық.

XII—XIII ғасырларда исламға дұшпан болған әһли сәлиб (крестовые походы), қара қытай гурхандары хәм найман ханы Күшліктердің ислам елін бұзуы туралы көп әфсаналар (легенда) түзгені сияқты, сасани Иранға дұшпан болған арабтарда да өз заманындағы Тукиу-түрк хандары туралы көп хабарлар болған болса керек. Бірақ түрк қауымын мақтап, көтеріп айтқан хадистерді оғыз, салжұқ Сәбек текин сұлтандарының Муғтасим халифа уақытында-ақ халифа қызметінде Бағдадқа барған түрк әскерлерінің хәм ерлерінің көңілдерін көтеру үшін парсы (Иран) ғалымдары түзген. Махмуд Қашғари хәм басқа түрк елдері бұл хадистерге сеніп жүрген. Осыған қарағанда, Махмуд Қашғари иран мен араб әдебиетін жете білсе де, дін хәм хадис ғылымдарын өте білмеген. Бірақ ол араб тілін, әдебиетін жете білген хәм кітабын атақты араб филологы (тіл ғылымына жетік кісі) Халилдің „Китабул айни“ деген классик (үлгі) кітабына ұқсатып жазғанын (I, 5) айтады. Шынымен ол тіл, әдебиет майданында арабтың ең алдыңғы қатардағы ғалымдарымен қатар тұрып, түрік тілін сол замандағы ең жоғарғы фани усулға салып жазған. Бірақ дін жағынан ол жақсы мұсылман болғанымен бірге шала шаман (бақсы) болған хәм ол XIV—XV-інші ғасырлардағы ислам діні үшін тырысып жүрген Әмір Темір хәм Әбілқайыр хандардай өзінің шамани иғтиқадтарын ашық жазады. Қалай болса да бұл адам дін ғалымы емес, бәлки таза дүниауи (светский) ғалым болған. Бұл оның кітабынан ашық көрініп тұрады. Кітабында кірікпеген ұзын сөйлемдер, пайдасыз сөз бастары жоқ. Кітаптың басынан-ақ Тоқтамыс хан сөзі деп тура өзінің мақсатын сөйлеп, жарлық жазған түрк хандарындай „Қал ал-Ғабду Махмудин ал-Хусейн“ деп тура мақсатын сөйлеп алып кетеді. Ол кітабына өз заманындағы түрк қауымдарының жағрафи орындарын, өз заманындағы ұлттарға алыс-жуығын көрсету, кітабын түсінікті қылу үшін ол уақытқа дейін мұсылман ғалымдарында көрінбеген бір жобамен дөңгелек

(ықтимал „жер дөңгелек“—„ал-арду қурат“ мәселесін біліп) харита (карта) жазған. Мұнда таулар, теңіздер, өзен-дариялар, құмдар, шаһарларды санап көрсеткен. Бұлардың әрбірін басқа-басқа бояумен түсірген. Осылардың үстіне ислам ғалымдарына қарсы мадди мәдениет, шаруашылық, егіншілік, сауда-санағат терминдеріне артықша назар салған. Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрк ғалымы (Фараби) бастап жазған болса, Махмұд Қашғаридың да таза бір дүниауи (светский) ғалым, дүниауи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды.

Бұл мәселе түрк қауымының ислам дүниесіне келіп қосылып қана кететін бір ғұнсур (элемент) болмай, өз елінен жоғарғы бір мәдениетпен тәрбиеленіп келгенін һәм біздің бұл күнге дейін ойлағанымыздай „жұлдыз қарап бал ашып, құмалақ тартып, сонымен ас қылып“ үйренген көшпелі түрктердің ислам дүниесіне келуімен рухани мәдениетті білуге шамасы келмеді. Бәки деректі істер (практическ.) жұлдыз, расадхана, есеп, риадият пенен математика болды. Өйткені рухани мәдениетке олардың ынтасы, салахияты жоқ еді. Түрктердің ислам дүниесіне келіп расадхана, риадиятпен болулары, сол жолда қызмет қылулары мәдениліктен емес, мәдениетсіз болып, тіршіліктерінде рухани мағына (духовное содержание) болмағанын көрсетеді деген назарлардың (взгляд) дұрыс болмағанын ашты. Мұсылман түрк сұлтандары болған салжұқилардың Бағдад һәм Иранға келіп „халифат“ яғни теократизмге қарсы дүниауи мемлекет (светская власть) „сұлтандық“ кіргізулері, мұсылман қараханилардың Маураннаһрды алған соң, ислам руханиларымен (молдалар) күресулері (бұл таптардың тартысуында хандардың бұқарашыл (демократия) жағында болуы ғана емес), Махмуд Қашғари, Фараби сияқты ғалымдардың дүниауи ғылым түзулері, түрк хандарының риадият, расадпенен болулары сияқты фактілердің арасында бір-біріне байланыс болса керек. Бұл фактілер Орта Азияның түрк қауымы ішінде Сырдария, Тарым, Тянь-Шань аудандарында дерексіз дүниеге (мафауқа ат-табиғати) рухани мәдениет, фалсафаға қарамай, мәдениет маддие дүниеге ашық көзбен қарайтын иран, жуһуд мәдениетіне қарсы бір мәдениет болғанын көрсетеді.

Осыған қарағанда да Махмуд Қашғари, оның кітабын былай қоя тұрғанда да өзі мәдени, тарихи жақтан муһим бір факт болады. Не үшін араб яки парсы ғалымдарынан еш біреу өзінің қауымы, тілі туралы осындай бір кітап жазбаған, не үшін „Саясатнаме“, „Жамиғ ат-тауарих“ сияқты кітаптар ислам тарихында факат салжұқ, мағол хандарының қалағанына жазылған себебінен ғана жалғыз-ақ әсерлер болып қалған. Бұл уақиға, яғни Махмуд Қашғаридың өзі шахси һәм түрк тарихында үлкен бір уақиға болуында кәдік жоқ. Махмуд Қашғаридың кітабына келгенде, бұл кітап туралы әзірге біз Аурупаның түрк тілі мамандарының пікірін естігеніміз жоқ. Бұл кітаптың бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен, бірақ Бартольдтың бұл кітап туралы бір нәрсе жазып-жазбағанын білмедік. Қалай болса да біздің мынаны айтуға шамамыз келеді: Түрк қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889-ыншы жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алыстырған (өзгерткен) ескі түрк, Орхон „бітіктастары“ қандай аһамиаты болса, Махмуд Қашғари кітабының да аһамиаты сондай. Махмуд Қашғаридың түрк қауымына, өз ұлтына мунасабаты Күл-тегін, Білге хандардың мунасаба-

тындай һәм түрк руларын, түрк тілін білуі, әсіресе, білімі олардан артық болған.

Кітаптың басында Махмуд Қашғари мынау сөздерді жазады: „Махмуд Хусейнұлы айтады: Тәңірі дәулет күнінің көзін түрктөрдің көңінде тудырды. Жер, Азияның дәһрелерін олардың қолына берді. Оларға түрк деп ат қойды. Дүниеде патшалық жұмысын оларға тапсырды. Оларды заманның иесі, патшасы қылды һәм дүниедегі ұлттардың (әһл-ад-дәһр) тізгінін олардың қолына берді. Оларды туралыққа берік қылды. Түркке сыйынған кісі жоғары болды, күшті болды һәм қалағанына жетті. Бәлелерден, бәле шығарушы бассыз, тиянақсыз адамдардың бәлесінен құтылды. Түрктің найзасынан құтыламын деген һәр бір ақылды кісі олардың етегіне жабыссын.

Бірақ түрктөрге жақын болуы үшін олардың өз тілімен сөйлеуден бөлек амал жоқ” (I,2). Олар өз тілімен айтқан сөзге ғана құлақ салады, сонда ғана олардың көңілін өзіңе қаратып болады. Бұхара, Нишабур молдаларының айтуынша, „Мұхаммед пайғамбар түрк тілін үйреніңіздер, өйткені олар дүниеде ұзақ, көп заман патшалық қылады” дейді-міс. Бұл хадис шын ба, өтірік пе — оны сол молдалардың өздері біледі. Әгер дұрыс болмаса да, ақыл соны тілейді. Мен өзім түрк қауымдарының шаһарларын, далаларын әр қилы бойына кезіп жүрдім. Түрктің тіл һәм әдебиетін үйрендім. Түрк болсын, түркмен, оғыз, шігіл, йағма, қырғыз болсын — бұлардың бәрінің тіл уа әдебиеттерін білдім. Оның үстіне, мен өзім түрк қауымының сөзге шешен, тілі тазаларынан бір кісімін. Асылзада, артық туған тұқымынанмын. Мінеки соның үшін де түрк қауымының әр тайпасының тіл һәм лұғаттары менің миыма тура кіріп отырды. Ол тіл, әдебиетті мен ең жақсы бір низамға тіздім, бұл кітабымды жаздым. Сөйтіп менің атым мәңгі қалсын, маған мәңгілік азық болсын (I,3). Кітабымды Халилдың „Китабул айни” деген кітабының формасына жақын қылып түздім. Сөйтіп түрк тілі мен араб тілі жарысып барған жүйрік аттай болып көрінсін (I,5). Арада түрктөрдің тіршілігінде айтатын өлеңдерді (шиғр) келтірдім; түрктөрдің рахтади заманында болсын, тайғақ кешу тар жерлерде болсын айтатын үлгілі мақамдарын келтірдім (I,7). Түрк еліндегі тау, өзен (дария), көлдерін жаздым (I,26), бірақ түрк тіліне шеттен кірген сөздерді жазбадым. Және де түрктөрдің руларын жаздым. Бұлар жиырма (20) шамасында болды. Бірақ ұсақ рулардың санын құдайдан бөлек ешкім білмейді. Бұл ұсақ рулардан мен түркмен мен оғыз руын-ақ айттым һәм олардың таңбаларын жаздым. Оның үшін бұл керек нәрсе (I,27). Түрктің ең шешен тілі (фасих тілі) түрк тілінен басқаны білмеген, араб, парсыға, мәдени қауымдарға араласып жүрмегендерінен болады. Бәрінен фасих тіл хақандарында һәм оларға жақын жүргендерінде болады (I,30). Түрктөрдің елі күн батыста Рұм, күн шығыста Қытайға дейін сегіз [жүз] фарсах шамалы жерлерді алып отыр. Түрк елі сондай үлкен. Адамдар мұны ашық түсіну үшін мен жер дәһресін харита қылып жаздым (I,31).

Түрк қауымы Түрк бин Йафас бин Нұхтың балалары болды (I,27). Құдай Адам пайғамбарды „инсан” деп атаған һәм сол ат бүкіл адам балаларына есім болып қалған. Сондай-ақ түрк балаларына һәм „түрк” деп есім берілген. Рұм бин Фисуға қарап барлық Рұм қауымдары „Рұм” деп аталғандай, түрктөрге һәм аталарының аты ат болып қалған (I,293). Молдалар хабарынша, Мұхаммед пайғамбарға құдай айтыпты-мыс: „Менің бір әскерім бар, оларға түрк деп ат бердім. Оларға күн шығыс жағынан қоныс бердім. Әгердә бір қауымға ашуым келсе, осы түрктөрді жіберіп биле-

темін ("мусалат қыламын") деп. Түрк қауымын құдайдың бүкіл дүниенің басқа ұлттарынан айырып, оған түрк деген атты өзі беруі — түркті басқа ұлттардан айырған бір фазилат (артықтық) болады. Құдай түрк қауымын дүниенің ең биік жеріне (Тянь-Шань тауларын айтады) хәм жер жүзінің ауасы ең таза орынға жайластырды. Оларды өзінің әскері деп айтады. Түрк халқы — осының үстіне сұлу, жүзі күліп тұрған, өзі әдепті, сыпайы, жасы үлкен адамдарға құрмет қылғыш, айтқан сөзінен қайтпайтын, уәдесіне берік, тәкаппарлықты, мақтануды білмейтін халық. Түрк — қаһарман, батыр ұлт, мұнан басқа да олардың мақтауға лайықты мінездері, әрине, көп. Соның ішінде өлеңде де айтылған.

Качан көрсе аны түрк,  
Бозун анға аның айдачы,  
Муңар тегір улуғлук,  
Муңда нәрү кеслінүр.

Яғни біреуді мақтағанда „Мұның жақсылығына түрктер куә болар“ деп айтылады (I, 294).

Темір балаларының дәуірі жүріп тұрған замандарда келген шайыр Науидың түрк қауымын мақтап айтқан өлеңдері (бұл туралы 1917-нші жылы Қоқанда шыққан „Йурт“ журналының 3-інші нөмірінде жазылған) сияқты Махмуд Қашғаридың түрк қауымын мақтауда салжұқилардан алып, Арслан малик шаһлардың бүкіл ислам дүниесін өздеріне қаратып, ғазнеуилердің Пиндустанды алып, қараханилардың бүкіл Түркстанның һәр екі жағына қожа болып тұрған шауқаты (могущество) тәсіріменен болған. Біз болсақ бұл ислам мәдениеті хәм шауқаты дәуірінде арабстан, парсы ортасына барған түрк ғалымының араб, ислам мәдениеті алдында сасқалақтап, таңырқап қалуын ойлар едік. Бұл кісі Дажле, Ефрат жағасында тұрып, мұндай қылып құр көңілмен өз ұлтын мақтауы хәм өз ұлтының тілін, әдебиетін араб тілі, құран хәм араб әдебиетімен „қатар жарысып барған ат“ деп жарыстыруы, әрине, өз елінде, Қашғар хәм Түркістанда, мәдени сүйеніші, арқа таянышы болған себебінен болады. „Диуан лұғат ат-түрк“ шынымен осыны „лұғат“ кітабы сыйдырған шамада ашып береді. Бұл кітаптан біз ол замандағы түрк дәулеттерінің ішкі түзілісін, түрктердің иқтисадий, ижтимаий тіршіліктерін, дін, иғтиқадтарын, түрлі тарихи хикая, ғанғаналарын, түрлі шаһар-қыстақтарын, жайлау-қыстауларын, мадди хәм рухани мәдениетін үйренеміз. Мұнан да артық керекті болғаны, әрине, тіл хәм әдебиет жағы.

Махмуд Қашғари Тянь-Шань үстінде хәм оның екі жағында оғыз, шігіл, йағма, тухси, қырғыз, ұйғыр, қыпшақ, йамақ, басмыл, татар, башқұрт, булғар, қарлұқ сияқты түрк қауымдарының тілдері тақаррабаты осы соңғы заманда Радлов кітаптарында жазылғандай қылып татбикки (сравнительная) фонетикасын береді. Түрк тіршілігінің һәр жағынан алынған һәр түрлі 238 шамалы таза түрк өлеңдері хәм 270 шамалы мақалдар, өте көп сөйлемдер келтіреді. Әсіресе Махмуд Қашғаридың түрлі рулардың ләһже (наречие) айырмалары туралы берген мағлұматы өте қымбатты.

Түрк сөзін араб харфімен жазған адам, әрине, Қашғари бірінші (тұңғыш) адам болған. Ал араб харфін түрк харфі демеяді. Түрк сөзін тек арабтарға хәм басқаларға түсіндіру үшін ғана араб харфімен жазады. Ол түрк „харфі“ деп ұйғырша харфті-ақ біледі. Ұйғыр харфтерімен жазудың жол-жобаларын хәм араб харфімен жазылған сөздердің ұйғырша қалай



жазылғанын көрсетеді. Араб хәрфімен жазылған асты, үсті (харакат), сукунымен жазған. Һәр түрлі хәрфтің махражун (дыбыс шығаратын орны), һәр хараке, сукунның қалай жұмсалуды хақында ашық мағлұмат береді. Соның үстіне араб сөздері бәрі де асты-үстімен жазылған. Мінеки соның үшін де һәр сөздің қалай айтылуы, мағынасы туралы һеш қатесіз ашық, қатғи мағлұмат алынады.

Осы күнге дейін қойнелі Халил деген адам тарапынан көшіріліп қалған арабша „Түрк-мағол-парсы тәржіманы“ (Хоутсма һәм Мелиоранский нәшрі) һәм Абу Хайан ал-Гарнатидің „Китаб ал-идрақы“ және Мысырда табылған „Гүлстан“ тәржімасы, Кутб деген адамның бір кітабы және Радлов, Геза бастырған „Құман һежесі — Кодекс Куманикус“ һәм басқалар бар. Бірақ олардың бәрі де XIII—XV ғасыр, яғни мағолдардан соңғы дәуірлерге жататын және де тек, аз, шала, қатасы көп, жазулары бұзылған кітаптар еді. Соның үстіне, олар бәрі де түркмен, қыпшақ тілдеріне жататын кітаптар еді. Күн шығыс ләһжелерге, яғни, бұ күнге дейін бәріне де ұйғыр тілі деп аталып жүрген тілге жататын Түркстандағы кашфийат (открытие) заманында табылған, XIX ғасыр басынан-ақ майданға шыққан мәшһур „Құтадғу білік“ кітабы бар еді. Әрине, бұл әсерлер де аса қымбатты, муһим әсерлер. Бірақ „Құтадғу біліктің“ оқылуы (чтение) бұ күнге дейін бұл тілдің мамандары (Радлов, Томсен, Вамбери, Мюллер, Ле-Кок, Хартмандар) арасында шешілмей жүрген бір талас мәселе еді. Соның үстіне „Құтадғудың“ нұсқалары жаңарақ Мысырда һәм Ферғанада жазылған. Араб хәрфімен жазылған нұсқалары харакатсыз жазылған, тәржімәсіз ибарә (текст) ғана еді. Және де бұл ескі „ұйғыр“ кітаптарының көбінің тілдері де анық халық тілі емес, әдеби һәм бірталай шет (ислам яки будда) нәсіріне кірген тілдер еді. Махмуд Қашғаридың кітабы күн шығыс, күн батыс Тукиу хукіметі бұзылғаннан мағолдар дәуіріне дейін келген түрк қауымдарының барлығының тірі (живой) халық тілі үстінде тегсе, ру һәм фани жолмен жазылған бір кітап болып, мағолдардан бұрынғы түрк қауымдарының оқиғалары, түрк тілінің соңғы заманда тәшкіл еткен тармақтарының (группа) әсәстері туралы ашық, аян, қатғи мағлұмат береді.

Мұның арқасында ескі ұйғыр әсерлерін, әсіресе, „Құтадғу білікті“ жаңадан қарап шығуға ләзім болады һәм түркі тілдердің, түрк әдебиетінің тарихи үйрену бабында жаңа дәуір кіргізген. Махмуд Қашғаридың айтуынша (I, 24) бұл түрк ғалымы және де түрк тілінің наху, сарфы туралы „Китабу джауаһир ан-нахуи фи лұғат ат-түрк“ есімімен арнап бір кітап жазған екен. Әгәр бұл кітап та табылса, өте жақсы болар еді. Сондағы осы табылған кітабы, әрине, оның ең үлкен асыл кітабы. Мұнымен де мақсуд хасыл болады. Түрктің өз арасынан шыққан бұл ғалымның мәдени, ижтимаий-тарихи, иқтисадий мағлұматтары истахдері (термин) арасында күнбатыс Тукиу-түрк хукіметі бұзылғаннан татарлар дәуіріне дейін тұрған бұл күнгеше фақат ибн Хордадбек, Кудама, Гардизи, Ауфи уа ғайри сияқты араб, парсы жағрафия ғалымдарының ұзын құлақ хабарынша жазған жарқым-жұрты шатақ жазуларына һәм Қытай мағлұматына қарап үйренілген түрктөрдің ішкі тіршіліктері анық мәлім болды.

Түрк ру һәм қабилаларының түзілісінде түрк тілдерінде татарлар дәуірінде һәм онан соң хасыл болған төңкерістер, лұғат һәм ләһже мына себептер группаларға бөліну туралы бұл күнге дейін фрадис (гипотеза) болып қана жүрген һәм түрлі ғалымдар (мәселен, Радлов, Бартольд, Аристов, Корш һәм басқалар) арасында таласты болып жүрген түйіндер

шешілді. Фи ал-жумлә (вообще) қазақ-қырғыз, сарт (шағатай), өзбек, түркмен тілдерінің асылдары (нұры) мәлім болды. Бұл кітаптан алынған мағлұматтарды біз ұзақ қылып, айрықша жаздық. Осы кітапханалары толық болған бір жерге барсақ, тамамдап, түзетіп, сәті түскенде бастырамыз. Әзірге сонан алып, һәр бабтан біраз қысқаша мағлұмат жазамыз. Жазғанымызды мынадай төрт бабқа бөлеміз:

1) Махмуд Қашғари түрк тарихына ғайд мағлұмат; 2) XI ғасырдағы түрк қабилалары туралы мағлұмат; 3) Түрктердің иктисадий, ижтимаий тіршіліктеріне ғайд мағлұмат; 4) Тіл уа әдебиет, шейр, мақалдар һәм түрлі ләһжелер арасындағы фарқ һәм мұның бұл күнгі ләһжелерге мунасабаты.



## 1924 ЖЫЛЫ ОРЫНБОРДА ӨТКЕН ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІНЕН\*

**Қалел:** „Жазу мәселесі — өте зор мәселе; оны жете тексеріп барып шешу керек. Жазу ережелері тақырыпты баяндаушының ұсынған жобалары жөні дұрыс, қазақ тілінің заңдарына лайықталып жасалған. „У“-дың дауысты дыбыс болуына еш дәлел жоқ; біздің „у“-дың орнына басқа түріктерде көбіне дауыссыз дыбыстар айтылады, мәселен, „тау, сау“ сықылды сөздерді бір сыпыра түрік халықтары „тағ“, „сағ“ дейді. „У“-дың ережесі тақырыпты „ұу“ мен „у“-ды бірінен-бірі айырып жатпай-ақ, „у“ орнына да „ұу“ жазған қолайлы; „ұ“ мен „ы“ көміскіленіп келген жерде „ұ“ жазған дұрысырақ болады.

Біздің қазақ тілінде „ұ“ өзгеріп „ы“ -ға айналып барады; қырғыз тілінде „ұ“ сақталған: біздің үшін-ді „үшүн“ дейді, „оқы“ -ны „оқұ“ дейді, дұрысы қырғызша болуға тиіс; „оқу“, „жазу“-лардағы „у“-дың алдындағы дауысты дыбысты „ы“ емес, „ұ“ дегеннен артық қата болмайды, дұрысының өзі „ұ“ болуға керек; етістіктің 2-нші жақ жіктеуі „сың“ болсын деген дұрыс; „сын“ билік райдың үшінші жақ жіктеуі („оқысын“, „жазсын“), 2-нші жақ жіктеудің „сың“ болуы жөн. „Б“-ны қалдырып, „п“ жазу орынсыз, „б“ тұйықталып келгенде де „п“ болып естілмейді, „б“ болып естіледі: „болыб“, „келіб“, „көб“ сықылды сөздерде „б“ тұйық буынның соңғы дыбысы бола тұрып „п“ болып естілмейді, „б“ болып естіледі”.

(25-бет).

\* \* \*

**Қалел:** „Мұқтардың“ дәлелін теріс деуге болмайды; Мұқтардың мұнысын қабыл алсақ, әрпіміздің жүйесі бір ыңғайланатыны рас, бірақ онан жеңілдік болмайды. „Қ“ мен „ғ“-ны дәйекшімен жазып, „к“, „г“ деп оқуға болады, бірақ сөз алдындағы дәйекші жазуды қиындатады. Бұрын „к“, „г“-мен жазылатын сөздердің бір таңбасы (дәйекші) артық болып жазылады. Жана елдің үйреніп кеткен „к“ мен „г“-ны бірден шығарып тастауымыз тым күрт болады. „К“ мен „г“-ны бұрынғысынша өз алдына қалдыру керек”.

(44-бет)

\* \* \*

**Қалел:** „Нәзір“ айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жазып беруге тапсырған соң, сол жобаны жасағаным да рас. Түркістанда бұл мәселе қаралып, латын әрпін алу қолайсыз көрілген.

(69-бет)

\* Техникалық себептерге байланысты мәтіндегі арабша әріптерді қазіргі үлгіде беруге мәжбүр болдық. — *Рег.*

Елдес Омаровтың баяндамасын айтып отыр. — *Рег.*

\*\*\* Мұқтар Мырзаұлын айтып отыр. — *Рег.*

\*\*\*\* Нәзір Төреқұловты айтып отыр. — *Рег.*

\*\*\*

**Қалел:** „Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек деуі қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп, өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек.

Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болу керек: бүтін қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесиелер болу керек. Пән сөздер әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс, ол пән сөздер сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекіліп шығуға тиіс”.

(82—83-бет)

\*\*\*

**Қалел** қорытынды сөзінде „Қазақша ауыз әдебиетін жию шаралары“ деп мынадай жоба ұсынды:

„Елдің ауыз әдебиетін жию үшін, әр аймақта тұрып қызмет қылатын Білім кеңестерінің қойған кісілері болуға керек; олардың жиған сөздері Білім кеңесі жанындағы мамандардың сынынан өтіп, қабыл алынғандары тоқтаусыз басылып шығып, ел ішіне тарайтын болу керек. Ауыз әдебиетін жиғанда, ел аузындағы сөздердің мынасы жақсы, мынасы жаман деп талғау керек емес, барын жия беруге керек, жиылған әдебиеттің қаншалық керек екенін ашатын орын — Білім кеңесі ғана болу керек. Мұның үстіне сиез халық әдебиетін жиюдың аса керектігін айтып, ол үшін қазынадан жеткілікті қаржы бұруын сұрау керек“.

(104-бет).

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЛАТЫН ХӘРФІН АЛУ МӘСЕЛЕСІ\*

Түрік халықтарына араб хәріфтерін тастап, латын хәрфін алу керек деген сөз көптен бар. Әзербайжандар латын хәріфтерін қабылдады, жақұттар да солай қылды. 1922-нші жылғы сиезінде өзбектер де өз тіліне латын хәріфтерін пішті. Професір Поливанов үлгі жасады. Соңғы күндерде Тәшкенттегі бір қатар халық ағарту жолында жүрген жігіттеріміздің де арасында қазақ дыбыстарына латын хәріфтерін үйлестіріп қарау керек деген сөздер болды. Мәскеудегі орыстан шыққан білгіштердің арасында да түрік елдері үшін латын хәріфтерін лайықты-ау деген сөз бар. Жана да бұлар осы туралы сиез шақырмақшы болып жатқан көрінеді.

Өзіміздің осы күнгі хәріфтерімізді бірден тастай салып, латын хәріфтерін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та латын хәріфтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек.

Әзербайжан болсын, жақұт болсын, Поливанов болсын, бұрыңғы академия хәріфтері болсын, бұлардың бәрінің жолы әрбір дыбысқа дербес таңба дейді. Осы күнгі мәдениетті Ауropa жұрттарының дыбыс таңбалау жолын бұлар үлгіге алмайды. Біздің жолымыз жоғарғылардан айырықша, біз осы күнгі Ауropa елдерінің дыбыс таңбалау жолын үлгіге алдық. Латынның бізде жоқ таңбаларын бос қалдырдық. Біздің дыбыс үшін латында таңба жоқ болғанда, шет таңбаларды латынға үйлестіріп алдық. Бірен-саран ғана латын таңбаларын ағайындас дыбысқа арнадық. Латын хәріфтерін білетін адам біздің жобамызбен қазақша оқи алады. Әзербайжандікін үйренбей тұрып, оқу мүмкін емес. Әпрелдің 17-нші күні біздің жобамыз Күншығыс институтында күншығыс тілдерін біледі деген адамдардың алдында талқыға түсті, мақұл табылды.

1) Латынның 14 хәрфі **a, b, d, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, z** біздің осы күнгі хәріфтерімізге түп-тура келеді. Сондықтан өзгертілмейінше қабылданады.

2) Латынның **u** һәм **i** деген хәрфі дауысты дыбыстан соң біздің шолақ „**y**“ һәм „**и**“ секілденіп, дауыссыз дыбыстан соң орыстың „**y**“ һәм „**й**“ хәрфі секілденіп естіледі. Сондықтан латынның „**u**“-ін біздің ұзын „**ү**“, „**ьү**“-ды һәм шолақ „**y**“-ды, латынның „**i**“-ін біздің ұзын „**и**“, „**й**“ һәм шолақ „**и**“-ді белгілеуге алдық. Бұлай алғаннан тілімізге келетін кемшілік тіпті аз, жеңілдік көп.

3) Латынның „**y**“ (игірек) деген хәрфі орыстың „**и**“-і секілденіп айтылады, сиректеу қолданылады. Біздің „**ь**“-ға түспа-түс келмейді, дегенмен Бенгрия (мадиар) тілінде біздің „**ь**“ секілді дыбыс осы хәріфпен белгіленген. „**ь**“ үшін бөтен таңба шығарудың керегі жоқ, осы „**y**“ жарайды.

\* Техникалық себептерге байланысты мәтіндегі арабша әріптерді қазіргі үлгімен беруге мәжбүр болдық.— *Рег.*

4) Латынның „й“ деген хәрфі жүйе, күйе деген сөздердегі „й“ секілденіп, орыстың „й“-і секілденіп естіледі. Франсуз тілінде бұл хәріф біздің „ж“ секілденіп естіледі. Роман тілдері мен түрік тілдерінің арасында бұ хәріф туралы үйлестік бар. Баста келген латын „f“-ы франсузша алғы „ж“ болып айтылады. Бөтен түріктердегі бастағы „й“ біздің қырғыз-қазақта алғы „ж“ болып айтылады. Әзербайжандар бұл хәріфті йол деген сөздегі „й“ үшін алған. Біз „ж“ үшін алсақ үйлесті болады.

5) „Н“ деген дыбыс латын тілінде жоқ. Франсуз тілінде болса да бөлек белгісі жоқ, „п“-мен жүреді. Бұған біз академия әліпбиіндегі „п“-ді алдық. Әзербайжан да осылай қылған.

6) „Ө“ деген дыбыс латын тілінде жоқ. Бұған лайықтау келетін немістің үстінде екі ноқаты бар „о“-сы еді. Біз ноқаттан қаштық. Бұған академия әліпбиіндегі „ө“-ні алдық. Әзербайжандар „ө“-ні „у“ үшін алған (мәселен, суз).

7) „Ш“ (біздің „ш“) латын тілінде жоқ. Бұл дыбысты полиактар „sz“ арқылы, франсуздар „ch“ арқылы (кей кезде „sch“ арқылы), немістер „sch“ арқылы, ағылшындар „sh“ арқылы белгілейді. Әзербайжандар орыстың „з“-сымен белгілеген.

Біз ағылшынның белгісін қолайлы көрдік. Бұлай қылғанда келетін кемдік шамалы.

8) „Қ“ -мен „к“ үшін жаңғыз „к“-ні алдық. „F“ мен „г“ үшін жаңғыз „г“-ні алдық. Бұлай болғаны „к“ мен „г“-нің шығарылғаны. Үндестік заңы бойынша бұлардың керегі шамалы.

9) Дәйекшінің орнына апостроп деген ауропалықтардың белгісін алдық. Kol деген сөз қол болып оқылады. Kol' деген сөз көл болып оқылады. Апостроп сөздің аяғына қойылады. Латынша таңбаланғанда ішінде келетін жіңішке сөзге апостроп қойылмайды.

10) Тілімізге кірген жат хәріфтер үшін мыналарды алдық: ch, h, f. Бұлардың бәрі де латын тілінде де, неміс тілінде де осылай белгіленеді. „Ч“ (орысша ч) үшін tsh деген белгіні алдық. Бұл хәріф қазақта жоқ, қырғыздар үшін. Франсуздарда бұл tch деген белгімен, полиактарда cz деген белгімен белгіленеді. Латын мен немісте біздің көрсеткенімізше таңбаланады. Полиактың таңбасын алса да зиян жоқ.

Хәріфтерді латынша таңбалағанда біздің тұтқан жолымыз: таңба туралы ауропалықтардан алысқа кетпеске; шама келгенше латын хәріфтерінің Аурупада қолданған мағанасын жоймасқа, белгісіз шатастыратын жаңа таңбалар кіргізбеске; жазуға қиындық беретін хәріфтің үстіне, астына ноқат, сәкін секілді қосымшалар қоймау болды. Латынның өлген хәріфтері қолданылмайды.

Біздің қолданған хәріфтердің бәрі де Ресейде бар. Жаңғыз „п“ саңырау ноннан басқасының бәрі де Тәшкентте бар.

لاتینجا таңبالاған қазак әліпбиі

Latynsha tanbalagan kasak alybby'

Latynsha tanbalary	Арабша таңбалары	Latynsha tanbalary	Арабша таңбалары	Latynsha tanbalary	Арабша таңбалары	Latynsha tanbalary	Арабша таңбалары
a	آ, ا	p	پ, پ	l	ل	a	آ, ا
b	ب, ب	r	ر	m	م	b	ب, ب
d	د, د	s	س	n	ذ, ن	p	پ, پ
e	ه, ه	sh	ش (چ)	o	و	t	ت, ت
g	غ, غ	t	ت, ت	e	و	j	ج, ج
i	ي, ي	u	و, و	u	و, و	sh	ش (چ)
j	ج, ج	y	ي, ي	y	ي, ي	d	د
k	ق, ق	z	ز	i	ي, ي	z	ز
l	ل	’	ع	e	ي, ي	r	ر
m	م, م	h	ح, ح	’	ع	s	س, س
n	ذ, ن	ch	خ	ch	خ	g	غ, غ
ñ	ڭ, ڭ	tsh	چ (چ)	h	ح, ح	k	ق, ق
o	و	f	ف, ف	f	ف, ف	k’	ك, ك
e	و			th	چ (چ)	g’	ك, ك
						n’	ك, ك

میسالدار.

kol kaly men kolge kol tokty’,  
 toly kas testy’ kobelek.  
 jaz sailarda kulmek.  
 baisheshek solmak koiremek,  
 kobelek olmek, siremek.

قۇل كولى مەن كولگە كول توكتى .  
 تولى كاس تستى كوبەلك  
 جاز سايلاردا كۇلە مك .  
 بايشەك سولماق كۇيرە مك .  
 كوبەلك اولمەك , سييرە مك .

dasmochambet oly chalik

دوس موхамбет اولى خاليل .

tashkent apreldyn, 17-nshi kony’.

## ЖАТ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ\*

„Қазақ тілі бұл күнге шейін басқа тілдерден сөз алып келген болса, мұнан былайғы заманда тілімізге тағы жаңа терминдер кірмек... Қазақ тілі жаңа тұрмысқа керекті сөздерді тағы алмай тұра алмайды, тілесең де осылай болады, тілемесең де! Дүниеде жалғыз қазақ тілі осы күйге түсіп отырған болса оңда басқа әңгіме болады. Бірақ бұл күйге түсіп отырған жалғыз қазақ тілі емес. Басқа тілдердің тәсірінен құтылған бір тіл жоқ. Неміс, орыс, пырансуз — барлығы тілде бір-бірінен борыштанып отыр, ал енді табиғат заңы осылай болған соң, қазақ тілі қалай аман қалмақ? Басқа мәдениетті елдерден қашып, тіл байымайды. Бірақ сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды. Опыр-топыр болып тіліміздің негізгі заңдарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберу де бар. Қазақ тілінде шыққан әдебиетті қарасаң, тура жазылған бір кітап, бір журнал, бір гәзет жоқ. Біреу *йануар*, біреу *ғинуар*, біреу *қазыр*, біреу *әзір* ... деп жазады. Мұндай мысалдар толып жатыр. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс — ойланған жан жоқ“.

„Біздің тілегіміз — жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу. Сөз өзгеру заңын табу әзіргі, келесі әдебиетіміз үшін пайдалы да, өте керекті де бір жұмыс. Әдебиетте тіл көбейтпей-ақ бір түрге салу, бір жоба қою тілдің бұзылмай өсуіне пайдасы бар екендігі анық. Екінші, тілдің келесіде баюына жол тазалау“.

Нәзір осылай деп жат сөздер туралы жазғандағы мақсатын жариялайды. Бұл мақсатқа жету үшін Нәзірдің ойынша: „Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған серт заңдай қазақ та өз тіліне белгі, көше салып қою керек. Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тұмағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін...“.

Жат сөзге қазақ тұмағын кигізу үшін Нәзірдің ойынша қазақтың тіліне сіңіп кеткен араб-парсы сөздерін тексеріп, „елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған“ үлгісін алу керек. Алдымен Нәзір қазақ тілінде жоқ араб-парсы дыбыстарының сіңген сөзде қалай өзгергенін тексереді де, осы тексеруден келіп жат сөздің өзгеру заңын шығарады.

„Т“, „т“, „с“, „з“, „з“, „х“, „ч“, „ф“ дыбыстары қазақша „т“, „с“ „з“, „қ“, „ш“, „п“, „б“ таңбасымен белгіленген дыбыстарға ауады деген жөнісі бұрыннан-ақ белгілі еді.

Нәзірдің көрсетуінен „ғайын“, „и“, „h“, „x“ таңбаларына ие болған бөтен дыбыстардың қазақша қалай өзгертіндігі анықталып отыр. Нәзірдің айтуынша: „ғ“ (ғайын) қазақшада сөздің басында жана аяғында түсіп қалады, сөздің ортасында келсе „ғ“-ның міндетін атқарады я әйтпесе, көбінше мүлде жоғалып кетеді. „X“ қазақшада жоғалып кетеді, оның орнын көбірек „е“, „ү“, „а“ басады. „h“ қазақшада көбінше жоғалып кетеді. Қайсы шақта сөздің ортасында келгенде „ғ“, „и“ болып та жүреді. Сөздің аяғында келсе жоғалады я „е“ болады.

\* Техникалық себептерге байланысты мәтіндегі арабша әріптерді қазіргі үлгімен беруге мәжбүр болдық. — *Рег.*



„Й“ қазақшада сөз басында келсе „ж“ болып, басқа жерде өзгермей жүреді.

Біз де бұл жолды дұрыс дейміз, тек тағы да тексеріңкірейтін нәрсе „h“-ның сөздің ортасында „ғ“ болуы. „h“ сөздің ортасында „ғ“ болмаса керек. „Баһа“-ны „баға“ деу дұрыс емес, „баһа“ деу дұрыс болса керек.

Нәзірдің екінші тексергені кәсре, хамзе, фатхе, сөз ішіндегі хамзе. Нәзір былай сөйлейді:

„Жіңішке я жіңішке болып кіретін сөздерде „фатхе“ көбінше „е“ болып кетеді. Сөздің ішіндегі әліп, әсіресе аяғындағы әліп мүлде жоғалып, сөздің жалпы құрылысына қарай „е“ болып кетеді. Жіңішке сөздің аяғында еш уақыт „әліп“ келмейді.

„Хамзе“ „у“, „ү“, „ұ“ болып өзгереді. „Кәсре“ „е“, „ы“, „і“ болып өзгереді.

„Таштит“ мәселесі де жеңіл, „м“, „н“, „л“ әріптері қабат келмейді. Қабат келіп қалғанда „л“, „н“, „м“-ның екіншісі „д“ болып кетеді. „М“-нің екіншісі „б“ болады. Басқасының қабат келуі мүмкін болса да, қабаттаудан қашу артық болар. Не болғанда да бұл заң „л“ әрпіне қатты қарайды.

Араб-парсыдағы „асты-үсті“-мен таңбаланатын дыбыстардың қазақ тіліне келгенде қалай өзгеретінін әлде де тексеріңкіреу керек. Біздің ойлауымызша, қазақтың түбір сөзінде бір дыбыс қабатталып айтылмайды. Бөтен сөздерде де қазақшалағанда осылай болуы керек.

Нәзірдің „іззет“-ін, „леззет“-ін, бөтендердің „махаббат“-ын біз қата дейміз. **Лезет, мақабат, ізет** болуы керек. „Сләм, Мләк“ сөздерінде ортада „әліп“ бар. Бұл әліп жылжып, сөздің бірінші буынына өтіп кетіп отыр.

„Тн“, „хркт“ сықылды сөздерде әліп болмаса да „тән“, „әрекет“ деп, қазақ әліп қосып отыр деп Нәзір жазып отыр.

Нәзірдің осы сөзін біз түсіне алмадық. Бү жерде қандай заң барлығын Нәзір анық шешпейді.

Біздің ойымызша, бас әріптің өзі жоғалды да, тек үсті қалып, „әліп“ болды. Сөздің ішіндегі әліп қазақ тілінің заңы бойынша „ә“ болды. Асты, үсті, үтір, тәштитті әлде де тексеріңкіреу керек деп тағы айтамыз.

Жана да Нәзір былай дейді: „Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парсы сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше тымақ кимей кіріп барады. Мұның себептері бар. Ең бірінші себебі: Арқадағы піресе\*. Арқада қазақ араб-парсы сөзін көбірек татардан үйренеді. **Ғылым, ғибрат, ғиззат, Құсейін, Ғазиза, ғараб, әліпба ...әдебиат, мәдениат** деп қазақ тілін түзу әдеті татардан Арқа қазағына өтіп, жалпы қараңы әдебиетіне күйедей жұғып барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тіліңді бұрап жүргенде өз тіліңнен айрылып қаларсың“.

Нәзірдің осы бір сөзі әрбір қара танытын қазақтың есінде болуы керек. Әсіресе жазушылар, ақындар, білім иелері жаттап алуы керек. Сөзді „өзінше“ бұзбай айтамыз, жазамыз дейтін қызыл кеңірдектерге осы сөзді көбірек ойлау керек.

\* „Пресса“ (баспасөз) деп оқу керек. — *Рег.*

Араб-парсының ішінде Нәзірдің айтуынша, заңға тура келмейтін бір сыпыра сөздер бар. Мәселен: „Ахмад“, „мғлм“, „мхмд“, „хрмт“, „хлил“ сықылдылары әзіргі заманда „заңсыз“ өзгеріп жүреді. „Ахмед“, „Аһмет“ болса керек еді, бірақ ешкім олай айтпайды, „Ахмет“, „Ақымет“ дейді.

Жат дыбыстың өзгеру заңын айтып келіп, Нәзір „адам аттарынан басқа жерде ереженің бұзылуына еш бір жол жоқ“ дейді.

Адамның аттарын өзгелеп бөлудің керегі жоқ; заңмен жүретін болсақ, заңды заң қылу керек. Заңға көнбейтін аттар да әбден сіңіп болмаған сөздер болады да, өзгертіп сіңіру керек. Арабтың „Ахмад“-ы заң бойынша қазақшалағанда „Әмет“ болатын болса, Әмет қылу керек. Арабтың „Мухамад“-ы мен „Халил“-ы қазақша „Мәмбет“ бен „Әлел“ болатыны ырас болса, қазақша дұрысын жазу керек. Араб-парсыдан келген адам аттарын әбден тексеру керек те, қазақша нағыз дұрысын шығарып алып, азан айтып, жұрттың көбіне қайта ат қою керек.

Әмет деген ат қазақтың ел әдебиетінде ұшырайды, осы күнде де ел ішінде „Әнет“ деген ат ұшырай береді. Біздің ойымызша, арабтың Ахмады әуелі Әмет болып, кейін Әнет болған болар.

Араб-парсыдан кірген **-паз, -ыстан, -кер** ... секілді жұрнақты да Нәзір тексереді. Бү жұрнақтардың кей орында қата тіркеліп жүргенін көрсетіп, бұлардың қазаққа керегі жоқтығын ыспаттайды. Бү да ойланатын нәрсе. Өзіміздің тіліміздегі **білім иесі, білгіш, жұмысшы, ісші** тұрғанда шынында да **білімпаз** бен **жұмыскер**-дің не керегі бар. Нәзір айтқандай, **„-ыстан“** -ның да керегі шамалы-ау.

Ауропадан келген жат сөздер туралы Нәзір былай жазады: „Ауропа сөздеріне келгенде де жоғарыда көрсетілген өзгеру заңдарын пайдалану керек. Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз Ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздерін алғанда қазақ тілінің ыңғайына қарай заң қою керек қой. Мәселенің тамыры қазақ тілінде, мәселенің ең қиын жері де қазақ тілінің қисынын табу. Жат сөздердің тексерілуі қазақ тілінің қисынын табуға жәрдем береді. Жат сөздер бұл іске үлкен пайда беретін материал“.

„Жат сөздің өзгеру заңын ойлау, қарастыру былай тұрсын, сол өзгерудің өзін[ің] керектігін осы кезге шейін білмеген „білім иелері“ бар“ деп Нәзір өкінеді. Мұнысы рас. Дегенмен, Нәзірдің айтуындай-ақ, бұлар түбінде тілдің негізін жоюға болмайтындығын түсінеді ғой.

Ауропа сөздеріне келгенде де Нәзір жоғарғы көрсеткен жолын ұсынады. „Ауропа сөздерін өзгерткенде араб-парсы сөздерін өзгерту жолы бұған да жол болады“ дейді.

Нәзірдің бұ сөзін де дұрыс дейміз. Ауропа сөздерін де қазақ тілінің заңымен өзгертіп алу керек. Жат сөз тілдің заңына бағынбаса сіңбейді, қазаққа мұра болмайды. Ауропаның сөздерін өзгерткенде Нәзір мынадай жол көрсетіп отыр. „**П**“, „**қ**“, „**ф**“, „**б**“ жарамайды... өйткені *биологи́ке* деген де сөз бар... Сөз басында, не согласная алдында келген „**г**“ „**к**“ болады. Сөз басында қай уақытта „**ж**“ болады... [...] „**н**“ мүлде жоғалып кетеді де, орнына алдыңғы дыбыс жазылады.

Орысшадағы дыбыстардан:

„**В**“— қазақшада сөз басында „**у**“ болып кетеді. „**В**“ әзіргі заманда „**п**“ болып жүр, көбінше пәмилиеде жазылады. „**П**“-ның теңі „**ф**“ деп едік. Мұның орнына мүмкін болған жерде шолақ „**у**“ алынғаны жақсы.

\* Түпнұсқада бұл жерлер өшіп қалған. — *Рег.*

„Ц“ сөз ішінде „тс“ болып та жазылады. „Я“ — сөз басында келгенде „жа“ болады. Орыс не Ауropa сөздері келгенде, сөздің қысқасы, екі пыринсыпты ойлап, өзгерту керек. Бірі — қазақ тілінің жалпы қисынына келтіру, жалғыз-ақ таңба ауыстырумен қанағаттанбай, сол сөздің түбін, затын тексеріп барып өзгерту. Аномалиялар жасаудан мүмкін дәрежеде қашу. Екінші — сөздің жеңілірек, әдемірек айтылатын[ын] да ойлау. Бұл жерде қайта айтып өту керек: жіңішке сөздердің аяғында әліп болмайды, пәмилие де, адам аты да, жер, өлке, ел аты да, жай сөз де осы заңға қарайды деп Нәзір түрлі мысал көрсетеді.

Нәзірдің бұл сөзіне біз тағы қосыламыз, осы айтқаны дұп-дұрыс. Нәзірдің жазуында адырайып тұрған мынадай қатасы бар. Қазақ сөзінде бас буыннан басқа жерде „о“ келмейді. Бұл — тілдің негізгі заңы. *Астрономия, пилосол, егемоние...* деп екі сөздің бірінде негізгі заңды Нәзірдің өзі бұзып отыр.

Жана да 1924-інші жылғы білім иелерінің сиезінде „ү“ дыбысы қазақ тілінде „ы“-ға ауып барады, сөздің ішінде бас буыннан басқа жерде дүдемел естілгенде „у“ жазылмасын, „ы“ жазылсын делініп еді. Нәзір бұл жолды да бұзып отыр. „Үшүн“, „қабул“, „бүрүн“, „үсүнүп“ деп Нәзір шатастырып отыр.

Заң үйретушінің алдымен өзі заңға бағынуы керек. „Білім ордасы Ауropa терминдеріне араб-парысқа қарағанда кеңірек жол ашсын“ деп Нәзір жазады. Бұған ешкім қарсы емес. Бірақ „сақал бояудың керегі“ жоқ. „Тарик“ деген сөздің орнына Нәзір „историе“ деген сөзді алалық дейді. „Историе оқытушыны истөрлік деу жеп-жеңіл“ дейді.

„Историе“ мен „пизике“-ні алсақ, „истөрлік“ бен „пизік“-ті алуға болмайды. „Саясат“ бен „мәдениет“-ті алып отырып, „саяси“, „мәдени“ деген секілді бұл тілдің заңына қарсы.

„Ыстан, кер, паз“-ды көтере алмай отырғанда, „ик“-ті мойнымызға мінгізіп не қыламыз. Жана да сіңіп кеткен „тарик“-тың басын ауыртып не керек. Керек сөз көп қой.

Үйірге түскен сәуірік айғыр үйіріндегі тай-тулақты қуып, үйіріне жақындаған бөтен жылқыны тістеп, үйіріне жан жуытпайды. Нәзірде де сәуіріктің мінезі бар. Біреуді „тістемей, шанышпай, найзаламай“ сөз жазбайды. Жат сөздер туралы жазып отырып „міржақыптар“ мен „ишаналыны“ қыстырып қойыпты. Былтырғы жазған „Жаңа әліпбиінде“ де талай адамдарға құлағын жымитып ұмтылған еді.

Білім сөзінде мұндай мінез бізге ерсі көрінеді. Осы мінезін жойса, Нәзірдің жазуы „нағыз білім сөзі“ болар еді.

Ал енді сөзді қорытқанда: Нәзірдің осы кітабы — қазақ әдебиетіне артықша олжа. Бұл кітап әрбір жазушының, тіл тексерушінің, газет-журнал шығарушының, оқытушының қолында болуы керек.

Нәзірден енді араб-парсының сөзін тізіп, қазақшаға аударып, бір тілмәш жасап бер деп өтіну керек. Сонда қай сөздің қалай жазылатынын біліп алар едік.

Кітаптың басылуы да жақсы, қатасы жоқ.

---

\* „Парсыға“ деп оқу керек. — *Рег.*

# ҚАЗАҒЫСТАН БІЛІМ ОРДАСЫ ҚАБЫЛДАҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ

(Научные термины, принятые Акцентром  
Казнаркомпроса)

буын аяқтылар  
толық түрленіп өсу  
шала түрленіп өсу

желбезек  
ас қазан  
мете-морпаз  
бас  
бас-көкірек  
көкірек  
құрсақ  
шегіртке  
жанбас  
ұршық  
сан  
сирақ  
жарғақ қанат  
сүңгі  
жем-сау  
бөтеке  
жүрек  
үлпершек  
дем алыс түтік  
кеңірдек (тырақия)  
зәр шығаратын мүше  
пәсет көз (кестелі көз)  
қарашық  
қарақ (шежекей)  
мөлдір қабық  
түсті қабық  
тамырлы қабық  
тор (тор қабық)  
түзу қанаттылар  
буын тұмсықтылар  
тор қанаттылар  
жалған тор қанаттылар  
қабыршақ қанаттылар  
жарғақ қанаттылар  
қос қанаттылар  
шіделік (нара шегіртке)

членистоногие  
развитие с полным превращением  
развитие с неполным превращением  
жабры  
желудочно-кишечный тракт  
метаморфоза  
голова  
голово-грудь  
грудь  
брюшко  
кузнечик  
ляжка  
вертлуг  
бедро  
голень  
перепончатое крыло  
яйцеклад  
зоб  
мускулистый желудок  
сердце  
околосердечная сумка  
дыхательная трубка  
трахея  
выделительные органы  
фасетчатые глаза  
зрачок  
хрусталик  
роговая оболочка  
радужная оболочка  
сосудная оболочка  
сетчатка  
прямокрылые  
членистохоботные  
сетчатокрылые  
ложно-сетчатокрылые  
чешуйчатокрылые  
перепончатокрылые  
двукрылые  
сверчок

бұзау бас шегіртке (шекшек)  
көк қасқа шегіртке  
қара тарақан  
сары тарақан  
тәует (дәуіт)  
қысқаш құйрық  
бит  
ақ бит (киім биті)  
қара бит (бас биті)  
шат биті  
сірке  
қаңдала  
жер қаңдаласы  
шілде  
біте  
пилексері  
далап  
құлық көбелек  
тұлық (шөре-шөре)  
инелік  
термет  
ақ көбелек  
түнгі көбелек  
күндізгі көбелек  
қалақай көбелек  
сүттіген көбелек  
тұт көбелек, жібек көбелек  
қарағай көбелек  
күйе көбелек  
құрт  
көбелек құрты  
қуыршақ  
шүйке  
боқ қоңыз  
осырақ қоңыз  
өлексе қоңыз  
зауза  
саратан  
әсет  
керік қоңыз  
бұғы қоңыз  
мешін қоңыз  
сушы қоңыз  
жаңғақ қоңыз  
қабықшы қоңыз  
шырақ қоңыз  
қанғыз  
етікші  
ара  
еркек ара  
ана ара (қаным)  
жұмысшы ара  
үйір

медведка  
саранча  
черный таракан  
пруссак (желтый таракан)  
богомол  
уховертка  
вошь  
вошь платяная  
вошь головная  
вошь лобная (площица)  
гнида  
клоп постельный  
клоп древесный  
цикада  
тля травяная  
филоксера  
кошинель  
муравьиный лев  
личинка муравьиного льва  
стрекоза  
термит  
капустница  
ночные бабочки  
дневные бабочки  
крапивная бабочка  
молочайный бражник  
тутовый шелкопряд  
сосновый шелкопряд  
моль  
личинка  
гусеница  
куколка  
кокон  
копр египетский  
жужелица  
жук могильщик  
майский жук  
июньский жук  
июльский жук  
жук носорог  
жук-олень  
плавунец  
водолюб  
ореховый жук  
жук короед  
жук светлячек  
божья коровка  
жук дровосек  
пчела  
трутень  
матка  
работница  
рой

араның бізі (шанышқы)  
араның үйі (балшелек)  
үя  
балшелек  
түкті ара  
айғыр ара  
тарғыл ара  
құмырсқа  
құмырсқаның үйлеуі  
шаншар  
жаңғақшы (мәзі)  
қара шыбын  
бөгелек  
шодыра, сәйгел, шошала, шанышқақ,  
оқалақ,  
сона  
маса  
безгек масасы  
шіркей  
үндемес  
бүрге (бүрше)  
су шаян (қышқыш бақа)  
жеке-тақ шаян  
омар шаян  
боз өрмекші (ақ, бүйі)  
өрмекшінің үйі, ауы  
бүйі  
қара құрт (таспа құрт)  
өрмекші  
шаян  
бұзау бас бүйі (шаян)  
кене  
қырық аяқ  
скелепендір  
тас құрт  
есек құрт  
біз тұмсық қоңыз (астық, қоңызы)  
дәу бүйі (мығал)

пчелиное жало  
улей  
гнездо  
пасека  
шмель  
шершень  
оса  
муравей  
муравейник  
наездник  
орехотворник  
муха комнатная  
овод лошадин.  
овод бычачий  
овод овечий  
слепень  
комар  
комар анофелес  
мошка (мошкара)  
москит  
блоха  
рак речной  
рак отшельник  
омар  
паук-крестовик  
паутина  
тарантул  
каракурт  
паук комнатный  
скорпион  
фаланга  
клец  
многоножка  
сколопендра  
костяника  
мокрица  
жук долгоносик  
паук-птицеяд

**МЕДИЦИНА,  
ГИГИЕНА,  
БИОЛОГИЯ**







## ТАМЫР ДӘРІ ХАҚЫНДА

Біздің қазақ ішінде ауруларды тамыр дәрімен емдеу беріректе жайылулы. Ауруға пайда ма, залал ма, онысына қарамай, қай ауру болса мейлі, бұ заманда қазақ тамыр дәрімен емдейді. Халық надан, халықты емдеуші дәрігерлер, ауруханалар қазақ ішінде жоқ деп айтса да болғандай. (Жалғыз жарым ел ішіндегі ауруханалардағы докторлардан қазақ көп пайда көре алмайды). Бұлай болған соң халық ауруларын өзінің білген, есіткен даруларымен емдейді, бұ күнде қазақ халқын көбіне емдеуші — бақсылар, һәр түрлі хожа, молламын деген алдаушылар. Бұлардың істейтін емдерінің мен көбін білемін. Қайтерсің, надан халыққа арамза молла. Бұлардың кейбіреулері нағыз шын көңілмен пайда келтірейін деп ақ ем жасайды; бірақ дәрігер ғылымынан һеш нәрсе білмеген соң, пайда орнына залал келтіреді, бір қатар қазақтар сыр түтеткіземіз деп ажалдан бұрын сынаптың уынан өлген болар дейім.

Бір қатар емдеушілер темір жалап күркіреп, құмалақ салып, бал ашып ем етеді; бұ заманда әулиелік, пайғамбарлық болмайтын[ын] бұлардың өздері де, халық та біледі.

Үшінші емдеушілер өзін өзі дәрігерміз деп атайды, халық оларды кітап ашушылар дейді. Бұлар кітапқа қараған болып ем етеді.

Бір қатарының ашатын кітаптары фарсы халқының ескі нажум кітаптары; бұрынғы замандарда жұлдызға қарап кісінің ілгері ғұмырын шамалаймыз деушілерден қалған кітаптар. Бұ заманда бұ кітаптармен тек қазақ секілді халық арасында ғана ғамал етілінеді.

Бұлардың біреулері ескі заманғы дәрігерлердің жазған кітаптарына қарап ғамал етеді. Бұлар аз кем болса да ескі ретше оқыған адамдар. Бұлардың қарайтын кітаптары көбінесе Абулғали Синаның „Канон“ деген кітабы. Абулғали Сина Бұхар жерінде милады 980—1034 жылдарда ғұмыр сүрген. Жаңа оқып шыққан моллалардың арасында жалғыз-жарым Түркия докторларының йәки орыс докторларының жазған кітап һәм тәржімелерін оқитын, халыққа насихат айтатындары да бар. Бұлар тым аз һәм анық білмеген датдарын халыққа айтуға, йа астынан, йа үстінен шығам ба деп тартынады.

Бақсылардың ем етулері хақында сөз айтып болмайды. Бұ заманда бақсы құрысын деген қазақ көп, халық өзі де бақсының білмейтіндігіне түсініп келе жатыр. Үшкіріп-түшкіріп, темір жалап, ауруды сабап, сарнап, айқайлап, жын шақырған кісілерді дені дұрыс деп айтуға болмайды.

Бұлар мүсәфір науқас адамдар, оларды ел ішінен қуып, ауру бақтыру емес, өздерін ауруханаға салып бағу керек. Бұлардың ішінде саулары — нағыз алдаушы залымдар. Бұларды хәкімдерге көрсетіп, закон бойынша тексертсе де обал жоқ. Орыс халқында бақсыларды осылай етеді.

Дәрігерміз дегендер бұ күнде халыққа көп залал келтіріп тұр. Бұлардың есі-дерті — мал алу. Малды құмалақ салып алады, кітап ашып алады, садақа деп алады, ауруды бағамын деп алады. Бұлар науқасты жеті түрлі, он бір түрлі, он үш түрлі дарумен емдейді. Азғана дарумен бұлар ем қылмайды; қайдағы жоқ дарулардың атын айтып, соны тап деп, о дәрісіз жазылмайды деп қазақтың басын қатырады. Бұ дүниеде оңдай дәрілердің

жоқтығын білмей, табамын деп, олай шауып, бұлай шауып көп шығында қалып, бақсы байғұста кінә жоқ, кінә айтқан дәрісін таба алмаған өзімізде деп, сорлы қазақ көп беріп, әлгі алдауышты ризалап жөнелтеді.

Жазар едім, айтқан дәрімді таба алмадың деп, үй иесін жұбатып, күлімсіреп бұ залым үйіне қайтады.

Қыс күнгі боранда алыс жерден келіп маған жалынды: „Бақсының тап деген дәрілерінің бәрін тауып, тек бірін таба алмадық, іздеген дәрісінің атын айтып, тауып берші, ақша аямай қайдан болса да алдырамыз“ деп жалбарынды. Осы кісіні аяп, дәрісін тауып бергім келіп, айтқан даруының атын орыс, латын, ғараб, фарсы, түрік, ноғай, кафказ халықтарының дару аты жазылған кітаптарын қарап таба алмадым. Бұ не деген залымдық!

Екіншілері: ауру болса „тамыр дәрі іш, тамыр дәрі киелі зат; оны біліп шартпен ішу керек; білмеген кісі ішкізсе, дәрі шамданады“ деп, өзі бағып, тамыр дәрі ішкізеді.

Тамыр дәрінің жуанын ал, ұзынын ал, қымбатын ал, қадағы отыз-қырық сомнан кемін алма деп дәрі іздетеді. Тамыр дәріні қырық күн ішкізеді. Тұзды, ашшы тамақ, ақ ішкізбей, һеш кімді қатынастырмай, һәр түрлі барды, жоқты тапқызып емдейді. Қырық күннен соң емделген кісі сілтіден шыққандай, сүп-сүр болып, емдеген кісі соғымға семірткен малдай жылтырап шығады.

Қырық күн тамыр дәрі ішуге, менің есебімше, қазақ жүз теңгеден артық расход қылады. Көбіне бұл ақша суға тастаған ақша болып шығады.

Тамыр дәріні киелі зат деп біздің қазақ бек қадірлейді.

Тамыр дәрі — қазаққа қалғанда бек пайдалы дару. Онысы рас. Қазақ билетін дару да тамыр дәріден пайдалы һәм мұнан залалы аз дару шамалы.

Тамыр дәрі ем болады: теңге қотыр ауруына (латынша — сифлис, ғарабша — жазам, түрікше — франк захымы), һәр түрлі көкірек ауруларға.

Қазақ ішінде бұл аурулар бек көп жана да тамыр дәріні ел ішіндегі сәудегерлер сатады, халыққа сатып алуға оңай.

Тамыр дәрінің қазақ неғұрлым жуаны, ұзыны пайдалы болады деп ойлайды. Онысы хата, пайда болуына тамыр дәрінің ескі, құраған болмай, жаңадан алынған болса болады. Дару болуына жуандығы, ұзындығы шарт емес. Дару сататын магазиндерде, даруханаларда (аптекаларда) жақсы тамыр дәрілер уақтап кесулі болады.

Тамыр дәрі Америка жерінде өсетін „сар сапарила“ деген шөптің жердегі тамыры болады. Біздің жаққа Америкадан келеді. Америкада көп болған себепті бәсі бек арзан болады. Дәрігерлік ғылымына қарағанда, пайдасы шамалы болған соң, мұнан артық дарулар көп болған соң, бұ заманда докторлардың шығанда біреуі ғана тамыр дәрімен ем етеді.

Россия патшалығында қазақ һәм қазақ секілді жалғыз-жарым халықтардың ішінде ғана тамыр дәрі бек қадірлі, қымбат. Бұ халықтардың тамыр дәріні әулие шөп деп бек қадірлегені тек сәудегерлерге пайда.

Питербордағы бүтін Россия даруханаларының көбіне дару сататын „Штул шмицт“ деген дару дүкенінде биылғы тамыр дәрінің бәсі мынау:

Тамыр дәрі „Һондурас“, кесілмеген бір қадағы бір сом 16 тиын, тамыр дәрі „Һондурас“, кесілген бірінші сорты бір сом 95 тиын, тамыр дәрі „Һондурас“ кесілген екінші сорты бір сом 88 тиын, тамыр дәрі „Һондурас“, кесілген нағыз артық сорты үш сом 40 тиын, тамыр дәрі „Уеракротси“, кесілген бір қадағы 84 тиын. Тамыр дәрі һәр түрлі жерден шыққан соң, түрлі-түрлі атты болады: Һондурас, Уеракротси уа ғайри, бұның ішінде жақсы сорты Һондурас болады, жоғары айтылған дүкенде көптеп алғанда айтылған бәсінен кемітіп береді.

Қазақ ішінде тамыр дәріні сәудегерлерден сатып алады. Сәудегерлер бір қадақ тамыр дәріні ретіне қарай, кісісіне қарай не он теңге алып, не жетпіс теңге алып сатады.

Питербордағы нағыз жақсы тамыр дәрінің бір қадағы, қадақтап алғанда үш сом 40 тиын тұрады; қазақ ішінде жақсы екендігі бимағлұм тамыр дәрінің бір қадағы алпыс-жетпіс сом тұрады.

Бұлай болғанда Орынбордан Питерборға тек бір қадақ тамыр дәрі алу үшін арнап барып, әкелген тамыр дәрісін сатқанда, барлық жол расходты шығарып, көп айдалы қылуға болады.

Ел ішіндегі сәудегерлер тамыр дәріні Америкаға барып өздері әкелмейді. „Штул шмидт“ сияқты дүкендерден алады. Бір қатарлары „Штул шмидт“ бәсін қымбатсынып, алып сатушылардан арзанға алады. Ел ішіндегі сәудегерлердің тамыр дәрісі көбіне ескі болады. Бұлай болған соң файдасы да шамалы болады. Тамыр дәрі деп бөтен шөпті де сатушылар болады.

Тамыр дәрінің ел ішінде қымбат болуының бір себебі — қазақ халқы кесілген жақсы тамыр дәріні алмайды, неғұрлым жуанын, ұзынын сұрайды; сәудегерлер сұрағанын беріп, сұрағанын алады. Екінші, тамыр дәріні даруханалардан (аптекалардан) алмайды. Аптекада көбіне дарулар жақсы, таза болады жана ел ішіндегідей болмайды.

Енді менің қазақ халқына айтатыным босқа, далаға ақшаларыңызды шашпаңыз, тамыр дәрінің жуандығында, ұзындығында пайда жоқ. Тамыр дәріні сәудегерлерден алмаңыз, даруханалардан алыңыз. Тамыр дәрінің жақсысы кесулі болады. Тамыр дәрі дару болсын десеңіз, кескен тамыр дәрі „Поңдурас“ алыңыз. Бұл нағыз артық тамыр дәрі, бір қадағы төрт сомнан артық болмайды.

Орысша тамыр дәрінің аты жоқ, латынша „Радикс сар сапарила“, аптекадан жақсы кесулі тамыр дәрі сұрағанда бұлай сұрау керек: „Радикс сар сапарила, Поңдурас контсиза“ деп.



## ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ХАҚЫНДА

*Сынықтан басқа жұғады  
(қазақ мақалы)*

Алла тағаланың жер жаһанға жіберген аурулары бар; бұл аурулардың бір қатары жұқпайды, бір қатары жұқпалы. Жұқпалы аурулардың көбі құрт аурулар. Бір адамның ішіне йәки қанына бір аурудың құрты кіре қалса һәм өсіп-өнетін жұғымды орын тапса, бір құрт бір неше минутте бір неше мың йәки миллион болып өсіп-өніп кетеді. Бұл құрттардың көбі уын шашады, уы қанға таралып, адамды ауру қылады. Пәр түрлі құрт тек өзіне тиісті ауру береді. Кезіктің құрты кезік қылып ауыртады. Шуманың құрты шума қылып ауыртады. Обаның құрты оба қылып ауыртады. Обаның құрты кезік йәки шума қылып ауыртпайды. Құрт аурулар жұқпалы дедік, ауырған кісінің қаны құртпен йәки құрттың зәһірімен толып кетеді. Пәм ондай кісінің ішінен шыққан заттың бәрі құртты болады. Ауыздан аққан сілекей, түкірік, қақырық, құсық, мұрыннан аққан су, арттан шыққан нәжіс, сідік, қан жұқпалы болады. Аурулардың түріне қарай осы аталған нәрселердің бірінен бірінің жұқпалығы күштірек болады. Өкпеден алған шуманың, көкірек аурудың нағыз жұқпалы заты адамның демінде, қақырығында болады. Сары кезіктің, обаның құрты адамның нәжісінде, топалаң йәки күйдіргінің, безгектің, сиплистің құрты көбінесе қанда болады. Қызылшаның, қырмызы аурудың, қызылшалы кезіктің, шешектің жұқпалы заты сыртқа шыққан қызылдарда, түскен терілерде болады.

Жұқпалы аурулардың құрттары адамға жұққан соң, бір қатар уақытқа дейін ауырта қоймайды. Бұл құрттарға өсіп-өнуге уақыт керек. Шуманың құрты жұққан соң үш, бес күнге дейін ауыртпасқа мүмкін. Шешек жұққан соң бір жұма йәки он күн білінбей жүреді. Бұл уақыттарда ауру жасырын болып тұрады, аурудың зәһірі тұла бойға жайылып біткеннің белгісі. Бұл уақыттарда құрттар ішінде өсіп-өнеді, бұлардың өскіш болуына, жұқпалы аурулардың жылдамынан жұғуына түрлі себептер бар.

Адамның ішкі сарайы сау болса, дені таза болса, тамағы тоқ болса, ауру жұқпасқа, жұқса да ауырмасқа себеп болады. Науқас адамдарға, нашар адамдарға, аш адамдарға жұқпалы аурулар да жұққыш болады. Киімі бүтін, суықта жылы киім киген, үсті-басын таза ұстаған, моншаға түсіп жуынған, қолын-бетін жиірек сабындап жуған — ауру жұқпасқа себеп болады. Көп кісімен қатынасқан, һәр үйге қыдырып тамақ ішкен, көп адаммен бір табақтан тағам жескен — һәр түрлі аурулардың жұғуына себеп болады. Ілбішін уезінде болған шумада кісі ауырып өлген үйге бата оқимыз деп барып, ет жейміз деп көп кісі қырылды. Аяқ-табақ, қазан-ошақ, һәр түрлі ас құятын ыдысты таза ұстаған, қолын сабындап жумай аяқ-табақтарға қатынаспаған, қол орамал, бет орамал, дастарханның таза болғаны ауру жұқпасқа себеп.

Құтым қашады деп аяқ-табақты жумай, кірін бес елі қылып қоятын адам біздің қазақтың бір қатарынан әлі қалған жоқ. Бұл дұрыс емес.

Кент халқының аяқ-табақтары бегірек таза болады, кент байларынан қазақта әзір асқан бай жоқ. Ас құятын ыдыстарға, ішетін, жейтін тамақтарға шаң тимеске керек, лас түспеске керек. Тамақ пісіретін үйді амалы болса, ластан аулақ бөлек қылу керек, амалы болмаса, малдан, кісіден аулақ қылып бөліп, қоршап қою керек. Бұларды жерге қоймай, саңдық, кебеже, тақтайға салып жоғары қою керек. „Ауру астан“ деген мақал дұрыс айтылған.

Суықта жылы, ыссыда жеңіл киген — аурудан тысқары болуға себеп. Ғарабстан, Іүндістан, Тарабулс ғарб секілді ыссы жерлерде халық жеңіл, ақ түсті киім киеді. Бір қатар қазақтар шілдеде тон, тымақ, киіз байпақ, тері бөрік киеді. Жаз күні тері киім киген жарамайды.

Отырықшы болған елге жұртын таза ұстау керек. Біздің қазақтың жер үйі құрттың ұясы деп айтса да болады. Мұнда жұқпалы аурудың құрты бір кірсе, қайтадан оны жоқ қылу аса қиын. Қазақтың жер үйлерін бұхырлап алу доктырларға бек қиын хәм оған көп уақыт керек. Ілбішін уезінде болған шумада біздер жер үйлердің дұрыстап дәрілеп алуын қиындығын көріп, жер үйлерді өртетуге себепші болдық. Суықта тұратын үй жылы болу керек. Жел, суық келмейтін болуы керек. Йіс, қоқыс болмай, һауасы таза болуға керек. Күннің сәулесі үйге түсіп, үйдің ішінде шаң, лас болмасқа керек, жары суланбай құрғақ болу керек, төбесінен тамшы ақпай, жардан, жерден ыза тимеске керек, пештен түтін шықпасқа керек. Үйдің ішіне мал кіргізбеске керек. Үй кең болуға керек. Бұл замандағы қазақ жер үйлерінде мұның бірі де жоқ. Бұл күнгі жер үй лас, тар, суық, дымқыл, есігінен, терезесінен жел соғады, күн сәулесі аз түседі, төбесінен тамшы ағады, пештен түтін шығады, терезесінен жарық аз келеді. Сондықтан ел ішінде қысты күні кезік, сүзек, қызылша аурулар аса көп, бір қатар үйлердің ішіндегі адамдардың бәрінің төсек тартып жатқанын көріп жүрміз. Бұл аурулардың қыс күнінде жайылуының себебі көбіне жер үйдің жамандығы. Ден саулығына аурудың аз болуына, әсіресе жұқпалы аурудың аз болуына, киіз үйде отырған, көшіп жүрген жақсы. Осы күндерде қыс өте бастағанда, жазға салым қазақ ішінде мысқыл аурулар бек көп болады. Жаз түскен соң бұл аурулар көбіне жазылып кетеді. Қазақтың һәр жеріндегі бездері шошып, мысқыл ауру болғандары ден саулығының кемігенінің ғаламыты. Қазақтың әзір күн көріп жүргені жаз киіз үйге шығып, көшіп жүргенінен. Қазақ қала болып көшуді тастап, осы күнгідей жер үйлерде отыратын болса, жұқпалы аурудың құртымен айрылмайтын дос болады. Бұл құрттар кетіре алмайтын құтсыз қонақ болар, талай қысаға, бейнетке себеп болар. Көшуді тастап қалада отырған қазақтардың жайы бізге мағлұм, бұлардың тұрмысын құдай басқа бермесін.

Жұқпалы аурулар қазақ арасынан бір кірсе, жуық арада шыға қоймас. Бұрын естімеген-білмеген шума жиырма жылдай Бөкейлік пен Орал облысының қазақтарынан кетуді қойды. Жыл сайын жүздеп-жүздеп садақа алып тұр. Тегіс қала болу әзір қазаққа ерте деген алаштың азаматтарын кей біреулер мысқылдап келемеж қылады. Қала болып алған соң, киіз үй тігуді тастаған соң, көп кешікпей-ақ көрерсің, қазақ, жұқпалы аурудың араларында қандай болып қыдырғанын! „Қарағым-бауырым, қазағым, қала болсаң, құрт-бәлесін ала боларсың“ деген азаматтың зары сонда есіңе түсер.

Тұратын үйдің айналасы таза болу керек. Мал қорасы һәм пішен үйден аулақ болсын, терезенің алдында болып жарықты тасаламасын.

\* Ғалам — арабша „белгі, айрықша белгі“. — *Рег.*

Үйдің айналасына, сенекке дәрет алуға жарамайды, дәретхана алыста болу керек. Пішен қораны жер үйге жастай салғанның тағы бір зияны бар. Ол мынау: өткен Ібшін уезіндегі шумада жер үйлерді өртеткенде, үйге жастай үйген пішендерді көп күшпен өрттен алып қалдық.

Ішетін су таза болу керек. Су құдықтан алынса, қарағайлап, шегендеп, айналасын орлап, аузын жауып қою керек. Сырттан аққан су құдыққа һеш бір құйылмасын. Құдықтан су алудан басқа жұмысқа оны салмасқа керек. Құдықты үйден, қорадан, мал тұратын жерден аулақ қазуға керек. Малдың сідігі, еріген қардың, жаңбырдың суы жерге сіңіп, жер астынан құдыққа құятыны болады. Жұқпалы аурулардың көбінің құрттары суда жақсы өсіп-өнеді. Кезік-оба деген ауруларды көбіне судан жұғады деп есеп етеді. Аққан өзен суды, көл суын таза ұстау керек. Суға күл, боқ, өлімтік секілді лас нәрселерді тастамасқа керек. Мұндай нәрселерді судың жағасына да тастау жарамайды. Ауыз-суды мал ішетін суаттан жоғары алу керек. Өткен жылдарда Жайықтың суы оба құртымен құрттап кетіп, Жайық бойындағы елдер обадан көп өлді.

Бір жерден су ішкен елде оба-кезік аурулар көбейсе, ол уақытта суды қайнатып ішу керек. Қайнаған суда құрт өліп қалады. Қайнаған су зарарсыз.

Бұл заманда белгілі болды: жұқпалы аурудың бір қатары адамға хайуанаттан жұғатыны. Ауырып өлген малдың етін жемеске керек, ондай еттен ауру жабысуға мүмкін. Ауырып өлген малдың өлімтігін жерді терең қазып көміп тастау керек, не өртеп жіберуге керек. Қойдың топааны, жылқының жамандаты адамға күйдіргі (түйнеме) болып жұғатыны қазақтың өзіне белгілі. Шума деген аурудың сары шұнақтан, қара бауырдан, қос аяқтан һәм сол секілді хайуандардан жұғатындығын доктырлар итбат қылды. Аусыл сиырдың сүтін пісірмей ішсе аусыл болады, өкпе құрт болған сиырдың сүтінен көкірек ауру (шахотка) болуға мүмкін. Бит, бүрге, қандала, маса, шыбын секілді хайуандар ауру кісінің қанын сорып, сау кісіні келіп шақса, бұл сау кісі бастапқы кісінің ауруымен ауырады. Мұны да білгіштер итбақ қылды. Бұлай болған соң ауру кісінің киімін тазартпайынша киюге жарамайды. Қазақта өлген кісінің киімін таратып беретін әдет бар, бұл әдетті тастаған мақұл. Өлген кісінің киімін аламын деп ауруын аласыңдар. Орал облысында болған шумаларда шумадан өлген кісілерден киім алып, талай адамдар шумадан қырылды.

Жұқпалы аурудың құрты көзге көрінбейді, мұндай аурумен науқас болған кісінің қасында толып тұрған құрт болады. Іштен шыққан нәрсенің бәрі жұқпалы болады дедік. Солай болған соң ауру кісінің қасында болу, бірге жату, тамақтану хауіп. Жұқпалы аурумен ауырған кісіні сау кісілерден бөлу керек. Ауруды бөлу дегеннің мағынасы мынау: ауру кісіні таза, оңаша бір бөлмеге салып, бір-екі ауруды бағатын кісіден басқа кісілер қатынаспасқа керек. Ауруды баққан адамдар ауру жатқан бөлмеге кіргенде, сырттан бір киім киіп келу керек, ол киімді шығарда сол бөлмеге тастап кету керек. Аурудан шыққанда қолын, бетін сабындап жуу керек. Ауру жатқан үйде тамақ ішпеске, темекі-шылым тартпасқа керек. Ауруға берген аспаптарды, аяқ-табақтарды ыссы сумен жуып тұру керек. Аурудың боғын-нәжісін, қақырығын, құсығын темірден йәки тастан жасалған ыдысқа жинап, шашпай, жерді терең қазып көміп тастау керек. Ауру жазылса йәки өлсе, артында қалған құнсыз киімді, ескі заттарды өртеп жіберу керек, қымбат заттарды ыссы суға қайнатып алу керек. Қайнағаннан бұзылатын-бүлінетін заттарды, жібек киімдерді,

\* Итбат қылды — арабша „дәлелдеді“ деген сөз.— *Рег.*

киіз, кілем секілді заттарды сыртқа шығарып үш-төрт күндей жел қақтырып, күннің көзіне жайып қою керек. Жақын жерде доктор йәки пелдшер болса, мына заттарды бұхырлап бер деп айту керек.

Қазақта науқастың көңілін сұрайтын әдет бар. Аурулы болған кісінің көңілін аулаған жақсы десек те, жұқпалы аурулардың көңілін сұраймын деп ауырған кісінің қасына бару жарамайды. Көңіл сұраушыларды науқасқа қатынастырмасқа аурудың жақындарына міндет, ауырған кісіге тыныштық жылдам жазылуға себеп болады. Көңіл сұраушылар науқастың һәм мазасын алады, оның үстіне өздеріне өздері ауру жұқтырып алуға себеп болады. Жұқпалы аурулы кісі жатқан үйді тазалатып, бұхырлап алу керек. Бұхырлап алу докторсыз қазақ қолынан келмейді. Қазақ қолынан келетін нәрсе үйдің терезесін алып, есігін ашып, бір жұмадай бос қою керек, сонда жел һәм таза һауа кіріп, үйді тазартады.

Енді осыдан бұлай қарай жұқпалы аурулардың бір-бірлеп шама келгенше түрін көрсетіп, қандай болатынын айтпақшымын.



## САРЫ КЕЗІК — СҮЗЕК

(брюшной тиф)

Сары кезік — ұзақ ауру. Бұл аурумен ауырған кісі бір ай, ай жарым төсек тартып жатады. Бұл аурудың мәнісін айтқанда түгел сөйлерміз.

Науқас болған кісінің басы ауырады, әлі кетеді, тамақ ішкісі келмейді, тұла бойы қыза бастайды. 3—4 күннен соң жатып қалады. Аз-кем сандырақтай бастайды. Тұла бойының қызуы күндізгіден кешке, түнде көбірек болады, тілі ағарып, не қоңырайып, ерні жарылып кетеді. Алғашқы уақытта көбіне іші жүрмейді. Көбіне ішті қолмен басқанда, оң жақ шаптың үстінен ауырсынады, іші құрылдайды. Ауруы күннен-күнге қатаяды. Үстіп бір жеті өтеді. Ауыра бастағаннан санағанда бірінші жетінің аяғында, екінші жетінің басында байқаған кісіге кішкене болып қызарып, іштің терісінде қызылдар білінеді, қолмен басқанда бұл қызылдар батып кетеді, қолды алса, қайта шығады. 3—4 күннен соң бұл қызылдар жоғалады. Екінші жетіде ауру салмақтанады, сандырақтауы көбейеді, есі ауады, іші өте бастайды, артынан жүргені сары түсті болады. Есі ауған уақытта ауру адам орнынан тұра-тұра жүгіреді, қашады. Осы уақытта күзет болу керек. Екінші жетінің аяғында, үшінші жетінің басында іштен қан жүретін болады. Іштен қан жүргені бегірек те хауіп; үшінші жетіде ауру баяғы қатал күйінде болады. Өнемейін күзетпен отыру керек. Үшінші жетіде, йәки төртінші жетінің басында науқастың сандырағы азаяды, қызуы кемиді, бірақ осы уақытта қатер көп. Төртінші жетінің аяғында ауру бірден-бірге беті бері қарап тәуір бола бастайды. Сары кезіктің құрты ашшы шекке жабысады. Ішектің қыртысында бөлек-бөлек үлкендігі жиырма тиындай, елу тиындай жара болады. Бұл жаралар әуелі 2—3 жетіде ұлғая береді, ауру қатал болады, төртінші жетіден бастап жаралар жазыла бастайды. Аурудың да беті бері қарайды. Бұл жаралар анда-санда қанайды. Жарадан аққан қан нәжіспен араласып қызыл түсті, йәки қара қоңыр түсті болып шығады. Іштен қан жүру екінші жетінің аяғында, үшінші жетінің басында болады. Іштен қан жүрген бегірек қатер. Ішектің ішіне шыққан жаралар ішекті ойып, тесіп жіберетіні болады. Ішек тесіліп кетсе, ауырған кісі көбіне өледі. Ішек үшінші жетінің ішінде, төртінші жетінің басында тесіледі. Ішегі тесілген кісінің келбеті бірден өзгеріліп, жағы сорайып, мұрны ұзарып, денесі мұздап, кекірік, ықылық, құсық пайда болады. Іші кеуіп кетеді. Басқанда қатты ауырады. Мұндай күй бегірек хауіп.

Кезік ауруда һәр түрлі қосымша аурулар көп болады. Көбіне кезікке жетел жолдас болады, анда-санда құлақ ауырады, құлақтың алдыңғы безі шошиды. Мұрыннан қан жүреді. Егер ауырған кісіні дұрыстап баққанда, мұндай қосымша аурулар болмайды. Болса да аз болады, жеңіл болады. Сары кезіктен жазыла бастағанда дамның шашы түседі, терісі түлейді, шаш қайта шығады. Кезіктен тұрған кісінің көпке дейін есі дұрыстана алмай жүреді, қол-аяқтан айырылатыны да болады. Мұның түбі хайыр; бұл захыметтер бара-бара кетеді.



Өткен жолы айтылған сияқты кезіктен қалатын һәр түрлі қосымша ауруларды қазақ кезіктің желі дейді. Көп жатқаннан кісінің жанбасы, құйрығы, өкшесі жара болады. Мұндай жара болмас үшін, аурудың төсегі жұмсақ болуға керек, төсегін қайта-қайта дұрыстап салып тұру керек, науқас кісіні өнемейін бір жағына жатқызбай, аударып жатқызып тұру керек.

Жас балалар, қары шалдар сары кезіктен аз ауырады, семіз кісіге, арақ ішкіш кісіге кезік қатты тиеді. Сары кезіктен ауырған жүз кісіден он кісі өледі. Сары кезіктен бір ауырған кісі көбіне қайта ауырмайды. Сары кезік жұққаннан соң, екі-үш жұма білінбей жүреді. Енді сары кезіктің қысқаша емін айталық. Бұл орында тек қазақтың қолынан келетін емдерді ғана айтамыз. Амал келсе кезікпен ауырған кісіні ауруханаларға салу керек. Ауруханаларда докторлардың емдеуі де, күтуі де артық болады. Қыс күні жер үйлерде ауырған кісіні күтіп, емдеп жазып алу аса қиын болады. Ауырған кісі түгіл, сау кісіге қазақ жер үйінің ыңғайсыздығын жоғарыда айтқанбыз.

Сары кезік болып ауырған кісіні оңаша үйге йәки бөлмеге жатқызып, бір-екі кісі кезекпен күзету керек. Жатқан үйі таза болсын, һауасы жеңіл болсын. Төсек, көпшік, киімін дұрыстап, ауруды аударып жатқызып тұру керек. Арқасын, құйрығын, жанбасын, өкшесін суық таза сумен күнде сүртіп тұру керек, жара болмасқа себеп. Ауызын суық сумен көбірек шайдырып тұру керек. Тілі, ерні жарылса, таза маймен йәки глицерин деген дәрімен майлап тұру керек. Тамағына сүт, айран, қымыз, шұбат, сорпа беру керек. Сусынға салқын су, салқын шай беруге керек. Тамақты бір бергенде көп бермей, аз-аздан беріп, жиі беру керек. Шайнама тамақ әбден аурудан айықпай берілмесін. Ауруы қатты болып, есі кеткен адамның ауызына қасықпен сусын құйып тұру керек. Аузын таза шүберекпен суға малып, сүртіп тұру керек. Науқастың қызуы болса, басына суық суға малып орамал таңып қойылсын, жаз күнінде салқын суға шомылдырған жақсы. Ауырған кісінің қимылдамай төсекте жатқаны жақсы. Іштен қан жүрген кезде науқас кісі һеш бір қимылдамастан жатсын. Есі ауып, науқас кісі есіріп, төсектен тұрғысы келсе, қайтадан жайымен жатқызу керек. Аурудың күшінен есірген адамнан жын-шайтанды айдап шығамын деп ауруды қорқыту, шошыту, сабау жарамайды. Кезіктен есірген адамды құдыққа салып қойған қазақтарды да білеміз. Мұндай еммен емделген адам жуық арада жазыла қоймас. Сары кезіктің жайын қысқаша айттық, бұл орында кезіктің көбінесе болатын түрін айтайық. Кезіктің ұзақтығы да, қаттылығы да түрлі-түрлі болады, кейбір уақытта кезік жеңіл болып бір-екі жетіде жазылады, мұны келте кезік дейміз. Кей бір уақытта кезік қатты болып, өлім көп болады, мұны қатал кезік дейміз. Кезік жеңіл болсын, қатты болсын, жұқпалығы бірдей болады. Кезіктен сақтану керек. Кезіктің нағыз емі — ауырған кісіні жақсы бағып күту. Мұны естен тастамасқа керек. Сары кезіктің бір ғаламаты, үш-төрт жеті ауырып тәуір болған соң, бір жеті, он күн тәуір болып тұрып, ауырған кісі енді жазылды дегенде қайталап ауыра бастайды. Қайталаған аурудың ұзақтығы он-он бес күндей болады. Төсектен ерте тұрған, шайнама тамақты көп жеген қайталап қалуға себеп болады.

## ҰЙҚЫ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

Ұйқысыз тірі жан күнелте алмайды. Сергек болу адамға қандай мұқтаж болса, ұйқы да сондай мұқтаж. Ұйқысы кемісе адамның тіршілігі бұзылады. Ұзақ ұйықтамас — адам өледі.

Ұйықтаған мезгілде адамның есі, ойы, тоқуы, еркі жойылады. Демалысы сирейді, жүрек соғуы кемиді, сирейді, қан ағысы жайлайды. Боршалары (еті) босайды, дененің, барлық мүшелердің жұмыстары жайланады. Тамақтануы (тамаққа мұқтаждығы) кемиді.

Ұйқының не нәрсе екені, неден пайда болатыны осы күнге дейін анық шешілген жоқ. Ұйқының не екенін тануға, себебін білуге талай білгіштер көп уақытын сарп қылды.

Ұйқының себебі мыналар деген көп болжаулар бар. Осы көп болжаулардың ішінде мына біреуі шынға жақын келсе керек.

Ұйқы деген — ауру. Ұйықтау — ауру болу. Ұйқы — мидың ауруы. Ми өзінің әрекетінен пайда болған нәрселерден уланады. Сондықтан ауырады — ұйқы пайда болады. Ұйықтағанда ми бірден бірге удан тазарып, ауруынан айығады. Адамның денесі түрлі мүшелерден құралған. Мүше деген өз алдына айрықша жұмыс қылатын дененің бөлімі, әрбір мүше ұшы-қиырсыз көп хұжайра деп аталатын бөлшектерден түзелген. Әрбір хұжайрада тірі жәндіктің қасиеті бар.

Хұжайра тамақтанады, дем алады, шамданады (сезеді), өседі, тұқымдайды (көбейеді), қозғалады. Ішіндегі хұжайралардың әрекетінен мүшенің әрекеті пайда болады, мүшелердің әрекеті құралып, бүтін денеге тіршілік береді. Хұжайралардың тіршілігінен түрлі зиянды нәрселер пайда болады. Мәселен, дем алудан қышқыл-көмір, тамақтанудан түрлі азотты нәрселер. Зиянды нәрселер шығарылып, йә жуылып тұрмаса, адамның денесін улайды. Тіршіліктен туған денені улайтын нәрселерді „токсин“ деп атайды.

Токсиндердің бәрі қанға жиылады. Қаннан бір бөлегі сідік арқылы, бір қатары тер арқылы сыртқа шығарылады. Сыртқа шығарылмай қалған токсиндерді зиянсыз қылу үшін түрлі басытқылар шығарып тұратын мүшелер бар. Үлгі үшін бұғақ без, бүйректің үстіндегі без, мидың түбіндегі без. Осылардан шыққан басытқылар қанға жайылып, зарарлы нәрселерді зиянсыз күйге келтіреді. Токсинді жоятын басытқыларды „антитоксин“ деп атайды.

Білгіштердің тажырибасына қарағанда, мидағы хұжайралар зиянды нәрселерді өте көп шығарады. Мидан шыққан уларды басытқылар тезден жуып, үлгері алмайды.

Уды жуып үлгеру үшін біраз уақыт у шығаруды тоқтату керек. Мидағы хұжайраларға тыныс беру керек, миға демалыс беру керек. Ұйқы деген — мидың дем алуы.

Ұйықтағанда мидың әрекеті тіпті тоқтайды, ми ұйықтайды, өңге мүшелер әрекетін азайтып, жайлау жұмыстанады. Бұларды шала ұйықтайды деп айтуға болады.

Ұйқының мезгілінде миға жиылған уларды басытқылар жуып бітіреді. Ми улардан айыққанда ұйқы да қанады.

Миға тыныс бермесе, өзінен шыққан улар (токсиндер) миды өлтіреді. Ми өлген соң адам да өледі.

Асырауын дұрыс қылып-ақ, итті он-жиырма күн ұйықтатпасақ, өліп қалады. Қытай жұрты өлімге бұйырылған жазалы адамды ұйықтатпайды. Ұрмай-соқпай ұйқысыздықтан өлтіреді.

Ұйқыдан болдырған иттің қанынан білгіштер ұйқының уын (токсинін) тапқан.

Осы ұйқы уды ұйықтап тұрған сергек жануардың қанына жіберсе, жануар дереу ұйықтап қалады.

Ұзын сөздің қысқасы: ұйқы — күнде қайталап тұрған ауру. Әрбір ауруға дәру керек. Ұйқының жоғарғы айтылған себептерден екені рас болса, ұйқыға ем табу жолы ашық. Ұйқы токсинді жоятын антитоксин табу керек. Білгіштер осы жолда ізденуде.

Ұйқыға ем табылса, адам өнемейін сергек болмақшы, ми болдыруды, шаршауды білмейтін болмақшы. Мидің хасиеті аспақшы. Адамның миының істемейтін жұмысы жоқ. Сондықтан адамның тіршілік [ ... ]<sup>\*</sup> адамның өзі де танылмастай болып өзгермекші.



\* Бұл жердегі екі сөз оқылмады. — *Рег.*

# ОҚУШЫНЫҢ САУЛЫҒЫН САҚТАУ

(2-нші басылуы)

## I. Құлағың сау болсын десең:

1. Құлағыңа ұрғызба, айқайлатпа, шыңғыртпа; өзің де құлаққа ұрма, құлаққа айқайлама, шыңғырма.

2. Қалам, қарындаш, тас-қалам, ине секілді өткір ұшты нәрселермен құлағыңның ішін шұқыма. Құлағыңа еш уақытта еш нәрсе тықпа. Мақтаны, әсіресе, суланған я дәріленген мақтаны құлағыңа тығушы болма.

3. Құлағыңның ішін, сыртын таза ұста. Сабыңды сумен құлағыңды абайлап жу. Жуынғаннан соң құлағыңның суланған жерін әбден сүртіп құрғат.

4. Құлағыңның ішіне бір нәрсе кіре қалса, өзің еш нәрсе істеме; тезден доқтырға көрін. Құлағыңның ішіне құрт-құмырсқа секілді тірі мақұлық кіре қалса, доқтыр келгенше бірнеше тамшы жылы кендір майы я жылы сүт тамыз.

5. Бұлақ болсаң (құлағыңнан ірің ақса) тезден доқтырға көрін. Құлақтан аққан іріңді пайдалы не зарарсыз деп ойлама. Бұлақ өте зиянды.

## II. Мұрның сау болсын десең:

6. Мұрныңды әрдайым таза ұста, танауларыңды тазалап жүр. Аузыңның жеу, сөйлеу үшін, мұрныңның тыныс алу, иіскеу үшін жаралғанын ұмытпа.

Сіңбіргенде дауыстатып, екі танауыңмен бірдей сіңбірме. Әуелі бір танауыңды тазалап, сонан соң екінші танауыңды тазала.

7. Жүргенде, жүгіргенде, сөйлегенде, ұйықтағанда мұрныңмен дұрыстап дем ала алмайтын болсаң, доқтырға көрін. Доқтыр тексеріп қарап, дем алысың неден бұзылғанын тауып береді.

8. Жас балаларға туысымен-ақ аузын жұмып ұстауды әдеттендір.

Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса, жастығын биіктетіп, басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқыз. Бүйткенде де бірнеше жұмадан соң аузын ашып жатуды қоймаса — доқтырға көрсет.

## III. Тынысың сау болсын десең:

9. Дем алғанда аузың өнемейін жабулы болсын.

10. Шаңда не ауасы бұзылған орында шамаң келгенше дем алма (тұрма). Жүрген жеріңді шаңдатпай жүр, әсіресе, үйдің ішінде шаң көтеруші болма.

11. Үйдің ішінде еденге, жарға (дуалға) қақырма, түкірме, мұрын орна-малыңа да қақырып, түкірме. Жаюлы жатқан (төсеген) киіздің, кілемнің астына әр кезде қақырып түкірме.

12. Киіміңді, төсегіңді, бөтен нәрселерді үйдің ішінде қақпа, сілікпе, тазалама; сыртқа шығарып тазала.

Үйдің ішіндегі нәрселерді сүрткенде, сыпырғанда сүрткішің, сыпырғышың құрғақ болмасын, дымқыл болсын.

13. Үйде отырып жұмыс қылғанда, жылы уақытта терезең ашық бол-сын.

Суық уақытта күн тәуір болса, бірнеше рет есік-терезені ашып, үйіңнің ауасын жаңартып, тазалап тұр.

Гүлеме желден сақтан. Әсіресе қызып терлеп отырғанда сырттағы ауа (терезе, есік секілді) бір тесіктен кіріп, қарсы тесіктен (есіктен не терезе-ден) шықса, үйдің ішін жел гүлеп кетеді; осы желді гүлеме деп атайды.

14. Ұйықтайтын үйіңнің (бөлмеңнің) ауасы өте таза болсын. Ұйықтаған уақытта күндізгі шаршатқан бейнетіңнен құтылып, дем ала-сың, келешек күнге күш-қайрат жинайсың. Өміріңнің біразы ұйқыда өтеді. Сондықтан ұйықтайтын жайың денсаулыққа керекті шарттарға келісті келсін, таза болсын, мұны ұмытпа.

15. Еш уақытта көкірегіңді, ішіңді (құрсағыңды) терезенің алдына не тақтайдың, үстелдің шетіне я болмаса басқа нәрсеге кидірмелеп қыспа.

16. Шылым тартпа, насыбай атпа, темекінің өте зиянды екенін ұмытпа.

#### IV. Көзің сау болсын десең:

17. Ымыртта, ала-көлеңкеде, нашар жарықта оқыма, жазба, жұмыс қылама.

18. Күндіз үйде жұмыс қылсаң, жарық (терезе) сол жағыңда болсын. Жарық болған тесіктен (терезеден) аз да болса аспанның бір бөлегі көрініп тұрсын. Көз алдындағы (қолыңдағы) істеп отырған жұмысыңа (жазып отырған қағазыңа, тігіп отырған киіміңе) күн түспесін. (Күннің шуағы тимесін).

19. Кешке шаммен жұмыс қылғанда, шамың алдында кішкене сол жаққа таман жарты метрдей (үш жарым қарыстай) алыста тұрсын. Шам-ның қалпағы (абажыры) қара не қызыл, көк, сары секілді бояулы болмай, ақ шыныдан (фарфордан) болсын. Шамның мұржасы (тұрбасы, шишасы) буылтықсыз, шелек қалыпты болсын. Жыпылықтаған жарықта, ат үстінде, жүріп келе жатқан арба-шана үстінде, от арбаның, трамвайдың ішінде жұмыс қылу, кітап оқу көзіңді бұзады. Жатып оқыма, жатып іс қылама, көзіңді тез бұзасың.

20. Жазғанда қою қара сиямен анық көрінетін сызықтың үстінен жаз. Жазғанда жолмен (транспаран) пайдаланба. Ең жақсысы сызықсыз қағазға түзу жазып үйрен.

21. Жұмыс уақытында көзің талса, жұмысыңды қой да, көзің дем алғанша (талғаны қойылғанша) терезеге қара.

22. Қатты аурудан тұрғанда әбден айыққанша, біраз уақыт көзіңді күтіп, сақтанып жүр.

23. Еш уақытта көзіңді уқалама, тазалап жумай тұрып қолыңды көзіңе тигізбе.

24. Көзіңе қиқым не бөтен нәрсе түсе қалса, көзіңді уқалама, жоғарғы қабағыңды қолыңмен жай ғана мұрныңа қарай сипа.

Көзіңе түскен нәрседен бүйткенде құтыла алмасаң, доқтырға көрін. Қазақтың әдетінше көзіңе үрдірме, көзіңді жалатпа.

25. Көруің кемісе я көзің ауырса, доқтырға көрін. Көзіңе көзілдірік керек пе? Не бөтен дәру керек пе? Тек доқтыр ғана біледі. Көзілдірік ке-

рек болса, қандай көзілдірік керектігін (көзілдіріктің нөмірін), қай уақытта киюін доқтыр айырып береді. Орынсыз киген көзілдірік көзді бұзады. Доқтырмен кеңеспей көзілдірік киме!

26. Бөтен кісінің бет орамалымен (сүлгісі) бетіңді, көзіңді сүртпе. Өзіңнің бет орамалың жеке болсын.

#### **V. Үйде жұмыс қылғанда сау болайын десең:**

27. Жұмыс қылғанда жарық (терезе, шам) сол жағыңда болсын.

28. Жазу үшін отырғаныңда астыңдағы орындығыңның алдыңғы шеті үстелдің астына 2—5-сантиметр (бір-екі елі) кіріп тұрсын.

Жазғанда тік отыр. Көкірегіңмен үстелдің шетін кидірмелеме.

29. Үстелге отырғанда екі білегіңді шынтағыңа дейін үстелдің үстіне салып отыр. Астыңдағы орындығың аласа болса, үстіне көпшік я бөтен нәрсе салып, керегінше биіктет.

30. Үстелге отырғанда табаныңды жерге я еденге тегіс тигізіп тіреп отыр. Аяғың жерге (еденге) жетпесе, табаныңның астына тақтай (сандық, жәшік) қойып, басып отыр.

31. Үстелге отырғанда аяғыңды орындықтың астына қарай бүкпе не болмаса бір аяғыңды бір аяғыңның үстіне салып айқастырма. Аяғыңның тізеңнен төменгі жағы тік тұрсын.

32. Орындықтың үстінде тік отыр. Арқанды орындықтың арқалығына таяп, сүйеніп отыр. Басыңды төмен еңкейтпе.

33. Жазғанда екі білегің шынтаққа дейін тегіс үстелдің үстінде жатсын. Сол қолыңмен қағазды басып, керегінде ілгері жылжытып отыр.

34. Жазатын қағазыңды қымқа оң жаққа тамандау, қарсы алдыңа сал.

35. Оқығанда орындығыңды үстелден аз-кем кейіндеу қойып, кітабыңды екі қолыңмен ұста. Кітаптың төменгі жағы үстелге тіреліп тұрсын, жоғары жағы үстелден көтеріңкі болсын.

Оқығанда кітабыңның бетінен көзің ең кем болғанда отыз екі сантиметрдей (2 сүйемдей) қашықтықта болсын.

36. Орындыққа отырғанда киімің астыңда бүктеліп жатпасын. Сондықтан еркек балалар ықшамдау шалбар, қысқа бешпет кiсiн.

Қыз балалар орындыққа көйлектерін тегістеп, бүктесінсіз қылып отырсын. Отырып алған соң, астыңдағы көйлегіңді дұрыстаймын деп қолыңмен тартқыштама.

#### **VI. Денең сау болсын десең:**

37. Үйге таза ауа көп кірсін. Күннің сәулесі (шуағы) кіріп тұрсын. Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа.

38. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегіңді, арқанды күнде салқын сумен бір жуып тұр. Көнбісті боласың. Денеңді таза ұста, жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр.

39. Жылы мезгілде бос суға көбірек шомыл. Ең артығы күннің шуағына жылыған суға түсу.

Шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намаздыгер (екінді). Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе. Қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды басып, теріңді кептір.

Шомылардың алдында жалаңаш отырма, терлейсің. Терлеген дене жылдам салқындайды, суық тез тиеді. Шешінісімен, басыңды сула да, суға түс.

Суға жүгіріп келіп қарғып я секіріп түспе, суға кетесің. Су ішінде бір орында тұрма, отырма, жүз, жүр, көбірек қимылда. Су ішінде он-жиырма минөттен (көп болғанда шай ішімнен) артық болма. Дірілдей бастасаң, тезірек судан шық. Судан шығысымен әуелі денеңді сүртіп құрғатып, киініп алған соң жылынғанша қыдыр. Жылы, тымық күні судан шыққан соң, біраз жалаңаш отыр. Үстіңе күн тиіп, тұла бойыңды жел қақсын. Аурудан әбден айықпаған әлсіз адамға тымық, жылы күні ғана суға түсуге болады. Суға түсу шарттарын әбден біліп ал. Осы шарттарды елемегендіктен, түрлі бақытсыз оқиғаларға душар боласың.

Жуынғанда тұла бойыңдағы кірің кетеді, теріңнің бітеліп қалған тесіктері ашылады. Терің көнбісті болып жарайды. Сондықтан жиірек жуын.

Жылы суда кірің жылдамырақ ериді. Сабының жылдамырақ көпиреді. Сондықтан салқын судан көрі жылы су денеңдегі кіріңді жылдамырақ кетіреді.

Өте жылы су әсіресе күнде жуынғанда қаныңды тасытып, денеңді босатып, нәзіктендіріп жібереді. Бұл есіңде болсын. Жылы суға я моншаға түскеннен соң денеңді жайымен бірден-бірге салқындат. Суықтан сақтаң.

Шомылып шыққаннан кейін үстіңді таза орамалмен (сүлгімен) я жаймамен әбден сүртіп құрғат. Денеңді таза ұстау үшін жуынумен барабар іш киіміңді (көйлек-дамбалыңды) жиі аумастырып тұр. Ең болмағанда көйлек-дамбалыңды жетісіне бір алмала (аумастыр).

Қара жұмыспен (қол жұмыспен) еңбек қылсаң екі киімің болсын. Күңдіз кигенін түнде шешіп жайып, түнде кигенін күңдіз жайып алмала.

Тер, түлеген тері, теріңнен шыққан май, басқа зиянды нәрселердің бәрі ішкі киімге сіңеді. Бү нәрселер тез-ақ шіри бастайды. Шіріктің әсерінен қолтық, башайларыңның арасы секілді орындарға қолаңса, шуаш пайда болады. Шіріктің салдарынан терің жидіп түлейді, қызылшақа болады, түрлі жара түседі.

40. Өзіңді, тамағыңды таза ұста. Ішкен-жеген сайын жана да ертеңді-кеш аузыңды тазалап шай. Аузыңды таза ұстасаң, тіс аурудың көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісіңді мәсуекпен (тіс тазалауышпен) жақсылап тазала.

Ең болмағанда тісіңді күнде кеш жатарда тазала. Мәсуегіңнің қылы тым қатты не өте жұмсақ болмасын. Күтеперіштен жасалған тіс тазалағышты қолданба.

41. Таза ауада (сыртта) көбірек қимылда (жүр, ойна, жүгір, тағы тағысын).

42. Өте жылы киінбе, басыңа жеңілдеу нәрсе ки, мойныңды ашық ұста, шаш қойма.

43. Денеңді тар киіммен, белбеумен, түрлі баумен байлап, қыспа.

44. Аяқ киіміңнің (етігіңнің) ұлтаны табаныңа лайық болсын. Өкшесі жалпақ, аласа болсын. Биік өкше өте зиянды болады.

45. Киімің, әсіресе шұлауың, байпағың (шұлығың) суланса, шапшаң шешіп тастап, құрғақ киім ки.

46. Бөтендердің киімдерін, әсіресе бет орамалын, қол орамалын, бөркін, көйлек-дамбалын киме.

Ауру адамның, өліктің киіміне жолама.

47. Өте көп ішіп-жеме. Бұзылған астан, сіңбейтін тамақтан, әсіресе тәттіден қашық бол. Жас балаға тәтті беріп үйретпе. Асты ретпен же, күніне үш мезгілден артық тамақтанба. Уыттаған тамаққа әуес болма. Жайша даярланған асқа көнік. Пияз, тұз секілді нәрселерді асқа көп салма. Қызыл бұрыш, хрен секілді нәрселерді асыңа салма. Ауырып өлген малдың етін, шала піскен, иістенген, шіріген етті, жемісті жеме. Ауру боласың.

48. Арақ, боza секілді есірткіш нәрселерге жолама. Наша шекпе, көкнәрі жеме. Диуана боласың. Шайды, кофені қатты қылып ішпе, сұйық қылып іш. Бұларды ұйықтардың алдында ішпе.

49. Тамақ жердің алдында қолыңды жу. Тамақты қазақша, қолмен жесең, қолыңды сабындап жу.

Ауру адаммен, саулығы күмән адаммен табақтас болма. Ешкімнің сарқытын ішіп, жеме.

Аяқ-табақ, қасық, пышақ, шанышқы секілді ас аспаптарыңды таза ұста. Ас саймаңдарыңды өзіңе меншікті, бөлек қылуға тырыс.

Жуып-тазаламай бөтендердің қолданған аяқ-табағын, шанышқы-пышағын, ожау-қасығын, ыстақан-кесесін, басқа ас құралдарын қолданба.

50. Ерте жат, ерте тұр, оянған соң төсекте тыраңдап жатпа. Оянысымен төсектен тұрып кет.

Оянысымен төсекті тастамасаң, ететін жұмысыңды көңілді болып бастай алмайсың.

51. Кешке ұйықтардың алдында ауыр жұмыс істеп шаршама. Болдырсаң, дұрыстап ұйықтай алмайсың.

52. Ұйқы адамға күш жинап, қуат береді. Адамға пайдалы ұйқы — түссіз қатты ұйқы. Түнде ұзақ отырып істеген ми жұмысы адамның ұйқысын бұзады, адамды ұмытшақ қылады. Соңдықтан саулық сақтау білімі саған „ерте жат, ерте тұр, сонда ғана ұйқы сені тынықтырады“ деп бұйырады.

Ұйқының ұзақтығы жасқа қарай түрліше болады. Тәулікке емшектегі балаға он алты-жиырма сағат, он-он екі жасар балаға — тоғыз сағат, бозбалаларға — сегіз сағат, үлкен кісіге алты-жеті сағат ұйқы керек.

53. Еш уақытта біреумен қойыңдасып жатпа. Жеке жатып үйрен. Бөтен кісінің төсегіне жатпа, төсек-орнын, жастығын, көрпе-жаймасын қолданба.

### Бірінші басылуындағы қосымша сөз

Осы „Оқушының саулығын сақтау“ деген кітапшаны Голландия үкіметінің бұйрығы бойынша, нағыз білгіш деген доқтырлар жазған екен. Кітапшада мектепте саулық сақтау шарттары үгіт ретінде жазылған. „Мынау зиян, мынау пайда“ деп ұстазы шәкіртін үгіттеген түрде айтылған. „Оқушының саулығын сақтау“ Ауропа сынында жүлде алған, шет тілдерге тәржімеленген, Голландия халық ағарту министрлігі барлық мектептерде қолдануға міндет қылған. Біз орыспасынан қазақшаға аудардық, өзіміздің тұрмысымызға лайықтадық, біраз өңдедік, біраз қосымшалар кіргіздік.

„Оқушының саулығын сақтауды“ денсаулықты сақтауға үйрететін толық құрал деп түсінуге болмайды. Сонда да, осында айтылған шарттар да орындалып тұрса, жас буынның таза болып дұрыс өсуіне едәуір себепкер болар еді.



Орал әскери реалды училищесін бітірген кезі. Орал. 15 мамыр 1903 ж.

Выпускник Уральского войскового реального училища. Уральск. 15 мая 1903 г.

С.-Петербургте оқып жүрген қазақтар: Н. Ипмағамбетов (алдағы); 1-қатар: Мариям және Гүлсім Асфандияровалар, М. Тынышпаев, С. Шалымбаев; 2-қатар: Ж. Сейдалин (солдан екінші), Халел Досмұхамедұлы. С.-Петербург. [1908].

Обучавшиеся в Петербургских вузах казахи: на переднем плане Ипмағамбетов Н.; 1-й ряд: Асфандияровы Мариям и Гүлсім, Тынышпаев М., Шалымбаев С.; 2-й ряд: Сейдалин Ж. (второй слева), Досмұхамедов Халел. С.-Петербург. [1908].





Императорлық Әскери-медицина академиясының 3 курс студенті. С.-Петербург. 1906.

Студент 3 курса Императорской Военно-медицинской академии. С.-Петербург. 1906.

Халел және оның петербургтік студент достары елден келген ақсақалдармен бірге. С.-Петербург. [1905—1907].

Халел с друзьями-студентами петербургских вузов среди аксакалов, приехавших с родины. С.-Петербург. [1905—1907].





Халел достарымен бірге. Солдан оңға қарай: Халел, Қазан ветеринариялық институтының студенті Ғұбайдулла Бердиев, Императорлық әскери-медицина академиясының студенті Нұрғали Ипмағамбетов. С.-Петербург. [1908].

Халел среди друзей. Слева направо: Халел, Бердиев Губайдулла — студент Казанского ветеринарного института, Ипмағамбетов Нурғали — студент Императорской военно-медицинской академии. С.-Петербург. [1908].



Императорлық Әскери-медицина академиясын бітірген кезі. С.-Петербург. 9 қазан 1909 ж.

Выпускник Императорской Военно-медицинской академии. С.-Петербург. 9 октября 1909 г.



كۆن باتىس جانا تورغاي مالاش، وردا، لارىنك باستاتارى؛

سولدان رىكنا تاراي؛ (1) مىرزاھاجى مېسول ۇلى. (2) قالدەيە دوسۇنقەيت ۇلى. (3) جىيانشا دوسۇنقەيت ۇلى (4) مىرزاھاجى مېسول ۇلى. باستالار نوكر لەرى.

Алашорданың Батыс және Торғай бөлімшелерінің жетекшілері: 1-қатарда солдан оңға қарай: Мырзагазы Есполов, Халел Досмұхамедұлы, Жәнішә Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов. [1917—1919].

Руководители Западного и Тургайского отделений Алаш-Орды. Слева направо в 1-м ряду: Мырзагазы Есполов, Халел Досмухамедов, Жәнішә Досмухамедов, Міржақып Дулатов. [1917—1919].

1914 жыл.  
В 1914 году.



Халел Досмұхамедұлы Қазақ оқытушылар институтының тыңдаушылары арасында. Ташкент. [1922].

Халел Досмухамедов среди слушателей Казинпроса. Ташкент. [1922].



Ташкент қаласында. Сурет  
тұңғыш рет жарияланып отыр.

В городе Ташкенте. Снимок пуб-  
ликуется впервые.



Х. Досмухамедұлы — Орта Азияны  
ұлттық межелеуге қатысты құрылған ко-  
миссия мүшесі (сол жақтан екінші). Таш-  
кент. 1924.

Х. Досмухамедов — член комиссии по  
национальному размежеванию Средней  
Азии (второй слева). Ташкент. 1924.

1924 г. Комиссия по национальному размежеванию Средней Азии






Профессор Халел Досмухамедұлының Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақталған кейбір еңбектері.

Часть трудов профессора Халел Досмухамедова из отдела редких рукописей Национальной библиотеки.





Түркістан Республикасы Денсаулық сақтау халық комиссариатының алқа мүшелері.  
Ташкент. 1923 жылыдың көктемі.

Состав коллегии Наркомздрава Туркесублики. Ташкент. Весна 1923 г.



Халел Досмухамедұлы Ташкент қаласындағы қазақ зиялыларының ортасында. 20-жылдардың ортасы.

Халел Досмухамедов среди казахской интеллигенции в г. Ташкенте. Середина 20-годов.



Профессор Халел Досмұхамедұлы — Қазақ педагогикалық институтының проректоры. 1929 ж.

Профессор Халел Досмухамедов — проректор Казахского педагогического института. 1929 г.



Айдауда. Воронеж. 1932 (сурет МҚК архивінен алынған).

В ссылке. Воронеж. 1932 (снимок из архивов КГБ).

Воронеж. [1936].



Денсаулық сақтау мен гигиенаны ұйымдастыру институтының бөлім бастығы профессор Х. Досмұхамедұлы қызметестерімен бірге. Воронеж. 1934.

Профессор Х. Досмұхамедов — заведующий отделом Института организации здравоохранения и гигиены среди сослуживцев. Воронеж. 1934.





Халел отбасымен Воронеж қаласында. 6 мамыр 1936 ж.

Х. Досмухамедов с семьей в г. Воронеже. 6 мая 1936 г.



Айдауда. Воронеж. 1936.

В ссылке. Воронеж. 1936.



Айдауда. Воронеж. 1937.

В ссылке. Воронеж. 1937.



Соңғы сурет. 1938 жылдың жазы.  
Халел Досмұхамедұлы — Воронеж қаласындағы № 7  
мектептің пионер лагерінің дәрігері.

Последняя прижизненная фотография. Лето 1938 г.  
Халел Досмухамедов — врач пионерского лагеря школы  
№ 7 г. Воронежа.



Қазақ-қырғыз мектептерінде саулық сақтау жұмысының нашар екеніне күйініп, тілімізде саулық сақтау туралы ешбір құралдың жоқтығын ескеріп, осы кітапшаны аударып басуды мақұл көрдік.

Мұғалімдерге де, шәкірттерге де пайдасыз болмас деген ойымыз бар.

### **Екінші басылуына қосымша сөз**

Бірінші басылғанның тез тарап кеткендігі, Орынбор, Тәшкенде шыққан кітап-журналдарда ("Сананың" № 1, „Жас қазақтың“ 1924-інші жылғы № 4, Міржақыптың „Қирағат“ кітабы) қайта басылғандығы қазақ мектептеріне осы кітапшаның өте керек екендігін білдіреді. Әр жерден осы кітапшаны сұраушылар болған соң, екінші рет басылуы жөн табылды. Екінші басылуында кітапшаның ішіндегі үгіттер қазақтың тұрмысына лайықталып біраз толықтырылды.

---

# КАК БОРОТЬСЯ С ЧУМОЙ СРЕДИ КИРГИЗСКОГО\* НАСЕЛЕНИЯ

## Практическое руководство для работающих на чумной эпидемии

Эпидемический врач всегда должен иметь в виду, что быстрая и полная эвакуация при чуме — пока единственно верный способ к спасению здоровых и к ликвидации заразы.

### ПРЕДИСЛОВИЕ К 2-му ИЗДАНИЮ

Настоящий труд был мною написан в 1915—1916 г.г. Причиной его появления было следующее:

Чумная эпидемия обыкновенно появляется внезапно и большею частью в захолустных уголках. Среди населения данного района начинается паника, которая как-то незаметно охватывает и лиц, долженствующих руководить борьбой с эпидемиями.

Несмотря на эпидемичность чумы в Киргизской степи всякая вспышка всегда заставляла власть врасплох. Большинство административных лиц не знало в точности, что им делать, и, боясь „упустить“, обыкновенно перекладывала в принятии „мер“. „Для борьбы с чумой врачей не нужно“, — заявлял один опытный царский исправник (уездный начальник).

Медико-санитарный персонал, впервые борющийся с чумой, часто встречал затруднение, не зная, как начать работу, так как обстановка и условия мест появления чумных вспышек зачастую бывали резко отличны от привычных.

Неполное знание своих прав и обязанностей каждым из участвующих в борьбе с чумой лиц очень часто приводило к различным трениям и недоразумениям, пагубно отражавшимся на самой борьбе с чумой.

Всякая вспышка чумы — тяжелое бремя для государства и страшное бедствие для местного населения, а потому она должна быть ликвидирована в самый краткий срок.

Всякий участвующий в борьбе с чумой также, как и участники войны, точно должен знать свои права и обязанности. Между тем, в русской литературе до сих пор нет по этому вопросу исчерпывающего сборника-руководства.

Имеющиеся по борьбе с чумой материалы разбросаны в разных книгах, журналах, протоколах, материалах, канцелярских делах и т. п., так

\* Здесь и далее имеется в виду „казахское“. — *Рег.*

что обыкновенному участнику по борьбе с чумой нет никакой возможности познакомиться со всеми ними.

Настоящий труд является попыткой хотя бы немного устранить этот пробел. Эта книжка не есть сборник официальных распоряжений и постановлений правительства, а является выработанным на основании опыта перечнем прав и обязанностей каждого участника в борьбе с чумой, не противоречащим существующим законам, перечнем, согласованным с современными требованиями медико-санитарного дела и более или менее подходящим к бытовым условиям киргизской жизни.

Эта брошюра была в 1916 г. одобрена центральной противочумной комиссией и в 1917 г. была просмотрена особой комиссией опытных по борьбе с чумой врачей и принята Уральским областным земством, как руководство для лиц, участвующих в борьбе с чумой.

В настоящем издании книжка подверглась переработке, главным образом внесены изменения в главы, относящиеся до прав и обязанностей административных лиц и учреждений, для согласования с действующими законами.

Хотя это руководство предназначено для борющихся с чумой среди киргизского населения (оседлого и кочевого), но оно, думаем, не будет бесполезным и при борьбе с чумой, вспыхнувшей в настоящее время в Туркестане.

29 апреля 1929 г.

Х. Досмухамедов.

#### ПРЕДИСЛОВИЕ К 1-му ИЗДАНИЮ

Настоящий труд Х. Д. Досмухамедова является пока единственным полным справочным пособием по борьбе с чумой. А между тем, в таком пособии ощущается острая нужда, особенно для тех врачей, которым впервые приходится бороться с чумой.

Другие лица, принимающие участие в борьбе с чумой в Киргизской степи, также найдут подробные указания на то, что им нужно делать при появлении чумной вспышки.

Автор труда не только основательно знаком с литературой вопроса, но обладает и собственным опытом, так как неоднократно принимал участие в борьбе с чумой и последнее обстоятельство придает труду особенную ценность.

Уральская областная земская управа, прежде чем приступить к изданию труда, поручила рассмотрение его особой комиссии, состоявшей из заведывающего отделом народного здоровья А. В. Генке, его помощника И. Т. Кашкинбаева, заведывающего противочумным подотделом И. А. Калилина и бактериологов Г. И. Кольцова и И. И. Богословского, ветеринарного врача Ш. Ю. Кусябгашева и В. С. Юркевича (бывшего неоднократно начальником зараженного района).

Почти все члены комиссии обладают собственным большим опытом в борьбе с чумой.

Комиссия, не внося никаких поправок чисто редакционного характера, рассмотрела в трех заседаниях труд Х. Д. Досмухамедова по существу и нашла желательным внести некоторые изменения, которые печатаются в виде примечаний.

Самый труд Комиссия признала исчерпывающим и вполне пригодным для руководства при борьбе с чумой в Уральской области.

Согласно желания автора труд печатается в формате карманного справочника.

**Председатель Комиссии А. ГЕНКЕ**

## Г Л А В А I

### Обязанности участкового врача

1. По получении известия о появлении подозрительных по чуме заболеваний участковый врач немедленно выезжает на место заболеваний для личного определения характера болезни.

2. Он берет с собой фельдшера, предохранительные костюмы, необходимое количество дезинфекционных средств, гидropультов, а также, если возможно, одного или двух санитаров и одежду для эвакуации 20 человек.

3. По прибытии на место заболеваний врач немедленно приступает к определению характера болезни и выяснению истории ее возникновения.

4. В случае подозрения на чуму, врач немедленно отделяет здоровых или подозрительно-здоровых от больных и, если возможно, производит полную или предварительную эвакуацию их, а больным оказывает медицинскую помощь.

5. В то же время делает распоряжение об отводе помещений для больницы и для изоляционных и обсервационных пунктов, а также дает администрации указание, где поставить внешнее или внутреннее оцепление.

6. Затем врач приглашает из своего участка на место заболеваний возможное количество фельдшеров, нанимает на первое время санитаров и служителей, делает распоряжение об отправке на место эпидемии необходимого количества противочумного имущества, если в участке имеется противочумный склад.

7. По выяснении характера заболеваний врач подробно доносит уез. и обл. здравотделу историю возникновения эпидемии с указанием начала первого заболевания, числа умерших, больных подозрительных, подлежащих эвакуации и т. д. с перечислением всех предпринятых им мер.

8. В этом донесении должно быть указано, хотя бы приблизительно, количество врачей, фельдшеров и санитаров, необходимых для командирования на место заболеваний и противочумного имущества, подлежащего доставлению на место заболеваний из других складов.

9. Впредь до получения особых распоряжений участковый врач действует в дальнейшем, как очаговый.

## Г Л А В А II

### Обязанности и права очагового врача

1. Прежде чем вступить в чумный очаг, врач должен иметь все средства и принадлежности к личному предохранению вступающих в очаг лиц, т. е. необходимое количество предохранительных костюмов, гидropультов, дезинфекционных средств, а также должен иметь все необходимые для определения характера заболевания врачебные инструменты.

2. При отсутствии вышеуказанных предметов для личного предохранения и определения характера заболевания, врачу воспрещается вступление в очаг и общение с чумными больными<sup>1</sup>.

3. Очаговый врач прежде всего определяет, путем поголовного термометрирования, кто из находящихся в очаге лиц больные, подозрительно-больные, подозрительно-здоровые и здоровые.

4. Подозрительно-здоровые и подозрительно-больные немедленно подлежат эвакуации: первые в обсервационные помещения, а вторые в изоляционные дома, а здоровые должны быть оставлены под наблюдением. Одновременно с этим врач приступает к оборудованию больницы<sup>2</sup>.

5. По оборудовании чумной больницы очаговый врач переводит всех больных в больницу.

6. По выяснении всех подозрительных помещений, очаговый врач делает распоряжение о снятии внешнего оцепления и установлении внутренних постов (окарауливание).

7. По окончании эвакуации очаговый врач приступает к похоронам умерших.

8. После похорон очаговый врач приступает к дезинфекции зараженных жилищ и предметов.

9. Очаговый врач ежедневно, не менее одного раза осматривает больных, обсервированных и, в случае появления новых заболеваний, производит немедленно повторную эвакуацию.

10. В случае затруднений в диагнозе или лечении больного, очаговый врач приглашает для консультации бактериолога или другого врача<sup>3</sup>.

11. Очаговый врач ведет краткую историю болезни каждого больного в отдельности.

12. Очаговый врач обязан принять все меры, чтобы больные имели соответственный уход и чтобы больные, изолированные и обсервированные, в свое время получали лекарство и пищу.

13. Очаговый врач ежедневно вечером отправляет заведывающему хозяйством требование на порции пищи по количеству больных, изолированных и обсервированных, в потребность следующего дня.

14. В случае желания больного написать духовное завещание, врач очага, со слов больного, при двух понятых записывает его волю и препровождает завещание местной администрации для выдачи по принадлежности.

15. Все вещи, оставшиеся после умерших или эвакуированных, по надлежащей дезинфекции, выдает хозяевам или милиции, под расписку.

16. Очаговый врач распоряжается выводам скота из очага и сдачей его милиции. Оставление в очаге скота для надобностей больных, изолированных и обсервированных, зависит от усмотрения врача.

17. Очаговый врач принимает все меры к выяснению лиц имевших соприкосновение с умершими, больными, подозрительными или их вещами и жилищами, причем обращает главное внимание на обмывальщиков тру-

<sup>1</sup> Для вступления врача в очаг из врачебных инструментов, необходимых для определения характера заболевания, нужны следующие: термометр, фонендоскоп или стетоскоп, а кроме того желательно иметь: плессиметр с молотком, баночку для мокроты, палочку с тампоном для снятия слизи с зева, шприц для пробного укола бубона, предметное стекло.

<sup>2</sup> Здоровыми считаются те, которые не имели никакого соприкосновения с больными и не проявляют никаких признаков заболевания, а подозрительно-здоровыми те, которые имели соприкосновение с больным, см. гл. VIII.

<sup>3</sup> Диагноз чумы обязательно должен быть установлен путем бактериологического исследования.

пов, на мулл, напутствовавших умерших, на знахарей (баксы), лечивших больных, на участников поминок (садака) и на лиц, получивших одежду умерших, раздаваемую, по обычаю киргизов, после смерти.

18. Очаговый врач должен принять энергичные меры к розыску спрятанных вещей.

19. Все розданные и спрятанные вещи, после дезинфекции, должны быть отданы по принадлежности.

20. Сжигание спрятанных вещей допускается на общих основаниях.

21. Очаговый врач имеет право сжечь без выдачи вознаграждения малоценные предметы, как-то: мусор, ветошь, маты, тюфяки, старые рваные кошмы, старое белье и другие бесценные и ненужные вещи.

22. С выдачей вознаграждения очаговый врач имеет право сжечь все предметы домашнего обихода, трудно поддающиеся дезинфекции как по обстоятельствам времени и места, так и по самому свойству их.

23. Сжигание зараженных жилищ, за исключением кошарок и других более ценных предметов, допускается в исключительных случаях по решению чумного санитарного совещания с разрешения Наркомздрава.

24. Уничтожение имущества, подлежащего оплате, производится после вознаграждения.

25. Акты об уничтожении зараженного имущества составляются только тогда, когда за это имущество полагается вознаграждение.

26. Все акты о сожженных предметах очаговый врач препровождает заведывающему хозяйством для оплаты.

27. Очаговый врач является полным начальником очага, и все находящиеся в очаге должны беспрекословно исполнять все его законные требования.

28. Очаговый врач распределяет работу между фельдшерами, санитарями и другими служащими, руководит их деятельностью и дает им указание, как работать, и наставления, как предохранять себя от заражения.

29. Очаговый врач принимает меры к снабжению всех находящихся в очаге лиц всем необходимым для личного употребления и в этом отношении требует содействия от заведывающего хозяйством.

30. Очаговый врач определяет количество необходимых для надобностей очага помещений и дает указание администрации, где отвести эти помещения или куда их поставить.

31. До прибытия представителя уездной милиции очаговый врач руководит всеми действиями волостного и аульных исполкомов или соответствующих им должностных лиц общественного управления, а с прибытием милиции требует от нее содействия.

32. Очаговый врач ежедневно доносит по телеграфу или с нарочным Уполномоченному о сосоянии больных, числе умерших, а также обо всех принятых им мерах.

33. Все срочные донесения очаговый врач передает милиции или исполкому для немедленного доставления по адресу.

34. Перед ликвидацией очага очаговый врач распоряжается о дезинфекции всего противочумного имущества, бывшего в очаге, составляет акт о пришедших в негодность или израсходованных предметах, все имущество отправляет по принадлежности, а акт об исключенных вещах представляет в Наркомздрав.

35. Очаговый врач выдает всем работающим в очаге лицам удостоверения с указанием времени приезда и отъезда их для получения по ним суточных, прогонных денег или заработной платы.

36. Очаговый врач выдерживает на обсервации персонал, работавший в чумном очаге.

37. Очаговый врач может уезжать из чумного района и оставлять очаг по окончательной ликвидации очага или с разрешения начальства, по своему же усмотрению только на короткое время в исключительных случаях.

38. В случае необходимости установления после ликвидации очага наблюдения за местным населением, очаговый врач оставляет на месте одного фельдшера и одного санитаря, а наблюдение передает участковому врачу или кому будет указано.

39. Очаговый врач, по ликвидации очага, составляет краткое эпидемиологическое описание данного очага с указанием причины появления заразы (обратив серьезное внимание на связь эпидемии с заболеваниями верблюдов и грызунов), хода эпидемии, принятых против нее мер, количества умерших, выздоровевших, эвакуированных, времени и способа погребения умерших, примененных способов дезинфекции и количества дезинфицированных жилищ, времени доставления противочумного имущества и дефекта его, времени прибытия и численности работавшего в очаге персонала с аттестацией их работы, а также и других данных, имеющих эпидемиологический интерес.

40. В случае нахождения в очаге нескольких врачей, один из них уполномоченным назначается заведующим очагом и он является начальником очага.

41. Распределение работ, а также низшего медицинского персонала между несколькими врачами в одном очаге производится по соглашению между врачами. В случае разногласия, распределение их производит врач, заведывающий очагом или уполномоченный.

42. Каждый врач отвечает за действия свои и своего отряда в кругу отведенных ему работ. Заведывающий же очагом является ответственным как за действие своего отряда, так за общее ведение дела в очаге.

43. Заведывающему очагом врачу полагается письмоводитель, по возможности из фельдшеров, за неимением фельшера обязанности письмоводителя исполняет волостной, аульный или вольнонаемный писарь.

44. В случае достаточности медицинского персонала в каждом очаге, каждая из нижеуказанных отраслей должна быть возложена на особого врача с необходимым количеством фельдшеров и санитаров: 1) заведывание эвакуацией, изоляцией и обсервацией; 2) заведывание противочумной больницей (лечение) и изоляционными домами; 3) заведывание дезинфекционной камерой; 4) заведывание дезинфекционным отрядом; 5) заведывание похоронами; 6) заведывание противочумными складами, аптекой и проч.

45. Заведывающий очагом непосредственно подчиняется уполномоченному.

46. Разделение чумного района на очаги и распределение по очагам командированных лиц производится распоряжением уполномоченного.

### Г Л А В А III

#### Обязанности фельдшеров

1. Очаговые фельдшера непосредственно подчинены очаговому врачу и действуют во всем под его руководством и по его указаниям.

## ГЛАВА IV

### Обязанности санитаров

1. Для работы в чумных очагах необходимо иметь постоянный штат обученных санитаров.

2. В случае отсутствия постоянного штата обученных санитаров или недостачи их, для работы в чумных очагах нанимаются особые вольно-наемные санитары.

3. Санитары командировуются Наркомздравом или нанимаются по требованию очагового врача или уполномоченного заведывающим хозяйством при содействии местной власти.

4. Санитары обязаны ухаживать за больными, изолированными и обсервированными, рыть могилы для умерших, выносить, переносить и погребать трупы, готовить воду для растворов, мыть эвакуируемых, исполнять обязанности дезинфекторов по указаниям врачей и фельдшеров, сжигать подлежащие сожжению предметы или жилища и исполнять другие работы по требованиям очагового врача.

5. При неимении особых поваров на санитаров могут быть возложены обязанности поваров в очаге.

6. Санитары обязаны беспрекословно исполнять все требования очагового врача или руководящего ими фельдшера.

7. Санитар, не исполняющий возложенных на него обязанностей или исполняющий их небрежно, немедленно отстраняется очаговым врачом и выводится на обсервацию для выпуска из очага.

8. Санитар, уволенный очаговым врачом за небрежное исполнение своих обязанностей, на службу по борьбе с чумой вновь не принимается.

## ГЛАВА V

### Меры личного предохранения

1. Перед выходом на работу необходимо принять пищу и напиток.

2. Выходить на работу, надев предохранительные костюмы.

3. Подходить к зараженным местам с ветреной стороны.

4. Около зараженного помещения, больного, предметов и внутри жилища не есть, не пить, не курить, не кашлять, не волноваться, держаться спокойно и хладнокровно, стараться объясняться жестами и мимикой.

5. Во избежание лишних разговоров около зараженных предметов и больного, фельдшерам и санитарам предстоящая им работа должна быть разъяснена заранее.

6. При работе в зараженных помещениях стараться не поднимать пыли.

7. Необходимо избегать всяких излишеств в еде и не употреблять спиртных напитков, а при хорошей погоде находиться возможно больше на свежем воздухе.

8. Необходимо следить за чистотой белья, одежды, тела, чаще менять белье, обмывать тело в ванне или теплой водой с мылом, часто полоскать рот и обмывать нос теплой водой или дезинфицирующим раствором.

*Примечание:* Рекомендуется после каждого возвращения с работы принимать ванну и надевать свежее белье.



9. Все работающие должны иметь достаточное время для сна и отдыха и на работу должны выходить после достаточного отдыха.

10. Необходимо следить за чистотой помещения и позаботиться, чтобы в белье, постельных принадлежностях и в помещениях не было паразитарных насекомых (вшей, клопов, блох), а в помещении — мышей, крыс и т. п.

11. При недомогании немедленно нужно обратиться к врачу.

12. Обязательно каждый раз перед выходом на работу надевать продезинфицированные защитные костюмы, одевание без дезинфекции бывшего на работе костюма воспрещается.

13. Предохранительный или защитный костюм состоит из внутреннего и наружного.

14. Внутренний костюм надевается поверх обыкновенного платья или белья, а наружный костюм поверх внутреннего.

15. Внутренний костюм состоит из: а) обыкновенного больничного или коломенкового халата, надеваемого разрезом вперед; б) таких же брюк; в) высоких кожаных сапог; г) коломенковой шапки (чепчик) или платка обыкновенного; д) полотенца или марли, закрывающей шею; е) варежек (в холодное время). В холодное время года коломенковый чепчик или тумак одевается поверх теплой шапки, а в жаркое время лучше голову обвязать обыкновенным платком, не надевая чепчика или тумака.

16. Наружный защитный костюм состоит из холщового халата, холщевых шаровар, резиновых галош или ботов, холщового тумака, кожаных галиц и предохранительной повязки у рта и носа. Рукава халатов, нижние концы брюк (поверх ботов) обвязываются тесемками.

После одевания наружного защитного костюма должна остаться свободной только верхняя половина лица (глаза).

Желательно, чтобы наружный защитный костюм был прорезиненный.

17. Смотри по времени года, нижний защитный костюм надевается на белье, на пиджачный костюм или поверх полушубка и теплых брюк.

18. До входа в зараженное помещение, не подвергавшееся дезинфекции, необходимо оросить из гидropульта дезинфицирующим раствором площадь перед входными в сени дверями, двери, сени и входные в жилище двери снаружи, а затем, отворив ее настежь, ее внутреннюю поверхность и прилежащую часть помещения. После входа нужно оросить тем же раствором всю внутренность помещения и все находящиеся в ней предметы, не исключая трупов, не двигая их с места.

19. Стараться без крайней необходимости не иметь непосредственного соприкосновения с трупами, больными, зараженными предметами, не пачкать одежду извержениями больных и умерших.

20. После каждого исследования больного или соприкосновения с больными, трупами, их извержениями и зараженными предметами обязательно дезинфицировать руки, инструменты и соприкасавшиеся места дезинфицирующим раствором.

21. Если позволит погода и время года, для осмотра и термометрирования всех имеющих возможность ходить больных нужно вызывать во двор, под открытое небо.

22. После выхода из каждого зараженного помещения оросить снаружи костюм и особенно подошвы обуви дезинфицирующим раствором, повязки сжечь и надеть новые.

23. При исследовании легочного больного необходимо выстукивать молоточком и выслушивать стетоскопом или фонендоскопом. Выстукивать пальцами или выслушивать ухом нужно через простыню или поло-

тенце, смоченные в дезинфицирующем растворе (1,5% раствор карболовой кислоты или 0,1% раствор сулемы). При существовании ссадин, экзем и т. п. нарушений целостности кожных покровов на руках и на лице (уши) выслушивание ушами и выстукивание пальцами запрещается.

лық бермейді, жылылықтың бәрін жерге береді. Жазға салым терезеден күн түскенде, ұстап қарасақ, терезенің әйнегі салқын болады; терезенің алдындағы күн түскен ағаш жылы болады. Күннің сәулесі әйнекті жылытпай, тез өтіп, әйнек терезенің ағаштарынан жылынады. Ауа да әйнек секілді, жылылықты күннен алмайды, жерден алады. Күннің сәулесі жерді жылытады, жылынған жер айналасындағы ауаны жылытады. Осылай болғансын ауаның ең жылысы жерге жақын бөлімі, жерден алыстаған сайын ауа салқын бола береді. Жылынған ауа жеңілденеді, жеңіл ауа жоғары көтеріледі. Біссы күндерде даладағы жылынған ауаның жоғары көтерілгені бізге сағым болып көрінеді. Қысты күні жылы үйдегі терезенің болдығын ашсақ, келген суық ең әуелі аяғымызға сезіледі. Сырттан келген суық ауа ауыр болып төменге түседі. Жанып тұрған шамның моржасына жұқа қағаздың жапырақтарын тастасақ, жапырақтар моржаның ішіне құламайды, жоғары қарап ұшады. Қағазды жоғары ұшырып тұрған шамнан жоғары көтерілген жылы ауа. Бөлмедегі ауа қыс күні пештен жылынады, терезеден салқындайды. Пештің қасындағы жылынған ауа жеңілденіп жоғары көтеріледі, терезе қасындағы салқын ауа пешке келеді. Пештен жеңілденіп, жылынып жоғары шығады, жоғары ауа терезеге барып салқындап, төмен түсіп пешке келеді. Бөлмедегі ауа өстіп қыдырады да жүреді. Бөлмедегі ауаның осындай қыдырысын балалар ойнайтын жел қуық арқылы байқауға болады. Жел қуыққа ұшып кетпей, ауада қалқып тұратын қылып, салмақ байлап жіберсек, үйдің ішіндегі ауамен бірге қыдырады. Пешті өрлеп жоғары шығады, терезеге барады, терезеден төмендеп пешке барады, пештен қайта жоғары шығады, өстіп қыдырады да жүреді. Бөлмедегі ауаның қимылдауы бөлменің ішіндегі ауаның түрліше жылынуынан.

Жердің жүзі күннен бірдей тегіс жылынбайды. Біссы жақтарда жер мықтап қызады, суық жақтарда жарытып жылынбайды, жазы-қысы қар ерімейтін жерлер бар. Сондықтан жер айналасындағы ауаның да жылынуы түрліше: жылы жақтың ауасы тез жылынады, суық жақтың ауасы жарытып жылынбайды. Осындай ауаның түрліше жылынуынан ауа өнемейін қимылдайды да тұрады, жел пайда болады. Біссы жақтардағы жылынған ауа жоғары көтеріледі. Жылы ауаның орнына салқын ауа келеді, салқын ауа жылынып жоғары көтеріледі, салқындайды, қайтадан төмен түседі. Өстіп салқын ауа мен жылы ауа ауысады да тұрады, жылы ауа жоғарымен салқын жаққа қарай жүреді, салқын ауа төмендеген жылы жаққа қарай жүргенде, жер бетіндегі желдің бұлтқа қарай қарсы есуін әр уақытта байқауға болады. Бір аймақтағы жер де түрліше жылынады. Құм, тастақ жерлер жылдам қызады, тоғайлы, орманды ну жерлер жайымен жылынады. Тастақ, құмды жерлердің ауасы ыссы болады; орманды, тоғайлы жерлердің ауасы салқын болады.

Салқын ауа тығыз болады, тығыз ауаның қысуы күшті болады, жылы ауа сирек болады, сирек ауаның қысуы кем болады. Қысуы көп ауа қысуы аз жаққа қарай жайылады, ағады. Екі ауаның қысуының айырмашылығы көп болса, ауаның ағысы қатты болады, жел қатты соғады. Барометр төмендесе, ауаның қысуының азайғаны, мұндай орынға қысуы көп орындардан ауаның қатты ағыстары келсе керек, жуық арада қатты желдер, дауылдар болса керек. Келген салқын ауалардан жауын-шашындар болса керек. Барометр төмендесе, дауыл, жауын-шашын болады дейтіні осындайдан.



## АУАНЫҢ САЛҚЫНДАУЫ

Жерден көтерілген сайын ауа салқындай береді, биіктегі ауа тым салқын болады. Жаққанда бірден жылынатын пештері бар бір үлкен бөлмені, бір кішкене бөлмені қызулығы бірдей отын жағып жылыталаық. Кішкене бөлме жып-жылы болып жылынады, үлкен бөлме аз жылынады; кішкене бөлмедегі жылылық аз ауданға тарады, үлкен бөлмедегі жылылық үлкен ауданға тарады. Жерден көтерілген жылы ауа жоғарыдағы көп сирек ауаға ұшырап, жайылып кетеді, жылылығы көп ауданға тарап кетеді. Жерден көтерілген жылы ауа жоғарыда-ақ салқындап қалады. Аспаңдағы көп ауаны жерден барған жылылық жылыта алмайды. Жерден көтерілген жылы ауа елу сажын сайын бір градус жылылықтан айырылады. Ауаның жерден көтерілгендегі жылылығы нөл градус болады, алты шақырым биіктікте отыз градус салқындық алады. Биік таулардың бастары ерімейтін мәңгілік қарлы болатын себебі жоғарғы сөздерден анық болса керек.

Күннен алған жылылығын жер көп ұстамайды, ауаға береді, жер тез жылығып, тез салқындағып болады. Ауа жылылықты көп ұстайды. Жылылықтан тез айрылмайды, ауа жай жылынып, жай салқындайды. Ауа болмаса жер жүзінде қатты салқын болар еді, осы күнгі тірі табиғат тұра алмас еді. Ауа жерге жылы жадағай болып тұр.

## АУАНЫҢ ТҮЗЕЛУІ

Ауа — бір түрлі болып байқалса да, шындығында бір неше бұйымдардан түзелген құрама бұйым. Ауаның ішінде қышқылтум, азот, қышқыл көмір деген үш ғаз бұйымдар бар, буланып жүрген су бар, азды-көпті тозаң бар. Осы бұйымдардың бәрі араласқан күйде, ауа — араласпа бұйым. Ауаның бес бөлімінің төртеуі азоттан болады, бес бөлімнің біреуі қышқылтумнан болады; қалған бұйымдар ауада аз болады. Ауаның он мың бөлімінің төртеу-бесеуі-ақ қышқыл көмір. Бу мен тозаң кейбір орындардағы ауада көп болады, кей орындардың арасында жарытып болмайды. Шаһарлы жерлердің ауасында тозаң көп болады. Таулы, орманды жерлердің, далалықтардың ауасында тозаң жарытып болмайды. Тозаңның ішінде адамға ауру жапсыратын түрлі көзге көрінбейтін құрттар болуға мүмкін. Ішінде өңге бұйымдар тым аз болғасын, бұларды есепке алмай-ақ, ауаны тек азот пен қышқылтумнан түзелген араласпа деуге болады.

## АУАДАҒЫ СУДЫҢ БУЫ

Ыстақанға салқын су құйып, жылы орынға қойсақ, ыстақанның сыртына тамшы тұрады. Ыстақанның төңірегіндегі ауа салқындады, ауа ішіндегі бу су болып ыстақанның сыртына отырады. Салқын мезгілдерде терезенің ішкі беті терлеп тұрады. Терезеге тиген жылы ауа әйнектен салқындайды, ішіндегі бу суға айналып, әйнекке отырады. Ауадағы буды өзіне тартып, сорып алғыш бұйымдар бар, бұлар күкірт қышқылтқысы, әк, натрлы әк деген бұйымдар. Ыстақанға өлшеп бір бөлек күкірт қышқылтқысын құйып, бірнеше күн дымқыл орынға қойып, қайта өлшеп, қышқылтқының салмағы бұрынғыдан артады. Ауадағы бу су болып қосылып, қышқылтқысы ауырлайды. Терезені құрғақ сақтау үшін күкірт қышқылтқысы секілді бу сорғыш бұйымдарды қыс күні екі терезенің арасына қояды. Ауадағы судың көптігі түрліше болады. Теңіздердің ауасы,

орманды, тоғайлы жерлердің ауасы бұға бай болады, суы кем жердің, далалықтардың, шөлдердің ауасында бу аз болады.

### ҚЫШҚЫЛАТУМ

Айрықша таза түрінде табиғатта ұшырамайды. Көбіне бөтен бұйымдармен химиялы қосылуда не араласпа күйде болады. Аңдасы түрліше болғасын, кейбір бұйымдардан оңайлықпен тез айрылады, кейбір қосылыстарынан қиындықпен айрылады. Ауадағы азотпен араласқан қышқылтумды айырып алу қиын. Танысу үшін бір бұйымнан қышқылтумды айыралық. Бертолет тұзы деген дәрінің ұнтағын уақ құммен араластырып, шөлмектен жасалған реторт деген сауытқа салайық. Реторттың мойнына резеңкі түтік арқылы иілген шөлмек түтікті жалғап, шөлмек түтіктің басын сауытқа суға малалық. Кең мойынды шөлмекті суға толтырып, ыдыстағы сауытқа түтіктің басын бүркей төңкерелік. Ретортты қыздырсақ, тұздан айырылып, қышқылтум түтік арқылы шыға бастайды, судағы түтіктің аузынан шымырлап көпіршік болып шығып, кең мойынды шөлмектің түбіне жиылады. Қышқылтум көбейген сайын кең мойынды шөлмектегі суды айдап шығып орнын алады, шөлмек қышқылтумға толғансын, су астынан қақпақтап шөлмекті аламыз. Осылай етіп әлденеше шөлмекті қышқылтумға толтырып алуға болады. Енді қышқылтумның не нәрсе екенін тексеріп қаралық. Қышқылтум — иіссіз, дәмсіз, судан жеңіл, ауаға ұсаған мөлдір газ. Қышқылтум ішіне бықсыған көмір кіргізсек, көмір дереу жарқылдап жанады. Үші бықсыған ағаш көсеу кіргізсек, бұ да дереу жарқылдап жанады. Ауада көгілжім жалынмен жанып тұрған күкіртті кіргізсек, бұ да жарқылдап жанады. Болат шыбықтың үшіне бықсыған көміршек алып, қышқылтум толуы сауытқа кіргізсек, әуелі жарқылдап көміршік жанады, сосын жан-жағына жарқылдаған ұшқын шашып болат жанады.

Қышқылтум — жаңдырғыш бұйым. Бұйымдар тек қышқылтум бар орында жанады. Нәрселердің ауада жануы да қышқылтумнан. Қышқылтум аз орында нәрселер бықсып, жанбайды. Бықсыған нәрсені үрсек жанады, үрген орынға ауа көп келеді. Ауамен бірге қышқылтум көп келеді. Қышқылтум көп болса, бұйым жанғыш болады.

Адамның, жан-жануарлардың дем алуына қышқылтум — мұқтаж бұйым. Нағыз қышқылтуммен дем алуға болмайды. Дем алуға зарарсыз нәрселермен араласқан қышқылтум керек. Дем алатын ауамыз азотпен араласқан қышқылтум. Қышқылтуым — дем алдырғыш, жаңдырғыш бұйым.

### АЗОТ

Ауаның бес бөлімінің төртеуі — азот, біреуі қышқылтум. Азотты таза түрінде ауадан айырып алуға болады. Ауадан қышқылтумды шығарсақ, азот қалады. Шыныдан жасалған аяқшыққа фосфор деген бұйымды салып, су құйылған ыдысқа қалқытып жіберелік. Фосфорды жағып жіберіп, дереу шөлмек қалпақпен бүркелік. Фосфор біраздан соң сөнеді, қалпақтың іші ақ тұман болады. Әрі-беріден соң ақ тұман судың бетіне отырып, суға сіңіп жоғалады. Ыдыстағы су көтеріліп, қалпақтың ішіне кіріп, бес бөлімінің бірін толтырады.

Қалпақтың ішіндегі ауадағы қышқылтум фосформен химиялы қосылып, ақ тұман түрінде көрінген бөтен бір бұйым түзеді. Бұл бұйым суға еріп кетті. Қалпақтың ішінде таза азот қалды.

Азот — түссіз, дәмсіз мөлдір ғаз, судан жеңіл. Жанып тұрған шамды азоттың ішіне кіргізсек, сөніп қалады. Азоттың ішіне тірі махлұқты (тарақанды) кіргізсек, демі құрып, тұншығып өледі. Азот — дем алуға жарамайтын, жанған нәрсені сөндіретін ғаз. Азот — адамға зиянсыз ғаз, азот қышқылтуммен араласып, ауа болып адамға, жан-жануарларға дем алуға келеді.

### ҚЫШҚЫЛ КӨМІР

Таза түрінде табиғатта аз ұшырайды, көбіне бөтен бұйымдармен химиялы қосылған күйде болады. Қышқыл көмірді таза түрінде, бордан айырып алуға болады. Құс мойынды шөлмектің ішіне аз уатқан бор салып, су құйып, ауыздарын тесікті тығындармен бітелік. Бір тесіктен сабы суға малынатын қылып бөрөнке өткізелік. Екінші тығыннан екі рет иілген шөлмек түтіктің қысқа басын өткізелік. Бү түтіктің ұзын басын түбіне жеткізіп ыстақанға салып қоялық. Бөрөнке арқылы шөлмекке күкірт қышқылтқысын құйсақ, бордан шымырлап қышқыл көмір шығып, бүгілген түтік арқылы ыстақанға құйылады. Өстіп таза қышқыл көмірді жинап алып, тексеріп қаралық.

Қышқыл көмір — түссіз мөлдір ғаз. Демі, иісі қышқылдау болады, ауадан бір жарым есе ауыр болады. Ауырлығынан ыстақандағы ауаны айдап шығып, орнын алды. Қышқыл көмірге толулы ыстақанды екінші ыдысқа еңкейтіп, қышқыл көмірді бір ыдыстан бір ыдысқа құюға болады. Аяқтың түбіне ұзындығы үш түрлі шамды отырғызып, сақтықпен осы аяққа қышқыл көмір құялық. Әуелі аласа шам сөнеді, сосын ортаншы шам сөнеді, ақырында ұзын шам сөнеді. Қышқыл көмір жанған бұйымды сөндіреді, қышқыл көмір жануды демемейді. Қышқыл көмірдің ішінде тірі махлұқ (тарақан) дем ала алмайды, тұншығып өледі. Әк деген тас бар. Әк суда аздау ериді. Әкті су жай судай түссіз мөлдір болады. Әкті судан қышқыл көмірді өткізсек, не болмаса қышқыл көмір бар сауытқа әкті суды құйып шайқасақ, әкті су аппақ сүт секілді болады. Әкті су жалғыз ғана қышқыл көмірден ағарады. Өңге газдардан қышқыл көмірдің осындай айрықша белгісі бар. Бір нәрсе жанғанда, шірігенде, адам, жануарлар дем алғанда қышқыл көмір пайда болады. Сауытқа әкті су құйып, ішіне шам кіргізіп, аузын жауып, шамды әр-бері ұстап тұралық. Шамды шығарып, суды шайқасақ, әкті су ағарады. Шам жанғанда қышқыл көмір пайда болады.

Ыстақанға құйған әкті суға түтік арқылы дем жіберсек, әкті су ағарады. Аузымыздан шыққан демде қышқыл көмір бар.

Қышқыл көмір — адамға зиянды ғаз. Қышқыл көмір көбейген орында адамның демі тарылады, басы ауырады, жүрегі соғады, тұншығады. Көп адам жиылған тар бөлменің ауасында қышқыл көмір көп болады.

Кәдімгі көмірді жақсақ, ауаның қышқылтумы көмірмен химиялы қосылып, қышқыл көмір болады. Қышқыл көмір — қышқылтум мен көмірдің қосылғанынан пайда болған құрама ғаз.

Кейбір терең құдықтардың, терең баздардың түбінде қышқыл көмір жиылып тұратыны болады. Ескі терең құдықтарға сақтықпен түсу керек. Италия мемлекетінде Ниапол шаһарының қасындағы бір таудың үңгірінде жердің жарығынан өнемейін қышқыл көмір шығып жанады. Бұны ит үңгірі дейді. Ит үңгіріне кірген кісі аман болады, кірген ит тұншығады. Жарықтан шыққан қышқыл көмір жердің бетінде биіктігі бір кездей болып төселіп жатады.

## ЖАНУ

Май шам жана-жана бітіп құриды, жоқ болады; жанған ағаштан бір азғантай ғана күл қалады. Жанудың не екендігін, жанған бұйымның қайда кететіндігін білу үшін май шамның жануын байқап қаралық.

Салқын шөлмектің ішіне жанған май шамды кіргізіп ұстап тұрсақ, шөлмектің ішкі беті терлейді. Әрі-беріден соң шөлмектегі шам сөнеді. Сөнген шамды шығарып, шөлмекке әкті су құйып шайқасақ, әкті су ағарады. Шам жанғанда екі бұйым пайда болады: су мен қышқыл көмір. Жанғанда шам жоғалмайды, ауаның қышқылтұмымен қосылып, су мен қышқыл көмірге айналады. Жанған бұйым ауадағы қышқылтұммен химиялы қосылып, бөтен бұйымдарға айналады. Жану деген — жанған бұйымның қышқылтұммен химиялы қосылуы. Ағаш, түрлі майлар секілді жанды табиғатты бұйымдар жанғанда су менен қышқыл көмірге айналады. Жанудан өнемейін жарық пен жылылық пайда болады. Жанғанда пайда болған су жанудан шыққан жылылықтан тез буға айналып, көзге көрінбейді. Бу менен қышқыл көмір көзге көрінбей, жайылып кеткен соң, жанған бұйым біздің көзімізге жоқ болып кеткенге ұсайды. Табиғатта неш уақытта бір бұйым жоғалмайды.

Жануға қышқылтұм керек, қышқылтұм жоқ орында жану болмайды. Жануға керек болған қышқылтұм ауадан алынады. Бір нәрсені қаттырақ жандыру үшін ауызбен үреді, көрікпен үреді. Үргенде көп ауа келеді, көп қышқылтұм келеді. Қышқылтұм — жандырғыш бұйым.

Жануға дем алу ұқсас. Дем алғанда адамның қаны ауаның қышқылтұмымен қосылады, денесі жылынады. Пайда болған су мен қышқыл көмірді деммен шығарады. Бұйымдардың көбіменен андалас болып, қышқылтұм бұйымдармен көп қосылыстар жасайды. Бұйымдардың қышқылтұммен қосылуын қышқылдану дейді. Жану, дем алу, тоттану — қышқылданудың түрлері болады.

## ЖАЛЫН

Бұйымдардың көбі жанғанда жалын шығарып, жалындап жанады. Жалынның не екендігін, оның қайдан пайда болатындығын білу үшін май шамның жалынын тексеріп қаралық.

Шамның білмесінің үстінде жалын бар. Үрсек жалын шалқиды, жайына тұрса жоғары қарата тік жанады. Байқаңқырап қарасақ, жалын бір түрлі емес, жалынның ортасы түп-тура, тақ білтенің үсті қара болып көрінеді, бұл — жалынның өзегі. Өзектің айналасы ақ болып көрінеді, бұл — жалынның жарығы. Жалынның жарығының айналасы байқаңқырап қарағанда, көгілжім көрінеді, бұл — жалынның шегі. Қызудан шамның майы ериді. Еріген май білтеге сіңіп жоғары көтеріледі. Жалынның өзегі ғаздардан тұрады. Бұл ғаздар — жанғыш ғаздар, ауаға жолықса жанады. Өзекте бұл ғаздар ауамен жолыққан жоқ. Өзекке шөлмек түтік тықсақ, ғаздар түтікке кіріп, екінші басынан шыға бастайды. Түтіктің ғаз шыққан басына шырпы тигізсек, ғаздар көгілжім жалын шығарып жанады. Білтеден кішкене көтерілгенсін ғаздар ауаға жолығып жанады. Жалынның жарық бөлімі осы жаққан ғаздардан тұрады. Бұл орында ғаздар әбден жана алмайды. Бұл орынға ауаның келуі шамалы, әбден жануға қышқылтұм кем. Шамның майынан пайда болған ғаздардың ішінде көмір бар. Ғаздар жанғанда көмір ғаздардан күйе болып айырылады. Күйе деген көмірдің уақ тозаңы: бұл орында ауаның аздығынан күйе жанып кетпейді, тек қызады. Қызған қатты бұйымдар жарқылдайды, күйе де

жарқылдайды. Жалынның осы бөлімінің жарық болуы осы жарқылдаған күйеден, жалынның жарығына пышақтың үші, шынының сынығы секілді салқын нәрселер кіргізсек, қара күйе болады.

Жалынның сыртында ауа көп болады. Қышқылтум мол болады. Бұл орында газдар әбден дұрысталып жанады. Күйелер де дұрыстап жанып, қышқылтуммен қосылып, қышқыл көмір болады. Жалынның шетінде жанған газдардан басқа неш нәрсе жоқ. Жанған газдардың түсі көгілжім болады. Жиектің түсі көгілжім болатыны осыдан. Жалынның ыссылығының ең көп орны көк жиек, жарықтың ыссылығы аздау, өзекте ыссылық кем болады.

Жалын — жанған газдар.

Ағаш, май, шүберек, шөп секілді бұйымдар жанбастан бұрын газдарға айналады. Газдар жалын болып жанады. Бұндай бұйымдар жалын шығарып жанады. Қатты бұйымдар жанбастан бұрын газдарға айналмаса, онда олар жалынсыз жанады. Қышқылтумға кіргізген болат жалынсыз жарқылдаған ұшқындар шашып жанады...

## МЕТАЛ КЕНДЕР

### Металдардың жалпы қасиеті. Руда

Кендердің арасында адамға ең пайдалысы, ең керектісі металдар (мығдындар). Металдарды білмеген замандарда адамдардың тіршілігі хайуандардан аз-ақ ілгері еді, металдарды тауып, қалай пайдалануын үйренген соң, адамның тіршілігі кеңейді, маданияты аса бастады. Табиғаттың құлдығынан азат болып, табиғатты бірте-бірте жеңе бастады.

Әуелгі уақытта адам тек [таза] түрінде ғана табылған металдармен пайдаланған, металдарды түрлі қоспалардан айырып алуды соңынан білді.

Адамның ең бұрын танысқан металы мыс болды. Осы күнгі темірден, шойыннан жасалатын пышақ, балта, шот, қазан сықылды аспаптар бұрынғы замандарда мыстан жасалған.

Осы күндерде адам металдарсыз күн көре алмайды; ішетін тамағы, киетін киімі, кіретін үйі, тіршілікке керек түрлі аспап құралдары металдардан жасалынады не металдар арқылы даярланады.

Метал — жай бұйым; металды айыруға мүмкін емес. Метал — әрқайсымызға таныс бұйым, темірді, мысты, күмісті, алтынды көрмеген кісі аз болады. Осылардың бәрі — айырым-айырым метал. Алғанда метал бір-біріне ұқсамаса да, металдардың бәріне ортақ сипаттары бар.

Металдардың бәрі жылтырақ болады. Металдардың жылтырағы — бөтен бұйымдарда болмай, тек металдарда ғана болатын жылтырақ, мұны метал жылтырағы дейді. Әйнек те жылтырақ болады. Бірақ әйнек жылтырағы метал жылтырағынан басқаша. Ұзындығы кездей темірден, ағаштан жасалған екі таяқтың бір басын қолымызға ұстап, екінші басын отқа салсақ, тезден-ақ темір таяқ қызып ұстатпайды. Ағаш таяқ жанса да, жарытып қызбайды. Металдардан ыстық, салқындық тез өтеді; металдар тез жылынғыш, тез салқындағыш болады.

Ұрғанда металдар сынбайды, жұқарады, жіңішкереді, созылады. Металдар созылғыш, соғылғыш болады. Кейбір металдар салқын күйінде соғылады, кейбіреуі қызған күйінде соғылады. Алтын — бегірек те соғылғыш метал. Алтынды соғып жұқа қағаздан жұқа қылып тақталауға болады, жұқалаған алтыннан күннің сәулесі көрінеді, алтыннан өткен сәуле жасылсымақ болады. Күміс пен мысты да алтындай тақталап жаюға болады.

Металдарды созып, қылдай сым қылып тартуға болады, платинді созғанда өрмекшінің жібінен жіңішке қылуға болады.

Қыздырса металдар ерігіш болады; қорғасын, қалайы сықылды металдар тез ериді. Алтын, темір, платин сықылды металдар қиындықпен ериді.

Металдардың көбі ауадағы қышқылтуммен, судың буымен тез қосылғыш, қышқылданғыш болады. Жылтырағын жоғалтып даттанғыш болады. Темірді қоңыр дат басады, мысты көк дат басады. Кейбір металдар тіпті қышқылданбайды, жылтырағын жоғалтпайды. Бұл — алтын, күміс, платин, сынап, бұларды асыл метал дейді.

Еріткен уақытта металдар бір-бірімен араласқыш болады. Металдардың бір-бірімен араласпасын қоспа дейді. Қоспалы түрде бір қатар металдардың қасиеті өзгереді. Алтынға күміс я мыс қосылса, алтын қатайып кетеді. Күміс те мыс қосылса қатайып кетеді. Мұндай қоспадан алтын мен күмістің түсі не өңге қасиеттері өзгермейді. Тіршілікте таза алтын, таза күміс жұмсалмайды. Бұлардың түрлі қоспалары қолданылады.

Металдар табиғатта таза түрінде аз табылады. Көбіне бөтен бұйымдармен химиялы қосылған түрінде табылады. Бөтен металдар арасында таза түрде өнемейін тек алтын мен платин ұшырайды, аңда-саңда мыс, күміс, сынап табылады. Металдармен, өңге бұйымдармен қосылысқан түрлерін руда яки күлше дейді. Рудалар көбіне тас болады, ұрса соғылмайды, тастай сынып уатылады.

Әр металдың өзіне меншікті рудасы болады, темірлі рудадан темір шығады, күміс рудадан күміс шығады. Рудалар бөтен тау жыныстарының арасында тамыр болып не ұя болып жатады.

Металдар күкіртпен, қышқылтуммен аңдалас болады. Рудалардың көбі металдардың күкіртпен я қышқылтуммен қосылуынан пайда болады. Темірдің тоты да, мыстың көгі де руда болып саналады. Алтын мен платиннан басқа металдардың бәрі де руда түрінде табылады.

## ТЕМІР

Темір — металдардың ішінде адамға ең керектісі, ең пайдалысы. Пышақ, балта, шот, кетпен, балға, ара сықылды аспаптарымыздың бәрі темірден жасалған. Фабрик-зауыттардағы машиналар, жерді құрсаған темір жолдар, телеграф сымдары темірден жасалған. Темірсіз адам бір күн де тұра алмайды. Темір — жер жүзінде көп тараған, көп шашылған бұйым. Топырақтың, құмның, саздың сарғыш, қызғылт, қоңыр болуы ішіндегі темірден; шөгпін, жапырақтың көк түсі темірден. Темірдің бәсеке салмағы сегіз.

Темірдің рудалары көп болады. Темірді осы рудалардан айырып шығарады. Магнитті темір тас қара түсті тас болады. Жердің астында да, үстінде де тау жынысы түрінде табылады, аңда-саңда уақ-уақ кристал түрінде де ұшырайды. Магнитті темір тас түрлі темірлерді өзіне тартады. Магнит өзіне жабынып қалады. Осындай қасиетінен магнитті темір таспен сызсақ, шынының бетінде қара сызық қалады.

Магнитті темір тас Орал тауларында көп ұшырайды. Оралда бағзы таулар тұтасынан осы рудадан түзелген. Осы тауларды бұзып, шетінен рудаларды ала береді.

Қызыл темір тас — қара түсті тас. Қатар-қатар болып бөтен тау жыныстарының арасында жатады, кристалданған түрінде де ұшырайды. Қызыл темір тастың ұнтағы қызыл түсті болады. Бұжыр бетті шыныны сызғанда шынының бетінде қызыл сызық қалдырады. Бұл тас та темір мен қышқылтумның қосылуынан пайда болған. Жүз қадақ қызыл темір таста жетпіс қадақ темір бар, отыз қадақ қышқылтум бар.

Қоңыр темір тас, сарғылт қоңыр я қара қоңыр түсті тас болып таулы жерлерде көп табылады. Талқандағанда ұнтағы сары болады, шыныны сызғанда сары із қалдырады. Бұл тас темірдің сумен, қышқылтуммен қосылуынан пайда болады. Қара сулардың, қопалардың түбінде темірдің таты сықылды тамырланып жатқан қара нәрсе табылады. Бұ да темір тас. Жоса да темірлі руданың бір түрі, жоса темірдің тоты, су һәм саздың қосылуынан пайда болады. Жоса тас болмай, топырақ сықылды түрде саздың арасында табылады. Жосаның түсі қызыл, қоңыр, сары болады. Жоса бояу болып жұмсалады.

### Темірдің шығарылуы, шойын, болат

Рудалардан темірді айырып алу үшін қышқылтумды шығару керек. Рудаларды көмірмен араластырып қыздырса, қышқылтум көмірмен қосылып, қышқыл көмір болып шығып кетеді, темір таза түрінде босап қалады. Көмірдің қышқылтуммен андасы күшті болады, бір-бірімен біріккіш, қосылғыш болады. Руда қыздыратын зор пешті домен пеш дейді. Домен пештердің биіктігі он сажыннан артық болады, іші кең болады. Домен пешті үстінен толтырады, астынан қыздырады.

Руда қызған соң қышқылтум көмірмен қосылып шығып кетіп, балқыған сұйық темір көмірмен араласады. Қызудан көмірдің көбі жанып кетіп, аздау көмір темірмен араласып қалады. Домен пеште көмір араласпаған таза темір шығару қиын болады. Аздау көмір араласқан темірді шойын дейді. Еріп балқыған сұйық шойын пештің түбіндегі шүмектен сырттағы арықтарға ағып, салқындап қатады. Домен пеш тәулікке мың пұттай шойын шығарады.

Темір рудалардың ішінде араласқан қатты нәрселер болады. Осындай қосымшалардың еруі қиын болады. Бұлардың еруін жеңілту үшін рудаға біраз әк я құм қосылады. Құммен, әкпен қосылған қосымшалар шойынның бетінде қалқып жүреді. Осындай қосымшаларды темір боғы я шлэк дейді. Қатқан шлэктер, шөлмек сықылды жылтыраған тас болады. Шлэкті өзіне мақсос жасалған пештегі тесіктерден шығарып тастайды.

Шойыннан темір шығару үшін балқыған шойынды реторт сықылды үлкен ыдыстарға құйып, ішіне көріктермен жел жібереді. Шойындағы көмір жанып кетіп, шойын таза темірге айналады. Шойынның ішіндегі көмірдің бәрін жоймай, аздауын қалдырса, шойын темір болмайды, болат болады.

**Шойын.** Жүз бөлімнің бесеуі темірдің ішінде көмір болса, мұндай темірді шойын деп атайды. Шойын соғылмайды, созылмайды, ұрса сынғыш болады. Шойын темірден көрі жылдам ериді. Шойыннан бұйымдар соғылып істелмейді, құйылып жасалынады.

**Болат.** Темірдің жүз үлесінің біреуі көмір болса, бұ темір болат я құрыш болады. Болат шойыннан қиынырақ, темірден оңайырақ ериді. Болат бек қатты болады. Әсіресе суарған болат қатты болады, өте қызған болатты салқын суға салса, болат суарылады. Суарылған болат тым өткір болады, иілмейді, иілсе кеткіш болады. Қызған болатты жайымен суытса, болат иілгіш болады. Болаттан бұйымдар соғып та, құйып та жасалынады. Иілгіш болаттан түрлі серіппелер жасалынады. Бұрынғының наркескен деген өткір қылыштары болаттан жасалған.

## МЫС Я БАҚЫР

Мыс табиғатта таза түрде де, рудалы түрде де табылады. Кей уақытта таза түрінде тым үлкен кесек болып ұшырайды. Америкада ауырлығы қырық мың пұттай бір кесек таза мыс табылған. Таза мыс сирек ұшырайды. Көбіне мысты бақырлы рудалардан шығарады. Мыстың рудалары қызыл бақырлы, тас бақырлы күлшеден хәм малахит.

Қызыл бақырлы тас сирек табылады. Жүз қадақ қызыл бақырлы тас-та тоқсан қадақ мыс бар. Қызыл бақырлы тас мыс пен қышқылтумның қосылуынан пайда болған.

Бақырлы күлшеден алтын сияқты сары түсті, жылтырақ болады, тау жыныстарының арасында жуан-жуан тамыр болып жатады. Бұл руданың үш бөлімінің бірі мыс, бірі темір, бірі күкірт болады. Мыс көбіне осы рудадан шығарылады.

Малахит көбіне көк түсті болады, кей-кейде түсі ақшыл қоңыр, жасыл, қоңыр көк, қара көк, қап-қара болып та ұшырайды. Майдаланған малахит көк ала түсті бек әсем болады. Малахиттен сандықша, қобдиша, қаламсап, пышақсап сықылды бұйымдар жасалынады. Малахит — мыс, қышқылтум, қышқыл көмір, судың қосылуынан пайда болған минерал. Дымқыл орында жатқан бақыр бұйымдарды көк дат басады; осы көк дат та, малахит та бір нәрсе, дымқыл орында мыс қышқылданады, сонан соң ауадағы қышқыл көмірмен қосылып малахит болады.

Мыс шығару үшін рудаларды уатып, көмірмен араластырып қыздырады. Мыстың рудадан айырылуы темірге қарағанда әдәуір жеңіл.

Мыстың бәсеке салмағы тоғыз. Таза мыс жарқыраған жасыл түсті, жұмсақ болады.

Мыстан қазан, самаурын, шамдал, бақыр ақшалар, машиналардың түрлі бөлімдері жасалынады. Бақыр сауыттарға ас пісіргенде, астың ішіндегі түрлі нәрселермен химиялы қосылыс жасайды, мыстың мұндай қосылыстары адамға у болады. Мыстан жасалған ас құралдарының ішін қалайылайды.

Мыстың түрлі металдармен қоспалары қатты болады. Көбіне мыстың жез, бронза деген қоспалары қолданылады.

Жез мыстың синкпен қоспасы болып, сары түсті болады. Жезден самаурын, есіктің, терезенің тұтқалары сықылды нәрселер жасалынады. Жезге никкел деген метал қосылса, түсі күміс сықылды болып ағарады. Осындай қоспаны мелхиор дейді. Мелхиордан шәйгөн, ас қасық, шай қасық, пышақ, шанышқының саптары жасалынады.

Бронза — мыстың қалайымен қоспасы. Бронза қымбаттау болады. Бронзадан шамдалдар, суреттерге жиектер сықылды нәрселер жасалынады. Ішіндегісі қалайының көп-аздығына қарай бронзаның түсі қара сары, сары, ақ сары, жасыл сары болады.

Бронзаның ішінде жүз бөлімнің оны қалайы болса, топ (зеңбірек) бронзасы деп аталынады; жүз бөлімнің жиырмасы қалайы болса, қоңырау бронзасы деп аталынады; отыз екі бөлімі қалайы болса, айна бронзасы деп аталынады.

## ҚОРҒАСЫН

Қорғасын — жұмсақ метал, пышақпен жеңіл кесіледі, тырнақпен сызылады. Қорғасынмен сызылса, қағазда графитпен сызылғандай із қалады; қорғасыннан қарандаш жасап жазуға болады. Қорғасын ауыр болады. Бәсеке салмағы он бір жарым. Табиғатта таза түрінде табылмайды, көбіне қорғасын тасы деген рудадан шығарылады. Қорғасын тасы күкірт



пен қорғасынның қосылысынан пайда болады, бегірек те ауыр, ақшыл сары түсті, маңдаланған сықылды жылтыраған болады. Қорғасын тасында аздау күміс те бар.

Қорғасынның жаңа кесілген орны ақшыл көгілжім түсті жылтырақ болады. Қорғасын ауада тез қышқылданып, жылтырағын жойып, күңгірт көгілжім болады. Қорғасын жеңіл еріп балқиды, жеңіл соғылады.

Қорғасыннан оқ, бытыра, су һәм ғаз жүргізетін түтіктер, түрлі жәшіктер жасалынады. Қағаздай қылып жұқалаған қорғасынмен шай сықылды нәрсені дымқылдан сақтау үшін орайды. Қорғасынның түрлі қосылыстары адамға у болады. Қорғасыннан ас құралдары жасалынбайды, қорғасын қағазымен азық орауға болмайды.

### ҚАЛАЙЫ

Қалайы — жылтырақ, күміске ұқсаған ақ түсті метал, жұмсақ болады, пышақпен жақсы кесіледі. Ауада қышқылданбайды, түсі бұзылмайды. Қалайы тез еріп, жылдам балқиды, май шамның жалынының жылылығынан-ақ ери бастайды. Қалайы таза түрінде шамалы жұмсалынады, көбіне бөтен металдармен қоспаланып жүреді. Қалайының бәсеке салмағы жетеу. Қалайыны жұқалап қағаз қылып, түрлі азық-түлік орайды, қалайы қағазы зәрсіз болады. Мыс ыдыстардың іші қалайымен ағартылады, сынған нәрселерді қалайымен дәнекерлейді. Ыдыстардың тесігін қалайымен бітейді. Көп қалайы ақ қаңылтырлар жасауға келеді. Темірдің таза қаңылтырларын еріген қалайыға малса, қалайы қаңылтырдың бетіне сыр болып жұғып қалады. Осындай ақ қаңылтырлардан ыдыстар жасалынады. Қалайының ең қымбат қоспасы — бронза. Қорғасын қосқан қалайы дәнекер орнына жұмсалынады. Сынап еріткен қалайымен әйнектерді бояп, айналар жасалынады.

Қалайы таза түрінде табылмайды, қалайы тасы деген рудадан шығарылады. Қалайы тасы көкшіл қоңыр түсті болады, сирек ұшырайды. Қалайы — қымбат метал.

### ТСИҢК

Тсиңк — жұмсақ күңгірт көгілжім түсті метал, ауада жарытып өзгермейді, қорғасыннан көрі қиындырақ ериді, қатты қыздырса, ақшыл түтін шығарып жанады. Түтіннің ішінде тсиңк қышқылтуммен қосылысынан пайда болған бір бұйым бар. Бұл сыр жасайтын тсиңктің ағы деген нәрсе. Тсиңктің бәсеке салмағы жетеу. Қыздырылса тсиңк жақсы соғылады, жай күйінде соғылса, сынғыш болады.

Тсиңк таза түрінде табылмайды, тсиңк тас деген рудадан шығарылады. Тсиңк тас қоңыр түсті, тсиңк пен күкірттің қосылысынан пайда болған бұйым. Тсиңк мыспен қосылысын жез дейді. Тсиңктен түрлі шелек, шылапшын сықылды құралдар жасалынады. Тоттанбасын үшін темір қаңылтырлардың сыртын тсиңкпен жалатады. Тсиңктенген қаңылтырмен үй төбелерін жабады. Тсиңктен туған түрлі қосылыстар адамға зиянды болады. Тсиңктен ас құралдары жасалмайды.

### СЫНАП

Сынап — сұйық ауыр метал, түсі ақ күміс сықылды болады, бәсеке салмағы он үш жарым. Тақтайдың үстіне аздау сынап құйсақ, сынап бөлініп-бөлініп түйірленіп кетеді, түйірлері тақтайдың үстінде жүгіріп жүреді. Қырық градус суықта сынап қатады, қатты сынапты соғуға, со-

суға, түрлі қалып беруге келеді. Қыздырылса, сынап қайнап буланып кетеді. Ашық тұрған жай сынап та жайымен буланып азаяды. Сынаптың буы адамға зиянды болады. Сынап салған металдардың көбі суға түскен секердей еріп кетеді. Сынапқа еріген металдарды амалғам дейді. Күміс амалғамы, алтын амалғамы, қорғасын амалғамы сықылды амалғамдар көп болады. Амалғамды қыздырса, ішіндегі сынап буланып кетіп, нағыз метал айырылып қалады. Бұйымдарды алтындағанда, күмістегенде амалғамдармен пайдаланады. Күмістейтін бұйымға тегістеп күміс амалғамын жағып, бұйымды қыздырса, сынап буланып кетіп, бұйымның бетіне жұқаланып күміс жағылып қалады.

Қорғасын амалғамын әйнекке жақса, айна болады.

Сынап түрлі барометр, термометр сықылды құралдар жасау үшін кетеді, дәрі жасауға жұмсалынады.

Сынап таза түрінде әр түрлі тастардың ішінде табылады. Сынапты көбіне сыртас деген рудадан шығарады. Сыртас сынап пен күкірттің қосылуынан пайда болған күрең түсті тас болады. Сыртас күрең, қызыл сыр жасауға кетеді. Сыртасты ескі темірмен араластырып қыздырса, күкірттің бір бөлімі темірмен қосылады, бір бөлімі жанып кетеді, нағыз сынап айырылып қалады.

### КҮМІС

Күміс — аппақ жылтырауық әсем метал, күміс қараймайды, ауада бұзылмайды. Күміс — асыл бұйым. Күкірттен күміс қараяды. Ішінде күкіртті бар дәрулерді үстіне жаққанда, кісінің қолындағы күміс жүзік, сақина сықылды бұйымдар қарайып кетеді. Күмістің бәсеке салмағы он жарым.

Таза күміс жұмсақ болады. Тіршілікте таза күмісті қолданбайды, күмістің түрлі қоспаларын қолданады. Аздау ақ мыс қосылса, күміс түсін өзгертпей қатайып кетеді. Тіршілікте көбіне күмістің түрліше мыспен қоспалары қолданылады. Күміс мыспен бегірек те араласқыш болады; қоспаның ішінде мыс сегіз бөлімнен аз болса, қоспаның түсі күмістің түсіндей болады, сегіз бөлімнен көп болса, түсі қызара бастайды, мыстың түсіне ауысады.

Қолданылатын күміс бұйымдардың жүз бөлімінің сексен төртті ғана күміс болып, қалғаны мыс болады. Күмістен күміс ақшалар, түрлі күміс бұйымдар жасалынады. Қазақ-қырғыз жұрты күмісті артық сүйеді, күмістен түрлі бұйымдар жасайды. Күміс белбеу, декбет (кемер), сырға, шашбау, өңіржиек, жүзік, сақина, білезік, түрлі ілгек түймелер сықылды бұйымдардың бәрін көркем өрнек салып, қазақтардың өздерінің зергерлері соғады. Күміс үзеңгі, күміс айшықтар, өмілдірік, құйысқан, тартпа, таралғы, жүгендер, күміс тоғалар сықылды бұйымдар тек күмістеген темір болады. Қазақ зергерлері жалатып күмістемейді, соғып күмістейді, бұлардың жаққан күмістері қалың болады, көпке шыдайды, амалғам арқылы жалатқан күмістей тез кетіп қалмайды.

Күміс таза түрінде аз ұшырайды, көбіне рудалардан шығарылады. Күмістің рудасы — күміс тас. Күміс тас жылтыраған көгілжім түсті, күкірт пен күмістің қосылуынан пайда болған жұмсақтау тас. Күміс тас сиректеу ұшырайды, күмісті көбіне қорғасын тастан шығарады; ішіндегі күмісі аз болса да қорғасын тасы жиі ұшырайды.

## МИЛИОН ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

Ет алсақ, қадағы үш милион сом, нан алсақ, қадағы бір милион сом, бір тостаған сүт он милион сом, айында алатын маянамыз жүз милионден саналады... Сауда-саттыққа кірсең, ақша есебіне аралассаң, милионнан басқа сөз айтылмайды. Милион деген сөз бұ күнде екі сөздің бірі болды.

Төрт-бес жыл бұрын милион деген санды аңда-санда бір еститін едік. Он жыл бұрын бүтін Россияда милион ақшасы бар адамның саны отыз-жиырмадан аспайтын еді. Бұ күнде милион ақша әркімнің қолында жүр. Милион дегеннің не екенін бұрында оны ескеруші кісі аз еді. Бұ күнде жұрт шатасып кетті. Милион дегеннің не нәрсе екенін ойлаушы кісі жоқтың қасында. Милион не нәрсе десек, жұрттың көбі „милион деген мынау“ деп, жанынан шығарып, бір жапырақ қағазды көрсетеді.

Көптің милионды мұнша желеңдетіп жібергені дұрыс емес. Милион баяғы милион күйінде қалды, бірақ ақшаның бәсі кеміді. Осы күні қағаз ақшаның кәдірі кетті. Бұрынғы бір сом ақшаның бәсі осы күнгі әлденеше милион сомның бәсімен тең болды. Қолы толған милион деп аталған қағаз болған соң, сағат сайын „милион“, „милион“ деп естіген соң, адам шатасып, милионды жеңіл нәрсе деп ойлап кетті. Милионның не екенін анық ескеру үшін, милионды бәсі өзгергіш ақшамен өлшеу керек емес. Өлшемі өзгермейтін нәрсемен санау керек.

Милионды түсіну үшін бірнеше үлгі келтірелік. Бір байдың милион қойы болсын. Бай қойын көгендесін. Сонда көгеннің ұзындығы екі жүз алпыс шақырым болмақшы. Ташкент пен Түркістанның арасы екі жүз елу шақырым.

Милион күн — екі жүз жетпіс жыл болады. Айса пайғамбардың туысынан бері бір мың тоғыз жүз жиырма екі жыл өтті. Мұхаммет пайғамбардың Меккеден Мадинаға көшуінен бері бір мың үш жүз қырық бір жыл өтті. Милион қадам — алты жүз шақырымнан артық болады. Ташкент пен Ақмешіттің арасы 514 шақырым.

Милион шырпыны (күкіртті) ұштастырып тіресек, ұзындығы елу шақырымдай шоқ болады. Шаштың бір түті милион рет жуандаса — жуандығы алпыс құлаш бағана болады. Ахметтің екінші жылдық „Тіл — құралы“ 120 бет болмай, милион бет болса, қалыңдығы елу шақырым кітап болады.

Шырпының жарым ені бір миллиметрге шамалас. Милион миллиметр бір километрге тең.

Бір сомдықтан жанында милион ақшаң болсын, сомдап санағанда, қай уақытта санап берер едің? Күніне он сағат жұмыстанып, секунд сайын бір сомнан санасаң, бір айда азар санап боласың.

Милион деп ғылымда мың мыңды айтады. Милионды жеңіл түсінуге бір үлгі келтірелік. Бір байдың мың қора қойы болсын, қора сайын мың қойдан болсын. Сонда барлық қойдың саны милион болады.

\* „Жалақы“, „еңбекақы“ мағынасындағы сөз болу керек. — *Рег.*

„Есеп тану“ миллионды алты нөлмен белгілейді (1 000 000). Он мыңды „түмен“ деп атайды. Жүз түмен миллион болады.

Мың миллионды „миллиард“ дейді. Миллиард тоғыз нөлмен таңбаланады (1 000 000 000).

Миллион миллионды ғылым тілінде „библион“<sup>\*</sup> дейді. Библион он екі нөлмен жазылады (1 000 000 000 000).

Миллион библионды „триллион“ деп атайды. Триллион он сегіз нөлмен жазылады (1 000 000 000 000 000 000).

Жер дүниядә шіріген байдың көп жері — Америка. 1914-інші жылға дейін Америкадағы ең артқан байлардың дәулеті миллиардтап бәстеніп еді. Бұларды „миллионер“ деп атаушы еді. Кешегі сұрапыл соғыста байлар жер жүзіндегі еңбекшілерді бір-біріне айдап салып, үрит-соқ қылып соғыстырып, өздері соғыс құралдарын сатып, орасан пайда қылған. Бұлар тиыннан жүз сом, мың [сом] пайда көрген. Соғыстан соң Америкада мүлкін миллиардтап сататын байлар пайда болған. Бұларды „миллиардер“ деп атайды.

Миллион деген санның ұшы-қиырына жетудің қанша қиын екенін жоғарыда айттық. Миллиардтың, библионның, триллионның өлшеуін меңгеріп алу тіпті қиын. Бұларды желдей ескен адамның ойы ғана өлшей алады.

Көздің ұшында бұлдырап көрінген малдың қайсысының үлкен екенін, қайсысының кіші екенін, қайсысының жақын, қайсысының алыс тұрғанын болжау қиын: тек бір топ қара бұлдырайды. Жай адамға миллион, миллиард, триллион дегеннің бәрі бейне осы мал сықылды. Ғылым оқып, есеп тануға жеткен адамға болмаса, жай адамға миллионның да, миллиардның да, библионның да, триллионның да — бәрі бір есеп, бәрі бір бұлдыр нәрсе.

Бірақ, тентек заман миллионды бұлдыраған қарадан айырып, бізге жақындатып қойды. Сондықтан шатасуды қойып, миллионды анықтап тану қажет болады.



<sup>\*</sup> Сірә, бұл жерде не автордың қолжазбасында, не журнал бетінде қате кеткен болу керек, өйткені 12 нөлмен жазылатын сан „триллион“, ал 18 нөлмен жазылатын сан „библион“ деп аталатыны мәлім. — *Рег.*

## ЖҰЛДЫЗДАРДЫ КҮНДІЗ КӨРУГЕ БОЛА МА?

Бұл сұрауға жұрттың көбі ойламай-ақ „болмайды“ деп жауап береді. Мұндай жауап дұрыс емес. Жұлдыздарды күндіз көруге болады.

Ашық түнде аспан толған шым-шытыр жұлдыз. Құралсыз қарағанда аспанда көзімізге көрінетін жұлдыздың саны, білгіштердің айтуынша, бес мың жарым шамасында.

Жұлдыздар екі түрлі: бірі — қозғалмайтын жұлдыздар. Бұларды „шын жұлдыз“ деп атайды. Шын жұлдыздардың өзінен шығатын жарығы болады. Күн де шын жұлдыздың бірі. Әр жұлдыз жерден алыстықта болады, сондықтан бізге үлкен-кіші болып көрінеді. Жұлдыздарға қарағанда, Күн жерге орасан жақын тұр, сондықтан Жерден үлкен болып көрінеді, жарығы да Жерге көп түседі. Күн мен Жердің арасы жүз елу миллион километр деп есептеледі, жұлдыздар Күнмен салыстырғанда Жерден бірнеше миллион рет қашық. Екінші түрлі жұлдыздар өнемейін аспанда қыдырып жүреді, тұратын орны күн сайын өзгеріп тұрады. Бұларды, кезеген жұлдызды, „планет“ деп атайды.

Планеттердің өзінде жарық жоқ, бұлар Күннің сәулесімен жарқырайды. Планеттердің саны өте аз. Осы күнге дейін танылған сегіз үлкен планет, бірнеше уақ планеттер бар. Үлкен планеттер мыналар: 1) Меркур; 2) Венері (Шолпан, Өмірзая); 3) Жер; 4) Марс; 5) Жұпитер; 6) Сатурн; 7) Уран; 8) Нептун.

Алғашқы үшеуі Жерге қарағанда Күнге жақын болады, соңғы төртеуі Жерге қарағанда Күннен алыс болады. Планеттердің көбінің қасында жолдастары болады, Ай — Жердің жолдасы, планеттің бірі.

Күн де шын жұлдыздың бірі дедік. Күннің өңге жұлдыздардан айырмасы жоқ, тек бізге өте жақын. Сондықтан Жерге түскен жарығы күшті.

Жақын болса да Күннің шарасы бізге толық көрінбейді. Біздің Күн дейтініміз — Күннің ортасындағы нағыз жарық бөлімі.

Күннің айналасында оттан пайда болған кілегейленген шашырандылары, өрттің жалындай лаулаған тілдері болады. Бұлар да бізге жай уақытта көрінбейді.

Күннің толық сүгіретін Күн тұтылғанда ғана көруге болады. „Күн тұтылу“ деп Күннің бетін Айдың қабаттап тұруын айтамыз. Ай Күн мен Жердің арасына келіп, Жерден қарағанда Күнге тұспа-тұс тұрса, Күннің не барлық бетін, не бір бөлігін қабаттап Жерден жасырады. Толық күн тұтылу я шала күн тұтылу пайда болады. Не себептен Күннің шеті (айналасы) жай уақытта көрінбей, тұтылғанда көрінеді?

Жерді айнала ауа қоршап тұрады. Ауаның қалыңдығы (биіктігі) екі жүз елу шақырымдай деп болжанады.

Күннің сәулесі ауадан өткенде ауамен шағылысады, шағылысқан сәуле жан-жағына тарайды. Сондықтан Күннен шыққан сәуленің көбі жолшыбай Жерге жетпей жан-жаққа бытырап кетеді, Жерге бір бөлек қана сәуле тура келеді. Күн сәулесінің ауамен шағылысып, жан-жаққа

жайылғандығынан пайда болған жарықты „ауа жарығы“ деп атайды. Біздің Күннің жарығы, күндізгі жарық дейтініміз — осы ауа жарығы. Аспанның көк болып көрінетіні де осы ауа жарығынан.

Ауаның жарығы соншама күшті, ар жағындағы жұлдыздардың жарығын, Күннің шетіндегі, айналасындағы жарықты тасалап бізге көрсетпейді, қабаттап жасырып тұрады. Осы себептен күндіз жұлдыздар, Күннің шеті, айналасы бізге көрінбейді. Жердің айналасында ауа жоқ болса, жұлдыздардың бәрі де, Күн де толық болып, күндіз-ақ түндегідей көрініп тұрар еді. Жұлдыздардың жарығы ауа жарығынан күшті болса, жұлдыздар күндіз де көрінер еді.

Ай күндіз де көрінеді. Айдың өзінде жарық жоқ. Ай Күннен түскен сәулеге шағылысып жарқырайды. Күннің сәулесі Аймен шағылысқанда пайда болған жарық ауаның жарығынан күшті, ауаның жарығын тесіп өтеді, сондықтан Ай күндіз көрінеді. Жарығы күшті жұлдыздарды күндіз көрген талай қырағы адамдар бар.

Шолпан жұлдызды (Өмірзаяны) күндіз көру қиын емес. Жұлдыздың жолын анық білген кісі іздеуін тапса, күннен қашықтау тұрғанында Шолпанды күндіз көреді.

Терең құдықтың (шыңыраудың, шахтаның) түбінен жоғары қарағанда жұлдыздар күндіз-ақ анық көрінеді. Қалың биік ағаштардың арасынан да жұлдыздар күндіз көрінеді. Тереңнен қарағанда Күн сәулесінің ауамен шағылысқаны жарытып байқалмайды, сондықтан ауа жарығы кемиді, жойылып кетеді.

Ауа жарығы кеміген соң жұлдыздар көріне бастайды.

Бұл айтқанның растығын шыңырауларға түскен, шахталарда я қалың ормандарда болған кісі дұрыстайды.

Астрономдар (жұлдыз тексерушілер) телескоп деген құрал арқылы жұлдыздарды күндіз де көреді. Телескоп деген түрлі шөлмектерден құрастырып жасаған дүрбі (тұрба). Телескоптың шөлмектері сондай шеберлікпен құрастырылған, телескоптың аузынан қарағанда ауа жарығы кеміп я жойылып кетеді. Ауадан арғы жарықтар анық көрінеді.

Сөзді сарыққанда, жұлдыздарды күндіз көру үшін Жерді қоршаған ауаның жарығын жою керек. Сонда жұлдыздар түндегідей күндіз-ақ жарқырайды.



## МӘШИНЕНІҢ КҮШІ

Айналамызға қарасақ, ылғи мәшинені көреміз, не мәшине туралы әңгіме естиміз. Үстіміздегі киімді мәшинеммен тоқиды, шөпті мәшинеммен шабады, жерді мәшинеммен жыртады, мақтаны шитінен мәшинеммен айырады, мәшинеммен сүттің майын айырып алады, отарбаларды темір жолмен қара-айғыр [паробоз] сүйрейді. Қара-айғырдың іші толған мәшине. Көшедегі трамбайлар да мәшине арқылы жүреді.

Мәшине деген — жұмысты жеделдету үшін адамның ойлап тапқан құралы. Мәшиненің түрі көп. Мәшиненің түрі істейтін жұмысына, күшіне қарай айырылады. Мәшине күшті болған сайын бәсі де арта береді.

Мәшиненің күші аттың күшімен есептеледі. Бес аттық мәшине, он аттық мәшине, алпыс аттық мәшине, жүз аттық мәшине, мың аттық мәшине деп айтылады. Бүй дегені — мәшиненің күші бес аттың, он аттың, алпыс аттың, жүз аттың күшімен тең дегені. Бес аттық мәшине бес аттың күші керек жұмысты істейді, жүз аттық мәшине жүз аттың күшімен істейтін жұмысты істейді.

Қара-айғыр жиырма отарбаны сүйреп барады. Әрбір отарбада мың пұт жүк бар. Барлық тіркеуде жиырма мың [пұт] жүк бар, бір ат жиырма пұт жүкті сүйрейді десек, қара-айғырдың сүйреген жүгін тартуға мың ат керек. Жаңғыз қара-айғыр мың аттың жұмысын істеп отыр.

Осы күнгі жер дүниедегі мәшинелердің бәрін күніне жеті сағаттан бір жылда үш жүз күн жұмыс қылдырсақ, барлығының жұмсаған күші үш жүз миллион аттың күшімен тең болады екен. Түрлі тәжірибелерден осы дұрысқа келеді.

Осы күнгі жер дүниедегі мәшинелердің барлығы бірден жойылсын да, бұлардың істейтін жұмысы адамның мойнына артылсын. Онда не шықпақшы? Ғылымның айтуына қарағанда, бір аттың істейтін жұмысын он құл [адам] істейді. Бір аттың жұмысы он құлдың жұмысына тең, үш жүз миллион аттың жұмысы үш мың миллион құлдың жұмысына тең. Мың миллионды „миллиард“ дейді. Осы күнгі жер дүниедегі барлық мәшинелердің жұмысын орындау үшін үш миллиард құл керек.

Осы күнгі жер жүзіндегі барлық адамның саны (қатын-балаларын қалдырмай санағанда) бір миллиард үш ширек. Жер жүзіндегі адамның бәрін құл қылып, өңге жұмыстарын қойдырып, тек мәшинелер істейтін жұмысқа салғанда, осы күнгі мәшинелер істеп тұрған жұмыстың жартысын өтей алса, сол-ақ.

Осы жұмыстың бәрін адамның мойнынан алып, жансыз мәшинелерге салып отырған — ғылым.

Ғылымды іздеп тауып, тексеріп, бәрін шешіп отырған — адамның ақылы. Адамның ақылы, ақылдың баласы — ғылымнан айналса болмай ма?!

Жаңды тірі құлдың орнына ақыл жансыз су мен тасты, леп пен желді құл қылды, адамды құлдықтан босатып, азат қылды, жаңа туған мәшине-құлдарға қожайын қылды.

Осы кереметтің бәрі табиғат танудан шықты. Табиғаттың адамға берілетін пайдасының ұшы-қиыры жоқ. Дарияда жүретін үлкендігі Тәшкенттегі қазақ-қырғыз институтындай кемелер бар. Бұлардың үстінде

бірнеше мың адам құрғақта жүргендерден жайланып, рахаттанып жүре береді. Осындай кемедегі мәшинелердің күші қырық мың, жетпіс мың аттың күшімен тең. Қарсы соққан сұрапыл дауылға күйзелмей, дарияны кезіп жүре береді. Осындай кемені жүргізіп отыратын — жаңғыз кісі. Бү не деген керемет!

Мәшинелер арқылы жүзетін сүңгуір қайыққа мініп, жаңғыз кісі дарияларда, теңіздерде су астымен бірнеше күн жүзеді.

Мәшинелер арқылы ұшатын жел кемелерге мініп, сағатына екі жүз шақырымнан алып, осы күні адам баласы аспанмен бірнеше мың шақырым ұшатын болды.

Осының бәрін істеп отқан\* — білім, біздей надан жұртқа бұл ғибрат, осы мәшинелердің астында тапталып қалмас үшін бізге де білімге ұмтылу керек. Шын азаттықты білім береді.



---

\* „Отырған“ деп оқу керек. — *Ред.*





**ҚОСЫМШАЛАР  
ПРИЛОЖЕНИЯ**





## ПРОФЕССОР ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы 24 сәуірде қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған елді мекенінде (№ 13 ауылда) дүниеге келді.

**1895 ж. тамыз — 1902 ж. маусым.** Орал әскери реалдық училищесінің оқушысы.

**1902 ж. тамыз — 1903 ж. маусым.** Орал әскери реалдық училищесінің қосымша класының оқушысы.

**1903—1909 жж.** Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери-медициналық академияның студенті. Академияны үздік бағамен тәмәмдаған.

**1909—1913 жж.** Пермь губерниясының Чердынск уезіндегі Марчанск учаскесінде дәрігер; Орал облысында Орал казак-орыс әскерлерінің кіші дәрігері.

**1913—1918 жж.** Орал облысының Темір уезі учаскесінде дәрігер. Оба ауруының ошақтарында болып, оған қарсы күреске қатысты (1912, 1913 және 1915 жж.).

**1917 ж. шілде.** Орынборда өткен I Жалпықазақ съезінің төрағасы (ұлттық-демократиялық „Алаш“ партиясы құрылды).

**1917 ж. желтоқсан.** Орынборда өткен II Жалпықазақ съезі төрағасының орынбасары. Алаш (қазақ) автономиясы жарияланып, „Алашорда“ үкіметі құрылды.

**1918—1920 жж.** Алашорда үкіметінің Батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі (Жаһаншаһ Досмұхамедовпен бірге).

**1918 ж. көктем.** Мәскеуде Ленинмен және Сталинмен кездесіп, Кеңес өкіметі мен Алашорданың қарым-қатынасы туралы келіссөз жүргізеді (Жаһаншаһ Досмұхамедовпен бірге).

**1920—1921 жж.** Ташкенттегі Физикалық әдіспен емдеу институтының ординаторы; Қазақ пединститутында мектеп дәрігері.

**1920—1921 жж.** Орта Азия (Түркістан) университеті медицина факультетінің факультеттік хирургиялық клиникасында ординатор.

**1921—1923 жж.** Түркістан республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақ ғылым комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

**1922—1924 жж.** Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты коллегиясының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

**1923 ж.** Орта Азия мемлекеттік баспа коллегиясының, кейін Шығыс қазақ мемлекеттік баспасының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің мүшесі; **1925-ж.-дан** Шығыс бөлімінің меңгерушісі; **1926-ж.-дан** Қазақтың мемлекеттік баспасы басқармасының мүшесі және меңгерушінің орынбасары.

**1923 ж. қыркүйек.** Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің төрағасы болып тағайындалды.

**1923 ж. сәуір.** Түркістан Халық комиссариаты кеңесі мен Түркістан Орталық атқару комитетінің арнайы тапсырмасы бойынша Жетісу облы-

сын зерттеу жөніндегі экспедициялық комиссияның мүшесі болып бекітілді.

**1924 ж. қаңтар.** Қазақ ағарту институты басқару төралқасының мүшесі (Ташкенттегі Қазақ пединституты).

**1924 ж. 15 қаңтар.** Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланды.

**1924 ж.** Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты жанындағы эпидемияға (обаға) қарсы күрес Орталық комиссияның төрағасы болып тағайындалды.

**1924 ж. маусым.** Түркістан Халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезіне іссапарға жіберілді.

